

А 2017

УҒҒҒ

Бақыт Мерекенова

ТАҒДЫҒ



Бақыт Мерекенова

ТАҒДЫР



АНОААРЫС
Б А С П А С Ы
Алматы,
2017

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5 қаз)-44

М 46

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу,
басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»*

Мерекенова Б.

М 46 Тағдыр: Роман, әңгімелер /Бақыт Мерекенова/. –
Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017. – 272 б.

ISBN 978-601-7828-65-3

Жазушы Бақыт Мерекенованың «Тағдыр» атты төртінші кітабында замандастарымыздың өмірі кенінен суреттелген. «Тағдыр» романы, «Қайран, күй!», «Адамзат тағдыры» сияқты әңгімелері шебер тілмен жазылған туындылар. Шығарманың өн бойында адамдар арасындағы шынайы махаббат, адамгершілік, парасаттылық пен зұлымдық, бақталастық сияқты шиеленіскен жағдайлар қисынды шешімін тауып, оқиғалар барысында өрбіп отырады. Кітаптың бас кейіпкерлері өмірде кездескен сан қилы қиыншылықтарға мойымай, аңсаған армандарына қол жеткізеді. Жазушының бұл жаңа кітабы – халқына тартқан кезекті шығармашылық еңбегінің жемісі.

ӘОЖ 821.512.122-3

КБЖ 84 (5 қаз)-44

ISBN 978-601-7828-65-3

© Бақыт Мерекенова, 2017

© «Ан Арыс» баспасы, 2017

ТАҒДЫР СУРЕТКЕРІ

*(Жазушы Бақыт Мерекенова және оның
«Адам тағдыры» туындысы жайлы толғау)*

Көркем әдебиетте адам тағдырларын бейнелейтін суреткерлер жасағында қашаннан да, қай елде де нәзік жанды әйел қаламгерлер онша көп емес екені белгілі жай. Әсіресе, біздің туған әдебиетімізде нақ солай. Арғы замандарды былай қойғанда, жазба көркем әдебиетіміз туып, тәп-тәуір қалыптаса бастаған Шоқан, Ыбырай, Абай кездерінен бері қарай да ондай өнер иелері мүлде болған жоқ, немесе өте аз.

Ал, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Сәбит Дөнентаев, Сәкен, Бейімбеттер көркем әдебиетімізді тәубә етерлік биікке көтерген ХХ ғасыр басында да нәзік жанды қалам шеберлеріміз әлі де саусақпен санарлық болды. Ол шақта қазақ көзіне тек: Нәзипа Құлжанова, Алма Оразбаева, Шолпан Иманбаева сынды бірен-саран ғана әйел-қаламгер жауқазындар түсті.

Мұндай әйел қаламгер көркем сөз зергерлері, тіпті, туған көркем әдебиетіміздің ұлы Сардар Суреткері – Мұхтар Әуезов бастаған Сәбит, Ғабит, Ғабиден сынды «Алыптар шоғыры» Әлемдік биікке көтерген ХХ ғасырдың 40–60 жылдарында да әлі бірлі-екілі ғана. Сол жылдарда әйел қаламгерлердің сапарға аттанбақшы тұңғыш көшін жеке дара әу баста Биғағаннан (Бейімбет Майлиннен) өнеге алған, кейін алда атаған «Алыптар шоғыры» аялап өсірген – Мәриям Хакімжанова апамыз бастады.

Оның соңынан өткен ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап өнерлі жас жасак: Қанипа Бұғыбаева, Фариза Оңғарсынова, Ырза Қонақова, Мағираш Серікова, Ақұштап Бақтыгереева,

Марфуға Айтхожина, Тұрсынай Оразбаева, Жадыра Дәрібаева, тағы осындай дарынды ақындар легі ерді. 70–80 жылдарда олардың шоғырын: Күләш Ахметова, Гүлнәр Салықбаева сынды 30-дан астам, поэзия табиғатын жетік меңгерген, жоғары білімді ақын қыздар толықтырды.

Сөйтіп, XX ғасырдың аяқ шені мен XXI ғасырдың бастауында көркем әдебиетіміз қаншама уақыттан бері өз табиғатында «қуыс» болып тұрған бір олқы орны жемісті толды. Көркем әдебиетіміздің айдынында нәзік жанды әйелдердің қаламгер армиясы пайда болды. Олар адамдар табиғатының ішкі дәліздерін, қыр-сырын, психологиясын ер азамат суреткерлерден де сұңғыла терең аңдағыш, сондықтан да олар мән-мағына астарларына ер азамат қаламгерлерден де терең бойлағыш қасиетке ие жандар. Өйткені, ондай сөз зергерлері тумыс табиғаттарынан сондай болмысты қыз-келіншектер. Бірақ, әдебиет айдынына шыққан сол ерек қаламгерлер жасағының басым көпшілігі – ерекше музалы өлең, жыр жазатын ақындар еді де, азшылығы көркем әдебиеттің баппен, асығыссыз кимылдайтын «сөз құдайлары» – артиллерияшылары, прозашылар еді.

Қазақ көркем әдебиеті ауылына қоныс тепкен «артиллерияшы» – прозашы әйел азаматшалар арасындағы дарынды қаламгердің көпшілігі күні кеше қазақтың жалғыз ұлттық университетінің журналистика факультетінде өзімнен дәріс алған шәкірт қыздарым болды. Олар бүгін үлкен прозадан өз орындарын ойып алған көркем сөз зергерлері. Солардың сапында қазір қазаққа танымал прозашылар: Роза Мұқанова, Мағира Қожахметова, Шәрбану Бейсенова, Сара Латиева, Қаршыға Есімсейітова, Орынкүл Тәжиевалар бар. Бұл прозашы шәкірттерімнің қай-қайсының да шығармашылығы жеке-жеке дербес әңгімелеуге лайық. Бүгін оны болашақтың үлесіне қалдыра тұрам.

XX ғасырдың 80-жылдарында қазақ көркем әдебиетінің нәзік жанды прозашыларының жасағын толықтырғандардың бірі – Бақыт Мерекенова шәкіртім. Ол жайында сәл дерек: Бақыт 1972 жылы Талдықорған өңірі, Алакөл ауданы, Қызыл-Ашы ауылынан орта мектепті бітіріп келіп журналистика факультетіне түсіп, 1977 жылы соны жақсы тамамдады. Жолдамамен облыстық «Жезқазған туы», сонан соң «Жалын», «Өнер» баспасында, жиырма жылдай Қазақ телевизиясында

редакторлық қызмет атқарды. Тәуелсіздік жылдарынан бері үкіметтік қызметте.

Бүгінгі толғау-эссем сол шәкіртімнің шығармашылығы жайында. Бірақ, алдымен, оның көрсеткен бір шәкірттік жақсылығын айта кетейін. Сырттай біліп жүргенмен мен оны табаны күректей 33 жыл көрмегенмін. Осыдан біраз уақыт бұрын парықсыз шенеуніктердің төрешілдігі салдарынан, Ұлы Отан соғысы Женісінін 65 жылдығы құрметіне орай шығарылған алуға тиісті медалімді өз аяғыммен іздестіруге мәжбүр болып, Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына келгенімде оған кездейсоқ кездестім. Ол сонда қызмет істейді екен. Қаншадан бері әуре-сарсаңға түскен жайымды білген Бакыт сөзге келместен, ала алмай жүрген медалімді таптырып, алып берді. Қанша жылдан бері өздері қылғып жүрген зейнетақыма қосылатын қосымша ақшамды қайтарып алуға көмектесті. Садаған кетейін Бақытым осылай жасады. Оның шәкірттік сол әрекетіне менің ұстаздық мерейім қалай тасыды десейші!

Бәрінен, сонау бір жылдардағы жұқалтай сары қызымның, қазір дырдай жазушы болғанын білгендегі қуанышымды айтсаңшы! Бакыт шәкіртім бар шаруамды тындырып, қоштасарда маған:

– Әбілфайыз аға, білетін шығарсыз, мен жазып жүрмін ғой. Мына кітабым Сізге сыйым. Оқып шығыңыз! Есіңізде жоқ шығар, шәкіртіңіз болғанда, очерк жанрынан жаздырған тапсырмаларыңызды ойдағыдай орындайтыныма ырза болып, емтихан кезінде Сіз маған ылғи: «Сен, сары қыз түбі жазушы боласың!» – дейтінсіз. Сол үмітіңізді ақтаудамын, аға, – деді қолындағы «Адам тағдыры» деген тақырыпты, қалың кітапты ұсынды. Туындының авторы оның өзі екен. Үйге оралысымен «Адам тағдыры» атты, 355 беттік, көлемі 25 баспа табақтық қалың туындыны бірден оқуға кірістім.

Қазір ақпарат құралдары беттерінде, батыстық баспасөзде: «Қалың кітап, немесе үлкен проза-роман, повестік шығармалар оқылмайды», – деген әңгіме таралып жүр ғой. Ол – теріс пікір. Жалған қағида. Адамдарды кітап оқудан бездіретін – қастандық тұжырым. Өйткені, көркем шығарма оқу – рухани азық. Адамзат ол азығынан айырылмақ емес. Туынды қандай көлемді, қандай жанрлы болса да, егер ол, тіпті, ғажайып шытырман оқиғалы – детективті мазмұнды

болмай-ақ, былай, әдепкі адамдардың шынайы болмысын, тағдыр тәлкектерін боямасыз бейнелеген, оқушысының жанына, жүрегіне, ойына, сезіміне әсер етерлік авторлық тебіреністі, толғанысты, оқушының санасын нұрландырарлық ғибратты шығарма болса, неге оқылмасын? Оқылады! Оқылғанда қандай ынтамен оқылады!

Бақыт шәкіртімнің маған сыйлаған туындысы осындай мән-мағыналы екен! Оны оқып отырғанда, ол екеуіміздің ұстаздық-шәкірттік шағымызда естіген, білген оқиға картиналанып жанды сурет болып көз алдыма келді де отырды. Осы әсермен, Бақыттардың ұстазы болған уақыт ойыма қайта оралды. Ол – 1972–1977 жылдардың арасы. О кез менің де қырықтың қырқасына көтерілген арындаған шағым. Мен – жалғыз! Олар көп – отыз студент! Көбі: сен тұр, мен атайын деп тұрған жігіттер! Араларында: ұлым Ерланның үйлену тойында асаба болған, сол кезде-ақ танымал, «екінші Жүсіпбек» атанған – Жәнібек Кәрменов бар. Сонан соң кейін көркем әңгіменің сардарына айналған, бып-биязы Дидахмет Әшімханов, өмірі сабырлы мінезінен таймайтын прозашы Қуандық Түменбаев, қазір ол да прозашы, сыриған Серік Жәнәбілов, бүгінде әрі жазушы, әрі баспагер, моп-момақан Мылтықбай Ерiмбетов бар, қазір Мәскеуде елшілікте жүрген Серікқали Байменшин, әйтеуір, барлығы болайын деп тұрған жігіттер!

Осы, шетінен сөзге шебер, әнші де, күйші де отыздың ішінде қыздар да аз болмайтын. Солардан есімде мықтап саналғандары: білімді, қагілез, аққұба қыз – Райхан Ахметовамен ылғи алғы партада бірге отырып алып, дәріс соңында қайдағы бір қиын сұрақ қойып, есімді тандыратын, ерке тотайлау, пысық, сары қыз – осы Бақыт Мерекенова. Бірақ, ол өзім дәріс беретін очерк жанры бойынша қандай күрделі тақырып жайында жазуға тапсырма берсең де, оны ол әрі уақытылы, әрі сындарлы орындайтын. Әсіресе, ол, Әуезовтің очерктік шығармаларын былай қойғанда: Л.Толстойдың, М.Шолоховтың, В.Гюгоның, Э.Золяның, Э.Хемингуэйдің, С.Цвейгтің әңгімелерін жазба жұмыстарында шемішкедей шағып, талдайтын. Сондықтан, мен сол біліктілігіне ырза болып, емтиханда «бестік» қойып отырып, оған «Сары қыз, сен түбі үлкен жазушы боласың!» – дегенмін. Ол болжамымды ұмытпаған екен. Кітабын сыйлағанда сол сөзімді еске салды.

...Оның «Адам тағдыры» атты көркем әңгімелері, эссе, элегиясы мен бір хикаясы басылған кітапты тебіреніс,

толғаныспен оқып біткенде, сол болжамымның ақталғанына сонша қуандым. «Әке – балаға сыншы» дейді. Ұстаз үшін шәкірт те өз баласындай! Сондай бір баламның кім боларын әкедей әділ сыншы болған екем-ау, сол бір шақта!» – деп, өзіме-өзім іштей ырза болдым.

Сол әсермен, Бақыттың шығармашылығына сүйене отырып, ол жайындағы ой-толғамымның бастауында нәзік жанды сөз зергерлері хақындағы өз түсінігімді бүкпесіз алға жайдым. Ондағым: «сары қыз» деп отырған, бүгінгі байсалды ана – Бақыт Мерекенованың айтулы көркемсөз зергері болғанын жұртшылыққа алдын-ала мақтана паш ету. Бұлай жасауымның, жәмиғат, ағаттығы болмас деп ойлаймын.

Сонымен, осыдан отыз үш жыл бұрынғы еркетотай қылықты менің Бақыт Мерекенова шәкіртім бүгін адамдар тағдырының шынайы суреткері болыпты. Енді осы түсінігімді, оның «Адам тағдыры» атты көркем шығармалары жинағына енген туындыларының мысалдарын жүгіне дәлелдейін. Бірақ, оны мен кәсіби сыншылық тұрғыдан емес, қаламгер-оқырман ретінде жасамақпын.

Алдымен, Бақыт Мерекенованың сөз етіліп отырған кітабының ат-атауы-тақырыбы хақында. Қаламгер әйел жазушының көлемді көркем шығармалары бұл жинағына: «Адам тағдыры» деген тақырыппен атауы, оның мән-мазмұнына лайық, дұрыс қойылған. Өйткені, онда бүгінгі заманда ортамызда өмір сүріп жатқан адамдардың тағдырлары бейнеленген.

Онда тағдыр дегеннің өзі не? Соны анықтай кетейін, алдымен. Тағдыр деген – Жаратушының өзі жан берген әр пенденің тіршілігінде нені бастан кешетінін алдын-ала айқындап қойғаны: қилы-қилы өмірі, немесе, тірі пенденің тіршілігінде жасайтын қилы-қилы қарекет-әрекеті, көретін қилы-қилы қиыншылығы, біреулерге жасайтын: жақсылығы, жамандығы, қиянаты, зорлығы, өктемдігі. Қолданатын қилы-қилы қулығы, іске асыратын сан қилы сұмдығы, зұлымдығы, қаныпезерлігі, өзге жасайтын әр қилы рахымы, адамдығы. Бастан өткерер: қилы-қилы оқиғалары, түрлі-түрлі қуаныш, реніші, махаббат, сүйіспеншілік сезімдері, осылардан татар рахаты – ләззаты, қуанышы, зардаптары – күйзелісі, күңіренісі, тағысын тағылар.

Бақыт Мерекенованың сөз етіліп отырған жинағындағы шығармаларда адамдардың – кейіпкерлердің нақ осын-

дай жайлары, күйлері баяндалған, суреттелген, бейнеленген. Сондықтан, біз оның көркем туындылар жинағының «Адам тағдыры» — деп аталуы өте дұрыс деп санап отырмыз.

Ал, прозашы Б.Мерекенованың әлгіндей мән-мазмұнды «Адам тағдыры» жинағында оның 1982–2006 жылдар аралығында, негізінде баспасөз басылымдары («Жұлдыз», «Жалын» журналдары, «Ақ босаға», «Ана тілі», «Алматы ақшамы» және басқа газет) беттерінде жарияланып, қалың жұртшылық оқыған 25 шағын көлемді шығармалары басылған. Үшеуі — эссе, біреуі — хикая (повесть), біреуі — элегия. Бәрі де көркем тілмен жазылған туындылар.

Ал, сол жиырма әңгіменің алтауы: «ұзақ әңгімелер» немесе, біздіңше шағын (мөлтек) хикаяттар жүгін көтеріп тұрған туындылар.

Олар: «Ақмарал», «Кешірім», «Адам тағдыры», «Түтіні өшпеген үй», «Кеш оянған махаббат» және «Сұлулық пен зұлымдық» деп аталған әңгімелер. Бұл әңгіме табиғатында шағын хикаяттық проза жанрына тән әдеби компоненттер: сүбелі, қысқа оқиғалар да, тартымды сюжеттер де, оқыс ситуациялар да, табиғи диалогтар да, әдемі портреттер де, авторлық сипаттаулар да, түйе баяндаулар да бар көрінеді. Солардың бәрі шығармадағы «адамдар» — кейіпкерлер тағдырына қатысты.

«Ақмарал», «Адам тағдыры», «Кешірім», «Сұлулық пен зұлымдық» деп аталатын сондай мәнді «ұзақ әңгімелер».

Ал, ұлттың да, әдебиеттің ұстазы — Ахмет Байтұрсыновтың өзінің «Әдебиет танытқышында» романды да «ұзақ әңгіме» деп атағаны белгілі.

Біз оларды мұқият оқу барысында, аталған әңгімелер табиғатындағы жоғарыдағы өзіміз санамалағандай компоненттерге және Ақаңның әлгі анықтау қағидасына сүйене отырып, шәкіртіміздің «Адам тағдырына» енгізген алты ұзақ әңгімесін шағын хикаят болмысты проза жанры санатына жатқызып отырмыз.

Айтқандай, Бақыт Мерекенованың біз атап отырған осы «Ақмарал», «Адам тағдыры», «Кешірім» әңгімелеріне кезінде халқымыздың белгілі жазушылары Сафуан Шаймерденов, Оралхан Бөкеев, Әзілхан Нұршайықовтар және сыншы Сағат Әшімбаев, Мұхтар Шахановтар назар аударған екен.

Мәселен, Оралхан Бөкеев 1982 жылы Бақыт Мерекенованың «Жұлдыз» журналында басылған «Ақмарал» әңгімесін

оқып шыққасын: «Бұл әңгіме – ана рухы, ана ерлігі бейнеленген туынды» – деп, баға берген де, оның авторының болашағына сонша үлкен үміт артқан.

Мұхтар Шаханов «Кешірім» әңгімесін өзі оқып шығып, «Жалын» журналына жариялап, Бақытқа ағалық ақ тілегін айтқан.

Сафуан Шаймерденов 1985 жылы «Жалын» журналында жарияланған «Кешірім» әңгімесін оқып шыққаннан кейін: «Бақыт кейіпкерлерінің жан-дүниесінің қатпарларына терең бойлап, психологиялық қазбаларға барады...Мерекенованы қазақ әдебиетінің бүгін болмаса, күні ертеңгі көз қуанышы деп танымақпын» деп жазды, сол журналдың өз бетінде. Бірақ, Сафекең аталған әңгімені хикаят мәністі деп, айқындаған жоқ еді.

Ал, сүйіспеншілік, махаббат тақырыбынан қазақтың классигі – Әзілхан ағамыз болса, Б.Мерекенованың «Адам тағдыры» жинағына «Қанат ұшса қатаяды» деген алғысөз жазып, онда ол: жас қаламгердің «көргені мол тәжірибелі жазушылардай қалам сілтеуіне қуаныш білдірді. Автордың «Адам тағдыры» атты әңгімесінің көркемдігіне нақты мысал келтірді. Кейіпкерінің ішкі ой сезіміне терең бойлайтынын, табиғи теңеулер арқылы үлкен– үлкен пәлсапалық ой түйетінін айтты.

Ал, жинақта басылған «Таң рауаны» повесі «Роман жүгін көтере алатын сүбелі шығарма» деп бағалады.

Бірақ, рас, бұл майталман суреткер де Бақыттың «Адам тағдыры» әңгімесіне повестке теңеген тура анықтау айтқан жоқ.

Дегенмен, біз Әзағанның ол әңгімеге қатысты жоғарыдағы түбегейлі пікірлерін негізге ала отырып, Б.Мерекенованың «Адам тағдыры» әңгімесін де повесть жүгін көтеріп тұрған шығарма деп бағаламақпыз.

Автордың өзі де, оның шығармаларына пікір айтқан жазушылар да олай атамаған. Б.Мерекенованың сөз етіп отырған жинақта басылған бес әңгімесін, біз, сөйтіп, олар хикаяттар жүгін көтеріп тұрған туындылар деп, санаймыз. Оған дәлеліміз: сол туындылар табиғатын айқындаған жоғарыда санама-лаған әдеби компоненттеріміз. Және белгілі жазушыларымыз: Сафуан, Әзілхан ағалардан ол әңгімелер жайлы жоғарыда келтірілген пікірлері.

Енді өз түйінімізді дәлелдеу үшін хикаят жүгін көтерген туындылар деп атаған әңгімелердің кейбірінің мәтіндерінен, олардың сондай туындылар екенін айғақтайтын шығармадағы әдеби компоненттік нақты мысалдарды келтірейік. Оларда нендей адам тағдырлары қалай алға жайылғандарын және олардың нендей әдеби компоненттерде көрініс тапқанын қысқаша айта өтейік.

«Ақмарал» атты ұзақ әңгімеде сүйген ғашық жігітіне қосыла алмай өмірі өксумен өткен ару тағдыры алға жайылған. Басты кейіпкер – ауылдың ерке сұлуы Ақмарал қыз. Ол шопыр жігіт Амантайға ғашық. Әй, өмір-ай, десеңші, Амантай сүйген қызы Ақмаралға жұмыстан кейін тезірек жетем деп, асығып жүріп, машина апатына ұшырап, өмірден озды. Ғашықтар махаббаты ойда жокта үзілді. Мұндай тағдырлы жастар бүгінгі өмірде аз ба? – Аз емес!..

«Ақмаралда» осындай тағдыр көрініс тапқан. Бұл әңгімені хикая мәністі етіп тұрған әдеби компонент – оқиға – Амантайдан жүкті Ақмаралдың сол күйі мәжбүр болып, ол бұған сырттай ғашық, бірақ өзі сүймейтін жігіт Темкешке тұрмысқа шығуы, ол жігіттен екіқабат болып, ұл табуы... Бұл оқиға күрделі, мұнды.

«Ақмарал» әңгімесін хикаяттыққа «жетелеп тұрған» келесі әдеби компонент – ондағы ситуация – Амантайдың оқыстан машина апатынан өлімге душар етілуі. Әңгімеде хикаяттық компонент – тартыс та бар. Ол – Ақмарал мен Темкештің бір-бірімен іштей арпалыстарының, Темкештің өгей ұлы – Арманды іштей де, сырттай да жеккөруінен көрінеді. «Ақмарал» әңгімесінде автор өмірдегі Ақмарал, Темкеш іспетті жастардың бастан кешкен қайғылы тағдырларынан сабақ алуға мегзейді.

Міне, нақ осыны Бакыт Мерекенова өзінің «Адам тағдыры» атты ұзақ әңгімесінде әлде де нақтылай түскен. Бұл шығармадағы оқырман назарын аударатын тағдыр – бүгінгі өмірде де кезігетін дүниеқоңыз пенделердің тіршілік әрекеті. Ол «Адам тағдыры» әңгімесінде сырты – сұлу, іші – мерез Сағымбике бикештің іс-әрекетін бейнелеуден көрініс тапқан.

Әңгімені хикаяттық мәнді етіп тұрған компонент – оқиға – алыпсатарлықпен айналысып, қаншама жиһаз, мүлік жиған, патша сарайындай ғимаратқа ие Сағымбикенің дүниеқоңыздықтан, ақыр соңында, өзін жастайынан «Сәкіш» деп еркетотай етіп өсірген туған әкесі – ақкөңіл Жарылкасын

қарияны аш-жалаңаш, от жағылмайтын суық сарайға жатқызып, ит өлімімен өлтіргені, ақыры оны өз қолымен жерлемеген айуандық іс-қылығы. Оқиға аса қайғылы, тіпті, адам шошырлық безбүйректік! Бірақ, автор оны сенімді етіп, суреттеп көрсеткен. Сондықтан, әрине, сенесің. Оның үстіне бүгінде, қарт ата-аналарын дәл солай далаға лақтырып, тастап жатқан безбүйрек жастар аз ба!

Осы әңгімеде повестік прозаға лайық жағымды кейіпкерлер бар. Соның бірі – жаны жомарт, адамгершілігі мол, жапа шеккен Жарылқасын қарияның кір-қоңын да жуған, тамағын да істеп берген студент Дәулет және көмусіз қала жаздаған мүсәпір қарияны өздері ақ арулап қойған көрші кемпір-шалдар.

Біз хикаят санатына жатқызған алты әңгіменің бірі – Бақыттың «Кешірім» атты әңгімесі еді ғой. Ол әңгіме жайлы Сафуан-ағаның қандай жоғары баға бергенін, бірақ, оның ол әңгімені хикаят деп, атамағанын алда айттық. Соған қарамастан ол әңгімені біз неге хикаят жүгін көтерген туынды деп отырмыз? Оның дәлелі – «Кешірім» мәтініндегі төмендегі әдеби компоненттер: еркетотайлау мінезден, қызғаншақтықтан және өсекшіл Жәмиләнің сөзіне нанғандықтан сүйіп қосылған жары Сырымды өзі тастап кетіп, жарсыздық өмірдің жапасын шеккен «шаралы қой көзді, қыр мұрынды, мінсіз сымбатты мүсінді» Қамар келіншектің жалғыздық тағдыры. Сол тамаша картиналанған «Кешірім» атты әңгімеде ең алдымен, терең толғанысты, үлкен лиризм бар.

Бұл хикаяттық әдеби компонент. Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила», «Дүйсеннің мектебі», «Гүлсары», «Ерте келген тырналар», басқа да повестері сондай компонентті емес пе? Сонан соң, «Кешірім» атты әңгімені – хикаят іспетті деуімізге себеп, ондағы Қамарды ажырасуға итермелеген қызғаныш ситуациясы, әне, оның намыстан еліне қайта оралмай, Кентау қаласына жұмысқа орналасуы, қазақ әйелдері бара бермейтін айырылысқан күйеуіне (Сырымға) қайта қосылу оқиғалары, Балжан, Қаражан, Сәлмен, Батима-сынды – жағымды, өсекші Жәмила-сынды – жағымсыз кейіпкер болуы сияқты әдеби компоненттері.

Бақыттың «Кешірім» әңгімесін хикаяттық мәнді деп, бағалауымызға негіз болып отырғандар, осылар.

«Хикаят жүгін көтерген туындылар» деп тұжырымдаған Бақыт Мерекенованың «Түтіні өшпеген үй», «Кеш ояңған

махаббат», «Сұлулық пен зұлымдық» атты ұзақ әңгімелерінде де әлгіндей әдеби компоненттер баршылық. Сондықтан, бұларға, алда уәде еткендей әрі тоқталып жатпаймын.

Ал, «Таң рауаны» атты ұзақ әңгімеге Эзағаңнан асырып айтарым жоқ.

Ендеше Бақыт шәкіртімнің «Адам тағдыры» тақырыпты көркем кітабының басқа құнды жақтары мен автордың өзінің шығармашылық табыстарына тоқталайын.

Осы арада, бір жетім баланың ұрысуынан запыс болған өгей анасы оны ұрсуға тура ұмтылғанда: «Шешетай-ай, шешетай, ұрысуыңыз анадай, сабауыңызға не жорық!» – дейтін сөзі есіме түсіп отыр. Сол жетімек айтқандай: Бақыт шәкіртімнің ұзақ әңгімелері жоғарыда сипаттағанымыздай, олай болса, оның қысқа әңгімелері олардан кем деймісің!

Шынында да солай! Бақыт Мерекенованың қысқа әңгімелерінің қай-қайсысы да бір деммен оқырлық – көркем дүниелер. Әсіресе, «Операция», «Үміт шырағы», «Жалғасқан өмір», «Кеш оянған махаббат», «Қызыл ішік», «Алғашқы махаббат», «Мансапқа қарай құрмет», Бедеу қатын», «Бойдақ жігіт» әңгімелері.

Бұл аталған әңгімелер, тақырыптарынан аңғарылып тұрғанындай, махаббат, сүйіспеншілік жайлы әңгімелер. Кейіпкерлері – қыз-келіншектер. Солардың психологиясы. Солардың нәзік сезімдері. Солардың қылық-қаракеттері, солардың кейіп-келбеттері, немесе әйелдер болмыс сырлары тамаша бейнеленген туындылар.

Әйелдер психологиясы, сезімдері – қылық-қаракеттері, кейіп-келбеттері демекші, Бақыт бұл мәністерді осы аталып отырған әңгімелерінде ғана емес, басқа ұзақ әңгімелерінде де жеткізе суреттеді, әңгімеледі, баяндады, кестеледі.

Жазушы шәкіртім, әсіресе, қай кейіпкерін де сипаттаудың, портреттеудің шебері. Және ол осы әдеби тәсілдерді кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін ашуға, сол арқылы олардың жаңды бейнелерін нанымды сомдауға шебер суреткер. Сөйтіп, оның әр әңгімесіндегі сипаттау, портреттеу – кейіпкерді мінездеу, тұлғалау болып шығып отырады.

Осыны дәлелдеу үшін «Бойдақ жігіт» деген бар болғаны 4 беттік мөлтек әңгімеден бір қысқа ғана мысал келтірейін: «Есеп-қисап бөлімінде төрт әйел және жалғыз еркек, яғни, Бөкен қызмет етеді». Бұл көркем шығармаға тән әңгімелеп

айту әдісі. Құрғақ хабарлау емес (Ә.Ы.). «Әйелдердің бәрінің жас шамасы, Бөкеннен үлкен, орта жастағы, үйлі-баранды адамдар... алғашқы күндерден әйелдердің ермегі Бөкенді тез арада үйлендіру жайы болды...»

«— Бөкентай-ау, қыздар деген хор қызындай сыландап, өзіндей бойдақ жігіттерге сұқтанып, толып жүргені анау! Ал, сен солардың біреуінің етегінен ұстамай, жайбарақат ұйқылы-ою жүргенің қалай? — деп, Қалипа сөз бастауы мұң екен, әлекедей жаланған, білектерін сыбанып отырған басқалары осыны күтіп отырғандай, іліп ала жөнелді...»

... — Қатындар, осы баладан түк шықпайды білем, әлгі есепші қыз Фарида қайта-қайта келгіштеп, қылмаңдап көз тігіп еді, жігіт басымен бұл... қызарып-бозарып, теріс айналды емес пе? Тұлыпқа мөңіреген сиырдай, қашанғы құр бекер дәмеленсін, Фарида күдер үзген болар. Ол соңғы кезде келуін қойды...»

Қалипаның бұл сөздеріне:

«— Әй, өзім Бөкендей жігіт болсам... Уһ, шіркін-ай, десеңші! — деп, алақанын сарт еткізіп, ағы көп алайған қой көзін төңкеріп Салиха сылқ-сылқ күлді.»

«— Салиха бүгін еңтігіп, кешігіп келді. Орнына жайғасар-жайғаспастан, қолына айнасын ұстап, бет-аузын опалап, ернін қызарта бояп:

— Представляете, бүгін мен аялдамада бір жігітті көрдім... Просто, супер жігіт!» — деді.

«— Ойпырай, Салиханың көзінің қырағысын-ай!.. — деп, әңгімені Сапура өрбітті. — Кеше күйеуіміз екеуіміз биылғы жылы бірінші рет ерлі-зайыпты болып, қол ұстасып киноға бардық...»

«— Е-е, шөптін басын сындыру керек екен, — деп, Гүлсім мырс ете түсті».

...«Бұдан әрі осындай әзіл-әжуа іздеп, ерігіп отырған әйелдердің біреуі шын, екіншісі өтірік көлгірсіп, қалжындаса күлісті. Содан әркім көрген-білгендерін ортаға салып, әңгіме қыза түсті.»

Төрт әйелдің ауыздарына салынған төрт диалог, қандай табиғи, қандай сенімді! Әр диалог өз сөз иесінің мінезін аңдатады: «Әй, Бөкентай-ау» деп бастаған диалогынан Қалипаның, былай қалжындай сөйлегенімен, оның сабырлы, салиқалы әйел екенін сеземіз. «Әй, өзім... Уһ, шіркін-ай!» — деген Салиха диалогынан оның жеңілтектеу келіншек

екені танылады. «Ойпыр-ай» деп басталатын Сапураның диалогынан, оның қарабайыр әйел екені аңғарылады. «Е-е, шөптің басын сындыру керек екен» деген Гүлсімнің диалогынан оның мысқылшыл адам екенін білеміз.

Сонан соң, келтірілген үзіндідегі әйелдер ортасының сипатталуы қандай! Одан оларға ортақ психология көрініп тұр.

Бақыттың қай әңгімесінде де осындай кейіпкерлер: диалогтарымен-мінезделуі, психологиялық сипаттаумен – мүсінделеді, портреттеумен – тұлғаланады.

Бақыт әңгімелеріндегі тіл – көркем, зергерлі. Авторлық ой – бай, фәлсафалық толғам-тебіреністі. Автор: мәтіндерді көркемдеуде: *суреттеу, баяндау, әңгімелеу* әдеби әдістерді білікті меңгерген. – Мұның бәрі әңгімелерінен ғана емес, Әзаған (Нұршаихов), Сағат (Әшімбаев) жайында жазылған «Ізгілік нұры», «Халқымыздың аяулы ұлы» тақырыпты эсселер, өз әкесі жайындағы «Жалғасқан өмір», сүйіспеншілік жайлы «Мөлдір махаббат» тақырыптарында, элегия мәтіндерінде айқын көрініп тұр.

Тек, Бақыттың «Адам тағдыры» басылған: «Бір күн, бір түн», «Үміт шырағы» тақырыпты әңгімелерінде шұбалаңқылық бар. Бұл автордың ол әңгімелерін хикая етіп жазбақты ойлағандығынан шығар деп ұқтым. Ол оқа емес! Ханда да бір мін болады ғой!

Сөйтіп, жоғарыда баяндағандардың бәрін қорыта келгендегі ой-толғамым – *Бақыт Мерекенова* нәзік жанды әйел каламгерлер әлемінен шыққан «*Адам тағдырының суреткері*» деген ой түймекпін, оқырмандар!

Бұл – менің шәкіртімді көтере мадақтауым емес, жәмиғат! Шындық солай!

Шәкіртімнің сондай қарымды каламгер екеніне көз жеткізгілеріңіз келсе, онда оның «Адам тағдыры» атты бірінші көркем шығармалар жинағын тауып алып, оқып шығыңыздар!

Ал, мен Бақыт шәкіртіме: «Әзаған тілек еткен қанатың қатайыпты! Енді, жүрексінбей, эпикалық кең тынысты романдар жаз демекпін!»

О, жасаған! Тілегімді қабыл еткей!

Әбілфайыз ЫДЫРЫСОВ,
профессор-жазушы, ұстаз.

ТАҒДЫР

(роман)

Ермек ауылдан келгелі өзіне бейтаныс, ұлан-байтақ созылған жаңа қалаға әлі толық үйреніп кете қойған жоқ. Өйткені, Ермектің ойынша, Алматы шаһары ұшы-қиырсыз алып машина сияқты, таң атқаннан кеш батқанға дейін тарс-тұрс, гүрс-гүрс, тақ-тұқ еткен сан қилы дыбыстар толассыз тарсылдап, дамыл таппай, алып қала ауыр демалады. Екі миллионға жуық адамы бар қала қым-қиғаш оқиғаға толы, бір мезетте қаланың бір шетіндегі біреулері шәпкісін аспанға лақтырып қуанып жатса, енді бір жақта біреулері қан жылап, қайғы жұтып жатады. Ия, дәп солай, қаланың шиырлаған сансыз көшелерінің бірінде қара жамылып, бала-шағасы түгел қайғыға батып, қариясын ақтық сапарға шығарып бара жатқан қаралы отбасын көрсең, екінші көшені айнала бере, «жигули», «москвич» секілді арзандау машинасына қызылды-жасылды үрлеген шар, әшекей гүлдер жапсырып, машинасының алдына қуыршақ қызды байлап, қағанасы қарқ, сағанасы сарқ болған, екі жастың қосылған тойының қызған сәтін көріп, миығыңызға күлкі үйіріліп, бір жадырап қаласыз. Бұл тойдың «көрпесіне қарай көсілген» кедейлеу отбасының қуаныш тойы екенін жіті көңіліңізбен тағы аңғара қоясыз. Сөйтіп, енді бір сәтте перзентхананың тұсынан өте бере, терезеге телмірген әкелері мойындарын созып, «ұл ма, қыз ба!?» деп, айғайлап жатқан қуанышты жүздеріне қызыға қарап, бала күндеріңіз еске түсіп, тәтті ойға шомасыз. Сонымен, алыста қалған күндерді сағына еске алып, ойланып келе жатып, қайтадан мүрдехананың жанынан бір-ақ шыққаныңызды байқап, мүрдехананың жанындағы бір топ адамдардың арасындағы тыриған арық әйелдің «Арысымнан айрылдым-ау! Көрсетпегенің осы ма еді, кайтейін, аһ, жалған дүние-ай?!» деп, көкірегін кернеген зар-

запыранын жоқтау қылып, аһ ұрып, сұңқылдап жылағанын көріп, зәреңіз ұша қорқып, жаңағы алдыңғы көшеде көрген той әсерімен жайбарақат, көңілді келе жатқан күйіңізден әп-сәтте айырылып, аяғыңызды тез-тез басып, мына өлген жандардың мекені — мұрдехананың қасынан жылдам өтіп кетуге тырысасыз. Сол сәтте мұрдені алып шығып келе жатқан адамдарды көріп, мүлде зәре-құтыңыз ұшып, жаныңыз түршігіп кетеді. Өйткені, тірі адам тіршілігін жасап, өзіне-өзі мәңгі өлмейтіндей көрініп, өлім туралы ойлаудың өзінен қорқатыны ақиқат. Сөйтіп, аяғыңызды жылдамдата басып, келе жатып, екі ғашықтың қолұстасқан бақытты жүзін көріп, қайта жадырайсыз. Енді бір кезде, алдыңыздан үлкен кемедей калықтап, ұп-ұзын қымбаттық «лимузинді» гүлмен безендірген, қатар-қатар тізілген қымбат машиналардың керуен тізбегіне қызыға қарап, бай-бақуатты отбасынан шыққан жастардың үйлену тойының салтанатты көшін көріп, үлкен өмірге аяқ басқан екі жастың той-думанына кездейсоқ куә болып, өмірдің жақсы жақтарына, қуаныштарына ортақтасқандай, өткен шақтағы өзіңіздің жастық шағыңыз көз алдыңызға елестеп, шат-шадыман, үкілі үмітті жастарды қимастық көзбен, сүйсіне ұзатып саласыз. Ие, тіршілік тынымсыз алға жылжып, бір орнында тұрып қалмайды. Өмір керуені жұмыр басты пендеге біресе көл-көсір қуаныш әкелсе, енді бірде өзегінді өртейтін өкініш, қайғысымен қан жұтқызады. Күн мен түндей алма-кезек алмасқан қайғы мен қуаныш қабаттаса жүріп, мың құбылған құбатөбел өмір, әмсе, өзгерістерінен танбайды, бір орнында қатып қалмайды. Ал, өзгермей сол қалпында қалатын — мәңгілік тіршілік бесігі — қара жер, көк зеңгір аспан, алтын ай мен арайлы сәулесін шашқан күлімдеген күн, жымыңдасқан жұлдыздар. Айнала өсіп тұрған қарағай, шырша, алма ағашы, өрік сияқты жеміс ағаштарына дейін ескіріп, тамыры солып, дауылдан кейін майырылып, құлап жатады. Оның бәрі қайтадан қара жерге семіп, келесі көктемде қылтиып, бүршік жарып, көк шөп болып өседі. Бұл өмірдің өшпес заңы — қартайғандар қара жерге семіп, жас жеткіншектер желкілдеп өседі, уақыт өте келе бұл жеткіншектер де қаусаған шал, кемпірге, немесе тамыры солған кәрі ағашқа айналып, жарық дүниедегі күні таусылып, жер қойнына кіреді. Міне, өстіп, өмір заңымен байланысты, шым-шытырық қызық оқиғаларға толы, тынымсыз алма-кезек алмасқан қаланың өмірі.

Бірнеше миллион адам өмір сүретін алып қала Алматы шаһарында күн сайын мың бала дүние есігін ашып, іңгалап дүниеге келсе, алтыс, жетпіс жастан асқан кәрі шал, кемпірлер жарық дүниедегі дәмі таусылып, бақилық болып, мәңгі сапарға аттанып кетті. Қартайып, дәм-тұзы таусылған кемпір, шалдар дәл осы іңгалап, өмір есігін ашқан жас сәбилер сияқты, бұдан жетпіс, сексен жыл бойы ата-анасын қуантып, дүниеге келіп еді, енді жарық дүниедегі жасампаз өмірі таусылып, қара жердің қойнына барып, мәңгілік байыз таппақ. Бұл қария қарттар да біреуді сүйген, күйіп-жанған, енді бірі әлдекімнің сүйікті жары болған. Дәл осы сәтте бір отбасында дүниеге нәресте келіп, шілдехана той жасап жатса, екінші көшедегі қазына қарт көз жұмып, бүкіл отбасының қайғыдан жүрегі қан жылап, қайғы құшып, азалы үй аңырап отырар еді. Біреулер дүниеге келсе, екінші біреулер мезгілді, мезгілсіз өмірден көшеді. Мезгілдісі — қартайып, жасы жетіп кетсе, мезгілсізі — жастай өрімдей қыз, жігіттер жол апатынан, оқыс жазымнан, қатерлі аурудан көз жұмып жатады. Бұл — әркімнің маңдайына жазылған пешене тағдыры, өмір заңы.

Ермек ауылдан келгелі үш айдан астам уақыт өтті. Жоғары оқу орнына сырттай түсіп, қаладан жұмыс тауып, оқудың құнын өзі төлегісі келген. Өйткені, шиеттей жеті баланы жалғыз анасы Қатира ғана бағып-қағып келеді. Әкесі Сауытбек ұзаққа созылған науқастан соң төсек тартып жатқалы, міне, он шақты жылдың жүзі болыпты. Кезінде әкесі Сауытбек тепсе темір үзгендей, қайратты ер-азамат еді. Жүк көлігінің жүргізушісі болып, колхозда өмір бойы жұмыс істеген болатын. Ешқашан ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүріп көрмеген адам. Қайта қандай қиын жұмыс болмасын, ұршықтай үйіріп, күректей қарулы алақанымен жүк машинасының рөлін бұрап, үстінен бензин иісі аңқып, жұмыстан қашпайтын көнбіс жүк жүргізушісі болатын. Сондықтан бұл қызметке жоғары оқу орнын бітіріп келе салып, жаңадан тағайындалған, мұрты жаңа ғана тебіндеген, колхоздың жас директоры ең қиын шаруаға Ермектің әкесі Сауытбекті жұмсайтын. Аласапыран боранда колхоздың алыс бөлімшелеріндегі бірнеше отар қой жемшөпсіз қалды. Директор баяғы әдетінше Сауытбекке алыс отарларға шөп жеткізуді тапсырған.

— Жұрттан естуімше, сіз осы колхоздағы ең тәжірибелі мамансыз. Сізге сеніп, алыс отарларға шөп апаруды, осындай

маңызды жұмысты сізге әдейілеп тапсырып отырмын, – деп шегелеп айтқан.

– Сіз шөп жеткіз деп отырған, тау баурайына орналасқан Сарыбел, Сарыөзекте, Көкөзекте, Арқарлыда қысты күні жол жоқ, жолды трактормен аршымаса ол жаққа шөп жеткізу мүмкін емес, – деп еді. Әлі мал шаруашылығында тәжірибесі жоқ жас маман – директор, жоғары білімі жоқ мына жүк көлік жүргізушісінің бақандай директорға сөз таластырғанына шамданып, жаратпай қалды.

– Жоқ, менің бұйрығым қайта қарауға жатпайды, бүгін жолға шығуыңыз керек, мал ашығып, жүндерін жеп жатыр деген суыт хабар алдым, уақыт оздырмай бүгін жолға шығыңыз, – деп, қызмет бабын пайдаланып, бұйрықты түрде қысқа қайырған.

– Апырмай, машинамен боранда жолда қалып қалмаймын ба? Табиғат қаһарына мініп, дүлей боранның соғып тұрғаны, мынау! – деп, қауіптеніп, терезені тарсылдатып, дамылсыз соғып тұрған дүлей боранға қарап еді, бастық бастырмалатып, ойлануға мұрша бермеді.

– Босқа уайымдамаңыз, синоптиктердің болжамы бойынша боран ертең, бүрсүгіні-ақ ашылады, оның үстіне сіздің артыңыздан тағы бір-екі адам жолға шығады, тезірек малға шөп жеткізіңіз, күн жылынады деп күте алмаймыз, өйтсек отардағы ұсақ малды қырып аламыз, ауа райына қарап, сөзбұйдаға салып, қолқусырап отыра алмаймыз, – деп, Сауытбектің әлсіз қарсылығына қарамастан, түтеген боранға қарамастан, қиын да қатерлі алыс жолға аттандырған. Шопанның отары тау қуысында орналасқан, оған бару үшін тауды бөктерлеп, ашық алаңқаймен жүріп, отарға тауға тіке тартатын төте жолмен, қыстың тайғақ жолымен тауға көтеріліп, отар жайлаған еңіске түсу керек еді. Дәл осы алыс жолда тауға көтеріліп келе жатып, машинаның моторы өшіп қалды. Абырой болғанда, жүк машинасы құзға құламай, жолдың бір жағына қисая тоқтаған. Сауытбектің зәресі қалмады, тірі қалғанына өз көзіне өзі сенбей кабинадан түсіп, терең құзға үрейлене қарады. Егер ауыр жүк машинасымен құзға құлағанда Сауытбек мына жарық дүниемен бір-ақ сәтте қоштасатын еді. «Құдай сақтап қалған екен, үйге аман-есен жетсем, көрші-қоланды шақырып, Қатираға «аман қалғанымға құдайы тамақ бер» деп айтпасам

деген Сауытбек, іштей құзға құламай тірі қалғанына тәубә етті. Сөйтіп, бастықтың сөзіне сеніп, жүк машинасымен шөп тиеп, жолға шыққан Сауытбек не ары емес, не бері емес, ең қатерлі тұста, тауға тіке тартатын орта жолда қалған. Боран үдеп кетті, ышқына соққан жел қойны-қоншына кіріп, өнбойын суық ала бастады. Кабинаға кіріп, астына төсеген қызыл-ала құрақ көрпені жамылып, бүктүсіп жатты. Артынан келетін екі машина екі күннен кейін, боран басылған соң әрең жетті. Ол кезде Сауытбек кабинадағы жайшылықта астына салып отыратын құрақ көрпеге оранып, бүрісіп жатқан күйі суықтан есінен танып қалыпты, ауылдастары басқа машинаға салып, ауылдағы ауруханаға алып келген. Ақыры, өкпесіне суық тиіп, үсіп қалған оң аяғының түгел башпайларын, сол аяғының үсіген жері, тобыққа дейін ота жасап алып тастап, әл үстінде ауруханадағы жан сақтау бөлімінде жатты. Үлкен ұлы Ермек пен анасы Қатира ауруханаға қайта-қайта жүгіріп, ыстық сорпа апарып, әкелерінің дүлей боранда өлмей, мүгедек болса да аман қалғандарына қуанған. Әуірімдеп, ота жасап, аман қалған, екі балдақпен сүйеніп, шідерлеп тұсаған аттай әрең-әрең жүретін әкелерін Ермек пен анасы Қатира екі жақтап сүйемелдеп, көршінің ат-арбасын сұрап алып, үйлеріне жеткізген. Өзін алыс отарларға жалғыз жұмсаған директор жігіт бір рет Сауытбектің үйіне бас сұғып, хал-жағдайын сұрап келуге жараған жоқ. Тіпті, Қатира азын-аулақ ақша сұрап барғанда беті-аузы шімірікпестен, «колхоз қаражатында мүгедектерге көмектесетін ақша қарастырылмаған» деп сазарған. Жайшылықта адам баласына қарсы сөйлеп көрмеген, үлкенге ізет көрсетіп, кішіге кішіпейіл, ауылда туып-өскен жуас әйел Қатира сол жолы жаңадан бастық болған, жас жігіттің мұндай бассыздығына күйіп кетіп, іштегі бар күйігін іркілмей ақтара салған.

— Кеше ғана келіп, аспаннан аяқтарын салбырап түсе қалғандай, табандатқан түп-тура отыз жыл бойы осы колхоздың ыстығына күйіп, суығына тоңып, жанкештілікпен адал еңбек еткен менің күйеуім Сауытбекке дәрі алатын қаражат жоқ деп, ауыздарыңды қу шөппен сүртесіңдер. Боранды күні таудың тар шатқалындағы малды отарға шөп жеткіз деп бұйырасың, «жасы кіші болса да бастық бала ғой, сөзін жерге тастамайын» деп, қауіп-қатерге басын тігіп, алыс жолға қарлы боранда

жалғыз аттанды. Артыннан адамдар жіберем деген, сенің жел сөзіне сеніп, жолда қалды. Сенің жіберген адамдарың боран басылған соң ғана жолға шықты. Енді келіп, сенің бұйрығыңды орындаймын деп, кемтар боп қалған менің күйеуімді кемсітіп, «мүгедектерге ақша жоқ» — деп, бетің бүлк етпейді. Ар-ұят деген бар ма, сендерде!?! — деп, қаны қарайып шаптыққан. Қарапайым ауыл әйелінен мынадай зілді сөз естимін деп ойламаған колхоз бастығы — жас жігіт мандайынан шыпшып тер шығып, Қатираның сөзінің шындығын мойындап, кішкене қысық көздері жыпылықтап, қойны-қонышын тінтікілеп, қалтасындағы елу сомды алып, үн-түнсіз Қатираға ұсынған. Сонда ғана алысқа жалғыз жұмсаған өз кінәсін мойындағандай, басшының кесірінен күйеуі мүгедек болып қалғанына ашынған ананың қайғы-қасіретіне кінәлі екенін сезгендей болған. — Алдағы уақытта қаржылай көмек керек болып қалса, өзім жәрдемдесем, — деп, уәде берген. Бірақ, туа бітті табиғатынан намысты келіншек қайта-қайта қол жайып көмек сұрауға арланып, өздері біліп көмек көрсетпеген соң, белін бекем буып, белсене жұмысқа кіріскен.

Шиеттей балалардың буыны қатпаған, аралары бір-екі жастан ғана үбірлі-шүбірлі отбасы мүшелерінің ең үлкені Ермектің өзі мектепте оныншы класта оқып жүрген, сондықтан Сауытбек ауырғалы, бар ауыртпалық әйелі Қатираға түскен. Өкпесіне құрт түсіп, екі аяғы тобанаяқ болып қалған, екі балдақсыз бір қадам аттай алмайтын, мүгедек болып қалған күйеуіне уақытылы дәрісін беріп, кітапханашы жұмысымен қатар, тағы екі жерге еден жуушы болып орналасып, шиеттей жеті баланы асырап, жалғыз өзі арпалысты. Анасы мен ауру әкесінің қазіргі мүшкіл халін білетін Ермек орта мектепті бітіре сала көлік жүргізушісі болып, әке жолын жалғастырмақ болған. Бірақ, мүгедек әкесі де, анасы Қатира да Ермектің үлкен қалаға барып, білімді азамат болып шығуын қалады. Әсіресе, әкесі Сауытбек өзі жетпеген биіктерге ұлы Ермектің қол жеткізуін шын жүрегімен қалады.

— Егер менің жоғары білімім болса, қойшының жауыр атындай, өмір бойы қара жұмысқа жегілер ме едім. Отыз жылдан астам осы колхозға еңбегім сініп, талай рет Ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алып, «Еңбек ардагері» атандым. Қаладан оқып келген бастық жігіттің бұйрығын орындаймын деп, тіл-

алғыштығымнан, кісінің сөзге жерге тастамайтын кішіпейіл әдетімнен опық жедім. Қазір мүгедек болып, төсекке таңылып жатқаным мынау! Сен де сол бастық жігіт сияқты жоғары білім ал, бірақ, шаруаның жайын білесің, әкең сияқты қарапайым адамдардың қамқоры бол. Бастықпын деп қарапайым жұмыскерді басынба, істің тетігін тауып, ақылмен байыптап, орынды жұмса. Әр уақыт адамгершілікті, ар-ұятты, ақыл-парасатты бол, ұлым. Мен жетпеген биікке, сен жет, ұлы-ы-ым! – деп, кемсеңдеп, көзіне жас алған. Күйеуінің босандығына Қатираның да жаны күйзеліп, анасы да жаулығының шетімен көз жасын сүртіп, Ермекке ақ жол тілеген.

– Әкең дұрыс айтады, шиеттей балалардың ең үлкені, тұңғышым өзінсің. Сен қалаға барып, оқуға түсіп, үлкен азамат бол! Сен бір жетістікке қол жеткізсең, артындағы іні, қарындастарыңа тірек боласың. Әкеңнің ауырып жатқаны мынау, бар үмітім өзін, балам! – деп, көз жасын сығып алған.

Сөйтіп, осы күнге дейін шағын ауылдан шықпаған Ермек әке-шешесі кезінде тұрмыс таукіметімен орындай алмаған, ата-ананың асыл арманын арқалап, белгісіз үлкен қалаға жол тартты. Ондағы Ермектің бар арманы – қалада тезірек жұмысқа орналасып, ауылда қалған, ішсе асқа, кесе киімге жарымай жартықұрсақ күн кешкен, әкесі мүгедек болып, еңбекке жарамай қалғалы, тірі жетімнің күйін кешіп жүрген, екі інісі мен төрт қарындасына көмектескісі келетін. Тегі, Қатира анасы екі-үш жерде жұмыс істеп, қанша жанталасқанымен жарытып жалақы алмады, азғантай жалақысын ұқсатып, төсек тартып жатқан, өкпесіне суық тиіп, құрт ауруына ұшыраған, әрі екі аяғынан мүгедек болып қалған күйеуінің, шиеттей балаларының аузына тосатын. Осы қиын жағдайды білетін Ермек ұзаққа созылған науқас әкесінің өмір бойғы мүгедек болып қалғанын, жалғыз анасына қиын болғанын сезіп, отбасындағы ең үлкені – тұңғыштары ретінде ержетіп қалған іні, қарындарыстарына жоғары білім әпергісі келетін, соның бәріне қолбайлау болып отырған – қаражаттың тапшылығы екенін түсінетін.

Ермек қалаға келген соң анасының жалғыз сиырды сатып берген азынаулақ ақшасын бір орыстың кемпіріне пәтер жалдауға төледі. Енді тезірек жұмыс табу үшін бүкіл қаланы шарлап, ыңғайлы жұмыс табу үшін автобусқа мінбей, жаяу-

жалпы аралады. «Қонақ аз отырып, көп сынайды» демекші, ауылдан келген жас жігіттің қаланы жаяу аралап жүріп, сол кезде байқағаны, көңіліне түйгені көл-көсір. Қаланың бір шетіндегі «Шаңырақ», «Ұлжан», «Құрылысшы», «Өжет» ықшам аудандарында өңкей бір қабатты балшық үйлер салыныпты, мұндағы жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі кедейлер екені алыстан менмұндалайды. Кейбіреуінің қақпалары қырық жамау, көбінің үйінің сыртында қоршау да салынбаған, үйлерінің төбесін бір жағына қисайтып, арзан темір-терсекпен жәпірейтіп жаба салған, аулаларында кір-қожалақ, ескі-құсқы киінген балалары толып жүр. Материалдық жағдайлары нашар болғанмен бала саны басым екені көрініп тұр. Тәрізі, «әр бала туса бір түп жусан артық өседі» деген ескі қағиданы ескерсе керек, кедей тұрғындардың балалары көп. Қаланың бұл бөлігінде ауылдан келгендер мен оралмандар басым сияқты. Олар арық қазуға, үй салуға ағайын-туғандарын шақырып, өз күштерімен адам жалдамай үй салуға тырысады екен. Өйткені, жұмысшылар жалдауға қаражаттары жетіспегендіктен балаларына дейін аулада кірпіш құйып, үй салып жанталасуда.

Ал, қаланың тау жағында «Хан тәңірі», «Школьник», «Алма-арасан», «Каменка» сияқты ықшам аудандарда екі қабатты, көп қабатты коттедж үйлер қаптап кетіпті. Алыстан қарағанда-ақ байлар қоныстанған бай аудан екені көрініп тұр. Атшаптырым ауласына биік қамал орнатып, биік-биік қызылжасыл үйлер анадайдан менмұндалап тұрғандай, шатырларына шейін әдемі қызыл, көк, жасыл болып келеді екен, осындай бай үйлерінің көбінің қақпасына бейнекамералар орнатылған. Тым жақындап барсаң, түрлері сұсты күзетшілері бейтаныс адамды көріп, зәулім қақпадан шыға келіп, – бұл маңнан не іздеп жүрсің? – деп, жаратпай жөн сұрайды.

Осындай әсем архитектурамен салынған, үш-төрт қабатты бай үйлерін көріп тамашалап, «Шіркін, біздің ауылдағы мыңнан аса бала оқитын мектеп осы үйлердей бірнеше қабатты болса ғой» деп, Ермек іштей армандады. Мынадай үйде тұрып жатқан адамдарда арман бар ма екен, ал, мен болсам ауылдан арып-ашып келіп, жұмыс таппай сандалып жүргенім мынау!». Өйткені, Ермектің қалада тіркеуі жоқ, тіркеуге тұратын туыстары тұрмақ, таныстары жоқ болатын, сондықтан ауылдан келген жас жігітті көпшілігі тиын-тебен беріп, тегін

пайдаланғысы келген. Ақыры, үшінші аптада ғана қаланың орталығындағы әдемі архитектурамен салынған, сырты түгел көгілдір шынымен қапталған, төрт қабатты қызылқоңыр әсем ғимаратты мейрамханада даяшының жұмысын әрең тапқан. Мейрамхананың маңдайшасы ағылшын тілінде жазылыпты, екінші шетінде «мейрамхана» деген қазақша сөз кіп-кішкентай әріптермен жазылып, жетім баладай өгейсіп тұр. Ермек ауылдан келген соң ылғи ойлайтын, «Менің Отандастарым – қазақтар ағылшын тілін таңсық көре ме, қазақ астанасы Алматыда дүкен, шеберхана, мекеме, мейрамханалардың аттарын ағылшынша атойлатып жазып, өздерінің ана тілі – қазақ тілін менсінбейтіндей, кейде жазбай, ал жазса, жетім баладай сүмірейтіп, кішкентай әріптермен жазатын әдет тапқан. Өз елін, өз тілін сүймей, басқаны жарылқап жарытпас, бұл жаңсақ қылықтарын менің жерлестерім өздері де түсінбейтін болар» деп қамығатын. Енді маңдайшадағы ағылшынша жазуға қарауға мұршасы жоқ, әйтеуір бір жерден жұмыс тапқанына шынымен-ақ шын жүректен қатты қуанды.

– Ертеңнен бастап, жұмысқа кірісесің, даяшылардың формасы – су жаңа ақ көйлек, қара шалбар, қара туфли. Мына үстіңіздегі ескі кәстөм-шалбарыңыз жарамайды, – деп, жолдан мыж-мыжы шыққан, ескі-құсқы киімдеріне жиіркене қарады. Енді ертеңге дейін уақыт жоғалтпай жаңа киімдер сатып алу қажеттігі туындады, бірақ Ермектің қалтасында азғана тиын-тебеннен басқа ештеме жоқ болатын. Амалсыз ауылдан бірге келген Асқардан қарыз ақша сұрап еді,

– Ой, Ермек, сен қызықсың, менде қайдан ақша болсын, жұмыс іздеп сандалып жүр емеспін бе? Мүмкін, сен орналасқан мейрамханадан маған да орын табылып қалар, – деп, Асқар өзінен көмек күтіп, үміттеніп сұрады. Ақыры, анасының Ермекті жолға шығарып салып тұрып, Ермектің қарсылығына қарамастан берген, қымбат түйіншегі есіне түсті.

– Ұлым, қалада біздің ешқандай туыстарымыз жоқ, егер қысылып қалсаң, мына науқас әкең мен менің некеге тұрғанда сатып алған алтын жүзігім сенде болсын, аса қиналып бара жатсаң сатып, біраз күн көрерсің, – деп, Ермектің «алмаймын» деп, азар-безер болғанына қарамай беторамалына түйіп берген алтын жүзіктерін ішкі қалтасынан алып, сипалап қимай тұрды. Бірақ, амал жоқ, ертең айтқан формасына сай келмесең,

даяшы қылып алмай қоя ма деп, амалсыз анасы мен әкесінің неке жүзігін «Ломбардқа» өткізіп, арзан бағалағанын біле тұра, азынаулақ ақша алып, «барахолкаға» барып, арзанкол, сапасыз қытай киімдерімен бастан-аяқ шырғтай киінген.

Жұмыс күні түс ауа басталады екен, келген клиенттердің алдында зыр жүгіріп, қалаған тамағын табаққа салып, ұсына қоясың. – Тағы, не қалайсыз? Сусын әкелейін бе? – деп, иіліп-бүгіліп тұрғаның. Бұған да етің үйреніп кетеді екен, Ермек ынта қойып, басқа тәжірибелі даяшылар сияқты клиенттердің көңілін таба білді. Кейбіреуі көңілі түсіп, – «мынау сенің жақсы қызметің үшін», «вот, тебе, чаевой, спасибо!» деп, кейде бір-екі мың сом тастап кететін болды. Ондайда Ермек қалбалақтап, асты-үстіне түседі.

– Біздің мейрамханаға алдағы уақытта тағы демалуға келіп тұрыңыз, біз сіздерге қызмет етуге әрқашан даярмыз, – деп, есік алдындағы табалдырыққа дейін шығарып салатын. Әлгі клиенттері қайта келсе, қуанышын жасырмай, ауылдан ағайыны келгендей қайтадан құрақ ұшатын.

– Сіздерді көргеніме өте қуаныштымын, қане, мен сіздерді өте бір ыңғайлы, жайлы орынға отырғызайын, – деп, алдына түсіп, қалбақтайтын. Мейрамханаға ылғи қалтасы қалың, байлар ғана келетін. Өйткені, мұндағы тағам мәзірінің бағасы шарықтап, ұшып тұрғандықтан қарапайым адамдардың ас ішуге қалтасы көтере бермейтін.

Бірде әкелері жоғары лауазымды қызмет істейтін бес-алты жігіт боянып-сыланған, әдемі қымбат киім киген қыздарын ерте келіп, үлкен дастарханды иемденіп, неше түрлі ас мәзіріне тапсырма бере бастады. Ермек ауылдан келгендіктен қымбат бағалы шетел ішімдіктерін бір-бірінен ажырата алмайтын. Жанағы бай жігіттердің тапсырмаларын әкеліп қойып, ішімдікті бокалға толтырып құйып қойғаны сол еді, іштеріндегі дандайсыған бай баласы бокалдағы ішімдіктің дәмін татып көріп тыжырынып, столға тамақ қойып жатқан Ермекке жанағы бокалды алып, дәп бетіне дәлдеп тұрып, ызғарлана шашып жіберді, дөрекілігімен қоймай жер-жебіріне жетті.

– Эй, ты, жалкий официант, маленький человек, слушай внимательно, мынау не вино? Мен саған не дедім, француз виносын әкел дегем, ал сен не әкеліп тұрсың, идиот! – деп жекірді.

Мейрамхананың бастығы қазақ жігіті Ермекті жұмысқа қабылдағанда жартылай орысшалап, «Есінде болсын, жігітім, клиент всегда прав, поэтому постарайтесь всем угодить» деген сөзі есіне түсіп, бет-аузын орамалмен тез-тез сүртуге, кірісті. Жанындағы жолдастары оның бұл қылығын ерлікке балап, «Жарайсың, Эдик, молодец, ты его проучил, он сам заслуживал такое оскорбление, так ему и надо! — деп, қарқылдап күле бастады. Қыздар Ермектің үсті-басының су болғанына мәз болып, ішек-сілелері қатты. Дәп бір алдарында өздеріндей жас жігіт емес, маймыл тұрған сияқты. Ермектің іштей қаны басына шапшыды, бірақ бастығының жұмысқа қабылдағандағы сөзі есіне түсіп, сырттай салқынқандылық танытып, ызаланғанын білдірмей, әлгі бұзық жігіт Эдиктен кешірім сұрауына тура келді.

— Кешіріңіз, мен асығып, байқамай басқа ішімдікті әкеліп қойыппын, қазір сіз айтқан ішімдікті әкелем, — деп, кетіп бара жатып, іштей жәбірленіп, ыза болды, жәбір-жападан еркінен тыс көзіне жас тұнды. «Әке-шешесінің тапқан ақшасына қыз-қырқынмен бірге арақ ішіп, той тойлап, әрі жазықсыз адамның бетіне арақ шашып, құтыруын-ай! Шіркін, ауылда болсам, мен де оның бетіне шашар едім, не болмаса адамды бұлай жәбірлеуге болмайтынын жұдырықтың күшімен түсіндірер едім, қап, иттің баласы-ай! Ана қасындағы әлем-жәлем боянған қыздардың қосыла мәз болуын көрдің бе? Біреуі даяшы жігітті жәбірлеудің қажеті не, ол байғұс та осы жұмысымен нәпақа тауып, күн көріп жүрген шығар, ол да біреудің әлпештеген баласы ғой, өйтіп жәбірлемей-ақ, одан да Эдик жайлап айтсаң болмай ма, ол да адамның баласы, — деуге жарамды-ау! Әй, бұлардың барлығы ақшаның көптігіне мастанған, надан ақымақтар ғой» деп, басқа ішімдікті алып жатқанда өзімен бірге жұмыс істейтін, Ермекпен түйдей құрдас даяшы қыз Мәнсия болған оқиғаны көзімен көріп тұрған екен.

— Ермек, мен саған көмектесейін деп, ана ақымақтар залды басына көтеріп қарқылдап жатқанын көріп, артыңнан жүгіріп келдім, бұл жігіттер әке-шешесінің ақшасын судай шашатын, осы мейрамхананың тұрақты қонақтары! Олардың дөрекілігіне назар аударма, қайта сен өзіннің мәдениетті жігіт екеніңді көрсеттің, саған тағы тиісіп жүрер, мына шөлмекті маған бер, мен апарып берейін, өйткені мен бұрыннан жұмыс істеп келем,

олардың кірпияз, дарақы екенін жақсы білем, сен сол қатардағы менің столыма ауыса тұр, олар – жасы ұлғайған ерлі-зайыпты жақсы адамдар. Соларға қызмет ете тұр, шарапты мен апарып берейін, – деп, қолындағы шөлмекті алып, жанағы дуылдасып отырған бір топ жігіттерге беттеді. Ермек қарт адамдарға барып, тапсырмаларын жазып алып, қызмет ете бастады. Көзінің қиығымен жанағы бұзық жігіттерге қарап қояды. Олар әкесінің үйінде отырғандай темекілерін будақтатып, қарқ-қарқ күліп, бір-бір қызды құшақтап, кейбіреуі әлгі қыздарымен етене жабысып, сүйісе бастаған. Көздерін қап-қара қылып, еріндерін шиідей далаппен, бет-ауыздарын опамен боянған әлгі қыздар басқа жұрттан қымсынар емес, олар да жігіттерден қалыспай, темекі тартып, өзара орысша сөйлесіп, айнаға қарап, беттеріне опа-далап жағып, тым еркін, көсіліп отыр. Біраздан соң бір қыз мас болып бұлғақтап, әлгі Эдиктің мойнынан орай құшақтап, ол итеріп жіберіп еді, мас күйі құлап қала жаздады. Мұндай тұрпайылықты көрмеген Ермек іштен тынып, «Қыз балаға қырық үйден тыю», «Қыз баланың жолы жіңішке» деп, әжеміз кішкене қарындастарымызды үйден шығармаушы еді, мыналардың арақ ішіп алып, жігіттің мойнына асылуын қарай гөр, тәрізі ұят-әдептен жұрдай болып, беттері ашылып кеткеннен сау ма?! Бұлар бір шаңыраққа келін болып түсіп, күйеуін, ата-енесін сыйлап оңдырмас, – деп, қатты түңіліп, іштей күйінді.

Арада үш-төрт ай өткенде Ермек қаланың өміріне біраз төселіп, өзіне тиісті жұмысын мінсіз атқаратын болды. Ауылдан бірге келген Асқар екеуі бір орыс кемпірінің аядай бөлмесін жалдап тұрып жатыр. Әлгі кемпір жарық жақса да, ваннаға суға түссе де жекіріп ұрсып, естерін шығарады. Даяшы болған соң күн сайын ең құрмаса душқа түсіп, таза киініп жүру керек. Оны түсінетін үй иесі жоқ.

– Балық болып кеттіндер ме, күн сайын суға түсесіңдер, онда қосымша пәтерақы төлендер, қалада су қымбат, неге күн сайын жуынасыңдар, әлде ауылдан алып келген кір-қоңдарынды қаланың суымен тазартқыларың келе ме, бәрібір қап-қара қазақсыңдар, суға түссендер де ағарып кетпейсіңдер, – деп, тағы қосымша пәтерақы алып, басқан іздерін андитынды шығарды.

– Ермек, еңбекақымызды алған соң басқа жайлы пәтер тауып алайықшы, мына кемпір отырсақ опак, тұрсақ сопак

кылып, есімізді шығаратын түрі бар. Не деген мазасыз кемпір, – деген Асқар екеуі келесі айда қаланың шетіндегі «Думан» ықшам ауданынан бір қазақ отбасының үйінің жанына салған көп пәтерлі тұрғын үйден басқа бір кең бөлме тауып алған. Ол жердегі үй иесі қартандау Дариға апа кеңпейіл, жайлы кісі болғанымен жылы суы, жуынатын моншасы жоқ, әрі жұмыстарына алыс екен, таң атпай сағат алтыда тұрып, таласа-тармаса жолаушыға толы сығылысқан автобуска мініп, әрі басқа автобуска ауысып мініп, жол ақысына бірақ қаражаттары кетті.

– Қап, әлгі мазасыз Соня кемпірдің үйінен бекер кетіп қалыппыз, қаланың орталығы еді, мына Дариға апаның өзі жақсы болғанмен үйінің жайы болмады, суық судан басқа түгі жоқ, дәретханаға дейін сыртта, әлі монша да сала алмапты, қайтсін, пәтер жалдаған бізге жағдай жасамақ түгілі, кәрі кемпірдің өзінде де жағдай жоқ, – деп, қайта пәтер іздеуге кіріскен. «Үйі жоқтың күйі жоқ» деген рас екен, екеуі қаладағы талай үйдің босағасын сағалап, жай-күйлері болмай жүрді. Әйтеуір, бір қуанатындары – екеуінің де жұмыс тауып алғаны. Асқар – құрылысшы, Ермек – даяшы. Келе-келе пәтерге тұрудың қиындығына да үйреніп, көнбістеніп алды. Ермек алғашқы еңбекақысын алпыс мың теңге алғанда қатты қуанып, тең жартысы отыз мың теңгені анасы Қатираның атына салып жіберген. Бір аптадан соң анасынан хат алды. «Қадірлі ұлым Ермек! Аман-есен жұмысыңды атқарып жүрсің бе? Біз де өзің көргендей аман саумыз. Сен жіберген отыз мың теңгені алып, қарындастарыңның аяқкиімі тозып, мектепке баруға ұялып жүр еді, оларға аяқкиім әпердім, екі бауырыңа ақ жейде сатып әпердім. Бәріміз қуанып, аурудан қажып, қабағы ашылмайтын наукас әкең де жадырап, қуанып қалды, «ұлым азамат болды»деп, сенің ер-азамат болып, табыс тауып, бізге ақша жібергеніңе дән риза болдық. Сенің бізге көмектесіп, отыз мың жібергеніңді естіп, көрші-қолаң, ауыл аймақ тегіс қуанды. Әмсе, бағың ашылсын, құлыным! Жаныңа жамандық бермесін! Қарындастарың Шөкен мен Төкеннің аяқкиімі тозып, сыртқа шығуға ұялып жүр еді, екеуіне де сужана бәтенке сатып әпердім. Бауырың Еділге кәстөм-шалбар әпердім, ағамның арқасында бәріміз шырт киіндік деп, мақтанып жүр. Әкең, бауырларың, қарындастарың дұғай сәлем айтып жатыр, осымен хатымды

аяқтаймын. Сау бол, жаным, бетіңнен сүйдім, жолда байқап жүр, естуімше қалада машина көп дейді, жолдан байқап жүр. Маған жайлы келін таптың ба, жасың болса келіп қалды, жақсы қыздар болса, құр бекерге жүре бермей бір жақсысына үкі тақ. Үлкен қалада, алыста жүрген сон үйде отырып, сенің аман – саулығыңды тілейміз, үшбу сәлеммен анаң Қатира» депті. Еремектің төбесі көкке жеткендей қуанды, анасының жүзігін қайтарып алуға барса, сол жерде жұмыс істейтін орыс қызы ат-тонын ала қашты.

– Сіз кешігіп келдіңіз, өзіңіз кінәлісіз, бір айдын ішінде келмеген соң екі жүзінкі де жарты бағасына сатып жібергенбіз, – деп, бет бактырмады. Ақыры, Еремектің іші удай ашып, пәтерге көңілсіз оралды. Әке-шешесінің неке жүзіктерін «Ломбардтың» сатып жібергенін естіген Асқар досына жұбату айтты.

– Еремек досым, уайымдама! Аман болсаң, әлі талай жүзік сатып аласың, жүзік туралы анаң айтпай тұра тұр. Мүмкін, келесі еңбекақыңа тура дәл сондай неке жүзігін сатып алып, анаң қайтарып берерсің, әйтпесе, анаң ренжіп жүрер, – деп, ақыл айтқан. Асқардың ақалы көкейіне қонып, анасына хат жазғанда жүзікті «Ломбардқа» өткізіп, айырылып қалғаны туралы ештеме жазбады.

Еремек қалаға үйреніп, бос уақытында өзінің әріптесі Мәнсиямен бірге театрға, киноға баратын болды. Мәнсия Тараз қаласынан келіпті, бұл қалада туыстарының үйінде тұрады екен. Мәнсияның мінезі ақкөңіл, ақжарқын, толықтау, сары қыз. Алматы қаласын Еремекке қарағанда жақсырақ білетін, сондықтан ылғи өзі бірінші болып, ұсыныс жасайтын. – Еремек демалыс күндері Медеу мұз айдынына, Шымбұлақ демалыс орындарына, Көктөбеге барайық, – деп, ауыл баласына таңсық, көрмеген көрікті жерлерді айтатын. Неге екені белгісіз, екеуінің қарым-қатынасы достықтан әрі аспады. Табиғатында ұяңдау Еремек батылы барып, әлі күнге дейін қызға сөз айтып көрмепті. Еремектің жасықтығын байқады ма, әлде басқа жігіт тапты ма, соңғы кезде Мәнсия Еремекпен бірге қаланың көрікті жерлеріне қыдыруын тоқтатты. Еремек мейрамханада бірге жұмыс істейтін Мәнсияны әріптесі ретінде сыйлағаннан басқа сүйіспеншілік сезімі болмаған соң, басқа жаққа шақырып, әуре болған жоқ.

Ермек үлкен қаланың байырғы тұрғындарына еліктеп, талғаммен әдемі киінетін болды. Өзіне лайықтап тігілген қаракөк көстюм-шалбар, жейде сатып алып, соңғы үлгімен тігілген келісті төпкі алған. Өмірі, ауылдан ұзап көрмеген жас жігіт ауылда жүргенде әкесінен қалған ескі күпәйке, ескі керзі етігін киіп, мектепке бара беретін, шағын ауылдың қарапайым адамдары соңғы киім үлгісін неғылсын, әйтеуір таза киінуге тырысатын. Ал, мұнда қалада бәрі басқаша. Жұрттың бәрі үсті-бастарын мұнтаздай қылып, жарасымды киім киіп, тойға барғандай жасанып жүреді екен. Келе-келе қала өміріне үйренген Ермек те киім кию, сөйлеу мәнерін үйреніп, үсті-басын жіті қадағалап, жарасымды, әдемі киюді ұнататын. Кейде, көше бойлап келе жатып, өзіне бейтаныс қыздардың көз тоқтатып қарап қалатынын байқайтын. Тумысында ұзын бойлы, толқынды қою кара шашы, қараторы жүзіне үйлескен Ермектің бет-пішіні келісті болатын. Шаралы қой көзді, қыр мұрынды, қалың шашы сәл бұйраланып тұратын ұзын бойлы, сымбатты жігіт. Кейде көшеде кездескен қыздардың өзіне сүйсіне қарап қалатынын байқап, олармен танысудың орнына ауылдан келген ұяң жігіт Ермек одан сайын қызарып-бозарып ұялып қалатын. Мейрамханада Мәнсияның ең жақын досы, әдемі қыз Шәкізаттың өзіне қырындайтынын байқады.

— Ермек, сенің ауылда сүйген қызың бар ма? Ешкімге қарамайсың, бізді менсінбейсің, әйтпесе, киноға, театрға шақырмайсың ба? — деп, Шәкізат сан рет қиыла өтінген.

— Шәкізат, мен әлі ешкімді шын сүйіп көрмеппін, ауылда қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін жас мұғалімді іштей жақсы көргем, бірақ ол кісіге батылым барып, ештеме айттып көрмедім. Әрі, ол мұғалім апайымыз менен бес-алты жас үлкен болатын, егер оқушысы өз сезімін білдірсе, күлкіге айналдырар ма еді, кім білсін. Ал, сен-ші, Шәкізат, сенің жігітің бар ма, өмірде біреуге ғашық болып көрдің бе? — деп, әңгімеге тартатын.

— Жо-ғә, жоғары сыныпта оқып жүргенде бір жігіттен махаббат туралы хат алғам, бірақ, ешқандай жауап жазбадым, өйткені, ол сыныптасымды суханым сүймейтін. Бастықтың баласы болған соң, өзін басқалардан үстем санайтын, мақтаншақ, әрі дөрекі жігіт болатын.

— Сен де мен сияқты ешкімге ғашық болып көрмепсің, мүмкін екеумізге де алдағы уақытта махаббатымыз жолығып

қалар, – деп, Ермек көңілді күлімдейтін. Күн өткен сайын Ермек, Мәнсия, Шәкизат үшеуінің достықтары нығая түскен, бірақ, олардың қарым-қатынасы шынайы достықтан асып кетпеді. Мейрамханада бір жылдан аса жұмыс істеген Ермектің өмірі бірқалыпты ағымға келе бастаған. Отбасына алған жалақысының жартысын поштамен салып жіберіп, жартысын пәтеракысына, күнделікті тағамына жеткізетін. Кейде ауылдас досы Асқар, әріптестері Мәнсия, Шәкизат үшеуінің басы қосылып, қаланың Медеу, Шымбұлақ сияқты әдемі жерлерін аралап, маз-майрам болып қайтады. Осы қалыпты ағымдағы өмірін кенеттен бұзған – науқас әкесінің хал үстінде жатқаны туралы суыт хабар. Жұмыс орнынан бір аптаға сұранып, асығыс ауылға аттанды. Кешкі поезға отырған Ермек таңертең туған ауылы Аягөзге жеткен. Үйінің айналасындағы қарақұрым адамды көріп, жүрегі бір жамандықты сезгендей, жүрегі шаншып кетті. «Ой-бауырымдап» жылаған ауыл адамдары Ермекпен көрісіп, жылап жатты. Бүкіл ауыл тұрғындары жиналып, бір кездегі көлік жүргізушісі болған Сауытбекті соңғы сапарға шығаруға жиналыпты. Әкесінің жолдастарының мұншама көп екенін, бүкіл ауылға сыйлы азамат екенін Ермек осы жерлеу рәсімі өткен кезде білгендей болды. Қаладан келген күні Ермек түпкі үйде шымылдықтың ар жағында, басын құбылаға қарап жатқызып қойған әкесімен қоштасуға жалғыз өзі бөлмеге кірген. Асқар таудай әкесі Сауытбек сабырлы күйде тәтті ұйқы құшағында жатқандай, тіпті қаладағы ең тұңғышы Ермектің келгенін де сезер емес. «Қайран әкем, ауыр науқастан қатты қиналып еді, енді ғана тынышталып, мәңгі тыныш ұйқыға кеткендей сұлық жатыр. Әттең, солақай бастықтың қырсығынан сорың қайнап, аласапыран боранда жалғыз қалмасаң, бала-шағанның қасында күліп-ойнап өмір сүріп, әлі талай жүрмес пе едің. Енді өкінгеннен не пайда?! Алдыңнан жарылқасын, әкетай. Сенің орныңды жоқтатпауға уәде берем, артымнан ерген інілерім мен қарындастарыма сүйеніш болам. Анам Қатираның қас-қабағына қараймын, қайтейін, өзіңнен ерте айырылды. Иманың жолдас болсын, әкетай!» деп, күбірлеген ұлы әкесінің өлі денесінің жанында өз-өзіне серт бергендей халде, егіліп жылап отырды.

– Балам-ау, алыс жолдан шаршап келдің, ыстық шай ішсеңші, мен көршілермен бірге Сауытбектің жанында отыра

тұрайын деген анасы Қатира көрші қариялармен бірге келіп, Ермектің ойын бөлді. — Жарайды, апа, — деп, көз жасын сүрткен Ермек ауызүйдегі дастарханға беттеді.

Ертеңінде бүкіл ауыл болып, әкесін ауыл маңындағы бейітке жерледі. Кішкентай бауырлары мен қарындастары көздері жәутендеп, ағаларынан қамқорлық күткендей қарайды. Ауырып жатса да ес екен, әкесін жерлеген соң үйдің іші қанырап босап қалғандай көрінді. Анасы Қатираның көзі бұлаудай болып, марқұм күйеуін ойлап, қайта-қайта жылай береді. Көрші-қолаң, туған-туыскандар Қатира шешесін жұбатып жатты.

— Қатира, өз-өзіңе бекем бол, Сауытбек иманды болсын! Жақсы адам құдайға да керек деген, Сауытбек жақсы адам еді.

— Өлгеннің артынан өлмек жоқ, тірі адам тіршілігін істейді, күйеуіңнің жасамаған жасын балаларына берсін! Көп уайымдама.

— Қатира, сен бекем бол, балалар сені көріп, жаси береді. Белінді бекем буып, балаларыңа бас-көз бол, құдайға шүкір, тұңғыш ұлың Ермек азамат болды, әкесінің орнын жоқтатпайды, — десіп, әрқайсысы игі тілектерін айтып, үйді-үйлеріне тарады. Үйдің іші тым-тырыс болып, бәрі қайғы құшағында. Анасы Қатира ауыр-ауыр күрсіне береді. Балаларына көрсетпей оңашада жылап алатын сияқты, өйткені күн сайын көзі қызарып, өңі қан-сөлсіз бозарып отырады.

Мыңдаған адам өмір сүретін шағын ауылда да апта сайын, ай сайын бірнеше бала дүние есігін ашып, іңгалап дүниеге келсе, алпыс, жетпіс жастан асқан кәрі шал, кемпірлер жарық дүниедегі дәмі таусылып, бақилық болып, мәңгі сапарға аттанып жатады. Қартайып, дәм-тұзы таусылған кемпір, шалдар дәл осы іңгалап, өмір есігін ашқан жас сәбилер сияқты, бұдан жетпіс, сексен жыл бұрын ата-анасын қуантып, дүниеге келіп еді, енді жарық дүниедегі жасампаз өмірі таусылып, қара жердің қойнына барып, мәңгілік байыз таппақ. Бұл қария қарттар да біреуді сүйген, күйіп-жанған, олар да әлдекімнің сүйікті жары болған. Дәл осы сәтте бір отбасында дүниеге нәресте келіп, шілдехана той жасап жатса, екінші көшедегі қазына қарт көз жұмып, бүкіл отбасының қайғыдан жүрегі қан жылап, қайғы құшып, азалы үй аңырап отырар еді. Біреулер дүниеге келсе, екінші біреулер мезгілді, мезгілсіз өмірден көшеді. Мезгілдісі — қартайып, жасы

жетіп кетсе, мезгілсізі — жастай өрімдей қыз, жігіттер жол апатынан, оқыс жазымнан, қатерлі аурудан көз жұмып жатады. Бұл әркімнің маңдайына жазылған тағдыры, өмір заңы. «Тумақ бар да өлмек бар» деген қанатты сөздің мәні зор. Әрбір дүние есігін ашқан пенде маңдайына жазған қуаныш, қайғыны көріп, көз жұмбақ. Бұл мәңгілік өзгермейтін құбылыс. Өмірдің мәні — артыңа өміріңді жалғастыратын лайықты ұрпақ қалдыру, егер ұрпағың атыңа кір келтірмей, өмір керуенін адамгершілікпен, алланың ақ жолымен жүріп өтсе — онда сенің арманың орындалғаны, өлгенің — тірілгені, өшкенің — жанғаны.

Марқұм әкесінің жетісін өткізген соң, Ермек қалаға қайтуға жинала бастаған. Анасы Қатира ұлының қалаға киім-кешектерін салып, жиналып жатқанын көріп, қарсылық білдірді.

— Әкеңнің қырқын өткізіп бір-ақ қайтқаның жөн болар, сендерді асырап-сақтаған әкеңнің басына бауырларыңа баскөз болып, өзің кірпіштен қалап, моласын тұрғыз. Әкеңнің алдындағы балалық парызыңды өтеп, қырқын өткізіп, қалаға қайтуыңа болады, әзірге асықпа, — деген.

— Мен жұмыстан бір аптаға ғана сұранғам, әрі пәтерақысын төлемей кетіп едім, қалай болар екен? — деп қынжылғанмен анасының сөзінің дұрыстығына иланып, сол күннің ертеңінен бастап, марқұм әкесінің басына бір-екі досымен бірге кірпіштен бейіт қалай бастаған. Бейітті тұрғызып, әкесінің қырқын өткізген соң анасы Қатира қалаға қайтуына рұқсат берген.

— Ұлым, ендігі тірегіміз өзіңсің. Кәрі шешен, мені, бауырларың мен қарындастарыңды ұмытпай көмектесіп тұр, әйтпесе, ауылда қалып, үйленсең болар еді, алайда ауылдан жұмыс табыла қоймас, сондықтан қалаға барғаның жөн шығар, — деп, аналық ақ батасын берген.

Ермек бұрынғы жұмыс орны мейрамханаға келсе, оны бір аптада келмеген соң жұмыстан шығарып тастағанын біліп, бұрынғы тұрған пәтерге келсе, мұның қалған киім-кешектерін күл-қоқыс салатын жәшікке лақтырып тастап, үй иесі пәтерге басқа адамдарды алыпты. Ермек ауылдан келген күні бұрынғы жұмысынан айырылып, пәтерінен айрылып, үлкен, алып қалада қонатын жер таппай далада қалды. Әрі, әкесін жерлеп келген жігіттің қалтасында көк тиын қалмаған

еді. Түн іші. Қолында киім-кешегі салынған сөмкесінен басқа ештемесі жоқ Ермек қонып шығатын жер таппай, салы суға кетті. Көшедегі бос орындықта отыр еді, бір топ мас жігіттер келіп, тиісе бастаған соң, лажсыз қашып кетуге тура келді. Түнгі қалада жарықтар жанып-сөніп, қаланың тынымсыз гүрсілі тыным табар емес, ары-бері жүйткіген машиналар легі бір толастамайды, қала тұрғындары түнімен ұйқтамайтын сияқты әсер аласың. Ермек тағы қаңғып жүрген бұзықтарға жолығып қалам ба деп қауіптеніп, жарық көшелердің біріне шықты. Ақыры, екі күн қатарынан теміржол вокзалында қалғып-мүлгіп, жолаушылармен бірге отырды. Түнде ұйқтап демалмаған, әрі қарны шұрылдап, ашқұрсақ Ермек қатты қиналды. Алып шаһар ауылдан келген жас жігітті аса суық қарсы алды. Бірнеше рет ауылға жүретін поезға мініп, ауылға қайтып кетуге оқталып еді, жесір анасының, шиеттей бала-шағаның бұған үміт артып отырғанын ойлағанда қайтсе де жұмыс тауып, қалада қалуға бел бұды. Сөйтіп, әзер дегенде үшінші күні ауылдасы Асқарды іздеп тауып алып, әкесі тіріліп келгендей қатты қуанды. Әйтеуір, үй иесімен әрең дегенде келісіп, пәтерақысын кейінірек төлейтін болып, Асқардың жанындағы бос төсекке жайғасты. Үш күн ұйқтамаған Ермек төсекке басы тиісімен қор етіп ұйқтап, ертенінде күн сәскеге таянғанда бір-ақ оянды. Асқар жұмысына кетіп қалыпты, бөлмеде өзінен басқа ешкім жоқ екенін көріп, қарны шұрылдап қоя берді. Кеше кешкілік ұйқы жеңіп, жұмсақ төсекті сағынған Ермек кешкі тамақ ішпей жатып қалған болатын. Столдың үстінде бір бөлке нан мен шай бар екен, мұндай қуанбас. Дереву шай қайнатып, нанмен шай ішіп, құдды бір қазы –қартағалықия тойғандай, көңілі жайланып сала берді. Тегі, аш адам қара нан мен қара шай ішсе де, қуанады екен, соны енді түсінді. Асқар жұмыстан кеш қараңғылығында бір-ақ оралды. Қолында сөмкесі толы тамақ. Екеуі кешкі ас ішіп отырып, шүйіркелесіп әңгімелесті.

— Мен ертеңнен бастап, жұмыс іздеймін, әкемнің орнын жоқтатпай, анама, іні, қарындастарыма көмектесуім керек, әрі пәтерақысын тезірек төлемесем болмас, — деген Ермек таңғы шайын апыл-құпыл ішіп, қаланы аралап, жұмыс іздеуге кірісті. Үш-төрт күн сабылып, әрең дегенде қаланың шетіндегі, тау баурайына орналасқан үлкен мейрамханаға даяшы

болып жұмысқа орналасты. Бұл жұмысты білетін тәжірибесі болғандықтан келген күннен бастап, өз ісін ыждахаттылықпен атқарды. Мейрамхана иесі Ермектің жұмысын бақылап көріп, риза болды ма, ертерек алдын-ала жарты жалақысын бере қойды. Үй иесіне пәтерақысын төлеп, көңілі жайланып, даяшы жұмысын жан-дүниесімен беріле істеді. Түсте басталатын даяшы жұмысы түн ортасында аяқталады, шаршап-шалдығып пәтерге жеткен соң, жуынып-шайынып, тәтті ұйқыға енеді. Тау баурайындағы жаңа мейрамханаға ылғи ығай мен сығайлар ғана келетін, өйткені, бұл мейрамханадағы бір рет тамақтанудың бағасы Ермектің бір айлық жалақысынан асып түсетін. Өңкей джип, қымбаттық жеңіл машиналар мініп келетін мейрамхана қонақтарының барлығы – өркөкірек, менмен, мақтаншақ жандар. Оның үстіне бәрі кірпияз, сәл көңілінен шықпай қалсаң, ақырып-жекіріп, жер-жебіріңе жетеді, сондықтан Ермек «бетегеден биік, жусаннан аласа» болып, олардың алдында құрдай жорғалайтын. Ермектің бар арманы – ауылда өзінен көмек күтіп отырған анасының көңілінен шығу, іні, қарындастарына қамқор болу. Сол үшін отқа да, суға да түсуге әзір. Алып шаһардағы ақшасы көп, рухани жағынан жұтан, адамгершіліктен жұрдай, дандайсыған талайлардан жәбір-жапа шегіп, талай рет оңашада көз жасына ерік бергенмен, даяшылық жұмыстың қиындығына мойымай, қысы, жазы маңдай терімен алған азын-аулақ жалақысының тең жартысын ауылдағы анасына жіберетін, жартысына арзандау киім-кешек киіп, пәтерақысын төлеп, күн көретін. Сөйтіп, адал енбегімен күн көріп жүрген Ермекке кейбіреулер жазықсыз тиісетінін қайтерсін. Бірде жиырмалар шамасындағы қыз бен жігіт келіп, тамаққа тапсырма бере бастады. Қыздың еркетотай екені көрініп тұрды, ол жанындағы аласа бойлы жігітті кемсітіп, бейпілдеу сөйлеп отырды. Сол қыздың әдемі даяшы жігітті көріп, келеке еткісі келді ме, әлде жанындағы жігітке қыр көрсеткісі келді ме, «танысып қояйық» деп, есін шығарды. Ермек өзінің жұмыс орнында екенін сыпайы айтып, қыздың жанымыздағы бос орындыққа отыр дегеніне көнбеген. Ал, жігіт қызды қызғанып, Ермектің жағасынан алып, бетінен шапалақпен тартып жіберді. Ермек мұндай қорланбас. Шыдай алмай, әлгі бұзақы жігітті ызаланып, итеріп жіберіп еді, ішіп алған әлсіз неме шалқалай құлап, басын аямай соғып, талып

қалды. Мейрамхана бастығы жүгіріп келіп, істің мән-жайын түсінбей жатып, жекіріп, жер-жебіріне жетті.

— Сен бүгіннен бастап, бізде жұмыс істемейсің, боссың! Сендей бұзақы даяшылардың маған түкке керегі жоқ, жоғал көзімнен! — деп, ақырды. Сөйтіп, кім көрінгеннің қорлығына шыдай алмай, Ермек қайта жұмыссыз қалды. Ермек аш қалам-ау деп, өз басын ойламады, ауылдағы қарт анасын, іні, қарындастарын ойлап қамықты.

Ермек табаны күректей бір ай жұмыс іздеп, бүкіл қаланы кезіп шықты. Ақыры өздері тұратын пәтердің манындағы «Көлік жуу»— «Автомойка», деген маңдайшасы бар, машиналар жуып жатқандарға жолығып, жұмыс бар ма деп сұраған. Бастықтары, үрлеген доптай, қарны қампиған, басы допдомалақ, ұзындығы мен ені бірдей тапалтақ жігіт ағасы Сабырхан Ермекті жаратпағандай, мұрнын тыржитып, таңқар мұрнының үстіндегі шүңірейген көзімен тесірейіп, бастан-аяк карап шықты. Ермек жауап күтіп, сабыр сақтады.

— Арақ ішпейсің бе, темекі шекпейсің бе? — деген бірінші сұрағына Ермек бірден жауап берді.

— Араққа да, темекіге де әуестігім жоқ. Спортпен айналысқам, бокстан үшінші разрядым бар, — деді.

— Жарайды, онда құжаттарыңды әкел, жұмысқа қабылдаймын, — дегені. Ермек мұндай қуанбас, дәп пәтерлеріне тиіп тұр, қоғамдық көлікке ақша шығармай үнемдеуге болады. Сонымен көлік жуатын қыздар мен жігіттердің арасына қосылды. Көлік жуушылардың міндеті — күн сайын қала бойынша жүйткіген мыңдаған көліктердің іші-сыртын айнадай қылып жуып—шайып, кірпияз көлік иелерінің көңілінен шығу. Ол екінің бірінің қолынан келе бермейтін қиын шаруа. Кейбіреуі артығымен ақша төлеп, рахметін айтып кетсе, енді бір сараң қараулары, «мына жері таза емес, ана жері анадай, мына жері мынадай» деп, тырнақ астынан кір іздеп, есіңді шығарып, тиесілі ақшаны әзер төлейді, кейбір қулары сылтау тауып, төлемей кетіп қалатын кездері де болады. Ермектің бұған да бойы үйренді, көлік иелері не айтса соны істеп, көліктерін жарқыратып жуып, айтқандарын екі етпей елпендеп жүргені. Күн жылыда көлік жуу аса қиын тимеген, күн суытып, қақаған қыс айларында жылы су болмай қалған жағдайда суық сумен жуып, бірнеше рет суық тиіп, ауырып қалды. Ауырған кездерінде жеке меншік иесі көк тиын төлемейді екен, есту-

інше, бұрын осы «көлік жуу» мекемесінде жұмыс істеген жігіттердің тыныс жолдарына суық тиіп, өкпенің құрт ауруына шалдығып, тапқан табыстарын денсаулығын түзетуге жұмсап, ақыры, мүгедек болып қалғандары болыпты. Ондай жағдайды естігенде Ермектің басқа бір жылы жерде жұмыс істейтін жайлы жұмыс іздегісі келетін. Бір жылға жуықтағанда оқыс оқиға болды. Жастау келіншектің қымбат машинасын ыждахаттана жуып берген. Әйел машинасына отырар кезде қомақты ақшасы есіне түсіп, «мына жігіт менің машинамы жуғанда үш жүз мың теңгемді жымқырып алыпты» деп аяқ астынан шу шығарды. «Көлік жуу» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің бастығы Сабырхан Саймасаев машинаны жуған Ермекке шүйлігіп, – Ақшасын алсаң, тезірек қайтарып бер, кешірім сұра, – деп, ақыра сөйлеп, ақшаны алғанын көріп тұрғандай дігерледі.

– Мен сіздің машинаңызды жуғанда ешқандай ақша көргем жоқ, менің ондай жаман әдетім жоқ, – деген сөзін елең қылмады. Бастығы Сабырхан ақыра бастады.

– Егер бұл кісінің ақшасын тауып бермесең, жұмыстан шығарам. Осы уақытқа дейін ешкім саған шағым жасамап еді, «алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген рас екен ғой, жарайды, тезірек ақшасын қайтарып бер, – деді. Осы арада көлік иесі әдемі келіншек, оқыс ұсыныс жасады.

– Мен полиция шақырайын, бұл жігіттің үсті-басын, үй-ішін тексерсін, – деп, бөлімше полицияларына телефон шалып еді, сүт пісірім уақытта екі жігіт жетіп келді. Мән-жайды естіген соң, әй-шайға қарамастан жұмысына жақын арада орналасқан пәтеріне келіп, Асқар екеуінің бөлмесін астаң-кестеңін шығарып, ақша іздеді.

– Мен пәтерге келгем жоқ, күні бойы жұмыс орнында болдым, – деген Ермектің сөзін шыбын шаққандай елемеді. Көзіне жас толған Ермек аяқ астынан бір-ақ күнде жазықсыздан жазықты болып, шыға келді.

– Бізбен бірге полиция бөлімшесіне жүр, сол жерде ақшаны қайда тыққаныңды мойындайсың, әйтпесе, сенімен басқаша сөйлесеміз, сен ол көлік иесінің қандай қызметте істейтінін білесің бе? Білмейсің, әйтпесе, ақшасын ұрламас едің, – деп, көлік иесінің маңызды адам екенін ескертті.

– Алмаған ақшаны қалай мойындаймын, мен өмірі ештеме ұрлап көрген емеспін, адал еңбегіммен күн көріп жүрген адаммын.

Ермектің сөзін келеке қылып, полиция бөлімшесіндегі екеуі қарқылдап күлді.

— Ешкім де туғаннан ұрлықшы болып тумайды, жігітім. Байқамай машинада жатқан ақшаға қызығып ала салады, солай емес пе, бауырым, — деп, арқасынан қатты нұқып қалды. Бөлімшеге әкеліп, екі-үш жігіттің еңгезердей біреуі өші кеткендей Ермектің ішінен жұдырықтап, оңбай соқты.

— Шынынды айтасың ба, жоқ па? Әлде, әлі есіңе түсіре алмай жатырсың ба? — деген әлгі еңгезердей неме ұруға тағы ыңғайланып, жұдырығын түйіп, жақындай бергенде, полиция бөлімшесіндегі телефон шыр ете қалды. Сөйтсе, телефон шалып тұрған Ермектің бастығы Сабырхан екен, дауысынан таныды.

— Жігіттер, көлік иесі Ғалия ханымның күйеуі ұялы телефонмен үйінен хабарласты. Үш жүз мың теңгені Ғалия ханым үйінде ұмытып кетіпті, Ермекті босатындар, ол байғұсты бекерге кінәлаппыз, — деген Сабырханның қарқылдап күлген даусы естілді. Ұрдажық үш жігіт Ермекке қарап, ұрып-соға алмағандарына өкінгендей сыңай танытты.

— Бағың бар екен, әйтпесе, біздің Макс ақшаны алмасаң да мойындатар еді, — деп, үшеуі бөлмені басына көтеріп, дәп бір алдарында маймыл тұрғандай Ермекке қарап, — Бара бер, ендігәрі біздің қолымызға түспе, келесі жолы аямаймыз, — деп, есікті нұсқады. Жанағы ішінен аямай соққан еңгезердей әумәсер жігіт Ермектің аман-есен құтылып кеткеніне қиналғандай, үн-түнсіз кетіп бара жатқан Ермектің ту сыртынан ежірея қарады. «Көлік жуу» жауапкершілігі серіктестігіне келіп, «Өз еркіммен жұмыстан босатуыңызды сұраймын» деп, қол қойып, Сабырханның қолына ұстатты.

— Әй, Ермек, сені кім жұмыстан қуып жатыр, мынауың не? Жок, бауырым! Бұл саған қалаған кезінде жұмысқа кіріп, қалаған кезінде жұмыстан кететін «проходной двор» емес, егер бүгіннен бастап кетсең, бір айғы еңбекақыңды ұстап қалам, бермеймін. Ну что, «ақшаны ұрлап алды» деген соң, Біз Ғалия Уалиевнаға сеніп қалдық. Ойлашы, жігітім! Үйі жоқ, күйі жоқ, ауылдан қаңғып келіп, көлік жуып жүрген саған сенеміз бе, әлде ірі бизнесі бар, бүкіл қалаға белгілі Ғалия Уалиевнаға сенеміз бе? Әрине, біз Ғалия ханымға сендік. Оған бізді айыптама, заман солай, бауырым! Біз ондай бай клиенттерімізден сен

үшін айырылып қала алмаймыз, ал, сен сияқты ауылдан келіп, телім-телімі шығып, жалаңаяқ жұмыс іздеп жүргендер «пруд-прудом», так что, иди, работай!

Ермек бір айлық жалақысын ала алмайтынына қынжылғанмен жанағы өзін ұрлықшы көріп қорлаған, дөрекі мінезді Сабырханның қол астында жұмыс істеуі, біреудің табанында тапталып жатқанмен бірдей екенін сезді.

— Алдымен мені жазықсыздан жазықсыз ұры деп, полицияға ұстап бердіңіз. Енді келіп, бір айлық жалақымды бермеймін дейсіз, қандай әділетсіз адамсыз! Мен сіздің қол астыңызда бұдан былай бір минут та жұмыс істегім келмейді, жарайды, жалақысыз қалсам да сіз сияқты пасық жанды көргім келмейді, — деп, пәтеріне бет алған.

— Байқа, балақай! Тілің сала құлаш ұзарайын деген екен, қысқартып тастауымыз оп-оңай! — деп, кіжініп қалды. Пәтеріне келе сала Ермектің ызадан булығып, еңіреп жылағысы келген. «Сен ер-азаматсың қиындыққа төзімді бол. Ешқашан боркеміктей езілме, тас болаттай берік бол» деген анасы Қатираның өсиеті есіне түсті. Төсегіне жатып, көңілі босап, өзінен ақша күтіп отырған аяулы анасын, шиетгей іні-қарындастарын ойлағанда көзіне жас толып, керегеге қарап, бүктүсіп жатқан. Біреу есікті тақылдатты. «Бейуақытта келген кім екен?» деп ойлаған Ермек көзінің жасын шапшаң сүртіп, сүлесоқ есікті ашты. Сөйтсе, бағанағы «ақшамды ұрладың» деп әлек салған, Сабырхан мен полиция жігіттері «Ғалия Уалиевна» деп, ардақ тұтқан әдемі келіншек каздиып босағада тұр.

— Кіруге бола ма, Ермек? Мен сізден кешірім сұрауға келдім, ақшаны өзім үйде ұмытып кетіппін, кінә менен, кешір, бауырым. Мына тортты саған әкеліп едім, Сабырхан бастығың «Ермек, — Мен өмірі ешкімнің ала жібін аттап көрген жоқпын, ал сендер маған сенбедіндер, мені ұры екен деп, тергеп-тексеріп, есімді шығардыңдар, мен мұндай жұмыс орнында жұмыс істей алмаймын, — деп, бізге өкпелеп, жұмыстан шығып кетті» деді. Бәрі, менің ұмытшақтығымның қырсығы. Несіне сол ақшаны сонша іздедім екен, кешір, айналайын.

— Тортыңыз маған қажет емес. Сіздер мен сияқты өз еңбегімен күн көріп жүрген, ауылдан жұмыс іздеп келген, қарапайым жігітті ұрлықшы деп, қорлайсыздар, сіздер шақырған полицияда жұмыс істейтін жігіттер полиция бөлім-

шесіне апарып, ақ-қарасына көздері жетпей тұрып, ұрып-соға бастайды. Ал, сіздер түк болмағандай бір торт әкеліп, «кешір, ақшамды үйде ұмытып кетіппін» деп, кешірім сұрай саласыздар. Егер сіз бай болсаңыз, қарапайым адамның да адам баласы екенін, олардың да ар-намысы бар екенін неге естен шығарасыздар?! Менің бастығым Сабырхан менің бір ай жұмыс істеген табан ақы, маңдай терімді, жалақымды бермей, «Сен кімсің, Ғалия Уалиевна кім?!» деп, мені күлкіге айналдырмақ болды. Жарайды, жалақысыз қалсам да ар-намысым бар, мен арымды аяқ асты таптатып қоя алмаймын. Сіз кешірім сұрадыңыз, мұныңыз әділдік. Мен сияқты ауылдан келген «үйі жоқ, күйі жоқ» жігіттен кешірім сұрамасаңыз да болады. Мен енді түсіндім, сіздер үшін ақшасы, байлығы бар адамдар басқаларды қалай қорласа да жарасымды. Сондықтан, кешірім сұрап, айыбыңызды білгеніңізге рахмет, – деген Ермек қабағын түйіп, орнынан тұрды.

– Мен қазір Сабырханмен сөйлесейін, ол неге бір айлық жалақыңызды бермейді, қайта сізден кешірім сұрауымыз керек екенін қалайша түсінбеген, – деп ұялы телефонын алып, Сабырханға дүрсе қоя берді.

– Сәке, мен сенен мұндай әділетсіздікті күтпеп едім, мен ақшамды үйде ұмытып кетіп, байғұс жігітті жазғырдым. Ал, сіз бір айлық жалақысын бермей, жығылған үстіне жұдырық жұмсағансыз, қазір менің көзімше екі айлық жалақысын әкеліп беріңіз. Мен күтіп отырамын, – деген.

– Қажеті жоқ, мейлі, бір айлық ақшамды бермесе бермей-ақ қойсын, – деген Ермек мына әйелдің әділдігіне іштей таң қалды. Арада бес минут өтпей-ақ қатты жүргеннен еңтігіп, Сабырхан жетіп келді, Ғалия Уалиевнаны көріп, ақтала бастады.

– Мен мұндай жауапкершілігі мол жігітті жұмыстан босатқым келмей, қалжыңдап айта салып едім. Ермек, сен жалақымды бермейді деп, ойлап қалған екенсің ғой, жоқ мен отыз мың теңгенің орнына алпыс мың теңге әкелдім, міне, екі айлық жалақың, – деп, әп-сәтте шүленсіп, алпыс мың теңгені үстелдің үстіне қойды.

– Бір жыл бойы бір ескерту алып көрген емес, жұмысына жауапты жігіт. Бәсе, Ермек ақша ұрлайтын жігіт емес деп ойлап едім, тамаша жұмыскер, – деп, әдетінше судыратып ала жөнелді.

– Сәке, жалақысын бірден беруің керек еді, мұның жа-
рамайды, жарайды, бара бер, Сәке, – деп, Ғалия Уәлиевна Ер-
мекпен оңаша қалды.

– Сен өзі намысқой жігіт екенсің, сенің бірбеткей мінезін
ұнады. Ермек, мына жүз мың – менің айыппұлым. Ғалия әдемі
қоңыр сөмкесінен қып-қызыл әмиянын алып, жүз мың ақша-
ны санап, алпыс мыңға қосып қойды. Ермек мұндай жомарт-
тықты күтпеген, қапелімде не айтарын білмей абдырап қалды.

– Рахмет, рахмет, апай, – деп, бірбеткей мінезінен айнып,
бірден жуасыды.

– Мені апай демей-ақ қой, Ғалия Уәлиевна деп атауыңа
болады, Қане, дұрыстап танысып қояйық, – деп, саусақтары
сүйріктей жұп-жұмсақ қолын ұсынды.

– Ермек, – деп, келіншектің жып-жылы қолын ұстады.

– Ермек, мені кешіргенің болсын, жүр, үйге жүр, үйдегі
ағаңмен таныстырайын, бізге көлік жүргізуші керек еді, жеңіл
машина жүргізуге кәуәлігің бар ма?

– Бар, әрине. Шынымен көлік жүргізуші қылып, жұмысқа
қабылдайсыз ба? – деген Ермектің қуаныштан шаралы қой
көзі жарқ етіп, күлімдей жауап берді.

– Бүгіннен бастап, егер менің күйеуіме ұнасаң – жұмысқа
қабылданғаным дей бер.

– Егер ол кісі мені ұнатпай қалса-ше? Онда жұмыссыз
қалам ба?

– Жо-ғә, Ермек, қалжыңдап айтам, ағаң менің шешіміме
ешқашан қарсы келмейді. Сен тезірек киініп шық, мен
есіктің алдындағы 404 номерлі джипте күте тұрам, – деген
Ғалия Ермекті сыртта күтті. Ермектің бір киер киімі, жақында
сатып алған, көкшіл жолақты спорт костюмі болатын, мына
түрімен қонаққа барғаны ыңғайсыз болатынын ауыл баласы
сезбейтін сияқты. Бұйра шаштары қобырап, дөңгелек бет-
әлпеті күлімдеп, қыр мұрынды, сымбатты жігіт көңілді көңіл-
күйде машинаға отырды. Жолда Ғалия базарға кіріп, Ермекке
ортаңқолдау жаңа костюм шалбар сатып әперді. Ақшасын
төлеуге ұмтылған Ермектен бұрын Ғалия әмиянынан ақшасын
бұрқыратып шығарып, өзі ұсынды.

– Ермек, бұл сенің аванс ақшан, сондықтан өз ақшама сат-
ып алып тұрмын деп ойла, – деп күлімдеген. Ермек ұялғаннан
қызарып, алғысын айтты. – Рахмет, Ғалия Уәлиевна, – деп,

жаңа киімді киіп, дүкендегі кісі бойы шар айнаға қарап еді, бұйра шашы кең маңдайына жарасып, қыр мұрыны, шаралы қой көздері күлімдеп, ауылдағы ең сұлу шешесіне тартқан, табиғатында сымбатты Ермек кенседе отырған қызметкер жігіттерге ұқсап шыға келді. Ғалияға ризашылықпен алғысын айтқанда жас келіншек Ғалия енді ғана Ермектің тартымдылығын байқап, «адам көркі-шүберек» деген рас екен-ау. Танертең қап-қара жұмыс киімімен көліктерді жуып, жүгіріп жүргенде көптің біріндей көрініп еді. Базардан жаңа киім-кешек киіп еді, көркіне көз тоятын жігіт болып шыға келді» деп ойлады. Көлігімен зулап келіп, әдемі оюлармен нақышталған темір қақпаның жанына келіп, қолындағы дистанциялық басқаратын тетікті басып еді, электр қуатымен басқарылатын қақпа айқара ашылды, үлкен ауладағы үш қабатты зәулім үй шебер салыныпты. Құдды бір киноларда көріп жүретін хан сарайына ұқсайды. Қызғылтым кірпіштен қаланған үйдің архитектурасы ғажап. Үйдің ортасы мұнарадай аспанға бой көтеріп, екі қанаты кішірейе жайылып, коттеждің үшінші тұсы – алдыңғы жағы үлкен мрамор бағандармен шебер безендіріліпті. Мынадай зәулім үйді өзі туып-өскен ауылда өмірі көрмеген Ермектің аузы ашылып, хас шебердің нақыштап жасаған ою-өрнекті бағандарын, үш қиырлы архитектурасын тамашалап, ауладағы рет-ретімен, сәнмен егілген қызылды-жасылды райхан, раушан, алуан гүлдерді, кең ауладағы оң қабатта көрінген, көгілдір мөп-мөлдір су толтырылған ашық хауызды тамашалап тұрып, айналасындағы адамдарды байқамапты. Жанына келіп, үй-жайын тамашалап тұрған бейтаныс жігіттің таңырқаған жүзіне күлімсіреп, бажайлап қараған Ермектің жанына егде жастағы орта бойлы, ақ шашты адам келіп,

– Ассамалаумағалейкум, біздің үйге қош келдің, балам, – деп қолын ұсынып, жылы жүзбен сәлемдесіп, қарапайымдылықпен жайдары қарсы алды.

– Уағалейкумуссәләм, аға, менің атым Ермек, – деп, қол беріп, үлкенді сыйлайтын әдепті мінезімен аса құрметпен амандасты. Осы арада Ғалия сөзге араласып, бұл жігітті жай ертіп келмегенін айтты.

– Мәлік, егер қарсы болмасаң, мен бізге көлік жүргізушісі болатын жігітті кешкі асқа ертіп келдім. Танысып қой, – деп

жымиған. Жасы елу бес алпыстын аралығындағы бұл егде кісіні Ермек бір көргенде Ғалия Уәлиевнаның әкесі деп шамалаған, ал Ғалияның Мәлік деп атын атауы Ермекке алғашында ерсілеу, оғаш көрінді. Дегенмен үй иесінің аңысын андап, сыпайы мінезіне сай сабыр сақтап, әдетінше үндемеді.

— Ермек, сен танымай тұрған шығарсың, бұл кісі менің құдай қосқан қосағым. Махаббат жас таңдамайды, Мәлік менен жиырма бес жас үлкен болса да екеуміз бір-бірімізді бір көргеннен ұнатып қалғанбыз, сен оған таңырқама, махаббат кәрі, жасқа қарамайды, — деп, шиедей қылып бояған еріндері түріліп, маржандай тістерін көрсетіп, рахаттана күлді. Ермек мына қартандау кісіні Ғалия Уәлиевнаның әкесі ме деп ойлаған. Енді мына жаңалықты естіп, ішінен ойлады. «Ғалия Уәлиевна әп-әдемі келіншек. Күйеуі елуді әлдеқайда еңсерген, алпысты алқымдаған азамат. Мынадай кәрі кісіге күйеуге шығуының қандай сыры бар?! Бұл қандай махаббат?!» деп, екеуінен ұзақ уақыт көз алмай іштей салыстырды. «Ғалия Уәлиевна отызға әлі жетпеген, бет-аузына әжім түсіп үлгермеген, қылмыңдаған сымбатты әйел. Мәлік аға бет-аузы, көзінің айналасы ұсақ әжімге толған, әбден шаршаған кейіптегі отағасы. Мейлі, біреудің жанұясында не шаруам бар? Маған көлік жүргізуші болып, жұмыс тапсам болды емес пе?!» деп, дастархандағы мол тамақты көріп, қарны ашқанын енді сезді. Үлкен бөлмедегі дастархан үсті тамақ мәзіріне толып, жайнап тұр — қазы-қарта, жал-жая, қызыл, қара уылдырықтар, жұп-жұқа қылып туралған ақ, қызыл балықтар, қымыз, шұбат сияқты әртүрлі сусындар.

— Ермек, дастарханға кел, қысылма, өз үйіндей сезін, қане, төрге шық, — деген үй иесі Мәлік Мөлгаждарұлы Ермектің ұялғанына қарамастан төрге шақырып, жанына отырғызды. — Қане, тамақ суып қалмасын, Ермек, алдындағы тарелкеге ұнаған тамақты салып ал, — деген отағасы алдына қойылған пышақ, шанышқы, қасық сияқты аспаптарды шебер қолданып, мейрамханада отырғандай асықпай бипаздап, тамақ іше бастады. Мейрамханада даяшы болып, азғана уақыт жұмыс істегенмен ауылдан келген Ермек мына шанышқы, қасық, пышақты қалай оңтайлы қолдануды дұрыс білмейді екен, біраз сасқалақтап, қолындағы қасығын еденге түсіріп алып, біраз әуреге түсті. Қысылғанынан маңдайынан шып-шып тер шығып, әдетінше жейдесінің жеңімен бірнеше рет маңдайы-

ның терін сұртті. Ауыл жігітінің епетейсіз қылығын сезбегендей, Мәлік Мәлғаждарұлы емен-жарқын әңгіме өрбітіп, әңгіме арасында Ермектің үй-іші, ауылы жайлы сұрап білді. Қанша қысылғанмен бірте-бірте сасқалақтағаны басылып, Ермек мол тамаққа тыңқиып тойып, көңілі жайланып қалды.

Ақыры, сол күні-ақ қала орталығында жұмыс істейтін белгілі кәсіпкер Ғалияның кәрі күйеуі Мәлік бір көргеннен ауылдан келген, қарапайым жігітті ұнатып, жұмысқа қабылдады. Ғалияның қалайша Мәлікке тұрмысқа шыққанын ертеңіңде-ақ аспазшы әйел, өсек құмар Орынқыздан білді. Өйткені, Ғалия мен Мәлік өзіне тамақ жасайтын бір қартандау әйел Орынқызды аспазшы және үй қызметшісі қылып, ал оның күйеуі Қожахметті үй бағбаны және күзетшілік жұмысқа жалшылыққа алыпты. Орынқыздың айтуынша, Ғалия Оңтүстік Қазақстандағы Шымкенттің маңайындағы ауылдардың бірінен жұмыс іздеп келіп, Мәлік Мәлғаждарұлының қызмет орнына хатшылық қызметке орналасыпты. Қалада пәтерде тұратын жас қызға бастығы Мәлік Мәлғаждарұлының бірден көзі түсіп, жігіттік жасап, қырындай бастаған. Бастығының өзіне жасаған қымбат сыйлықтарына қызығып, оның асқан жомарттығын көріп, бірте-бірте жақсы көріп, жасы ұлғайған, үш баласы ержеткен, кемпірі ауру, Мәліктің ыңғайына көніп, оңашада ойнап-күліп жүреді. Ақыры, осыдан бес-алты жыл бұрын отбасынан айырып, заңды түрде некелерін қиып, осы үйдің үй иесіне, Орынқыздың айтуынша, «жас хозжайкасына» айналған. Орынқыз Мәлікті жас кезінен бері білетін болып шықты, өйткені, жастары құрдас, бір ауылда туып-өскен, тіпті бір мектепте оқыған екен. Мәлік кемпірімен айырылысып, Ғалиямен қосылғанда бұрыннан бері осы үйде жұмыс істеп, үйренген аспазшы қызметінде қала беріпті, өйткені, ауылдасы ретінде Мәлік Орынқыз бен оның күйеуі Қожахметке жақсы жалақы беріп, бала-шағасына дейін қамқорлық көрсетеді екен. Қазіргі уақытта Ғалия мен Мәлік осы дағадарай он бөлмелі коттеджде екеуі ғана тұрады. Осы үлкен үйдің жанында Орынқыз бен оның күйеуі Қожахмет қана тұратын алты бөлмелі шағын үй тағы бар. Ермектің пәтерақы төлей алмай, кейде пәтерге ақшасы болмай қалған кезде вокзалда түнеп жүргенін естіп, Мәлік Мәлғаждарұлы жаңа ұсыныс жасады.

– Ермек, саған біздің мына біздің кіші үйден бір бөлме табылады, өйткені біздің коттедждің жанындағы екінші ша-

ғын үйімізде он адам кеңінен тұруға болады, қазір ол үйде Орынқыз бен оның күйеуі Қожахмет қана тұрып жатыр, қазір екі, үш бөлмесі бос тұр, соның ұнаған бір-екі бөлмесін тандап алып, жайғаса бер. Солай емес пе, Ғалия? — деп, әйелінен жауап күткен. Өмірі ауылдан шығып көрмеген Ермектің мынадай аста-төк байлықты көріп, таңғалғаны сонша, пәтерсіз қаңғып жүрген кедей жігіт хан сарайына келгендей күй кешті. Екінші шағын үйінің өзі қызыл кірпіштен салынған, Ермектің ауылындағы колхоз бастығының кең үйіндей дағарадай бес-алты бөлмелі үй-жай. Коттедждің бірінші қабатында асүй орналасқан, бұл жерде Орынқыз тамақ пісіреді. Атшаптырым кең залда үлкен дастархан жайылып, осы үйдің иелері тамақ ішетін көрінеді. Әрі күн сайын дастарханның үстінде қазы-карта, жал-жая, қызыл, қара уылдырыққа дейін толып тұрады. Асүйде тұрған жаңа үлгідегі үлкен тоназытқыштың іші тамаққа толып тұр, не қаласаң бәрі бар. Өйткені, апта сайын Орынқыз бен Қожахмет дүкендерге, базарға барып, не қажеттің бәрін машинамен тасып алатын көрінеді. Әртүрлі сусындарды, жеміс-жидектерді жәшікпен алып келсе, картоп, қызанақ, сәбіз, пияздарды қабымен бір-ақ әкеліп қояды екен. Мұның бір жақсы жері — аяқ астынан қонақтар келіп қалса, дүкенге жүгіріп әуре болмайды, асүйдің бір бөлмесінде бір-екі аптаға жетерлік азық-түлік толып тұр. Осы күнге дейін көрінгеннің босағасында пәтер жалдап, тентіреп жүрген жігітке мұндай бай үйде тұру, Ермектің үш ұйқтаса түсіне кірмеген тосын сыйдай көрінді. Қуанғанынан абдырап, ризашылығын қалай білдірерін білмей сасқалақтады. — Рахмет, аға, рахмет, бұл жақсылығыңызды қалай қайтарсам екен, рахмет, аға, — деп, қайта-қайта алғыс айта берді.

— Мәке, сіз солай шешсеңіз, менің қарсылығым жоқ. Орынқыздар тұратын кішкене үйдегі бір-екі бос бөлмені тандап алсын, — деп, Ғалия күйеуінің ұсынысына бірден келісім берді.

— Алдымен ваннаға түсіп ал, менің гардеробымда ағаңа сыймай қалған, саған шақ костюм-шалбарлар бар, мына кір киімдеріңді Орынқызға бер, автомат кір машинасымен лезде жуып береді, сонан соң кешкі ас ішуге кірісейік, — деп, күлімдеген. Күні-түні ақша табам деп салпандап, ауыр жұмыстан есі шыққан Ермектің үстіндегі киімдері кірлеп, әбден сілесі қатып шаршаған Ермекке Мәлік пен Ғалияның үйі жұмақтан кем көрінбеді.

– Таңертеннен бастап, жаңа жұмысыңа кірісесің. Бүгін алғашқы күн біздің үйдің қонағысың, – деді Мәлік Мөлгаждарұлы. Бұл кезде түскі тамақ ішіп болған соң,

– Мәлік аға, Ғалия тәте, мен бірнеше күн дұрыстап ұйқтай алмадым, егер рұқсат етсеніздер, ұйқтап демалсам, – деген. Ғалия бұл кезде сөзге қосылып, ескерту жасады.

– Ермек, мені тәте деп айтпай-ақ қой, менің жасым үлкен болғанмен көңілім жас. Ғалия деп атымды атай бер. Ал, Мәлік ағанды солай атағаның дұрыс, – деген.

– Апай, сіздің жасыңыз үлкен, бадырайтып атыңызды атай алмасын, – деп, Ермек амалсыз күмілжіген.

– Жарайды, Ермек, онда Ғалия Уалиевна деп, аты-жөніммен атағаның дұрыс, – деп, келісе кеткен. Сонымен сол күннен бастап, Ермек бастығының үйінде жұмсақ төсекте рахаттанып, ұйқысы қанып оянғаны сол, Орынқыз есікті қағып, Ермектің төсектен тұрып жатқанын көріп, – Қайырлы таң, Ермек. Таңғы ас дайын тұр, үй иелері дастарханға шақырып жатыр, – деген соң, киімін асығыс киініп, бет-аузын жуынып, ас үйге кіргенде, ертеңгілік таңғы астың дайын тұрғанын көріп, Мәлік пен Ғалия бастығына тағы да алғыс айта бастады.

– Мәлік аға, Ғалия Уалиевна, сіздерге алғысым шексіз. Тіпті, бұл жақсылықтарыңызды қалай қайтарарымды білмей тұрмын, өз үйіме келгендей жайлы ұйқтап, дайын тамақ ішіп, тынығып қалдым. Бірінші жалақымның жартысын алдынала төлесеніз, басқа пәтер іздеп көрер едім, өйткені, осы үйде тұрып, тамағын ішіп, сіздерге масыл болғаным ыңғайсыз болар, – деп, ағынан жарылған. Мәлік пен Ғалия Ермектің осы үйде тұра беруін қалаған.

– Ермек, кеше айттым емес пе, үй дайын тұрғанда басқа пәтер іздеп, не қыласың? Әрі, бәрімізге ыңғайлы, таңертең жұмысқа бірге барып, жұмыстан соң үйге бірге қайтамыз. «Көңіл сиса, бәрі сыяды» демеуші ме еді, ендеше, босқа уайымдап, кам жеме, өз үйіндей көріп, қысылып-қымтырылмай тұра бер, – деген.

Сол күннен бастап, Ермек осы отбасының бір мүшесіне айналғандай, көлік жүргізуші жұмысын атқарып, кейде Орынқыз бен Қожахметке үй шаруасына көмектесіп, тонның ішкі бауындай араласып кетті. Ғалияның жасы отызға толыпты, Ермектен он жас үлкен екен. Содан кейін бе, туған шешесіндей

қамқор болып, жас жігітке қала өмірінің жөн-жобасын үйретіп жатқаны. Бір-екі аптадан соң Мәлік Мөлгаждарұлы жұмыс бабымен шетел серіктестерімен келісім-шарт жасауға бір аптаға шетелге іссапарға кеткен. Ермек Мәлік ағасын әуежайға апарып, ұшаққа шығарып салып, қайтып оралды. Сол күні Ғалия түс ауа бере жұмысты ерте бітіріп, дүкенге баруға ұсыныс жасады.

– Ермек, сенің киімдерің тозып кетіпті, саған жаңа киімдер алайық, жүр, – деп, жеңіл машинасына отырғызып алып, ең қымбат дүкендерден бағалы киімдер таңдап, Ермектің қарсылығына қарамастан шырттай киіндірді. Ермек туғаннан бері мұндай бағалы костюм-шалбар, туфли, жеңілдер киіп көрмепті. Әрқайсысының бағасы Ермектің бір жылдық жалақысына пара-пар.

– Ғалия Уалиевна, мен мұны қалай қайтара алам, мен ылғи арзандау базарға, немесе «барахолкаға» барып, қытайдың арзанқой киімдерін сатып алушы едім, мына дүкеннің бағасы удай екен, мұнша ақшаны қайдан табам? – деп, мазасыздана бастаған.

– Бұл киімдер – Мәлік ағаң екеуіміздің саған жасаған сыйлығымыз. Сондықтан, қалай ақшасын қайтарам деген сөзді айтушы болма. Айтпақшы, гауһар көзі бар алтын сағаттың біреуін алайық, – деп, бір үйдің құнына жақын алтын сағат әперді. Ермек сымбатты жігіт болғанмен тозығы жеткен ескі киімдер киген соң, о баста туғаннан жаратылған табиғи әдемілігі көзге түспейтін. Енді мынадай қымбат киімдер киіп, қолына алтын сакина, гауһар көзді шетел сағатын таққан соң, сән журналындағы сымбатты, сұлу жігіттерден айнымай қалды. Тіпті, олардан асып түспесе кем емес. Ғалия жаңа көргендей Ермекке бастан аяқ сүйсіне қарап шықты. Көзі ойнақшып, күлімдей тіл қатты.

– Ермек, сен өзі сымбатты жігіт екенсің ғой, қане, жаңа киімің құтты болсын, екеуіміз бір жақсы мейрамханаға барып, сенің жаңа жұмысыңды жуайық, – деп, Ермектің азар-безер болып, қашақтағанына қарамастан қымбаттық машинамен зуылдап келіп, Ермек бұрын жұмыс істеген, мейрамхана бастығы Ермекті жазықсыз жұмыстан қуып шыққан, таудағы әсем ғимаратты мейрамханаға бір-ақ келіп тоқтады.

– Жүре ғой, Ермек бауырым, қысылма, біз – бұл жердің тұрақты қонағымыз. Мейрамхананың бастығы біздің арала-

сып жүрген, жақын жолдастарымыз, — деген Ғалия өз үйіндегі еркін сезініп, жол бастап, екеуі екінші қабаттың түкпіріндегі оңаша дастарханға жайғасты. Ғалия даяшы қыздардың біреуін шақырып алып, тапсырма бере бастады. Ермектің бұрынғы әріптесі өзімен бірге жұмыс істеген Мәнсия бұрынғы даяшы Ермекті танығанмен, үстіндегі қымбат киімдерін көріп, басқа біреумен шатастырып алармын деді ме, әйтеуір бұрынғы әріптесін танығанын мүлдем сездірмеді. Бір кезде мейрамхана бастығы келіп, қуанышын жасыра алмады.

— О, Ғалияжан, қош келдіңдер! Ғалия, сені көргеніме қуаныштымын, — деп, келіншектің ұсынған қолын алып, ерніне апарып, аялай сүйді. Ол да Ермекті шырамытқандай таңырқай қарағанмен, сыпайы сәлемдесіп, қолын ұсынды. — Сізді көргеніме қуаныштымын, қош келдіңіздер, — деп, қонақжай жайдарылық танытты. Ермек даяшыларды құлдай жұмсайтын бұрынғы бастығының түк болмағандай жылмаңдай қалғанына таң-тамаша.

«Өмір — театр. Біз бәріміз артистерміз» деп, айтқан Станиславский ме, әйтеуір белгілі адамдардың бірінің қанатты сөзі бар еді, сол рас-ау, мынау, қарамағындағыларға ақырып, жекіріп, күн көрсетпеуші еді, енді Ғалия Уәлиевнаның алдында қолын сүйіп, ізеттілік танытып, құйрығын бұлғандатқан қу түлкідей жылмыңдай қалыпты.

— Халыңыз қалай? Сіздің түріңіз таныс, бұрын бір жерде бірге қонақта болдық па, білмеймін, — деп, Ермектің ішібауырына кіріп барады.

— Жок, мен сізді танымаймын, бірінші рет көріп тұрмын, — деген Ермек ішінен ыза болды. «Жұмыстан босатылдыңыз, кетіңіз, жоғалыңыз! Мен сізді тындағым келмейді, сіздей оңбаған даяшының керегі жоқ! — деп, аузынан түкірігі шашырап, ақырып еді, Ғалия Уәлиеваның алдында жынын алған бақсыдай жуасып қалыпты. Неткен аярлық, екіжүзділік! — деп, бұрынғы бастығына қаны қайнады. Бұл кезде ашуланып отырған Ермек, үстіндегі қымбаттық костюм-шалбар киіп отырғанын, шетелдік қымбат туфли, гауһар тасты шетел сағатын тағып, қолындағы гауһар жүзікті кез келген даяшы ала алмайтынын, үстіндегі киімінің өзі бір машинаның құнындай қымбат екенін естен шығарып, өтірік танымай қалды ма деп, бұрынғы бастығын бекерге жазғырғанын білген жок.

— Ермекпен танысып қой, менің жақсы көретін інішектерімнің біреуі, Мәлік екеуміздің жеке кәсіпкерлігімізде көлік жүргізушісі болып жұмыс істейді, — деп, Ғалия екеуін таныстыра бастады. Бұрынғы бастығы өзі осыдан бір-екі ай бұрын «оңбаған даяшы» деп, жұмыстан қуып шыққан Ермекті шынымен танымады ма, әлде өтірік көлгірси қалды ма, кім білсін, тағы да лып етіп қолын ұсынды.

— Едеке, сізбен танысканыма өте қуаныштымын, мен Сәлмен Ондасыновичпін, сіз Сәлмен деп атай беруіңізге болады, — деп, жылы жымыды. «Ғалия Уәлиевна Сәлмен екеуі өткен-кеткендерін айтып, жылы қоштасты, соған қарағанда бір-бірімен ежелден таныс адамдар шығар» деп, үндемей көңілді әуенді тыңдап, билеп жүргендерге қызыға қарады.

— Ермек, жүр, билейік, — деп, Ғалия жас жігіттің ойлануына мұрша бермей, екеуі көңілді әуеннің ырғағымен мың құбылып, жүздері бал-бұл жанды.

— Ермек, жақсы билейді екенсің, ауылда биді қайдан үйреніп жүрсің? — деп, таңырқағанын жасыра алмай сұрақ қойды.

— Мен ауылда спортпен шұғылданғам, бұл қалаға келгеніме екі жылға жуық уақыт болды, жолдастарымнан үйрендім.

— Е, бәсе, талай қыздың басын айналдырған шығарсың? — деп, Ғалия күлді.

— Жо-ғә, жұмыстан қолым тимеді, әрі қыздарды мейрамханаға шақыруға ақшам болмады, — деді, табиғатында өтірік айтуды білмейтін Ермек шынын айтты.

— Оқасы жоқ, енді менің орынбасарым болып, ақшаны молынан табасың, сонан соң мені осындай қымбат мейрамханаларға шақырып тұрасың, солай ма, Ермек?!

— Әрине, Ғалия Уәлиевна.

— Ермек, саған бір өтінішім бар, мен сені жақсы түсінемін, сен он тоғыз жастағы жас жігітсің, сондықтан мен саған үлкен болып көрінетін шығармын, бірақ бүгіннен бастап, Ғалия деп атымды атай бер. Менің жасым отыз бесте болғанмен көңілім жас, — деген Ғалия сынғырлап күлді.

— Жарайды, айтқаныңыз болсын, Ғалия.

— Сіз демей-ақ қой, сен деп сөйлей бер, Ермек, — деп, Ғалия тағы ескерту жасады.

«Жасы үлкен әйелді «Ғалия», «сен» деп қалай айтам, ыңғайсыз ғой, мейлі, еркі білсін» деп ойлаған Ермек қысылақымтырыла сенге көшті.

– Еремек, біз көңіл көтеру үшін, сенің көлік жүргізушісі болып жұмысқа орналасқан қызметінді жуу үшін осы мейрамханаға келдік. Сондықтан аздап шарап ішкеніміз күнә болмас, қане, сен тост айта ғой, – деп, көзін төңкеріп, Еремекке қиыла қарады.

– Ғалия, сізбен, ой, ғафу өтінем, сенімен бірге жұмыс істейтініме қуаныштымын. Алғашқы тосты сіздің, ой, сенің денсаулығың үшін көтерейік, – деп, екеуі хрусталь рюмкаларын сыңғырлата соғыстырып, ақ қайнар шампанды тартып жіберді. Бір бөтелке шампанды лезде тауысты. Бұдан кейін тіс қаққан, әккі Ғалия жас жігітті мас қылып, өзінен әлдеқайда жас, қаперінде ештеңе жоқ, ауылдан келген аңқау Еремекті ойнас қылып, айналдырып алмақ арам ойын іске асыру мақсатымен, виски сияқты нешетүрлі шарап алдырып, ақ арақ пен коньякты, вискиді қосып, Еремектің рюмкасына байқатпай құйып отырып, ақыры, Еремектің басы айналып, бұрын мұндай шарап ішіп көрмеген ауыл жігіті есеңгіреп, есін білмей қалды. Үйге қалай қайтқандары Еремектің есінде жоқ. Таңертең тұрғанда өзінен он бес жас үлкен, үй иесі Ғалиямен құшақтасып жатқанын көріп, шошып кетті. Орнынан атып тұрып, киіне бастап еді, сол уақытта оянған Ғалия Еремекті құшақтап қойнына тартып, өзі бағынышты бастығының әйелінің қолын кері серпе алмады.

– Ғалия Уалиевна, мұнымыз ұят емес пе? Мәлік аға келіп қалса, ол кісінің бетіне қалай қараймын, ұят-ай, кеше аздап ішкен соң, ес-түсімді білмей қалыппын, бұрын арақ ішіп көрмеп едім, кешіріңіз, Ғалия апай, екінші рет мұндай жағдай қайталанбауына серт беремін, – деп, кешірім сұрап еді.

– Еремек мен сені бұдан былай Эдик деп еркелетіп ат қойдым. Мені «Ғалия апай» деп атауыңды қой, әйтпесе ренжимін. Эдик, қапаланба, мен кеше өз еркіммен сенің құшағыңа кірдім, негізінде, мен сені бір көргеннен ұнатып қалғам, сондықтан кешірім сұраудың қажеті жоқ. Кеше сені қақпанға түсіру үшін әдейі қоярда қоймай, арақты зорлап ішкізгем, әйтпесе, сен маған жоламайтыныңды сезгем, – деп, қулығына құрық болмайтын әккі әйел жас жігітті алдап соққанына рахаттана күлді, сонан кейін сөзін жалғастырды, – «Болар іс болды, бояуы сіңді» деген осы, Эдик. Енді саған шегінуге жер жоқ. Өзің білесің, әрі Мәлік ағаң кеше ғана іссапарға аттанды,

бір апта екеуміз еркін демалайық, — деп, ұяттан жерге кірердей болып тұрған, өмірі арақ ішіп көрмеген, сол арағы құрғырдың қызуымен мұндай тосын жағдайға тап болып, қатты қысылған, ауылдан келген жас жігіт Ермекке ыстық құшағын жайды.

— Ғалия Уәлиевна, мұнымыз ұят болар, мен Мәлік ағаны өте сыйлаймын, осымен доғарайық, — деп, әлсіз қарсылық көрсетіп еді, тегеурінді әйел құшағы, жас жігіттің денесін еркінен тыс балқытып бара жатты.

— Бұдан былай «Уалиевна», «сіз» деп сызылғанды қой, Мәлік ағаң жоқта Ғалия деп атай бер. Екеуміз ағаң жоқта көңіл көтеріп жүрейік. Сен тепсе темір үзетін жігіт емессің бе, әйел құшағын сағынатын шығарсың, әрі еркек адамның қыздар сияқты қылымсығаны жараспайды, Мәлік ағаң екеуміздің оңашада кездесіп жүргенімізді қайдан білсін, Эдик, жаным, — деп, мойнынан орай құшақтап, өзіне тартты. Жас жігіттің аққұба жүзі ұяттан нарттай қызарып, албыраған ерніне кексе әйел өзінің кезерген ернін тақап, Ғалия үздіге сыбырлады, — Жаны-ым, Эдигім! — деп, жас жігітті аймалап, Ермектің қымсына ұялған, әлсіз қарсылығына қарамастан, жігіттің қарулы құшағына тығылып, жаны жай таба мекіренді. Қазіргі бастығы Мәлік Мөлғаждарұлының әйелінің тілегін қанағаттандырып, ләззатқа батып, тән қызығын тамашалағанмен, жан-дүниесі пәк Ермек өзінен-өзі жиіркенгендей күйге түсіп, күйгелектене берді. Ал, Ғалия Уәлиевна өмір бойы Ермектің ыстық құшағын сағынғандай жуық арада босатар емес, таң бозарып атқанша тән ләззатына бөленген.

Ертеңіне жұмысқа баруға жаңа киімдерін киіп, қонақүйдегі шарайнаға қарап еді, Ермек бұрынғы мейрамхана бастығы Сәлменнің өзін қалай танымай қалғанын енді ұқты. Бір мекеменің бастығы сияқты, қымбаттық киімдері үстіне құйып қойғандай жарасып тұр, арзанқол қытай киімін киген даяшы емес, құдды осы қымбаттық киіммен сән журналынан түсе қалғандай, көрсе көз тойғысыз сымбатты денелі, сұп-сұлу қаланың жігіті! Ұзын бойлы, арықтау талдырмаш жігіттің толқынды кара бұйра шашы кең маңдайына түсіп тұр, шаралы қой көзі, қыр мұрыны, табиғи албыраған қызыл ерні атжақты жүзіне жарасып, екі езуіндегі күлімдегенде көрінетін миығындағы сәл шұңқырына дейін көз тартады. Ермек өзіне өзі риза болып, айнаға қарап, көркіне көңілі толып, еріксіз

қуана күлімдеді. «Адам көркі — шүберек» деген осы екен-ау, мына түріммен ауылға барсам, ауылдастарым танымай қалар» деп ойлады. Сол күннен бастап, Ермектің өмірі екіұдай екіге бөлінді, бірінші Ермек — жұмысқа тындырымды, Мәлік Мөлғаждарұлының айтқанын екі етпейтін елгезек жүргізуші жігіт. Екінші Ермек — бастығының әйелі Ғалияның көңілін таба білетін, оңашада орайын тауып кездесіп, Мәлік Мөлғаждарұлының көзіне шөп салатын жасырын ойнасы.

Бір-екі айдан соң Ермектің туған күнін Мәлік пен Ғалия жолдастарымен бірге мейрамханада өткізді. Мәлік пен Ғалия шүлендік танытып, Ермектің туған күніне жолдастарының көзінше жаңа мотоциклдің кілтін ұсынды.

— Ермек, жаным, игілігіңе ұста. Мынау есік алдында тұрған жаңа мотоциклдің кілті! Алдағы уақытта ауылға өз мототцикліңмен баруыңа болады, — деп, күлімдеген Мәлік Мөлғаждарұлы кілт ұсынған. Ермек жаңағы ішкен шараптың қызуымен, және бала күннен армандаған жаңа мотоциклге қол жеткізген соң, орнынан атып тұрып, қуанғаннан жаңа мотоциклін көруге тұра жүгіріпті.

— Ура, Ермектің туған күнімен қоса, жаңа мотоциклін ертең мейрамханада тағы жуамыз! — деген Мәлік Мөлғаждарұлының достары дүркірей қостаған. Бәрі балаша қуанған сымбатты жігіт Ермекті қайта құшақтап, кезек-кезек таласа, бетінен сүйе бастады. Сол күні Ермек өзін ең бақытты адамдардың бірімін деп сезінді.

Әлеуметтік жағдайы өзгерген соң, Ермектің мінезіне де өзгерістер енді. Бірде бұрын пәтерде бірге тұрған Асқарды ойда жоқта жолықтырып, Мәлік пен Ғалияның үйіне қонаққа шақырған. Мұндай байлықты көрмеген ауылдас досы бәріне таңғалып, есін шығарды.

— Бұл үй кімнің үйі? Сен неге бұл отбасымен бірге тұрасың? Ермек, мұның дұрыс емес, пәтер жалдап бөлек тұрмайсың ба? — деп ақыл айтпақ болған. Ермек Асқар мен екеуінің арасы жер мен көктей екенін енді ұқты.

— Жарайды, досым. Кейінірек хабарлас, бүгін кешке Мәлік аға мен Ғалия Уәлиевнаны қонаққа апаруым керек, — деп, жұпыны киімді, әлі пәтер жалдап тұратын кедей-кепшік Асқардан ертерек құтылуға асыққан. Мәлік пен Ғалияның жолдастарының барлығы — бай бақуатты, жоғары лауазымды

жандар. Осы бай аламдардың көзінше бұрынғы даяшы достарымен араласуға ыңғайсызданып, ұялатын болды. Бір-екі рет мейрамханада даяшы болып, жұмыс істеп жүрген Мәнсия мен Шәкизатпен кездесіп қалып, қысқа ғана сәлемдесті. Мәнсия мен Шәкизат Ермекпен араласқысы келіп, байланыс телефонын сұраған, бұл телефонын жоғалтып алғанын сылтау қылып, байланыс телефон нөмірін бермеген.

Мәлік пен Ғалияға көлік жүргізушісі болып, жұмысқа орналасқаннан бері, Ермектің өні тұрмақ түсіне де кірмеген жаңа өмірі басталды. Мәлік Мәлғаждарұлы жиі-жиі іссапарға шығатыны Ғалия мен Ермекке жақсы болды. Екеуі емін-еркін кездесіп, бір-біріне еттері үйреніп кетті. Қайта Мәлік Мәлғаждарұлының іссапарға кететін шақтарын асыға күтетін болды. Мәлік Мәлғаждарұлы ай сайын тиісті жалақысын кешіктірмей беріп тұратын, күйеуі жокта Ғалия біраз ақшаны күйеуіне көрсетпей беретін әдет тапты. Сөйтіп, екі жақтан бірдей ақша алатын Ермектің жағдайы күрт жақсарды. Үйішіне асып жететін мол ақша салып тұратын болды, мұндай жомарттық танытқан тұңғыш ұлына Қатира анасының алғысы шексіз. Кезекті рет аса қомақты ақшаны алып, риза болған анасы хатында былай депті.

«Ұлым, сен бізді шексіз қуанышқа бөледің, бәріміз базарға барып, шырғтай киіндік, тіпті, аяқкиімге шейін тозып кетіпті, іні-қарындастарың менен бетер қуанып жүр. Ауылдағы құрдастарына «біздің ағамыз білдей бастықтың көлік жүргізушісі. Ай сайын бізге жүз мың теңге ақша жіберіп тұрады» деп мақтаныпты. Оны естіген көрші-қоландар үйге келіп, таңғалыпты. Олар мұндай жаңалықты жу деп, жан-жақтан қаумалап, мүлдем есімізді шығарды. – Қатира, балаң қалада жақсы қызметке орналасыпты, неге бір ақсарбас қой сойып, құдайы тамақ бермейсің, әйтпесе, тойдың алды болсын, той жаса, – деп, қоярда қоймады. Сонан соң үйге қонсылас бес-алтауының басын қосып, қонақ қылдым. Ұлым, бастықтың көлік жүргізушісі болып, қызметінің жоғарылағанына, аллаға мың шүкір. Енді жоғары оқу орнына түсіп, диплом алсаң жақсы болар еді. Үйге келін түсіретін уақыт жетті, алдағы уақытта болашақ келінімді таныстырады деген үміттемін, менің құрбыларымның бәрінде бір-екі немере бар, құдайға шүкір, зейнеткер жасқа жетіп қалдым, жасым ұлғайған соң, ел

қатарлы немере сүйгім келіп жүр»–деп, ұлының азамат болып, қомақты ақша салып жүргеніне мәз-майрам болыпты. Ермек хатты бастан аяқ оқып шығып, іштей ойлады. «Қайран шешем, менің тікелей бастығым Мәлік ағаның әйелімен көңілдес болып жүргенімізді естісе, төбе шашы тік тұрар еді. Мейлі, менің қалада не істеп жүргенімді қайдан білсін. Менің жеке өмірім туралы білмегендері жақсы» деп ой түйді.

Сөйтіп, Ермектің екіұдай өмірі жалғасып жатты. Бір жағынан Мәлік Мәлғаждарұлының айтқанын екі етпей орындап, көңілінен шығып, «елгезек жақсы жігіт» деп ризашылығын алса, екінші жағынан «Мәлік ағасы» жоқта «жеңгесі Ғалиямен» қайнысы ретінде ойнап-күліп, төсек қызығын көреді. Кейде өзінің осындай күйге түскеніне намыстанып, сан рет Ғалия Уәлиевнамен қарым-қатынасын үзгісі келген. Ғалия мұндай кезде Ермектің бетін қайтарып тастайтын.

– Ермек, болары болды, бояуы сінді, екеуіміз ешкімге қиянат жасаған жоқпыз. Ағанның жасы менен жиырма бес жас үлкен екенін білесің, сен болмасаң, бәрібір басқа адаммен көңіл жарастырар едім, сондықтан мұндай өкінуінді доғар, – деп, тиып тастаған. Оның үстіне бұл уақытта Ермектің өзі де жас келіншекпен көңіл жарастырып, кәрі кісінің жас келіншегінің талап-тілегін қанағаттандыра алмайтынын, әрі өзінің жазығы жоқтығын, Ғалияның мейрамханаға ертіп апарып, арақ іше білмейтін жігітті араққа тойдырып, қойнына кіріп алғанын, сараптап ойлағанда «менің кінәм жоқ, менен он бес жас үлкен Ғалия Уәлиевнаның қалауы солай болды» деп, ішіндегі өкініш, қыжылды басатын.

Ғалия табиғатында ойын-сауыққа құмар болатын. Ең жақын құрбылары Айман, Әйгерім, Ұлжандардың күйеуімен бірге бас қосып, туған күн, той-томалақты жанындай жақсы көретін. Ылғи дырду-думанға бара беруге жасы ұлғайған күйеуі Мәліктің денсаулығы көтермейтіні тағы бар, сондықтан, «жақсы көретін қайным» деп, Ермекті ертіп жүретін. Сырт сымбаты келісті Ермектің бойына ойы сай, ақылды жігіт. Қандай жоғары лауазымды қызметкерлердің мерейтойына барса да өзін өте ұстамды, лайықты ұстайтын. Әрі табиғатында ұзын бойлы, қыр мұрынды, шаралы қой көзді, қалың қасты, ер бітімді жігіт әдемі киінген соң қыз-келіншектер жиі көз тігіп, кейбіреуі тіпті, ғашық болып қалатын болды.

Сондай бір салтанатты кеште қаладағы бетке ұстар өнкей ығай мен сығайлар – халық қалаулылары, министрлер, заң қызметкерлері, атакты кәсіпкерлер, ылғи бай қуатты адамдар жиналды. Мұндай кеште байлар байлығын шашып, қыруар ақшаға жалдап, еліміздегі, тіпті көрші Ресейдегі белгілі әнші, күйшілерді шақырып, белгілі артистердің өзі асаба болып зыр жүгіріп, кештің сәнін келтіруге жанын салады. Кешке шақырылғандар қымбат-қымбат көліктерден ырғала түсіп, кейбір жоғары мансаптағылары оқ қағар сойдауылдай жігіттерін ертіп, маңғазданып, төрге шығады. Зыр жүгірген үй қызметшілері – сыпайы, бір түсті материалдан ұнамды киінген қыздар мен жігіттер осындай бай-манаптарға қол қусырып, қызмет көрсетіп, бәйек болады. Бір тобы хауызды суға шомылып, арақ-шараптарын ішіп тойлап жатса, екінші бір тобы саунаға жас қыздармен кіріп, бойын балқытады. Үшінші тобы кең залда бильярд ойнаса, енді біреулері қолдары қолдарына тимей зырылдап, карта ойнап, ақша тігетіндері тағы бар. Әйтеуір, жарық дүниенің бар қызығын қамтып қалғылары келгендей, ойларына келгендерін іске асырып әлек. Кейде жартылай жалаңаш биші қыздар май бөкселерін бұлғандатып, тән ұятын жіп-жінішке шүберекпен көлегейлеген тұстарына, торсиған екі алмадай қос анарының ортасына байлардың ақша тыққандарына есі кетіп, ақшасы мол еркектердің жанына тым жақын жанасып, отқа күйіп қаларын білмей шарқ ұрған жынды көбелектей шыр айналады, кейбір қалтасы қалындары ыңғай танытса, тізесіне отырып, мойнынан құшақтап, бұрыннан таныс адамдай жабыса қалады. Осыны көріп, Ермектің іштей зығырданы қайнайды. «Ойпырмай, қазіргі түлкі заманда ар, ұят ұмыт қалып, ар-ождан ақшаға сатылатын болды-ау» деп қамығады. Әттең, осынау ақша билеген жабайы капитализмді жалғыз Ермек жөндей алмайды, сондықтан іштен тынады. Бұрын Кеңес үкіметі тұсында орта мектепті бітірген Ермекті мектеп қабырғасында мұғалімдері «Балалар бәрінен адамгершілік, ар, ұятты аса жоғары қойындар, адам адамға бауыр, бір-біріне мейірімді, қайырымды болындар. Капитализм елдері тек ақшаға құнығып, ақшаға табынады, сондықтан Америка сияқты капитализм елдері іштей іріпшіріп бара жатқан алпауыт мемлекеттер» деп, үйрететін. «Енді, міне, капитализмге өтіп, қарқ болдық. Шіркін, осы қаладағы

байлардың той-думанға жұмсалып жатқан мол ақшасын біздің ауылға берсе ғой, ауылда қазіргі заманға лайық үлкен, кең аурухана, мектеп салар едім, байғұс анама жана үй тұрғызар едім» деп, қиялдайтын кездері де бар.

Ермектің байқағаны – қаладағы байлардың үйлері кішігірім хан сарайындай бірнеше қабатты. Көбі үй қызметшілерін, аспазшы, бағбан, күзетші ұстайды екен. Атшаптырым қылып, үйлерінің айналасын биік дуалмен қоршап тастаған, оның ішінде не істеп жатқанын біле алмайсың. Егер дуалына жақындап кетсең, іштегі бейнекамерадан қарап отырған қарулы күзетшісі атып шығып, ақырып-бақырып, балағаттап жіберуі әбден мүмкін. Сенің қымбат көліксіз, қоғамдық арзан көлікпен жүретін жалаңаяқ кедей екенінді қарапайым киіміңнен ақ бірден тани қояды, сөйтіп, қоқандап шыға келеді. Кейде қабаған итін айтақтап, талатып жіберетін есерсоқтары да кездеседі.

Бірде Ғалия Уәлиевна күйеуі Мәлікпен қосылып, ерлі-зайыпты Мақсұт пен Айман, Марат пен Әйгерім, Қалибек пен Ұлжандармен бірге ойынхана казиноға барды. Ермек әңгіме арасында Мақсұт пен Мараттың жеке шағын кәсіпорындары, мейрамханалары бар екенін естіген, ал Қалибектің айтуы бойынша «Ұлжан екеуі шоу-бизнеспен айналысады-мыс». Әйтеуір, бұл жолдастарының да Ғалия Уәлиевна мен күйеуі Мәлік Мәлғаждарұлымен терезесі тең, бай адамдар екені белгілі. Бәрі қымбат көліктеріне мініп, көңіл көтеруге казиноға келді. Казино деген құмар ойынды Ермектің ауылдан келгелі бірінші көргені. Ортада қызылды-жасылды үлкен жайпақ табақ зыр айналып тұр. Сол табақтың жан-жағын қоршап, алқақотан отыра қалған қонақтар түрлі-түсті әдемі жетонды қолдарына ұстап, ақша тігіседі екен. Кімнің нөміріне тура түссе, ортадағы бар ақшаны сол адам ұтып алады дейді. Мәлік Мәлғаждарұлы мен Ғалия Уәлиевна бір рет ұтып алды да, артынан қомақты сомасынан ұтылып қалды, оған екеуінің іштері ашып жатқандарын Ермек тағы байқамады. «Шіркін, ауылда менің әке-шешем сияқты ақ қар, көк мұзда маңдай терімен тапқан қаржылары болса, бүйтіп босқа шашпас еді-ау, менің марқұм әкем бала-шағасын асыраймын деп жүріп, айдалада боранда қалып, ақыры мүгедек болып, қор болып өлді, ал мыналар ақшаны судай шашып, қарқ-қарқ күледі,

тіпті, қомақты қаржысынан айырыла тұрып, көкпар тартып, бәйге алғандай масайрауын қарасаңшы!» деп, амалсыз тағы таңғалды. Сол казинода талай қызықтың куәсі болды. Жап-жас жігіт қалтасындағы будақ-будақ ақшаны қарша боратып, қиналмастан ұтылып отыр. Ермектің таңырқап, көз алмай тұрғанын байқаған досы, «Менің досым қандай бастықтың ұлы екенін білесің бе? Ол үшін мына ұтылған ақшалары ұсақ-түйек тиынмен тең» деп, бөсе жөнелді. «Ойпырмай, бұлардың ақшаны судай шашып жүргені мынау! Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ», ал менің байғұс анам қартайғанда белі бүгіліп, еден жуушы болып, тиын-тебенімен шиеттей балашағасын асырай алмай алпарысып жүр. Капитализм деген осы ма, неткен әділетсіздік!?» деп, іштей жабырқап қалды.

Енді бірде Ғалия Уәлиевна құрбы келіншектері Айман, Әйгерім, Ұлжанмен бірге түнгі клубқа барды. Сөйтсе, бұл жерде сымбатты жігіттер киімдерін бастарынан айналдыра шешіп, бұлшық еттерін бұлтындатып, анадан тың жалаңаш туғандай шешінеді екен. Ермек қарауға ұялып, дәті бармады. Осындағы жиырмалардағы жалаңаш жас жігіттің біреуін Ғалияның қырықтың қырқасына шыға бастаған құрбысы Әйгерім ұнатып қалып, ақшасына келісіп, оңашалап әкетті.

— О, тоба, мына Әйгерімнің Марат деген кәсіпкер болып жұмыс істейтін күйеуі бар емес пе еді, мына қылығы не? — деп, Ғалия Уәлиевнадан сұрап еді.

— Әдик, сен әлі бала сияқтысың! Ондай сәттерді көріп едім деген — көп сөз, көрмедім деген — бір сөз. Сен ештеңе көрген жоқсың, білмейсің, дұрысы солай! Әйгерімнің күйеуі Мараттың не бүлдіріп жүргенін қайдан білесің, ол да сау сиырдың боғы емес! Күні-түні Әйгерімге әйелім деп қарамай жас қыз — хатшымен көңіл жарастырып жүр, Әйгерім байғұс енді қайтсін, етегіне намаз оқи ма?! — деп, қарқылдап күлген. Ермек ойлады, «Мына заман не болып бара жатыр! Қазіргі заман бұзылып барады!» деп, әжесі әңгіме айтып отыратын кәрі кемпірлердің сөздерінің жаны бар екенін ұқты.

Келесі демалыста Сартай деген қаладағы белгілі бай кәсіпкердің мерей тойы өтті. Мәлік Мөлғаждарұлы ауырып қалып, Ғалия Уәлиевна тағы Ермекті ертіп алған. Сол тойда қаланың бетке ұстар белгілі байларының бәрі қатысты. Осы тойда егделеу Ғалияның жанында жүрген сымбатты сұлу жігіт

Ермекті, той иесіне, басқаларға таныстырғанда «Күйеуім Мәліктің жақсы көретін інісі, Ермек қайным» дейтін. Көбі Ермекті Мәліктің інісі деп сыйлайтын болды. Ғалияның туған қайнысы екеніне сенген бай кәсіпкердің бойжеткен қызы Ләйла сымбатты жігіт Ермекті бір көргеннен ұнатып қалыпты. Ермек мұндай байлардың қызын ерке-шолжың көре ме, бойын олардан аулақ ұстап, сыпайы танысып, сырдаң сыйласудан әрі аспайтын. Ғалия күйеуі бола тұра, «жақсы көретін қайнысы» Ермекті қыз, келіншектерден қатты қызғанып, көзден таса етпейтін.

Сол кеште Ләйла қайта-қайта Ермекті биге шақырып, бет келбеті, дене бітімі көз тартарлық сүйкімді жігітпен шыр айнала билеп, айналшықтап қасынан шықпады. Ләйладан «қайнысын» қызғанып, Ғалияның көңіл-күйі түсіп, аяқ астынан ерте кетуге сылтау тапты.

— Менің басым ауырып тұр, ертерек үйге қайтайық, — деп, Ермекті ертіп, дос құрбыларының қиылып, өтінгеніне қарамастан көңілді кештен тым ерте қайтты. Мәлік Мәлғаждарұлы әйелінің мерей тойдан тым ерте қайтқанына қуанды, оның ойынша күйеуі бармаған соң әйелі әдейі ерте қайтқандай көрінді. Ал, шын себебін, әйелі Ғалияның той иесінің қызынан Ермекті қызғанғанын, әрине, өз бойында арамдығы жоқ ақкөңіл жан мүлде сезбеді. Ермек Ғалияның оңашада көңілін тауып, сирек болса да кездесіп жүрді. Бірнеше рет өзінен жасы үлкен кексе әйелге өтініш айтқан.

— Ғалия Уәлиевна, мені Мәлік аға туған баласындай жақсы көреді, ал менің жүрісім мынау! Бір күн болмаса бір күн біліп қалса, қарабет болмаймын ба? Осы ара қатынасымызды доғарайықшы, о баста мас болып қалып, бір қателік жасадым, — деп, шын жүректен өтінген. Ғалияның Ермекті тындағысы да келмеді.

— Қойшы, қыз құсап қылымсымай! Мен қалай сенсіз өмір сүрем, саған бауыр басып қалдым, — деп, мойнынан орай құшақтап, сүйріктей екі саусағын Ермектің ерніне тақап, одан ары сөйлетпей қойған. Содан бері Ермек үнсіз жүр. Тек, іштей «бір күні Мәлік аға біліп қойса қайтем, одан да өлгенім артық болар еді, қалайша мас болып, Ғалияның қақпанына түсіп қалдым, қап, өттегене-ай!» деп іштей өкіне қынжылатын.

Ғалияның күйеуі Мәлік Мәлғаждарұлы қаладағы ісі алға басқан белгілі кәсіпкер. Жолдастарының арасында беделді,

мінезі байсалды, адамгершілігі мол адам. Ермек ежелгі еңбек-сүйгіштік әдетімен Мәлік Мәлғаждарұлының айтқанын екі етпей орындап, сенімді адамына айналды. —Ермек, сен біздің фирмада менің оң қолым, көмекшім бол, — деп, бір жылдан соң қызметін көтерген. Ермек сырттай халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, әрі қызметімен қоса жалақысы көтеріліп, үй-ішіне, анасы Қатираға қомақты қаржы салып тұратын болды. Жаз айларында Мәлік Мәлғаждарұлы мен Ғалия Уәлиевна Араб Әмиратына демалуға кетіп, коттеджді де, қызмет орнын да Ермекке тапсырып кетті. Ермек күн сайын қызметтегі жаңалықтарды айтып, телефонмен хабарласып тұрды. Ерлі— зайыпты Мәлік Мәлғаждарұлы мен Ғалия Уәлиевна жылына екі рет шетелге барып, демалып тұрады екен. Мәлік Мәлғаждарұлы Ермекті туған ұлындай жақсы көретін. Ермек болса Мәлік Мәлғаждарұлының өзіне артқан сенімін ақтауға тырысатын. Әрдайым қызметіне ертерек барып, бар шаруаны тындырғанша демалуды білмейтін. Кейде жұмысқа берілгені соншалық, түскі немесе кешкі тамақ ішуді ұмытып кететін кездері көп. Ондай кездері Мәлік Мәлғаждарұлы байқап қалса, Ермекке ескерту жасап ренжитін.

— Ермек, уақытында тамақ ішпесен асқазаның бұзылады, сондықтан екінші рет бұлай аш жүрме, ертең ауырып қалсаң, сенің орныңа кімді іздейміз, соны ойладың ба? Сенің денсаулығыңның мықты болғаны жұмыстың жақсы жүруіне септігін тигізеді, түскі асынды, кешкі асынды ұмытпай уақытында іш, — деп, туған баласындай қамқорлық жасап, ақыл-кеңесін айтатын. Сол кезде осындай абзал жанның көзіне шөп салып жүрген Ғалия Уәлиевнаны жеккөріп кететін кездері болады. «Мені Мәлік Мәлғаждарұлы туған баласындай жақсы көреді, ал менің жүрісім мынау! Бір күн арақты көтере алмай мас болып қалып, қулығына құрық бойламайтын әйелдің айла-шарқына алданып, сол әйелдің жымысқы әрекетінің арқасында ертенінде есімді білмей, қойнынан бір-ақ шыққанымды қайдан білсін!?» деп, іштей түңілетін шақтары көп.

Уақыт сыныптай жылжып өтіп жатыр. Бұл күндері Ермек жоғары оқу орнын сырттай бітіріп, дипломын алды, сөйтіп, ауылдан келген жас жігіт жоғары білімді маманға айналған. Мәлік Мәлғаждарұлы Ермектің диплом алғанына өз ұлы диплом алғандай қатты қуанды.

– Дипломынның көрімдігі, – деп, швейцариялық алтын сағат сыйлады. Ермектің қызметін жоғарылатып, қарамағында алты-жеті адам бар, бір бөлімнің бастығы қылып тағайындады. Ермек кезекті демалысын алып, туған ауылына келіп, анасына, іні, қарындастарына үйіп-төгіп базарлық әкелді.

– Балам-ау, сонша шашылып, несіне әуре болдың? Ертең үйленсең той жасауға да қаражат керек, сондықтан ертеңінді ойла, ұлым. Келін түсіріп, қолымды ұзартатын күн қашан туар екен? Құдайға шүкір, жоғары білімді мамандық алып, қызметің өрге басты. Енді бізге келін түсіріп, немере сүйгіз, ендігі арманым – ұлымды ұяға, қызымды қияға қондыру. Пайғамбар жасына келіп қалдым, әкелерің көре алмай арманда кеткен немере сүю қызығын мен көрейін, – деп, көңілі босап, Ермектің бетінен сүйіп, марқұм күйеуін еске алып көңілі босады. Қазанға ет асып, Ермекті көріп, сәлемдесуге келген көрші-қоланмен бірге тамақ ішіп болған соң, Ермек кенже інісі Ерденді ертіп алып, ауыл шетіндегі қорымда жатқан әкесінің басына барып, құран оқыды. Әкесін қорымның ең шетіне жерлеп еді, «тумақ барда өлмек бар» демекші, бір-екі жылдың ішінде өлі ауыл тым кеңейіп, әкесінің шеткі бейіті қазіргі күні қорымның ортасы бола бастапты. Ауыл сол баяғы қалпы, қаз-қатар салынған жер тамдар. Аракідік биік қылып шатырлаған зәулім үйлер пайда бола бастапты. Жанындағы кенже інісі Ерден ауылдағы соңғы жаңалықтарды айта бастады.

– Сенің кластасың Әйгерім көрші ауылдағы мұғалім жігітке тұрмысқа шыққан. Алуа ауылда жүр, әлі тұрмысқа шыққан жоқ, – деп, ағасының бетіне қараған. Ермектің іші қылп ете қалды. Өйткені, орта мектепте оқып жүргенде осы ауылдағы мектеп директорының қызы Алуаға өлердей ғашық болып, махаббат хаттарын бұрқыратып жазып, кенже інісі Ерденнен беріп жіберетін. Ол кезде бастауыш класта оқығанмен Ерденнің есінде қалған болар, сол Алуаны айтқанда ағасының бетіне бажайлай қарап қойды, Ермек ағасы үндемеген соң, біраз кідіріп барып, үй-ішіндегі басқа жаналықтарға ауысты.

– Нұрахмет биыл орта мектепті бітірген соң, қаладағы Ермек көкемнің жанына барып, жоғары оқу орнына түсіп, заңгер болам деп жүр. Көке, сенің қалада үйің бар ма? Мен де барып, көргім келіп жүр.

– Дипломымды жақында ғана алдым. Алла бұйырса, бір үй сатып алуға қаражат жинап, сендерді өзім қалада оқытам,

— деп кішкентай інішегіне уәде беріп, өзі ойланып қалды. Ермек бұл сәтте, «Ия, расында, бүкіл отбасы осы үйдің тұңғышы Ермекке үміт артып отыр. Мен осы бауырларымның, қарындастарымның, кәрі анамның үмітін ақтауым керек» деп ойлады. Бір апта үй шаруасына көмектесіп, малға жемшөп әзірледі, «кыстың қамын жаз ойла» демекші, ертерек қыс айларына арнап, үш тонна көмір түсіріп берді. Анасы Қатира тұңғыш ұлының үлкен азамат болғанына дән риза.

— Ендігі менің бар арманым келін түсіріп, немере сүю. Менің құрбыларымның ұлдары ерте үйленіп, немерелерін жетелеп жүр. Ал, сен ұлым, жоғары оқу орнын бітіріп, диплом алам дедің, құдайға шүкір, ол арманыңа жетіп, табақтай дипломыңды алдың. Енді құдай менің тілеген тілегімді беріп, үбірлі-шүбірлі бол, ұлым!

Анасы Қатира бір аптадан соң, қалаға жиналып жатқан ұлының жанынан айналшықтап шықпай, аналық ақ батасын беріп, тезірек үйленуін қалады. Ермек Алматыға үлкен икарус автобусымен кетіп бара жатып, анасының, іні, қарындастарының болашаққа деген асыл армандарын арқалап бара жатқандай сезінді. Ертеңінде қызметіне кірісіп, Мәлік Мөлғаждарұлының ауырып, қаладағы орталық ауруханада емделіп жатқанын естіп, кешке жұмыстан шыға салып, жолдағы дүкендерден жеміс-жидек, біраз тағамдар алып, ауруханаға келді. Мәлік Мөлғаждарұлы бір-екі аптада азып-тозып жүдеп кеткендей көрінді.

— Мәлік аға, сізге қандай нақтама қойды, қай жеріңіз ауырады? Ғалия Уәлиевна Түркияға демалысқа қашан кеткен? Ол кісі сіздің ауырып қалғаныңызды біле ме? — деп, сұраған.

— Ғалия тәтене ештеме айтпадым, Айман құрбысы екеуі алаңсыз демалсын, әйтпесе, менің ауырғанымды естіп, демалысын тастап, жетіп келер. Ал, менің ауруымды білгін келсе, бұрынырықта менің жүрегімде ақау бар деп айтып едім ғой, сол ескі ауру қайта козып, жүрек соғысы бұзылып, дәрігерлер жан-жақты тексеруде. Ештеме етпес, үйренген ауру ғой, маған алаңдама. Ауылыңа барып келдің ғой, үй іші аман-есен бе? Мамаң қалай, ол кісі сырқаттанып жүр деп едің, тәуір болды ма? — деп, әңгімені басқа тақырыпқа ауыстырды.

— Рахмет, аға. Бәрі жақсы, анам да, ауыл-аймақ — барлығы аман-есен, — деген Ермектің бір байқағаны, Мәлік

Мәлғаждарұлы жеке басының ауруы туралы әсте айтқысы келмейтін, «бәлкім, Ғалия Уәлиевнадан жасы көп үлкен болған соң, орта жасқа келіп, денсаулығының сыр бере бастағанын жасыра ма екен? Әлде тектілігі ме?» деп, керағар екі түрлі ой келетін. Мәлік Мәлғаждарұлы өзінен көп жас кіші Ғалияға имандай сенетін, сондықтан құрбыларымен бірге ойын-сауық құруға, шетелге демалып келуіне ешқашан қарсылық жасап көрген емес. Ғалияның басқа біреумен жүріп, күйеуінің көзіне шөп салды-ау деген күдікті ой қаперіне келген емес. Ал, Мәліктің сенгіштігін ұтымды пайдаланатын Ғалия уақытын көңілді өткізіп, оңтайлы сәтті қапы жібермейтін. Ермек осы жайлы білгенмен Мәлік Мәлғаждарұлының көңіліне қаяу салғысы келмейтін, қайта ауылдан келіп, арақ ішіп көрмеген ауылдың аңқау баласы арамза әйелдің, Ғалияның құрығына түсіп қалғанына өкінетін. Өкінгеннен не пайда, мұрнын тескен тайлақтай Ғалияның айтқанына көніп, айдауына жүруден басқа амалы жоқ. Кейде ағынан жарылып, Мәлік Мәлғаждарұлына болған жайтты бүге-шігесіне дейін айтып бергісі келетін. «Онда жүрегінде онсыз да ақауы бар сырқат жанның обалына қалам ғой, онан да өстіп, әйеліне кір жуытпай, аялап, ардақтап жүре берсін, әйтпесе, қойнындағы әйелінің опасыздығына қатты күйзелсе, денсаулығы сыр берер, онда әкемдей қамқор жанның бетіне қалай қараймын?! Әттең, сол күні алданып қалғаным-ай, Ғалия Уәлиевна арам пиғылын іске асырып, алшандап жүр, қарсы тұруға қауқарым жоқ. Қап! Әттең-ай!» деп, онашада өзін жегідей жеп, іштей налитын. Кейіннен уақыт өте келе, «менің ырқымнан тыс алдап арақ ішкізіп, қолға түсірді, әйтпесе менің титтей де кінәм жоқ, кезі келсе айтып ақталармын» деп, өзін-өзі жұбататын.

Бір айдан соң Ғалия шетелдегі демалыстан аса көңілді оралды. Өн-бойын түгел күнге қыздырып, тотығып, қараторы келіншектің көзіне өзгеше от бітіп, нешетүрлі базарлық сатып әкеліпті. Мәлік Мәлғаждарұлына бұлғын ішік, Ермекке қымбаттық көкшіл костюм-шалбар әкеліпті. Киіп көріп еді, сымбатты мүсініне құйып қойғандай шап-шақ екен. Сән журналындағы жігіттерден асып түскендей, өз көркіне көңілі тойып, кісі бойы айнаның алдында ұзақ тұрды. Ермектің базарлыққа разы болғанын сезгендей, Ғалия бір қалтарыста, — Екеуміз көптен бері кездесе алмай жүрміз, бүгін кешке бір

дос құрбым туған күніне шақырып еді, ағаң ауырып жүр, бара алмайтын шығар, екеуміз барып қайтайық, – деп қолқалаған. Расында Мәлік Мөлғаждарұлы көлік жүргізушісі Ермекке сабырлы мінезімен өтініш айтты.

– Мен аздап сырқаттанып жүрмін, Ермек жеңгенді көлікпен алып барып, аман-есен алып қайтарсың, – деп, өзі арнайы тапсырма берген. Сөйтіп, жаңа костюм-шалбарын киіп, Ермек пен Ғалия орталықтағы мейрамханаға жол тартты. Екеуінің де көңіл-күйі көтеріңкі, Ғалия иығы жалаңаштанып ашылған, қаракөк торғын көйлегін киіп, иығына асыл бұлғын жағаны жамылды. Мойнында көздің жәуін алатын гауһар тасты алтын алқа, гауһар тасты білезік пен сырға, сақиналарын таққанда тәмпіш мұрын келіншек «адам көркі-шүберек» демекші, құлпырып шыға келді.

– О, Ғалия, бүгін құлпырып кетіпсің, қош келдің! – деп, құшақ жая қарсы алған құрбысы Айман Ғалияны құшақтап, жанында еріп келе жатқан Ермекті де тым жылы қарсы алды. Қонаққа ылғи ығай мен сығайлар жиналыпты. Бұл жерде небір мықтылардың жүргенін көріп, Ермектің де көңілі шаттанды.

– О, Ермек, сені көргеніме қуаныштымын! – деген, жақында тағайындалған жас министр жігіт Ермектің қолын құшырлана қысты.

– Ғалия, қайныңды жаныңнан тастамай ертіп жүресің, Едеке, халың қалай, – деп, мейрамхананың бастығы Ермектің қолын алып сәлемдесіп, қолпаштай арқасынан қақты. Дастарханның үсті жайнап тұр, қызыл балықтың уылдырығынан бастап, бау-бақшадан жана ғана үзілген танқурай, бүлдірген, қарақатқа дейін көздің жәуін алады. Біраздан соң, әр дастарханға буы бұрқыраған ыстық тамақ таратыла бастады. Алғашында сабыр сақтап, сыпайы отырған қонақтар бірте-бірте арақ, шарап ішіп алған соң, қызу гүлдеп, әңгіменің де тиегі ағытылды, әртүрлі тостар да айтыла бастады. Бір-екі отырыстан соң би басталды, Ғалия «қайныммен билемегелі көп болды» деп, Ермектің иығына алтын, гауһар жүзіктері самсаған саусақтарымен жабысып, әдемі әуеннің ырғағымен тербеле биледі. Бір қағаберісте Ермектің құлағына сыбырлады.

– Жүр, ертерек кетіп қалайық, – деген. Ермек Ғалияның айтқанын екі етпей, сыртқа беттеген. Көліктің алдына жайғасқан Ғалия Ермектің үйге беттегенін байқап, көңілдене күліп жіберді.

– Сен немене, мені Мәлік Мәлғаждарұлына тезірек жеткізгің келіп тұр ма, мына қонақүйге кіріп, біраз демалып алайық, – деп, биік ғимаратты қонақүйін нұсқады.

– Ғалия Уәлиевна, тезірек үйге барайық, Мәлік Мәлғаждарұлы сізді асыға күтіп отыр ғой, – дегеніне қарамастан қонақүйдегі бір бөлмені қымбатқа жалдап алып, бөлменің кілтін алып, Ғалия екеуі төртінші қабаттағы жалдаған бөлмелеріне беттеді.

– Ойпырмай, біреу-міреу көріп қоймай ма, бұл қалай болар екен, ыңғайсыз ғой, егер Мәлік Мәлғаждарұлын танитын біреу көріп қойып, ағаға айтса ұяттан жерге кірмейміз бе? – деп, Ермектің тартыншақтағанына қарамастан оңаша бөлмеде ләззат құшағына бөленгісі келген жасамыс әйел бөлмеге кіре салысымен Ермектің еркіне қарамастан ырқына көндіріп, ашкөз әйел жас жігітті өзі шешіндіріп, құшып-сүйіп бассалды.

– Ғалия Уәлиевна, сіз мені шынымен сағынып қалыпсыз, – деген Ермек Ғалияның ыңғайына көне берді. Сол күні екеуі түн ортасында ғана «туған күннен» қайтып оралды. Ол кезде Мәлік Мәлғаждарұлы әлдеқашан ұйқтап қалыпты, көрші бөлмедегі Орынқыз бен күйеуі Қожахметті оятып алмайын деп, Ермек ақырын ғана өз төсегіне келіп жата қалды. Ертеңінде басы ауырып, Орынқыздың ыдыс-аяғының салдыр-гүлдір дауысынан шошып оянды. Мәлік Мәлғаждарұлының көңіл-күйі көтеріңкі.

– Қайырлы таң, Ермек! Көп ұйқтағаннан көзің қызарып кетіпті, кеше Ғалия жеңгенді көп күтіп шаршап қалған боларсың, ол кеше кеш оралды, – деп, көңілді сөйледі.

– Аға, ұйқтап қалыппын, кешіріңіз, – деген Ермек «Ғалия жеңгесі» туралы ештеме естігісі келмей, орнынан атып тұрып, тез-тез жуынып, тамағын асығыс ішіп, машинаға беттеді. Жолда келе жатып, Мәлік Мәлғаждарұлы сөз бастады.

– Ермек, сен биыл университетті сырттай оқып бітіріп, жоғары білімді маман болдың ғой. Дипломыңды қашан қорғайсың?

– Мәлік аға, мен кезекті еңбек демалысымды алып, дипломымды алатын шығармын. Сол жөнінде өзіңізбен ақылдаспақ едім, келесі айға өтініш жазсам, еңбек демалысымды алуға рұқсат бересіз бе?

– Әрине, Ермекжан, о не дегенің! Мұндай игілікті қадамың құтты болсын, жұмысқа икемділігің бар, сен сияқты жоғары

білімді жігіттер біздің фирмаға ауадай қажет. Менің ойым – дипломыңды алған соң көлік жүргізушісі жұмысыңды басқа біреуге тапсырып, менің жанымға көмекші болсаң деген ойым бар. Оған қалай қарайсың, Ермек?

– О, Мәлік аға, сіз мені қуантып тастадыңыз, құдай сол күнге жеткізсін, – деген Ермектің аққұба жүзіне лып етіп, қан жүгіріп, оқыс қуанғаннан қызарып кетті.

– Мәлік аға, сіздің бұл жақсылығыңызды қалай қайтарсам екен?

– Ештемеге қам жеме, бауырым. Қолымнан келгенше ауылдан келген қазақ жігіттеріне көмектесу – менің ағалық парызым.

– Мәлік аға, жұрттың бәрі сіз сияқты болса ғой, өмір сүру әлдеқайда жеңілірек болар еді, – деген Ермек ауыр күрсінді. Іштей Мәлік Мәлғаждарұлының зайыбы Ғалия Уәлиевамен арасындағы байланысын ойлап, қатты күйзелді.

Ермек жазда сырттай оқуын тапсырып, диплом алып, жоғары білімді маман болып оралды. Мәлік Мәлғаждарұлы кішігірім той жасап, өзінің көмекшісі қылып тағайындады. Сөйтіп, ірі мекемедегі директордың көмекшісі болып, жалақысы бірден қомақты болып, Ермектің қуанышында шек жоқ еді. Ермектің ендігі мақсаты – кішігірім баспана сатып алу. Сондықтан тұрғын үй банкінен жеке есеп шот ашып, екі бөлмелі пәтерге ақша аудара бастады. Бірде осы мақсаты жайлы Мәлік Мәлғаждарұлына айтып еді, ол кісі өз ұлы үй алатындай қатты қуанды.

– Бұл ойың құптарлық, бауырым. Мен өз тарапымнан болашақ үйіңе көмектескім келеді, ертең материалдық көмек сұрап, арызыңды жаз, мен саған біраз ақша аударайын, – деген.

– Мәлік аға, ниетіңізге рахмет, керек емес, мен өзім ай сайын жалақымның тең жартысын аударып жатырмын.

– Ермек, бауырым, үлкендерді тыңдағанын жөн. Бұл – менің ағалық көмегім, – деген Мәлік Мәлғаждарұлы Ермектің атына қомақты қаржы бөлген болатын.

Ермек ауылдағы алғашқы бала махаббатынан басқа ешкімге ғашық болып көрмеген еді. Бухгалтерия бөліміне жоғары оқуды жаңа бітірген, талдырмаш денелі, қоңыр шашы иығына түскен, атжақты, шаралы қой көзді, қыр мұрынды, албыраған қызыл ерінді, жас қыз Айдана келгелі мазасы кетті. Табиға-

тында ұялшақ Айдана Ермекті көргенде өз-өзінен дегбірі кетіп, шаралы көзін көмкерген ұзын кірпіктері жиі жыпылықтап, аққұба өңі қызарып кететін. Ермек бір көргеннен Айдананы ұнатып қалғанын байқады. Тіпті, күніне бір көрмесе тағаты таусылып, әлденені сылтауратып, бухгалтерия бөліміне өзі іздеп баратын болды. Айдана да Ермекті көргенде ынғайсызданып, әбігерге түсетіні байқалатын. Айдананың жанындағы жасы үлкен әйелдер – Жанар, Айнұр, Алималар Ермектің Айданаға деген көзқарасын байқап қалды ма, әлде бойдақ жігітті тезірек үйлендірмек ниеттері бар ма, кім білсін, Айдана екеуін қосып әзілдей бастаған.

– Ермек, кайным, бұрын бухгалтерия бөліміне төбенді көрсетпеуші едің, Айдана қызметке кіргелі біздің бөлімнен шықпайтын болдың.

– Бәсе, қадамыңа гүл бітсін, Ермекжан!

– Айдана, несіне қызарып кеттің, ұялма, қызым!

– Біз де жас болғанбыз, екеулеріңнің жайларыңды жақсы түсінеміз, – деп, бір-біріне қулана көзін қысып, сылқылдап күліп, қалжыңға басатын. Ондай кезде Айдана төмен қарап, естімегендей қағазға шұқшиып отырса, Ермек қалжыңдарына қалжыңмен жауап беретін.

– Жастарды түсінгендеріңізге рахмет, апайлар! Мен, бірақ, жұмыс барысымен келіп едім, – деп, аяқ астынан сылтау таба қоятын, – Мен келесі айдың есеп-қисабымен танысайын деп келіп едім. Егер уақыттарыңыз болмаса, ертең келейін, – деп, сыпайы жымыып, Айданаға көз қиығын тастап, тезірек кетіп қалатын. Ақыры, сөйтіп жүріп, бір сәті түсіп, жаңа жыл кешінде Айданамен жақынырақ танысты. Өйткені, жаңа жыл кешінің соңында тек жастар ғана қалып, жасы үлкендер ертерек үйлеріне қайтқан болатын. Ғалия Уәлиевна мен Мәлік Мәлғаждарұлы мейрамханалардың біріне жаңа жыл кешін қарсы алуға кеткен. Ермек пен Айдана бос уақыттарында онаша кездесіп, кино, театрға барып, жақынырақ танысып-білісе бастаған. Тәрбиелі отбасынан шыққан Айдананың мінезі биязы, адамның қас-қабағына қарап тұратын сыпайы жан болып шықты. Ермек өзінің отбасы туралы әңгімелеп берді, әкесінің боранда қалып, мүгедек болып қайтыс болғанын естігенде Айдананың көзіне жас үйірлді.

– Ауылда менің әкем мен анам – мектеп мұғалімдері, кішкентай сіңілім орта мектепте жоғары сыныптың оқушысы. Мен үйдегі тұңғыш қыздарымын.

– Мен де үйдегі балалардың ең үлкенімін. Сондықтан іні, қарындастарыма көмектесуді өзімнің ағалық парызым деп санаймын, – деген Ермек ағынан жарылып.

Онашада Айдана мен Ермек ұзақ-ұзақ сырласып, уақыттың қалай өткенін байқамай қалатын болды. Алғашқы күндегі достық сезім бірте-бірте махаббат құмарлығына себеп болғандай, екеуі бір-бірін бір күн көрмесе тағат тауып тұра алмайтын болды. Күн сайын жұмыстан шыққан соң, Ермек Айдананы күтіп алатын. Екеуі асханаға барып, кешкі тамақтарын ішіп, кешкілік біраз қыдырып, бір-бірін қимай қоштасатын. Ермек анасының «келінді қашан таныстырасын, үйленетін уақытың жетті, ұлым» деген сөзін жиі еске алып, Айданамен болашақта отбасын құруды армандады. Демалыс күндері Айданамен Ермек екеуі Алматының ең көрікті жерлері Медеу мұз айдынында, Шымбұлақ демалыс орындарында болып, әсем табиғат аясында оңаша серуендейтін. Қос ғашық Айдана мен Ермек қол ұстасып жүрген шақтарында самал жел беттерінен аймалап, тау шатқалын бойлай өскен зәулім ағаштар – қысы, жазы жап-жасыл болған шырша, самырсын, қарағай, ақ қайындар желмен тербеліп, екеуіне бақыт тілеп қол бұлғағандай көрінетін. Көбінесе, екеуі жүрдек уақыттың қалай өткенін аңғармай қалатын. Алғаш рет кеуделеріне сыймай дүрсілдеген сүйген жүректің лүпілін тындағандай, оңашада құшақтасып, алғаш рет еріндерінен өбіп, махаббаттың бал шырынына мас болғандай өзгеше күй кешкен.

– Айдана, мен сені сүйем. Мен алғаш рет махаббатын қандай күдіретті сезім екенін ұқтым. Сендей әдемі, ақылды қызды жолықтырған мен қандай бақыттымын, Айдана!

– Мен де сізді кездестіргеніме қуаныштымын, Ермек.

– Айдана, сіз дегеніңді қойшы, сен деп, атымды атай берсеңші, несіне ұяласың, сіз деген сөзің бөтен адамдай екеумізді бір-бірімізден қашықтатып тұрғандай сөз.

– Жарайды, бүгіннен бастап сен дейтін болам, – дейді күлімдеген Айдана.

– Шіркін, екеуміз, өмір бойы өстіп қолұстасып жүре берсек ешқашан шаршамас едім, – деген Ермек Айдананы құша-

ғына тартып, қыздың албыраған ернінен ұзақ-ұзақ сүйді. Айдананың өн-бойынан әл кетіп, Ермектің құшағына құлай берді. Көп ұзамай қызметтес әріптестерінің бәрі Айдана мен Ермектің бір-бірін ұнатып қалғанын тегіс білді. Алдымен, бухгалтерия бөліміндегі әйелдер жеңгетайлық жасап, әзіл-қалжыңын араластырып, Ермекті көп жұмсайтын болды.

– Ермек, біздің қызымыздың қалыңмалын бізге төлей бер, бізге түскі тамаққа ауқат әкеле ғой.

– Ермек, Айдана екеуің дүкенге барып келе қойындар, бастықтың туған күніне сыйлық алу керек.

– Ермек, ертең Айдананың туған күні. Өзің ұйымдастырып, бәріміз бірігіп, мейрамханада атап өтейік, – деген сияқты әзілшыны аралас өтініштер қаптап кетті. Ермек ешқайсысының көңілін қалдырмай, басшылық қызметіне қарамастан елгезектік танытатын. Ермектің табиғатында жаратылған қарапайым, ақкөңіл мінезі әріптестерінің арасындағы сый-құрметке бөленуіне себеп болды. Жаз айы көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Ағаштың сарғайған алтын жапырақтары жерге кілемдей төселіп, алтын күз келді. Осындай күз күндерінің бірінде Ермек Айданаға ұсыныс жасады.

– Айдана, мен сені сүйем, маған тұрмысқа шық, – деп, қалың ағаш өскен бақ ішіндегі сары жапырақтар төгілген сары кілемнің үстіне тізерлеп отырып, ұсыныс жасаған. Айдана қатты толқығаннан екі беті шиедей қызарып, қуана келісті. Сонымен үйлену той туралы ата-аналарымен танысып, келісетін болып келісті. Өйткені, тұрғын үй банкіне салған ақшаның қалғанын несиеге алып, қаланың шағын ауданынан екі бөлмелі үй алмақшы болатын. Ермек ұзақ ойланып, осы жаңа үйді алған соң, Айданамен қосылып, жас жұбайлар болып, үлкен өмірге жаңа қадам жасамақ болып шешкен.

Бірде екеуі қолұстасып келе жатқанда, Мәлік Мөлғаждарұлы мен Ғалия Уәлиевна отырған көлік қарсы алдарынан шығып, екеуі Ермек мен Айдананы көріп қалды. Ертеңінде Ғалия Уәлиевна Ермекті жұмыстан соң жеке шақырып, қызғанышын жасыра алмады.

– Осы қалада жұмыс таппай қаңғып жүргенінді ұмыттың ба?! Қазіргі кезде жоғары білім алып, жақсы қызметке орналасқаның кімнің арқасы, соны ұмыттың ба?!

– Ғалия Уәлиевна, мен сізге өмір бойы қарыздармын. Бірақ, сіздің өз отбасыңыз бар, әрі біз Айдана екеуіміз бірі-бірімізді сүйеміз.

– Солай де! Так! Егер мен көмектеспесем, жоғары оқу орнын бітіріп, осындай ірі мекемеде жақсы қызмет таппайтын едің, сондықтан алдымен менімен ақылдасуың керек еді, – деп, сызданды Ғалия.

– Кешіріңіз, Ғалия Уәлиевна! Мен кәрі анамды қуантып, немере сүйгізіп, үйленуге бел будым. Мен сіздерге, Мәлік Мөлгаждарұлы екеулеріңізге апарып, Айдананы таныстырмақ болып едім, егер қарсы болмасаңыз демалыс күндері кіріп шығайық, – деген.

– Жоқ, біздің уақытымыз жоқ, таныстырып әуре болмай-ақ қой, біздің мекеменің бухгалтериясында істейтін арық қыз емес пе? Сенің талғамың жоғары ма деп ойлап едім, ол қызды онсыз да танимыз ғой, ақыры үйленгің келсе лауазымды әкесі бар Ләйлаға үйленуің керек еді, мына ауылдан келіп, жоғары оқу орнын бітірген қызды тауыпсың, оның үйі де, күйі де жоқ болар, солай емес пе?! – деп, сиқырлана, сайқымазақтай күліп, салқын қоштасты.

– Маған Айдананың ешқандай байлығы керек емес, біз бір-бірімізді сүйеміз, – деген Ермек қабағын түйіп, ызалана жауап берді.

– Жә, ашуланба, қайным! Менің бөтен ойым жоқ, бірақ қазіргі замандағы қыздар да, жігіттер де үйі, машинасы бар адамдарға үйленгісі келеді, өйткені заман талабы солай. Егер қалада ақшаң, үйің болмаса сен ешкім емессің, тіпті, ондай адамдарды адам қатарына қоспайтын болды. Ол – шындық. Мен шындықты айтып, шымбайыңа батып кетті білем, өзін біл, қайным. Бірақ, кейін өкініп жүрме, – деп, сөзін зілдене, қабағын түйіп, тұнжырай аяқтады. Ермек Ғалияның іштей қызғанып қалғанын байқады. Ішінен ойлады, «Бұл кісінің отбасы бар әйел. Мен ауылдан келген, арақ ішіп көрмеген жас жігітті араққа тойдырып, қойныма кіріп алған өзі емес пе?! Енді менің үйленуге құқым жоқ па? Мына өкпе-реніші несі? Қайта тезірек үйленіп алсам, бұрынғыдай онаша қонақүйге шақырып, мойныма асылғанын қоятын шығар» деп ойлаған. Ермек сүйген қызы Айданаға үйленсе, Ғалия өзін жайына қалдырады деп қателесіпті, оны кейін білді. Ермектің бойындағы Айдана-

ға деген лап етіп оянған махаббат сезімі бірте-бірте санасын жаулап, сүйген қызын бір күн көрмесе тағат таппайтын болды. Ермек Айданаға үйленуге бел бұғанын айтқанда, табиғатында ақкөңіл жан Мәлік Мөлгаждарұлы өз ұлы үйленетіндей қатты қуанды.

– Азамат болды деген осы, Ермек бауырым. Ауылдағы анаңа апарып таныстырып, аналық ақ батасын ал. Кезекті демалысыңды алуыңа қарсы емеспін, әрине. Мұндай қуанышты жаңалықты жеңген Ғалияға айттың ба?

– Мәлік аға, мен Ғалия Уәлиевнаға айтқам.

– Оның дұрыс, біз Ғалия жеңген екеуіміз сенің отбасын құрып, азамат болғанына қуаныштымыз. Ертең қалыңдығыңды үйге қонаққа ертіп әкел, алдын-ала келіннің көрімдігін берейік, – деген Мәлік Мөлгаждарұлы Ермектің қарсылығына қарамастан ертенінде Мәлік Мөлгаждарұлының үйіне қонаққа баратын болды.

Ауылға кешкілік автобусқа билет алып қойып, Ермек Айдананы ертіп, Мәлік Мөлгаждарұлының үйіне қонаққа барған. Ғалия Уәлиевна екеуінің келе жатқанын көріп, алғашында қабағын қарс түйіп қарсы алды.

– Қош келдіңдер, үйге кірдіңдер, – деп, түсін суытып айтты. Табалдырықтан жаскана аттаған жас қызды көріп, түпкі бөлмеден шыққан Мәлік Мөлгаждарұлы қуана дауыстады.

– О, келін баланы ертіп келген екенсің ғой, төрлетіңдер, – деп, Ермек пен Айдананы аса жылы қарсы алды. Күйеуінің көзінше Ғалия да езу тартып, жымыған болып, түскі асқа жайылған дастарханға шақырды. Дастархан басында Мәлік Мөлгаждарұлы әңгіменің тізгінін қолына алып, өздерінің жастық шақтары жайлы қызықты әңгімелер айтып, дастархан басындағыларды күлдіріп, алғашқы тосты «Ермек мен Айдананың бақытты отбасын құруы үшін» алғызды. Сөйтіп, отырғанда түс екінтіге таяп, Ермек кешкі автобусқа билет алып қойғандарын айтып, үй иелерінен рұқсат сұрады.

– Мәлік аға, қонаққа шақырып, ағалық ақ бата беріп отырсыз, ниетіңізге рахмет. Әрине, ауылға барғанда апам шамалары келгенше кішігірім той жасайтын болар, – деп, Ермек ағынан жарылды.

– Ермек, қаласан, екеуіңнің тойыңды қалада өзім өткізем, сен де біздің ұлымыз сияқты болып кеттің, ал енді Айдана

келінді қызымыздай көретін боламыз, сондықтан екеуің де бізге туған баламыздай болдыңдар, Ғалия, солай ғой? – деп, жүзі түтігіп, ашуланып отырған әйеліне көз салды. Өзін-өзі ерең тоқтатқан Ғалия жорта жымып, – Әрине, дұрыс айтасыз, – деп, өтірік күлімдеген болды.

– Ермек, сен Қатира анана келіндерінді ауылға әкеле жатырмын деп алдын-ала хабарлап қойдың ба?

– Анама тосын сый жасамақпын, орысша «сюрприз» деуші ме еді, әдейі ештеме айтпастан барайық деп ойлап отырмын, әрі анамның есі шығып, тойға дайындалып, әбігерленбесін деген оймен алдын-ала хабарламадым.

– Бір жағынан ол ойың дұрыс, мен құптаймын. Қарсы болмасаңдар той жағын Ғалия жеңген екеуміз осында ұйымдастырамыз. Ие, солай ма, Ғалия?

– Әрине, бірақ жұмыстан қолымыз тиер ме екен? – деп, күйеуінің ұсынысына қарсылығын ашық білдіре алмай күмілжіп еді, күйеуі бірден жауап берді.

– Ғалия, жұмысқа бола аландама. Мен мейрамханадағы жолдастарыма хабарласып, тапсырма беріп қоям, ақшасын төлесек болды, басқасын өздері реттейді, – деді Мәлік Мәлғаждарұлы.

– Аға, рахмет. Сіз менің әкемнің орнына әке болдыңыз, үйлену тойын қалай жасаймын деп, қатты уайымдап жүр едім, сіз маған мұндай жақсылық жасайды деп ойламаппын. Аға, бұл жақсылығыңызды қалай қайтарамыз, – деген Ермек ұшып тұрып, көзіне жас толып, Мәлік Мәлғаждарұлын қапсыра құшақтады.

– Жарайды, алғыстарыңды кейін айтасыңдар. Жолға жиналыңдар, мен екеуіңнің жалақыларыңмен коса, өз тарапымнан біраз сыйақы берейін, – деген Мәлік Мәлғаждарұлы кабинетіне беттеді. Оның артынан Ермек мен Айдана асыға аяндады. Жүздері бал-бұл жанған екі жас төбелері көкке жеткендей бақыт құшағына бөленген. Ғалия отырған орнында сазарып, үн-түнсіз отырып қалды.

– Мынау, екеуіңе біздің сыйлығымыз, – деп, Мәлік Мәлғаждарұлы төскалтасынан конвертке салынған комақты ақша ұсынды. – Ауылда апан екеуіңе ақша қажет болып қалар, – деп, әдейі сыйақыңды алдын-ала беріп отырмын, – деді Мәлік Мәлғаждарұлы.

Ермек жалақысы мен сыйақысын алған соң Айдана екеуі орталық базарға барып, анасына қос етек жібек көйлек таңдап алып, іні, қарындастарына бағалы сыйлықтар сатып алды. Інісі Еділ сандық фотоаппаратты, қарындасы Төкен магнитофон алуды армандап жүргенін білетін. Айдана екеуі артынып-тартынып кешкі автобустен ауылға аттанған.

Ертеңінде Ермек пен Айдана қос-қостан ауыр сөмке көтеріп, мол базарлықтарын алып, үйге қарай келе жатқанын велосипед теуіп жүрген кенже інісі Еділ көріп қалып, басқаларына қуана айқайлап, — Апа, Ермек ағам келе жатыр, алақай! — деп, велосипедін аулаға тастай салып, тұра жүгірген. Бұл кезде аулада жүрген анасы мен іні, қарындастары Ермек пен Айдананы көріп, қуаныштары қойнына сыймай емен-жарқын қарсы алып, кезек-кезек бәрі Ермектің бетінен сүйе бастады.

— Апа, міне, келініңіз Айдана, — дегенде анасы Қатира қуаныштан жылап жіберіп, жаулығымен көз жасын сүртіп, Айдананы бауырына қысты.

— Ұлым-ау, неге ертерек ескертіп айтпадың? Келінжан қарағым, босағаны оң аяғыңмен атта! Мен қазір шашу шашайын, басқан қадамыңа гүл бітсін, жаным! Еділ көршілерден, туған-туыстардан сүйінші сұрап кел, кешке үйге келсін, — деп, абыр-сабыр болды да қалды. Өрістен келген семіз саулықты сойып, сырттағы қазаношаққа, бір тайдың еті бір-ақ сиятын үлкен тай қазанға бір қойдың етін бір-ақ асты. Сол күні таң атқанша туған-туыс, көрші-қолаң жиналып, кішігірім той жасалды. Келіннің басына ақ орамал салып, ауылдың белгілі күйшісі Сәмет беташар жасады.

*Бетіңді келін ашқаным,
Жаңа жұртқа қосқаным,
Жасы үлкенді сыйлап жүр.
Құрмет қылып жасқаным.
Балалық күнің өтті енді.
Аналық күнің жетті енді.
Жаңа дәурен есігі,
Алдыңнан енді ашылды...
Айт келін-ау, айт, келін!
Атыңның басын тарт, келін!*

*Қыз көңілден қайт, келін!
Сауысқаннан сақ келін!
Жұмыртқадан ақ келін!
Күйеуіңе жақ келін!
Ел-жұртыңа бақ, келін!*

Ауыл ақыны Сәмет әсем қоңыр даусымен домбыраға қосылып, беташар айтып, жас келінді енесіне, жақын-жекжаттарына сәлем салғызып, ақыры келіннің бетін ашты. Бәрі Ермек пен келіннің бетінен сүйіп, игі тілектерін айтып, жасы үлкендері бата беріп, той тойға ұласып, жиналған азғана топ танертең бір-ақ тарқады. Ермек өңі ме, түсі ме сене алмай жүргендей, шаралы қой көзі күлімдеп, Айданадан көз айырмайды. Танертең біраз мызғып, көз шырымын алмақ болып еді.

– Қатира, қонған құсың құтты болсын!

– Келіннің аяғы құтты болсын, үйге немере-шөберелерін толсын! – деп, бірінен бірі естіген ауыл тұрғындары келіннің көрімдігі деп шашу шашып, ұзақ-созақ келе бастады. Қатира түнімен қонақ күтіп болдырып қалыпты, таң азаннан келген ауылдастарын күтіп, Айдана аулада ағаш шөркелерін салып, тездетіп сары самаурынды ызылдата қайнатып, көрлен кеселерге сүт қатып, шай құйып, зыр жүгірді. Кешкілік адам аяғы басылған соң ғана Ермек пен Айдана төргі бөлмедегі шілтерлі пердемен жабылған ақ төсектеріне жайғасты. Таң атпай жақын арада тұратын жеңгелері жүгіріп келіп, ескілік салт-дәстүр бойынша «көрпе қимылдатар», «шаш сипатар» сияқты ырым-кәделерін алып, мәз-майрам болып жатты. Айдана жақсы келін болатынын бірден аңғартты. Ерте тұрып, қарала сиырды сауып, сүтін пісіріп, шайын қайнатып, осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығып, енесі Қатираның көңілінен шықты.

– Келін келгелі қолым ұзарды, жасым алпыстан асты, енді ауылда қалып, балаларға бас-көз болыңдар, – деген анасы.

– Қалада Айдана жоғары оқу орнында сырттай оқып жүр, оның үстіне әзірге екеуміздің де жұмысымыз бар. Ауылда бізге лайық жұмыс жоқ, қайта сіздің зейнетақыңызға ортақ болармыз, бір апта болдық, енді келініңіз екеумізге рұқсат берсеңіз, қалаға жол тартайық, – деп, Ермек анасынан рұқсат сұраған.

– Қайда жүрсендер де аман болындар, қарғаларым. Өткен ауылда жұмыс жоқ екені рас, сондықтан жолдарына бөгет болмайын. Қадамдарына гүл бітсін, бақытты болындар, құлындарым, – деп, Қатира аналық ақ батасын беріп, ұлы мен келінін қалаға шығарып салған.

Ермек пен Айдана қалаға келгенде Мәлік Мөлгаждарұлы мен Ғалия Уәлиевна қызмет орнында екен. Мәлік ағалары шын жүрегімен құттықтап, уәдесінде тұрып, ертеңінде мейрамханада шағын отырыс жасап, Ермек пен Айдананың дос-жаран, туған-туыстары қатысып, кішігірім үйлену тойы жасалды. Туған-туыстары мен дос-жарандары жүрекжарды ақ тілектерін айтып, біреулері асқақтата ән салып, енді біреулері мың құбылта би биледі. Ғалия Уәлиевна тойда көңілді көрінгісі келгенмен жүзі бақыттан бал-бұл жанған, үлбіреген ақ жібектен қалыңдық көйлегін киген, қыпша белі қиылған, бота көзі қуаныштан ерекше жарқыраған, жас келін Айданаға жақтырмай қарап, ішкі қызғаныш сезімін әрең жасырды. Мәлік Мөлгаждарұлы бір отырыстан соң, Ермек пен Айданаға бақыт тілеп, ерте қайтуға рұқсат сұрады.

– Біз ертерек қайта берейік, жастар асықпай тойландар, таң атқанша би билеңдер, ән салындар, көңіл көтеріңдер, ертең демалыс. Ал, біз Ғалия жеңгелерің екеуміз үйге ертерек қайтайық, соңғы кезде денсаулығым сыр беріп жүр, Ғалия жеңгелерің жастармен қосылып, тойдың аяғына шейін отыра ма десем, бұл апайларыңның да денсаулығы онша болмай тұр екен, сондықтан, айналайын, бақытты болындар! – деп, Ермек пен Айдананың бетінен сүйіп, Ғалиямен қолтықтасып үйге ерте қайтқан. Ғалияның не себепті ерте қайтқанын Ермектің іші сезгенмен сырттай сыр бермей, жылы қоштасты. Ермектің есіне өткендегі келеңсіз жай оралды.

Бірде Мәлік Мөлгаждарұлы тағы сырқаттанып, ауруханаға түсіп қалды. Сол кезде Ғалия Уәлиевна түрлі сылтаумен Ермекті түн ішіне дейін үйіне жібермей, – Осы үйге қона салсаңшы, сенің ыстық құшағыңды сағындым, – деп, есін шығарды. Айданамен үйленген соң Ғалиямен бір кезде бірге болғанын, өткен-кеткенді ұмыттық деп жүргенде Ғалияның мына қылығы Ермекке түрпідей тиді.

– Мәлік аға біліп қойса қарабет болмаймыз ба?! Есіңізде болсын, мен Айдананы жанымдай жақсы көрем, өткенді ұм-

ытайық. Жас алшақтығына қарамастан жастық шақтың әсерімен қателескен болармыз, бірақ бұл қателікті қайталамауға уәде берейік. Мен Айдананы жан-тәніммен сүйем, сондықтан маған басқа ешкімнің керегі жоқ. Сіз мені кешіріңіз, Ғалия Уәлиевна, — деген. Ғалияның ашудан беті түтігіп, көзінен от шашты, өзіне ұнайтын, осы уақытқа дейін отты құшағынан ләззат алған, сымбатты жас жігіттің кеудесінен кері итергені қитығына тиді.

— Сен кімнің арқасында адам болдың, айтшы, ә?! Мен сені аяп, осы үйге ертіп әкелмесем, кім көрінгеннің машинасын жуып, малай болып жүрер едің! Қазір жоғары оқу орнын сырттай оқып бітіріп алдың, көлік жүргізушісінен менеджер қызметіне, бастықтың көмекшісі қызметіне ауыстың. Ел қатарлы сүйген қызыңа үйлендің. Соның бәрі кімнің арқасында, соны ойладың ба?! — деп, көзі шатынап, Ермекті жеп жіберердей ежірейді.

— Ғалия Уәлиевна, менің әйелім Айдана айтпақшы, сіз көпті көрген, көнекті тескен әйелсіз. Менің қателігімді бетіме баса бердіңіз, сол күні мас болып қалғаным рас, оны мойындаймын, бірақ «сені әдейі араққа тойдырдым, әйтпесе, маған жоламаушы едің» деп өзіңіз айтпап па едіңіз? Ауылда арақ деген пәлені аузымызға татпаушы едік, қалаға келіп, жақсы, жаманды қатар үйрендік. Алайда, Айданадай пәк, періште қызбен үйлендім, енді ешқашан теріс жолға түспеймін, өмір бойы сүйген жарымды аялап өткім келеді. Әрі, менің әкемдей қамқор болып жүрген Мәлік Мәлғаждарұлын ренжіткім келмейді. Ол кісіні бұлай алдауыңыз дұрыс емес, Мәлік аға сыйлауға лайық аяулы жан. Бір кезде сіздей апайыммен төсектес бірге болғанымыз үлкен қателік болды, о баста мұндай жайға жол бермеуім керек еді, ауылдың аңқау баласы арақ ішіп, ес-түсімді білмей қалдым, әрі сізбен бірге болам деген үш ұйқтасам түсіме кірмеген жайт. Ондай албырттыққа жол бергенім үшін сізден тағы кешірім сұраймын, кешіріңіз, — деді Ермек.

— Кешірім сұрамай-ақ қой. Бірақ, есінде болсын, кейін менің саған соған қолымды кері серіпкеніңе өкінетін боласың, ол кезде кеш болады. Мейлі, сенің айтқаның болсын, бара бер, көзіме көрінбе, жоғал! — деп, ашуланған Ғалия Уәлиевна есікті тарс жауып, үйіне кіріп кетті. Ермек үйге шаршап, ашудан түтігіп, көңілсіз оралды. Күйеуінің алдынан жүгіріп

шыққан Айдана Ермектің салы суға кетіп қалғанын көріп, сұрақтың астына алды.

— Мәлік ағаның жағдайы қалай? Әлде, жағдайы нашарлап кетті ме, сенің көңіл-күйің жоқ қой, — деген Айдана күйеуінің асты-үстіне түсті.

— Мәлік ағаның жағдайы жаман емес, жай, күні бойы жұмыста, сонан кейін ауруханаға барып, қатты шаршадым, соңғы кезде жүйкем жұқарып жүр, маған алаңдама, — деген Ермек болған жайды тезірек ұмытқысы келді. Арада жарты жыл өткенде Айдана емханаға барып тексеріліп, қуанып келді.

— Сүйінші, Ермек, сен көп ұзамай әке боласың, — деп, күйеуінің мойнына асылып, жас баладай еркелей назданды.

— О, жаным! Сен мені бақытты еттің, жан жарым! Өмір бойы өзінді аялап өтем, Айым! — деген Ермек зайыбының албыраған ернінен аялай өпті. Екі ғашық бір-бірінің қасқабағына қарап, бірінің тілегін екіншісі айтпастан ұғып, жан-дүниелері жадырап, махаббаттың балдай тәтті ләззатына бөленген. Ермек пен Айдана қаншама бақытты болған сайын, соншама іші күйетін жандардың бар екенінен бейхабар еді. Ғалия Уәлиевна өзін қоярға жер таппай аласұрды. Уысынан шығып кеткен сымбатты, қайратты жас жігітпен бірге өткізген түндерін еске алған шақта Айдана қолына түссе аямайтын түрі бар. Ғалия Ермектен кек алудың жолын іздеп, ұзақты күн жұмсақ төсегі қатқыл тиіп, күндіз күрсініп, түнде тұнжырап, күн өткізетін болды. Бір-екі рет Ғалияның ұйқтай алмай дәнбекшіп жатқанын байқаған Мәлік Мөлгаждарұлы әйелінің түріне қарап, мазасыздана сұрады.

— Ғалия, сен соңғы кезде тыныш ұйқтай алмай, жиі күрсініп, мазасызданып жүрсін. Бір жерің ауырып жүр ме, денсаулығыңды тексерші, жаным, — деп, жанашырлық танытқан.

— Маған алаңдама, ешқандай ауырып жүргем жоқ. Әшейін, жаман түс көріп, соңғы кезде тыныш ұйқтай алмай жүрмін.

— Ғалияжан, сонда да дәрігерге қаралсаңшы, ұйқы-денсаулықтың кепілі. Көңіл-күйің болмай жүргенін байқаймын, ол бекер емес, — деп, Мәлік Мөлгаждарұлы ақыл-көнесін айтқан. Енді Ғалия күйеуіне білдірмей іштен тынып, Ермек пен Айдананы аяқтан шалатын сәтті күтті. Кейде күйеуіне «Ермек пен Айдананы жұмыстан шығарып жіберейік»

деп айтқысы келетін. Онда, әрине, күйеуі мұның себебін білгісі келетіні сөзсіз. Күн сайын көзінше тайраңдап жүрген қос ғашық — Ермек пен Айдананың қолұстасып, күліп-ойнап жұмысқа келіп, егіз қозыдай қолұстасып жұмыстан кетіп бара жатқанын көріп, зығырданы қайнайтын, бірақ бұл ашуын сыртқа шығаруға негіз жоқ екенін біліп, ешкімге айта алмай ішқұса болып, іштен тынатын. Кейде, күйеуге тиіп, бақыттан бал-бұл жайнап жүрген Айданаға жыны келіп, «Ермек ауылдан жаңа келгенде менің ойнасым болған» деп айта жаздап, өзін-өзі әрең ұстайтын. Бұл жайлы ешкімнің білмеуі жөн екенін түсініп, әріптестерінің арасында Айдана мен Ермекпен қалыптағы жайдай жылы сөйлесетін. Ал, ішінде бұрқ-сарқ қайнап жатқан ашу-ыза, «жабулы қазан жабулы» күйінде қалды. Енді Ғалия ғашықтарды аяқтан шалуға болатын оңтайлы сәтті күтті. Алдымен Айдананың басқан ізін аңдып, шалыс басқан қадамын аңдыды. Ақыры, тырнақ астынан кір іздеп, Айдананың кейде жұмысқа кешігіп келетінін, жұмыстан сәл ертерек кетіп қалатынын байқап, бухгалтерияның бастығы Гүлжаһанға ескертті. Гүлжаһан — қырықтан асқан кәрі қыз. Бірақ, өз жұмысын жақсы білетін, тәжірибелі маман. Гүлжаһан тұздап кептірген қатқан балықтай, ұзын бойлы, кеудесі мен бөксесі білінбейтін, қатпа қараторы, тыриған арық, кәрі қыз болатын. Сирек күлімдейтін, күлген кезде де еріндері құлағына қарай жылжып, күрек тістері опырайған, сары тістерін ақсита күлгенмен жылан көздері суық қалпынан таймайтын. Жеке өмірі тек бухгалтер жұмысымен ғана шектеліп қалған, ешқашан байға тимеген, бала сүймеген Гүлжаһан жұмысына ғана бар ниетімен берілген, жұмыстан басқа, өзге дүниеге селт етпейтін. Осы жағдайды жақсы білетін, тісқаққан айлакер Ғалия Уәлиевна Айдананың кейде жұмысқа кешігіп келетінін, жұмыстан сәл ертерек кетіп қалатынын Гүлжаһанға бастық ретінде сызданып, тек қана жұмыстың сапасын ойлаған бастықтай аса қатаң ескертті. — Егер бұл жағдай қайталанса, Айдананы бетімен жіберген, бухгалтерия бөлімінің бастығы Гүлжаһан сізге де қатаң жаза қолданамыз, — деп, ашық айтты. Міне, осы жайттан кейін Гүлжаһан жаңа ғана тұрмысқа шыққан жас келіншек Айдананы аңдып, «отырса опак, тұрса сопак» қылып, жай ғана Ғалия Уәлиевнаның Айдана туралы жаңсақ пікірі санасына кіріп улап, аз уақытта Айдананың нағыз қас

жауына айналды. Еліктің лағындай сүп-сүйкімді жас келіншек бөлім бастығының көз түрткісіне айналғандай, көзінен бір сәт таса етпей, әркез қатаң бақылауда ұстады. Бірде Айдана бастығынан бір күнге сұранған.

— Ертең Ермектің туған күні. Сізден түстен кейін сұранып, демалыста ауылға барып келсек деп едік, — дегені сол еді. Гүлжаһан дүрсе қоя берді.

— Сен жұмыстан гөрі күйеуіңнің жайын көп ойлайсың. Сен сияқты жеке басын күйттеген жандарға біздің ұжымда орын жоқ. Егер бұл жағдай қайталанса, сені жұмыстан шығаруыма тура келеді. Ертең атқаратын шаруалар көп, сондықтан ешқайда жібермеймін, қайта жұмыстан қалып, сол тапсырылған жұмыстарды атқаруына тура келеді, әйтпесе, бастықтарға «қызметтік хат» жазып, сені жұмыстан шығаруға шешім қабылдадым, — деп, үйіп-төгіп, есеп-қисап жасауға тапсырма берді. Айдананы жұмыстан босатпаған соң Ермек амалсыз ауыл жаққа жалғыз кетті. Айдана бұрынғы жайлы бастығының күрт өзгеру мәнісін түсінбей дал болды. Ғалия Уәлиевнаның бұл іске қатысы бары үш ұйқтаса түсіне кірмеген жас келіншек бар ынтасымен Гүлжаһанның тапсырған жұмысын атқарып, қаншама тырысқанмен бөлім бастығы өзін жаратпайтынын анық байқады. Екі-үш айдан соң екіқабат екенін біліп, Ермекке айтқан.

— Айым, жаным, мен нағыз бақытты адаммын! Енді екеуміздің баламыз өмірге келеді, мен әке атанамын, сен ана боласың! Неткен бақыт! Қандай қуанышты жаңалық, жаным, сен бүгін мені ең бақытты еткеніңді білесің бе?! — деген Ермек Айдананы құшағына қысып, шыр айналдырды. Сол күннен бастап, Ермек Айдананың қас-қабағына қарап, айтқанын екі етпей, елпең қағатын елгезек болып алды.

— Сенің мұншама бала жанды екеніңді жаңа білдім. Егер ұл тусам атын кім қоямыз? — деген Айданаға Ермек ойланып жауап берді. Баланың есімін, немересінің атын әкем тірі болғанда өзі қоятын еді, енді осы күнді аңсай күткен анам қойсын, — деген.

— Кәрі кісілер қайдағы жоқ ескі аттарды қойса қайтеміз, кейін баламызды жолдастары мазактап жүрмейтін қазіргі заманға сай есім таңдау керек, — деген Айдана әлсіз қарсылық танытқанымен күйеуі Ермектің шешімін дұрыс деп қабылдады.

– Мейлі, жаным, сенің еркін білсін, әжесі немересінің атын жақсылап ойланып, таңдап қоятын болар, – деп, күйеуі Ермектің айтқанына көнді. Айдананың екіқабат екенін білгенмен Гүлжаһан бұрынғыдай жұмысты көп тапсырып, Айдананың жұмысына көңілі толмайтынын ашық айтатын болды. Енді екіқабат келіншекті түн қараңғылығына дейін ұстап, бір күні Ермек әйелін қарсы алуға келе алмай, түн ішінде сүрініп кетіп, Айдана мұрттай ұшты. Жеңіл жарақат алыпты, ертеңінде екі тізесі көкпенбек болып ісіп кетті. Ермек Гүлжаһанның жүкті әйеліне соншама жұмыс бергеніне кейіп, ертеңінде бухгалтерия бастығы Гүлжаһан Берікболовнаны шақырып алып, мән-жайды білгісі келді. Бірақ Айдананың бастығы Ермектің аузын аштырмай, Айдананы «жұмысқа тыңғылықсыз, жалқау, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүретін жан» – деп, зарлап қоя берді. Тіпті, бұл жайды Ғалия Уәлиевна да жақсы білетінін құлаққағыс етті. Сонда ғана Ермек Ғалияның Айдананы өзіне күндес көріп, бастығын Айданаға қарсы қойғанын сезе қалып, бекерге дауласқанын тиды. Ғалия Уәлиевнаның кабинетіне рұқсат сұрап кіргенде, Ермектің өзін іздеп келгеніне мәз болған кексе әйел толық, майлы бөксесін бұлғандатып, орнынан атып тұрған. Бір ерекшелігі, аяқ басқан сайын Ғалияның бөксесі еділбай қойларының бұлғақтаған май құйрығына ұқсап, көтеріліп, басылып, жүрген сайын ілгері, кейін қозғалатын. Беті ашылған әйел әй-шәйға қарамастан оңаша сәтті пайдаланып, топ-толық білектерімен Ермектің арықтау қыл мойнына асылып, бойы жетпеген соң екі өкшесін көтере ұмтылып, ұзын бойлы сымбатты, сүйкімді жас жігіттің бетінен шөп еткізіп сүйіп алды.

– О, Эдик! Айданаға үйленгеннен бері сен мені көзге ілмей кетіп едің, бүгін қалай келіп қалдың, шидің басын сындыру керек екен, – деп, ыржалақтап күлді. Ермек ашуланып келген, бұлтақтамай, тура мінезіне басып, сөзді тікесінен бастады.

– Ғалия, Айдананы жаратпағаныңмен қоймай, оны бастығы Гүлжаһан Берікболовнамен шағыстырып, екеуін ит пен мысықтай өш қылып қойып, рахаттанып отырсың ба?! Ғалия, сіз ондай ұсақ-түйек қылықтан жоғары тұруыңыз керек, неге сондай әрекетке барасыз?! – деп кейігенін жасыра алмаған.

– Мен де әйел емеспін бе?! Мен сені Айданадан қызғанам, – деп қылымсыды.

– Мен сізге неше рет түсіндіріп айттым, ауылда арақ ішіп көрмеген аңқау жігіт абайсыз мас болып, сіздің құрығыңызға түстім. Бірақ, ертеңіне есімді білмей қалғаныма сізден кешірім сұрадым. Енді неге менің бетіме сол жайды баса бересіз, қалағаныңыз болсын, онда Мәлік ағаға шындықты айтып, кешірім сұраймын. Сөйтіп, жұмыстан кетем, басқа амалым жоқ, оған не айтасыз? – деген, Ғалияның көзіне тура қарап. Сайқал қатын шындықтан қорқатын, сондықтан көзін тайдырып әкетті.

– Мейлі, жабулы қазан жабулы қалсын. Күйеуім білсе, отбасымыз ойран болады, мен оны қаламаймын. Гүлжаһанға айтам, бұдан былай Айданаға тиіспесін, – деген Ғалия бұралмалы жайлы креслоны терезеге қарай бұрып, ауыр күрсінді.

– Ғалия Уәлиевна, мен сіздің сөзіңізге сенем, ашық айтқанымға айып етпеңіз, сау болыңыз, – деп, Ермек кабинеттен асығыс шығып кетті. Айданаға үйленгеннен кейін Ғалия Уәлиевнамен ат құйрығын үзуге бекінген Ермек Ғалия Уәлиевнамен оңаша сәтті пайдаланып, тым ашық сөйлескен.

– Мен бір рет қателікке бой ұрған екенмін деп, өмір бойы сіздің ойнасыңыз болып жүре алмаймын, әрі бұл жайт менің еркімнен тыс, мас болып, есімді білмей қалғандықтан орын алды, мен қазір болған жайтқа кешірім өтінемін, бірақ бұдан былай менің әпкем болып, қала беріңіз. Бұл жайды ұмытайық, – деген. Ғалия үндемей, сабыр сақтап тындағанмен қоштасарда қимастықпен бетінен шөп еткізіп, асығыс сүйген. – Кетпеші, жаным! – деп үздіге жалынған. – Ермек, сен мені бүлдіршіндей жас қызға айырбастадың, әрине, саған мені ұмыту оп-оңай. Ал, мен сені ұмыта алар ма екенмін?! Мәлік ағаның түрі анау, бір күн ауру, бір күн сау, кезінде Мәлікті жақсы көргенмен төсек қызығынан құр қала бастаған соң, бірте-бірте суи бастадым. Саған бауыр басып қалып едім, – деп күрсінген. Міне, осы жайт Ермектің есіне түсіп, Ғалияның әлі үміт үзбей жүргенін сезіп, жүрегі шым ете қалды. Бірақ, дәл осы жолы екеуі ортақ шешімге келіскендей, Ермек Ғалияның кабинетінен ашық сөйлескеніне қуанып шықты, мұның арты неге соқтырарын ол, әрине, білмейтін...

Бірақ, Гүлжаһан қит етсе тиісуін тоқтатпады, айы, күні жақындағанша Айдананы ығыр қылды. Осы қиындыққа қа-

рамастан Айдана декреттік демалысына шейін жұмысын тыңғылықты атқарып, тоғыз ай, тоғыз күн өткенде балпанақтай ұл туды. Перзентханаға үлкен гүл шоғын алып, көңілі қуанғаннан өзгеше алабұртқан Ермек ерекше толқу үстінде. Өзін бүкіл жер бетінде өмір сүретін адамдардың арасындағы ең бақытты адамдай сезінді.

— Айдана, сені қашан шығарады, ұлымызды байқашы, кімге тартыпты, саған ба, маған ба?! — деп, екінші қабаттағы Айданаға айқайлады.

— Ұлың сенен аумаиды, бізді ертең шығарады, ауылдағы апамдарға айтып, сүйінші сұрадың ба? — деді Айдана.

— Әрине, ертең кешкілік поезбен келем, бір қойды сойып әкеліп, шілдехана жасаймын, — деген.

— Бізді түске таман үйге шығарады, баланың жаялықтарын ала кел, менің жаңа көк көйлегімді, жайдақ өкшелі жайлы төплиімді ала салшы.

— Жарайды, жаным! Аландама, ертең жұмыстан сұранып келем, сені үйге апарып тастап, апамды теміржол вокзалынан күтіп алуға барам, — деген Ермек айтқан сөзінде тұрып, ертең ертесімен дегбірі қалмай ерте келді. Түнде аландап, ұйқысы қашып, кішкентайға сатып алған ағаш бесікті төрگی бөлмеге қойып, бала кезінде көргендеріндей, бесікке сатып алған жаялықтарын жайып, кішкентай түбек жасап, бесіктің үстіне шілтерлі ақ мата жауып, өз ісіне көңілі толды. Айдананың қолынан қуыршақтай қылып ораған кіп-кішкентай іңгалаған бөбегін қолына алғанда Ермектің өн-бойынан ток жүріп өткендей ерекше күйге бөленді. Мына көзін әрең ашатын, дүниенің қулық-сұмдығынан бейхабар, пәк періште өмірінің жалғасы екенін сезініп, көзіне жас оралды. Үйге келген соң бесікке құндақталған сәбиді кеудесіне аялай құшақтап, Айдана дастархан мәзірін жасағанша бесікті тербетіп, ұлына бесік жырын айтып бермек болды.

*— Әлди, әлди, бөпешім, ұйқтай қойшы, көкешім,
Айналайын өзіңнің балдай тәтті сөзіңнен,
күлімдеген көзіңнен,
Садағаң боп кетейін, аман болшы, бөпешім,
Өмірімнің жалғасы, айналайын, көкешім.*

Кешкі поезбен анасы Қатира кенже інісі Еділмен бірге келді. Көптен көрмеген ана мен бала абыр-сабыр болып, өткен-кеткендерді айтып, мәре-сәре болды. Бәрінің ортақ ермегі — бесікте кішкентай тәмпіш танауы пысылдап, анасының емшегін оймақтай аузымен құшырлана емген кішкентай сәби. Кезек-кезек бесікті таласа тербетіп, қалақтай кішкентай сәби іңгалап жыласа, анасы Айдананы шақырып, әлек болады. Атын азан шақырып, Қатира анасы Мәлік Мәлғаждарұлы сияқты жақсы азамат болсын деп, Мәлік деп қойды. Кішігірім шілдеhana жасап, ұжымдағы достары Хасен, Ертай мен әйелі Зүбайра, Ғалия Уәлиевна мен Мәлік Мәлғаждарұлы келіп, ұжым болып жинаған азғантай сыйлықтарын ақшалай табыстады. Кейбір адамдар басқаның қуанышына ортақтасып, мез-майрам болып, жақсылыққа қоса қуанады, Мәлік Мәлғаждарұлы дәл осындай жан еді. Ол Ермектің отбасын құрып, бала сүйіп әке атанғанына, өз ұлы үйленіп, балалы болғандай шын жүрегімен ақ түйенің қарны жарылғандай ақтарыла, шынайы қуанды.

— Ермек балам, қуанышың құтты болсын, баланың бауы берік болсын! — деп, Ғалия екеуі әкелген қоларбаны табыстады. Ал, кейбіреулер басқаның бақытты жүзін көріп, ішін қызғаныш оты өртейді. Ғалия осындай қызғаншақ жан болатын. Мәлік Мәлғаждарұлы шын жүрегімен қуанса, керісінше, Ғалия бақыттан бал-бұл жанған, жаңа босанған Айдананы көріп, Ғалияның жүрегі қызғаныш отынан күйіп кеткендей, іші-бауырын ыстық жалын күйдіріп кеткендей болды. Сөз кезегі Ғалияға келгенде, басқаларға сыр бермей, ішкі күйзелісін жасырып жорта жымыды.

— Кішкентайдың бауы берік болсын, сол үшін ішіп қояйық, — деген игі тілекті зорлана айтты да, кішкентай қырлы стақандағы ақ арақты түбіне шейін қылғытып ішіп тастады. Бір отырыстан кейін әдетінше Мәлік Мәлғаждарұлы Ермек пен анасы Қатираға өтініш айтты.

— Егер рұқсат болса мен ертерек кетейін, соңғы кезде денсаулығым онша болмай жүр, Ғалия тәтелерің қалып, тойдың аяғына дейін болатын шығар, — деп, зайыбы Ғалияға қараған. Іші күйіп, әрең шыдап отырған Ғалия орнынан атып тұрды.

— Жок, менің жұмыстарым көп, айып етпеңіздер, мен күйеуім Мәлікпен бірге кетемін, — деп, ерлі-зайыптылар бір

отырыстан соң асығыс үйлеріне қайтты. Жолшыбай Мәлік Мөлғаждарұлы әйелінің ерте қайтқанына таңғалды.

– Ғалия, сен неге бүгін ерекше асықтың, әдетте сен аспай-саспай тойдың соңына дейін отырушы едің, бүгін неге ерте қайттың? – деп таңдана сұраған.

– Көңіл-күйім жоқ, бала сүю бақытын маған алла мандайыма жазбапты, басқаның бақытына ортақтасқым келмейді, – деп, ауыр күрсінді. Мәлік Мөлғаждарұлы іштей Ғалияның жан жарасын түсініп, үндемей қалды, өйткені, хатшы болып жүргенде Ғалия екіқабат болып қалып, түсік жасатқан еді, содан бері жүкті болу бақыты Ғалияға бұйырмапты. Енді бүгінгі Ғалияның ауыр күрсінісін Мәлік жете түсінгендей болды, бірақ оның арғы астарын, Ермек пен Ғалияның қарым-қатынасын, әрине, білген жоқ. Мәлік Мөлғаждарұлы Ғалияның сәби сүйе алмағанын аяйтын, табиғатында адамгершілігі зор, иман жүзді Мәлік Мөлғаждарұлы үлкенге де, кішіге де, тіпті, әр адамға құрметпен қарайтын. Сол әдетімен Ғалияның көңілін аулағысы келіп, өзі сөз бастады.

– Ғалия, егер қаласаң, балалар үйінен бір баланы асырап алайық, мен қарсы емеспін, – деді.

– Білмеймін, іштен шықпаған баланы туған баламдай жақсы көре алам ба, оған әлі даяр емеспін, – деп, Ғалия шынын айтты. Өйткені, бала көтере алмайтынын білген кезде Ғалия осы ұсынысты Мәлік Мөлғаждарұлына айтқан. Бірінші әйелінде үш баласы – екі қыз, бір ұлы бар Мәлік Мөлғаждарұлы үзілді-кесілді қарсы болған. Уақыт өте оймен екшеп, Ғалияның жас сәбиді туған баласындай бауырына басып, ана болуға құқысы бар екеніне көзі жетті. Бүгін сәті келіп, рұқсатын берген еді, бірақ бұрынғы ойынан айнып қалған ба, Ғалия бала асырап алуға даяр емес екенін алға тартты. «Мейлі, өзі білсін, алайда менің қарсы емес екенімді білгені жақсы болды. Мүмкін алла мандайына жазса өзі де жүкті болып қалар» деп ойлады Мәлік Мөлғаждарұлы. Бұл кезде Ғалияның ішін қызғаныш оты күйдіріп, Ермектің бақытты отбасындағы шілдеhana жанына жара салғандай күйде еді. «Бір кезде өзім сүйген, өзім аймалаған сымбатты жігіт Ермек ендігі маған жат болып, жар сүйіп, бала сүйіп бақытын тапты. Ауылдан келіп, кім көрінгеннің босағасында паналап жүрген үйсіз, күйсіз жігіт менің арқамда жоғары оқу орнын бітіріп, жақсы қызметке орналасты. Мына

қаланың қақ ортасындағы екі бөлмелі үйді несиеге алып, қазіргі уақытта менімен терезесі тең болды. Өткенде «Ғалия Уәлиевна мен ауылдан келген аңқау жігіт өмірімде бірінші рет арақ ішіп, сіздің торыңызға түсіп қалдым. Бұл мен үшін қорқынышты түс сияқты өткен жайт. Мәлік Мөлғаждарұлы біліп қалса не бетімізді айтар едік, мен Айданаға сүйіп қосылдым, енді сіз мені ұмытыңыз, әйтпесе болған жайтты бүге шігесіне дейін Мәлік Мөлғаждарұлына жайып салып, ағымнан жарылып кешірім сұраймын, басқа амалым жоқ. Одан да сіз мені жайыма қалдырыңыз, мені біржола жадыңыздан шығарып, ұмытуыңызды өтінем» демеп пе еді. «Сонда көңіл жарастырып қалған сымбатты жігітті ұмыту оп-оңай ма екен?! Әрине, өзінен оншақты жас үлкен мені ұмыту Ермекке оп-оңай, ал маған қалай қиын тиерін ойлады ма екен?!» деп, көзіне жас тұнды. Сөйткенше, үйлеріне жетіп қалғандарын байқап, жеңіл машинадан ырғып түсіп, бір сәтке болған жайтты еске алмауға тырысты. Ғалия күйеуіне бүгін ерекше мейірлене қарады.

– Бүгін ертерек ұйқтайықшы, білмеймін, бүгін қатты шаршап тұрмын, – деп, жатын бөлмеге беттеді.

– Оның дұрыс, мен де қазір дәрігер белгілеген дәрімді ішіп, қазір келем, – деп, күлімдеген Мәлік Мөлғаждарұлы әйелінің жанына баруға асыға адымдады. Ғалия Мәлік Мөлғаждарұлын мойнынан орай құшақтап, бауырына тығыла берді. Ермек сияқты жас жігіттен еркін тояттаған қырықтың қырқасына шыққан сайқал қатын кейде алпысты алқымдаған кәрі күйеуінің де бабын таба қоятыны бар. Жақсы көрмесе де «жаным, күнім» деп, үздіге құшақтап, кәрі шалдың кәрі сүйегін саудыратып, құшып-сүйіп, махаббаттың бал шырынын татқандай, кейіп танытатын. Табиғатында өтірікке жаны қас Мәлік Мөлғаждарұлы әйелінің аярлығын білмейтін, білмек түгілі, «жас әйелі басқалармен көңіл қосып, көзіне шөп салып жүр-ау» деген ой ешқашан қаперіне келген емес. Өйткені, өзі бірінші әйелімен жас кезінде сүйіп қосылды, екі ұл, бір қыз үш бала сүйді, кейіннен Ғалияны ұнатып қалып, әйелі, балашағасына екі қабатты зәулім үйін тастап, Ғалиямен жаңа өмір бастады. Бірақ, үш баласына әруақыт қарайласып, бас-көз болып, үлкен ұлы үйленгенде той жасап үйлендіріп, ақшасын аямай бар жағдайын жасап берді. Жақында екінші ұлы үйленді, той-томалақтың шығынын көтерген, тағы да – Мәлік

Мәлғаждарұлы. Тек, кейде оңашада қамығып уайымдайтыны – жоғары оқу бітірген қызының тұрмыс құрмай жүрген жалғыздығы. Мәлік Мәлғаждарұлы бірінші әйелі Нұрбану екеуі қызы Саиданың күйеуге тимей жүргенін қосыла уайымдайтын. Мәлік Мәлғаждарұлы Нұрбанумен айырылысқанмен бір-біріне деген ыстық ықылас, ілтипаттары, сыйластық сезімдері суымаған, екі отбасы арасында өзара достық қарым-қатынас орнаған. Алайда, Ғалия Нұрбануды іштей күндес көре ме, әйтеуір суқаны сүймейтін. Әйтеуір, бір кемшілік тауып, сырттай сынап-мінеп отыратын. Табиғатында мінезі кең Мәлік Мәлғаждарұлы ешқашан тарылып көрмепті, екі әйелінің де талап-тілегін қанағаттандырып, ешқашан қаржыдан тарықтырып көрмеген. Нұрбану да, Ғалия да не ішем, не кием деп көрген емес. Мол табысты кәсіпкер Мәлік Мәлғаждарұлы екі әйелін, бала-шағасын толық қамтамасыз еткен тәжірибелі кәсіпкер, ең бастысы адамгершілігі мол азамат.

Жақында Мәлік Мәлғаждарұлы алпыс жасқа толды. Зейнет жасқа жеткен мерей тойына бүкіл туған-туыс, дос-жаран, ұжымдағы күзетші, еден жуушыға дейін қалдырмай тегіс шақырды. Мәлік Мәлғаждарұлы өзі қарапайым отбасында дүниеге келген, әкесі қойшы, анасы сауыншы болған адамдар еді. Сол себепті ме, Мәлік Мәлғаждарұлы білдей мекеменің бас директоры болып көтерілгенімен әсте қарапайым мінезінен таймайтын. Айналасындағы кәрісі бар, жасы бар, бәрі Мәлік Мәлғаждарұлымен тең адамдардай сөйлесіп, сырласып, емін-еркін араласып жүре беретін. Солардың ең дөкейі – үкіметтің ең жоғарғы шенділері, қаладағы ірілі-ұсақ кәсіпорындар басшылары, қарапайым жұмысшыларға дейін Мәлік Мәлғаждарұлымен еркін сөйлесетін, еркін сыйласатын. Ең жоғарғы дөкей мен қарапайым еден жуушы осы Мәлік Мәлғаждарұлының мерей тойы арқылы дастархандас болғанын біреуі біліп, екіншісі біле бермейтін. Осы мерей тойда сөз сөйлеген халық қалаулысы Мәлік Мәлғаждарұлының арқасына қазақтың ою-өрнекті шапанын жауып, оюмен көмкерген айырқалпағын киізіп, көсіле сөйледі.

– Халқымыздың бетке ұстар азаматы Мәлік Мәлғаждарұлының еңбегі зор. Мәкең мекеме басшысы бола жүріп, бірнеше ғылыми еңбектің авторы болып, ғылыми өндіріске тың жаңалықтарын енгізді. Сөйте тұра сыпайы мінезінен тан-

бай, әрқашан ұстамдылығымен, байсалды мінезімен өзі басқарған ұжымды бір отбасындай тату-тәтті ұстады. Бүгінгі мерей тойға Мәкеннің ұжымы бір кісідей қатысып отыр. Мәлік Мөлгаждарұлының алпыс жылдық мерей тойымен шын жүректен құттықтап, жүз жасаңыз демекпіз! – деп, Мәлік Мөлгаждарұлын айқара құшақтаған. Мұнан кейін сөйлеген жора-жолдас, туған-туыстары Мәлік Мөлгаждарұлының еңбектерін саралай келіп, той иесіне ұзақ ғұмыр тілеген. Сөз кезегі Ермекке келгенде Ермек қатты толқып, дауысы дірілдеп шықты.

– Мен әкемнен он сегіз жасымда айырылдым. Сонан кейін маған әке орнына жол сілтеген, балам деп бауырына басқан – Мәлік Мөлгаждарұлы. Аға, менің пендешілік қателігім болса кешіріңіз, әруақытта сіздің алдыңызда борыштар екенімді ұмытпаймын. Аға, аман-есен жүре беруіңізге тілектеспін, мынау менің әкемнің қалдырған күміс сағаты әкемнің туған көзіндей сақтаған отбасылық мұрамыз еді. Осы сағаттың иесі Сіз болуға лайықтысыз, аға! – деп, көзіне іркілген жасты сүртіп, Мәлік Мөлгаждарұлын қапсыра құшақтап, күміс сағатты табыс еткен. Бұл мерей той көптің есінде қаларлықтай сән-салтанатымен өтті. Зейнет жасына жеткенмен Мәлік Мөлгаждарұлы қызметінен қол үзбей жұмысын жалғастырып жатты. Соңғы кезде ауру-сырқауы көбейген соң Мәлік Мөлгаждарұлы Меккеге барып, аллаға құлшылық студі жөн көрді. Мүмкін, жарық дүниедегі уақыты таусыла бастағанын сезді ме екен, әйтеуір Меккеге баруға аяқ астынан жиналды.

– Кейінірек Меккеге қажылық етуге бірге барармыз. Өзің ауырып жүрсің, денсаулығың мәз емес, ұзақ жолды көтере аласың ба? Әзірге бармай-ақ қойғаның дұрыс, – деп, әйелі Ғалия айтып көріп еді. Бұл жолы Мәлік Мөлгаждарұлы айтқан бетінен қайтпай ешқандай уәжге көнбеді.

– Егер көретін жарығым таусылып тұрса, осы астанада жүріп-ақ көз жұмар едім. Бәрі бір алланың құзырында. Мені жолымнан қалдырам деп әуре болма, қайтыс болған әке-шешем түсіме кіріп жүр. Мүмкін, қастарына шақырып жүрген болар, әлде алланың ақ жолына түсіп, Меккеге баратын сапарымды қолдап жүр ме, білмеймін, – деген. Ғалияның жүрек түкпірінде әлдебір күдік пайда болды.

– Мекемедегі бастықтың орнын кімге тастап кетпексің? Мына үй қазіргі уақытта сенің атыңда, «жаман айтпай жақсы

жоқ» деген, менің атыма өсиетнама жазып кет, — деген. Мәлік Мөлгаждарұлы сөзге келместен нотариусқа барып, екі-қабатты зәулім үйлерін Ғалияның атына жазғызды. Сонда ғана Ғалияның жүзі жайнап, Мәлік Мөлгаждарұлын еркелей құшақтады.

— Мәке, сіз маған ренжіп қалған жоқсыз ба? Ұзақ жолға сапарға шыққан соң уайымдағаным ғой, әйтпесе, бұл дүние-мүлік сіздің жолыңызда садаға! Өзіңіз аман-есен келіңіз, менің бар тілегім — сіздің аман-саулығыңыз! — деп, өтірік күліп, сайқал қатын тағы өтірік көлгірсіп аярланды.

— Кім біледі, бүгін бар, ертең жоқ боламыз ба, оны бір алла біледі. Сондықтан сенің атыңа дүние-мүлікті жазып қойғаным дұрыс болған шығар, Ғалия, — деп, Мәлік Мөлгаждарұлы кеңпейілділік танытты. Мекемедегі басшылық қызметін уақытша атқарушы қылып, өз орнына Ермекті тағайындады.

— Тумасаң да туғандай болған ұлымсын. Сондықтан мекеме басшылығы қызметіне өзінді лайық көрдім. Сен менің сенімімді ақтайтыныңа нық сенемін, балам, — деген.

— Әрине, аға. Бар күш-жігерімді салып, мекеменің жұмысын одан ары жандандырып, сіз келгенше әділ басқарамын, — деп, Ермек уәде берген. Неге екені белгісіз, Мәлік Мөлгаждарұлының жүзі пәс болып, жиналыс ашып, әртүрлі тапсырмалар беріп, ұжым қызметкерлерімен қимай коштасты. Мүмкін, сырқат жүрегінің дімкәстігінен шошыды ма, көзінде айықпас мұң бар еді. Ермек Мәлік Мөлгаждарұлының көңілін аулап, жұрттың соңынан сөз алған.

— Аға, аман-есен барып келіңіз. Меккеге барып, бізді, ұжымыңызды ұмытып кетпеңіз, тезірек оралыңыз, Сізге сәт сапар тілейміз! — деп, күлімдеген.

— Рахмет, Ермекжан, алла аман-есен келуге жазса келіп қалармыз, — деп, байсалды жауап берген Мәлік Мөлгаждарұлы көп ұзамай Меккеге ұшаққа билет алып, жүріп кетті. Бұл Ғалияның да, ұжым қызметкерлерінің де, Ермектің де Мәлік Мөлгаждарұлын соңғы рет көрулері екен, оны олар, әрине, кеш білді. Арада екі апта өткен соң Мәлік Мөлгаждарұлының қайтыс болғаны туралы суық хабар жетті. Бұл қаралы хабар көп адамға оңай тиген жоқ. Ал, Ғалия ауыр жүктен құтылғандай іштей қуанды, өйткені ауру-сырқауы көп алпыстағы Мәлік Мөлгаждарұлы жолына тұсау болғандай күй кешетін. Енді

осыншама дүние-мүліктің иесі болып, қырық бес жастағы әйел жесір қалды. Бүкіл ұжым, туған-туыс, дос-жарандардың бірі қалмай, тайлы-тұяғына дейін жиналып, Мәлік Мөлгаждарұлын соңғы сапарға шығарып салды, астанадағы Кеңсай зиратына жерледі.

Ғалия күйеуінің қырқын өткізген соң-ақ бұрынғы қыз күніне қайта оралғандай, қызылды, жасылды киініп, құлпырып шыға келді. Бет әлпетінде күйеуін аза тұтқан әйелдің түрі көрінбейді. Қайта Мәлік Мөлгаждарұлы асарын асап, жасарын жасағандай, Ғалияның ойына күйеуін жылдығын өткізгенге дейін аза тұту кіріп-шығар емес. Екі қабатты зәулім үйіне топырлатып қонақ шақырып, күн-түн демей бірнеше күн қатарынан ойын-сауық ұйымдастырды. Соңғы кезде бұл да жалықтырды-ау деймін, әлде бұрынғы күндері еске түсті ме, қазіргі күндері үш баланың әкесі Ермекке шүйілді.

– Сенің көзіңе шел қаптаған екен, осы бастық болып, бір мекеменің тізгінін қолыңа ұстап отырғаның кімнің арқасы?! Біле білсең, мен сені ауылдан келіп, астанада жұмыс таппай қаңғып жүргенде адам қылдым. Сен мені мүлдем ұмыттың, оңбаған?! – деп, оңашада көз жасын ағытып, байбалам салды.

– Ғалия Уәлиевна, мұныңыз не? Ағаның топырағы кеуіп үлгерген жоқ, ал сіз қайдағы жоқты айтып, сандырақтап отырсыз? Не қыл дейсіз маған?! Егер бұл қызметті көп көрсеңіз, мекемені өзіңіз басқарыңыз, менің титтей де қарсылығым жоқ, мен басқа жұмыс тауып алайын, – деп, ағынан жарылған.

– Қарай гөр, жоғары білімді қызметкерсің, басшылық қызметтегі жұмыс өтілің жеткілікті. Енді маған жұмыс табылады деп шіренгенің ғой. Мәселе қызметте емес, сен менің кеудемнен итеріп, үйленген соң-ақ мені ұмыттың. Ал, мен сені әлі ұмытқан жоқпын, – деп, солқылдап жылаған. Ермек бастықтың кабинетіне біреу кіріп келе ме деп, қатты састы. Оның үстіне Ғалияның аузынан жеңіл шараптың исі шығады. Ішіп алған әйел жуық арада жылағанын да, Ермекке деген махаббат сезімін айтып қояр емес. Сасканынан Ғалияға амалсыз уәде беруге тура келді.

– Ғалия Уәлиевна, жұмыс аяқталған соң асықпай сөйлесейік. Қазір мына түріңізді біреу-міреу көріп қалса, Мәлік Мөлгаждарұлының аруағын сыйлай алмады деп жазғырар. Мен Мәлік Мөлгаждарұлына сіздің орныңызды жоқтатпай-

мын деп, ол кісі сапарға аттанар алдында уәде беріп едім. Сондықтан, жұмыс орнында келеңсіздік болуын қаламаймын.

— Онда жұмыс бітер уақытта, яғни сағат кешкі алтыда мен сені кабинетімде күтем, — деген Ғалия әрең дегенде жылағанын тоқтатып, кабинетінен шыққан. Жұмыс аяқталған соң үй-іші, бала-шағасына асыққанмен Ғалияға берген уәдесін орындап, кабинетіне кірген. Әккі қатын кабинеттегі столдың үстін мерекедегідей жайнатып қойыпты.

— Кел, мен шампанды ашсын деп, өзінді күтіп отырмын. Екеуміз көптен бері оңаша сөйлесе алмайтын болдық, — деп, сойған түлкідей, жайындай аузын ыржитып, көзін ойнақшыта күлімдеп, жайраң қағады.

— Ғалия, мына жайған дастарханыңыз не?! Мен әшейін сөйлесейік деп едім ғой, қазір үйде бала-шағам асыға күтіп отыр, бағана не айтпақ болдыңыз, құлағым сізде, әлде маған өкпе-ренішіңіз бар ма?! — деп, сұрақты төтесінен қойған. Ондағы Ермектің ойы — уақытты босқа жібермей Ғалиямен тезірек сөйлесіп, тезірек үйіне қайту.

— Жоқ, мына шарапты ішіп отырып сөйлесеміз. Сен мені көзге ілмейтін болдың, үйіңе біраз кешігіп барсаң ештеме етпес, — деп, шарапты Ермектің қолына ұстатты.

— Ғалия Уәлиевна, менің атқарып жүрген қызметімнен мін таптыңыз ба? Бүгін не жайлы сөйлеспек болдыңыз?! — деп, тағы ресми түрде сұрады.

— Ермек, сен өйтіп қасақана түк білмейтін болып көлгірсіме, не туралы сөйлеспек болғанымды естігің келсе, мен сені әлі күнге дейін сүйем, — деп, Ермекті құшақтамақ болып ұмтылған. Ермек мұндай бейбастықты күтпесе керек, Ғалияның қолын қағып жіберіп, есікті тарс жауып, шыға жөнелді. Есікке жете бере айтарын бүкпесіз айтып кетті.

— Мен сізге баяғы ауылдан келген, мас қылып қойнына кіріп алатын, аңқау, алаңғасар жігіт емеспін. Құдайға шүкір, қазіргі уақытта үш баланың әкесімін. Сіз де он сегіздегі жас келіншек емессіз. Мұныңыз ұят емес пе?! Ендігі рет маған мұндай қисынсыз бос әурешілік әңгіме айтпаңыз! — деп, Ғалияның бетін қайтарып, оның жауабын тындамастан шығып жүре берді. Мол жасаулы дастарханның басында отырған Ғалия мұндай тосын жауапты күтпесе керек, аузын аша алмай, қолындағы шарапты ұстаған күйі үн-түнсіз отырып қалды.

Тек есік тарс жабылғанда қолындағы шампанның бөтелкесін есікке жіберіп қалып, быт-шытын шығарды. Бейне бір быт-шыт болған көңіл-күйіндей сынған бөтелкенің ұсақ шынылары еденде бытырай шашылып жатты.

Сол күннен бастап, Ермек пен Ғалияның арасында көзге көрінбес шекара орнағандай, бір-бірімен салқын сәлемдесіп өте шығатын. Ермек «Ғалияның арам ойын іске асырмадым» деп ойласа, Ғалия Ермектен кек алудың құйтырқы жолдарын іздеп, жасырын жымысқы ойларын іске асырмақ болған. Табиғатында ақкөңіл, адал жігіт Ермек Ғалияның арам ойларынан бейхабар болатын.

Бас бухгалтер Ғалия бүкіл есеп-қисап құжаттарды өзі басқаратын. Енді Ғалия Ермектің атына қосымша жасырын мекеме ашып, қомақты ақшаны сол мекемеге аудара бастады. Ермектің ойында ешқандай арам ой жоқ, бас бухгалтер әкелген құжаттарға, Ғалия қол қойған құжаттарға қаннен-қаперсіз қол қоя беретін. Ғалияның өзіне ор қазып жатқанын білсе, әрине, сақтанар еді. Өзі адал болған соң әдет бойынша адал адамдар басқаларды да өздері сияқты адал деп ойлайды. Бір жыл уақыт бойы өзі қолдан жасаған, Ермектің жасанды мекемесіне қомақты қаржыны аударған Ғалия таныс прокурор жігіт Сейітке барып, Ермектің үстінен ақша ұрлады деп айыптап, қылмыстық іс қозғауды өтінді. Сөйтіп, Сейіт секілді таныс прокурордың араласуымен мекемеге тексеру жүргізіліп, қомақты қаржы Ермектің атына аударылған болып шықты. Прокурор Сейіт Ермек басқарған мекемені жедел тексеріп, Ермектің өз атына қомақты қаржыны аударғанын, сөйтіп, қылмыс жасағанын тайға таңба басқандай айтып, прокуратураға тапсырды. Ештеменің байыбына бармаған Ермек өзіне қарсы жасалған мұндай қылмыстың қалай ұйымдастырылғанын білмей дал болды. Ертеңінде бастықтың кабинетінде отырған Ермектің екі қолына кісен салып, ұжым қызметкерлерінің көзінше полиция жігіттері жан-жақтан қаумалап алып кетті.

Ермек күн мен түнді шатастырып алды, өйткені тергеушілердің үш тәулік бойы қылмыс істеді деп уақытша ұсталған күдікті адамды ұстауға құқықтары бар болатын. Осы үш тәулік бойы бір бөлімнің бес-алты полиция қызметкерлері кезектесіп үйлеріне барып түнде ұйқысын қандырып демалып келіп, ал жалғыз Ермекті үш сәтке бойы 72 сағат күндіз-

түні ұйқатпай, күні, түні тепкілеп, азапқа салғанын кейін, есін жиғанда өзі сияқты жазықсыз күнәлы болып, қылмыстарын амалсыз мойнына алған өзі сияқты түрмедегі жігіттерден естіп, жағасын ұстады. Осы уақытқа дейін ауылда туып-өскен Ермек мынадай әділетсіздік болатыны үш ұйқтаса түсіне кірмеген тосын жайт. Енді өзі жеке кәсіпкершіліктен қомақты қаржы ұрлаған, түрменің байырғы жаргоны бойынша «вор в законе» атанып шыға келді. Қазіргі уақытта сот болғанша уақытша ұстау қамағында, яғни түрме изоляторында жатыр. Шағын ғана бір бөлмеде оншақты жігіт жатыр. Ұйқтағанда қатар-қатар қысылысып жатып, әйтеуір танды атырады. Үш уақыт сүп-сұйық быламық көже, немесе мысыққа салғандай тәрелкенің ішіне шөкімдей қылып қана салған азғана бұқтырылған етсіз күріш беріледі. Әйтеуір өлместің күні, аштан қатып қалмасын дейтін болар. Жанындағы жөн білетін жігіттер, — Тамақтың бәрін түрме бастығы ұрлайды, әйтпесе жарты жылда бір рет келетін комиссия келерде кафе, мейрамханалардағы сияқты дәмді тамақ жеп қаламыз. Өйткені, сотталушылардың күнделікті тамағы бір кісі тоятындай даярлануға тиіс, — деп, заңның орасан бұзылып жатқанын тілге тиек ететін. Ермектің бар ойлағаны-бұл қалай қылмысты болып шыға келді. Ермекті аяқтан шалған кім?! Ол ұсталған күні кешкілік әйелі Айдана келіп, бода-бодасы шығып жылап, ыстық тамақ әкеліп берген. — Ермек, енді күніміз не болады? Бұл қалай болды, айтшы, — деп егілген.

— «Аққа құдай жақ» деген, мен ешқандай ақша ұрлаған жоқпын. Өз атыма ақша аударып көрген емеспін. Тек мекеменің құжаттарына ғана қол қойып отырғам. Бекерге жылама, әлі ертенгі күні-ақ үйге жіберер, — деп, әйелі Айдананы жұбатқанмен, Ермектің өзі бұл пәледен оңайлықпен құтылмасына көзі жеткен. Ермек қанша ойланып-толғанғанмен бұл жаланың қалай жабылғанына жауап таба алмады. Бәрінің жауабы бір-ақ күнде белгілі болды. Үшінші күні кездесуге Ғалия Уәлиевнаның жеке өзі жалғыз келді. Сол күні Ғалия Уәлиевна Ермекке жолығып, ұялмай-қызармай үш шартын айтқан.

— Ермек, мен сенің жазықсыз отырғаныңды білем, сондықтан саған көмектескім келеді. Сондықтан мәймөңкелемей турасын айтайын, егер бекерден бекерге сотталғың келмесе, менің айтқанымды істе. Сонда сен ақталып қана қоймай-

сын, марқұм Мәліктің орнына мекеменің бастығы болып бір-жола бекітіліп, аман-есен бостандыққа шығып, біздің мекемеге, бұрынғы қызметіне қайта оралсын.

— Сонда, маған жала жабу үшін менің атыма ақша аударған сен екенсің ғой, Ғалия! Бұған қалай ғана дәтің барды? Ең болмаса, Мәлік Мәлғаждарұлының аруағын сыйлай алмадың ғой, егер ол кісі тірі болса, сен бұлай бетіңмен кетер ме едің? Сен ойладың ба, бұл қылығыңмен жалғыз мені ғана емес, бүкіл ұжымның атына кір келтірдің, соны білесің бе, Ғалия?!

— Жә, жетер, босқа арамтер болып өректіме, Ермек! Егер шындықты білгің келсе мен сенен өш алу үшін әдейі істедім, бірақ құжатқа қарамай қол қойған сен де кінәлісің, Ермек!

— Мен саған сендім ғой, сенің мұндай пасық әрекетке баратыныңды білсем, әр құжатты тексеріп қол қояр едім, әттең-ай, әттең-ай!

— -Мейлі өкінгеннен пайда жоқ, не менің айтқаныма көнесің, немесе бес-алты жыл түрмеде отырып шығасың. Таңдау жасау, сенің бүкіл тағдырын —өз қолыңда!

— Қандай таңдау, қандай тағдыр?! Есің дұрыс па, не айтып тұрсың, Ғалия Уәлиевна! Сені таңдамақ түгілі мен сен сияқты онбаған адаммен сөйлескім келмейді!

— Жә, беталды сонша өректігенің не?! Алдымен тыңда, сонан соң өз шешіміңді айт!

— Мен ешуақытта сен сияқты пасық адамның айдағанына жүріп, айтқанына көнбеймін, сондықтан айтпай-ақ қой! Одан да «бәрін мен ұйымдастырдым» — деп прокуратураға шындықты айт.

— Өйтіп, ақылымнан алжасыппын ба?! Менің айтар шартым — егер Айданадан айырылып, маған қосылсаң, бұл іс біржола, бір-ақ күнде жабылады, оған уәде берем. Сенің бала-шағаңа жетер қаржы жетеді, олар әкесіз өскенмен ақша жағынан толық қамтамасыз етеміз. Ермек, қазір сен маған ашулысың, бір-ақ мен кеткен соң ойлап көрші. Балаларыңа қамқор боламыз, тек шартым — сен маған заңды түрде некелесіп, үйленуің керек. Егер осы шартыма көнбесең түрмеде шірісің, сондықтан жан-жақты ойлан, асығыс шешім қабылдама, — деп, Ғалия мізбақтастан шартын ашық айтып, кетіп қалды. Уақытша қамақтағы жігіттермен ақылдасып еді, олар бірауыздан «Ғалияның айтқанына көнгеннен басқа лажың жоқ, әйтпесе

сотталасың» — деп, жауап берді. Бір аптадан кейін Ғалия қайтадан уақытша қамаққа жолығуға келіп, Ермектің жауабын сұрады.

— Ермек, ашуға бойалдырмай, байыппен ойла, кейін өкініп қалмайтын болып, ойландың ба? Сенің түрмеден шығу, шықпауың сенің бүгінгі жауабыңа байланысты, соны жадыңнан шығарма!

— Ғалия Уәлиевна, бекер келдің. Мен өлсем де сен сияқты арамадаммен қосылмаймын, менің адал жарым бар — ол Айдана! Үш баланың әкесімін. Демек, сіз буынсыз жерге пышақ ұрып тұрсыз, соны түсінесіз бе?! Егер ақшаға сатып алғың келсе, басқа жігіттерді сатып ала бер, ал, мен сатылмайтын адаммын! — деп, ашуға булығып қалшылдап, айғай салған.

— Өкінішті, өте өкінішті! Мен сені аяймын, жас өмірінді қор қылдың, басқа айтар сөзім жоқ, қош бол, — деген Ғалия сол күйі қайтып оралмады. Мосқалдау суық жүзді тергеуші әй-шәйға қарамастан, кезекті сұрақ алғанда Ермектің ақшаны ұрлағанын көріп тұрған адамдай, мойындауын қатаң талап етеді.

— Ермек Сауытбекұлы, «мен алмадым, судан ақ, сүттен тазамын» дегеніңізге ешкім сенбейді, өйтіп қасарысқаныңыз бекер әрекет. Егер сіз қылмыс жасағаныңызды шын жүректен мойындап, ақшаны қайтарып берсеңіз, қылмыстық жазаңыз жеңілдейді. Ақшаны аударған құжатта сіздің қолыңыз тұр, демек сіз әдейі ақша ұрламақ болып, өз атыңыздағы есеп-шотқа аударғансыз.

— Мен жазықсызбын, бас бухгалтер Ғалия Уәлиевна қасақана қастық жасап отыр, ол кісі маған жолығуға келгенде өз аузымен айтты, — деген сөзіне тергеуші кекесінмен мырс етті.

— Ғалия Уәлиевнаның олай айтуы мүмкін емес, ол кісіні бәріміз сыйлаймыз, бір өкініштісі, сенін не бүлдіріп жүргенін білмей қалыпты, әйтпесе, баяғыда-ақ жұмыстан қуып шығатынын айтты, так что, ол кісіге қара күйе жақпа, ондай ертегіні басқаларға айт, — деп сызданды. Амалы таусылған Ермек тергеушінің өзіне мүлдем сенбейтінін, Ғалия Уәлиевна сияқты өздері бұрыннан білетін, таныс адамдарын ғана құрметтеп сыйлайтынын біліп, іштей зығырданы қайнады. Ермектің қолында Ғалияның жапқан жаласын дәлелдейтін бірде бір айғақ жоқ болатын. Ал, Ғалия Ермекке айтқан

шартын сот орнына айтпасы анық. Көп ұзамай Ермекті «мекеменің қомақты қаржысын жымқырған» деп, айып тағып, қанша ант-су ішіп ақталғанына қарамастан «Қазақстан Республикасының атынан» салтанатты түрде үкім шығарылып, айыпты ретінде қолына кісен салып, қару асынған ішкі істер күзетшілері айдап келген Ермек Сауытбекұлын алты жыл бас бостандығынан айырды. Сот залында Ермектің әйелі Айдана мен ұжымдағы әріптес жолдастары қатысып отырды. Ермек осы сәтте жердің тесігі болса кіріп кетуге әзір еді, бірақ өзінің ешқандай қылмыс жасамай жазықсыз сотталып отырғанын ойлағанда Ғалия Уәлиевна сияқты алаяқ әйелдің құрығына түсіп қалғанына, өзінің бухгалтериядан әкелген құжаттарды оқымай қол қоя салғанына өкінді. Ермекті сот залынан қолына кісен салып, айдап әкетіп бара жатқанда Айдана солқылдап жылап, Ермектің соңынан жүгірді.

– Балаларға бас-көз бол, мен көп ұзамай келем, апелляциялық шағым жазам, – деуге ғана шамасы келді. Ермектің жазған апелляциялық шағымы да, кассациялық шағымы да, Жоғарғы сотқа жазған арызы да өзгеріссіз қалды. Ешкім Ермектің жазықсыз екеніне сенген жоқ. Тек сүйген жары Айдана ғана күйеуі Ермектің ешқандай қаржы ұрламағанын анық біліп, қолынан ештеме келмегеніне қорланып, күні-түні зар жылады. Ермек жазықсыздан жазықты болып, темір тордың аржағында қамығып отырып, сот залында соңғы рет көргендегі сүйген жары Айдананың жас жуған қайғылы жүзін, үйде асыр салып, қаннен-қаперсіз ойнап жүрген кішкентай құлыншақтары – Мәлігін, Әлменін, Данасын ойласа, ағыл-тегіл жылағысы келетін. Бірде іші күйіп бара жатқандай, өзін қоярға жер таппай қиналса, енді бірде ащы өкініштің шер шемені көкірегіне мұз болып қатқандай қалтырап, айнала дүниеден баз кешкендей меңірейіп, үн-түнсіз қалады. Түрмедегі басқа тұтқындар сияқты шашын тақырлап алып тастаған соң, қап-қара түрменің қолапайсыз киімін киіп, кеудесінде жазылған нөмірі бар, керзі етігін тарпылдатып, күнделікті қару кезенген күзетші әскердің айдауымен шахтада көмір қазады. Кешкілік үсті-бастары қап-қара күйелеш-күйелеш болып, түрменің казармаларына қайтады, екі қабатты қаз-қатар кереуеттің екінші қабатына көтеріліп, күндізгі ауыр жұмыстан қалжырап, талықсып ұйқтайды. Бір-бірінен

айнымайтын күн мен түн алмасып жатқанмен бұл жердегі сотталғандардың жүрегі селт етпейді, жансыз қуыршақ сияқты айдағанына жүреді, айтқанына көнеді. Бостандыққа қашып кетпекші болған бір-екеуі қолға түсіп, одан сайын екі-үш жыл қоса арқалады. Бос уақыттарында Ермек іштегі бар сырын ақтарып, Айданаға құлаш-құлаш хат жазады. Үш баламен жалғыз өзі қалған Айдана жазықсыз сотталған күйеуі Ермекті шығарам деп, бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Бар жерде кездескен тонмойын шенеуніктер Айдананың арызын «ит итке сілтеп, ит құйрығына сілтеп» демекші, бір-біріне сілтеп, мардымды жауап ала алмай, жас келіншектің тауы таска шағылғандай болды. Ақыры, ештеме шығара алмайтынына көзі жеткен келіншек белін буып, қайта жұмысқа шықты. Тоңмойын шенеуніктердің табалдырығын тоздырып, жүгіріп жүріп үш баласын бала бақшаға өрең өткізді. Ғалия Уәлиевна Айданаға ешқандай қысым жасаған жоқ, Ермектен өшін алып, айызы қанғандай қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Ермекке жала жабылып, жазықсыз сотталғаннан бері Айдананың көзінде – жас, көңілінде – нала.

Ермек түрмеде отырып, күн санаса, бостандықта жүрген Айдана да күйеуінің келер күнін санап, сарғайып сағынумен күн өткізді. Ермек жанында жүргенде бота көзінен бақыт нұры шашырап, жарқылдап күліп жүретін келіншек солған гүлдей бет-жүзі қуарып, арықтап кетті. Алғашында сасқалақтап бар өшін көз жасынан алған келіншек мына шиеттей балаларды асырап-сақтап, қорған болу үшін өзінің мықты болу керектігін ойлап, белін бекем буды. Бұл кезде социалистік қоғам ыдырап, капиталистік қоғам өрби бастаған. Жұмыс орнында жаппай қысқарту жүріп, көп адам отбасын асырай алмай, судан жағаға шығып қалған балықтай жанталасып, жұмыс іздеп, сендей соғылысқан кез. Айдана кішкене қызы ауырып қалып, бір аптаға ауруханаға жатқан. Осы кезде Ғалия Уәлиевна Айдананы жұмыстан қысқартып, көзіне сүйелдей болған әйелді құртып тынды. Үш баламен жұмыс іздеу оңай емес, ақыры жан-жақтан іздеп, жұмыс таппай, ақшасы таусылған Айдана амалсыз төркініне баруға ұйғарды. Айдананың әкешесі күйеу баласы Ермектің сотталып кеткенінен бейхабар болатын, өйткені, күйеуінің өзі Айдананың әке-шешесі – ата, енесі мұндай жазықсыздан жазықсыз, өз атына қомақты қар-

жы аударып, жемқор жымқырушы болды деп, масқаралықпен сотталуымды білмей-ақ қойсын деп, Айданаға өтініш айтқан. Енді үш баласын ертіп келген Айдана еріксіз болған жайды әкесі Дәулет пен шешесі Дәмешке жайып салды.

— Әттегене-ай! Күйеу баламыз өте адал адам еді, ондай адал жандарға қазіргі капиталистік қоғамда күнкөрсетпейтіні белгілі. Түйені түгімен жұтқандар тайрандап жүр, ешкімнің ала жібін аттамаған ақ, адал күйеу баламыз Ермек алты жылға сотталған. Бұл не деген әділетсіздік!

— Көлігімен мас болып, талтүсте адам өлтірген көршіміз пара беріп, үйінде шәниіп жатыр. Мұндай капитализмі құрысын, әттең, күйеу баламыз Ермек байғұс темір тордың аржағында екі көзі төрт болып, азаттықты аңсап, армандап жатыр. Бұл қандай заман! — деп, әкесі Дәулет пен шешесі Дәмеш бұлқан-талқан болды. Бір аптадан соң, балалар ауылға үйреніп, атасы мен апасына бауыр басып кетті. Балалардың ойларында ештеме жоқ, асыр салып ойнап, ауылдың жанындағы іркілген су-көлшікке суға түсіп, қаладан денелері күн тимей аппақ болып келген Мәлік пен Әлменнің үстері күнге тотығып, қарайып, ауыл балалары сияқты жалаңаяқ, үстеріне түрсиден басқа лыпа кимей жалаңаш жүретін болды, тіпті кішкентай екі-үш жастағы Дана да кейде ағаларына ілесіп, көлшікке барып, су жағасына көйлекшең қойып кетіп, суда тырбындап шолпылдап, суға түседі.

— Дананы суға апармандар, құдай сақтасын, ол әлі кішкентай, сондықтан сендер кішкентай қарындастарына бас-көз болындар-деп, анасы кетер-кеткенше жарғақ құлағы жастыққа тимей ақыл айтты. Бір айдай ауылда жүріп, Айдана қала өмірін сағына бастады. Ауылда уақыт жылжымай бір орнында тұрып қалған сияқты, кәрі әкесі мен анасы таң бозында қораз шақырғанда-ақ ұйқыларынан сергек тұрып, сыртқа шығып, дәрет алып, таңғы намаздарын оқи бастайды. Сонан кейінгі шаруалары — қыт-қыттаған жалғыз қораз бен он тауыққа жем шашу, ала сиырды қақтап сауып, өріске жіберу, ақ серке бастаған он шақты қойды өріске қосу. Таңғы астарын шүйіркелесіп, асықпай ішкен соң, сырттағы қазаношаққа лапылдатып, құрай, сабан жағып, үлкен қара қазанға құрт қайнатады. Ондай кезде алты жастағы Мәлік пен төрт жасар Әлмен тіпті екіден жаңа асып, тәй-тәй басқан Данаға дейін қазаношақ-

тағы құрттың көбігін жалап, қарқ болып қалады, кейде «мен жалаймын, менің кезегім» деп, әжесінің қолындағы ожауға таласатынын қайтерсің. Ондай кезде әжесі, «— Қойындар, құрттың көбігі бәріңе жетеді, түк көрмегендей таласа қалуын бұлардың. Қаланың қара сирақтары!» деп, біраз бұрқылдап ұрсып алады. Онысы — бер жағы, ішінен жиен немерелеріне іші майдай еріп, жанындай жақсы көреді. Әжесінің зілсіз ашуын қаперіне алмаған үшеуі біраз қазаношақты жағалап, ақыры әжесі шынымен ашуға мінгенше таласуын қоймайды.

— Отқа түскен көбелектей шыр айналмай, қазаношақтың маңынан тайып тұрындар, отқа күйіп қалуларың мүмкін! Әйтпесе, атаң құлақтарыңды кесіп алады! — деп, қорқытқанда ғана үшеуі бірдей көздері бақырайып, шынымен құлағымызды кесіп алудан тайынбас дегендей, тым-тырақай жан-жаққа қашып үлгереді.

— Апа, балаларды ауылға қалдырып, қалаға барып, Ермектің жай-күйін білейін, жаңа жұмыс іздеп көрейін. Егер жақсы жұмыс тапсам, балаларды келіп, алып кетермін.

— О не дегенің, қызым. Алаңдамай, қалаға барып, Ермек-жанның жазықсыз сотталғанын айтып қуынып көр. Мүмкін, құдайға қараған бір адамға жолығып қаларсың, Ермекжанның кінәсіздігін біліп, бостандыққа шығарар. Біз шал екеуміз немерелерімізге бас-көз боламыз, балаларға бола алаңдама, қызым, — деп шешесі Дәмеш дем берген.

— Біз кемпір екеуміз тірі тұрғанда немерелерімізді асырауға шамамыз жетеді, анаң дұрыс айтады, Ермекжанның ақтығын дәлелде, біреудің ала жібін аттамаған адамға қалайша қара күйе жағып отыр, бұл әділетсіздікпен күресуің керек, қызым, — деп, әкесі Дәулет кемпірін қоштады. Сөйтіп, үш баласының бетінен сүйіп, Айдана танертеңгі автобуспен қалаға тартқан. Кешкілік үйіне келіп жетті. Айдана балалардың кір-қоңын жуып, тамағын уақытты даярлап, киім-кешегін жуып, әке-шешесімен әңгімелесіп, Ермектің жоқтығын аса байқамаған екен. Енді қаңыраған үйде Ермекті ойлап, ботадай боздап, кешкілік шам жақпай, сүт пісірім уақыт бар дауысымен қыстыға жылады. Әлден уақытта екі кештің арасында жаман ырымды бастап, сапсау тірі күйеуімді жоқтап жылағаным күпірлік болар, одан да ертең жұмыс іздеп, біраз ақша тауып, Өскеменде түрмеде жатқан күйеуіме барып, жолығып келейін деп ой түйді. Танертең тұра

сала жақын маңдағы дүкендерді, кәсіпорындарды аралап, бір апта бойы жұмыс іздеді. Бірақ, Айданаға лайық жұмыс табыла қалмай, бірнеше күн сергелдең болды. Ақыры, бір аптадан соң шағын бір мекемеден бухгалтердің жұмысын тауып, балаша қуанды. Ендігі бар арманы – жолға жетер ақша тауып, бір-екі күн болса да күйеуімен бетпе-бет жолығып, аман-саулығын білу. Айдана жұмыс тапқанына қуанып, жаңа орналасқан жұмысына бар ынтасымен кірісіп, кешкілік жұмыстан қалып, есеп-қисаптарын мүлтіксіз орындады. Айдананың қағілез, еңбекқор екенін байқаған Айдананың жаңа бастығы жасы елуден асқан москалдау әйел Күлшат та өз ісін ұршықтай үйірген жаңа бухгалтер маманына оң қабағын танытып, жылығушырай бастады. Тегі, қайда жүрсе де жақсы адамға бір кісілік орын табылады, көп ұзамай Айдана осы шағын ұжымның белді бір мүшесіне айналды.

Үш айдан соң, Өскеменде жазықсыздан жазықты болып, түрмеде отырған күйеуінің жай-жапсарын жасырмай айтып, көптен көрмеген күйеуіне барып, жолығып келгісі келетінін айтып, бастығына қиыла өтінген. Бастығы Күлшат сөзге келген жоқ, қайта ақыл-кеңесін айтып, қолынан келгенше көмектесіп, бәйек болды. Жолға жиналып, азық-түлігін алып, поездбен Өскеменге аттанған. Дамылсыз тақ-тұқ, тақ-тұқ еткен поезд дүрсілі Айдананың жүрек дүрсілімен үндескендей, бір сәтке жүретін ұзақ жолда көз шырымын алғысы келгенмен көз іле алмады. Әр жерде бір тоқтап, поезд қалыпты тарсылынан айнымай, ышқына өкіріп, гудок беріп, рельске тарс-тұрс соғылып, бірқалыпты жылдамдықпен алға тартады. Бір сәтке Айданаға поезд өгіз арбадай жай жүріп келе жатқандай көрінеді, тезірек сүйген жарымен қауышып, аман-саулығын біліп, көруге асығады. Асығып-аптыққан жүрек тыншығар емес, көз алдына күйеуімен сот залында соңғы рет қоштасқаны елестеп, көзіне мөлтілдеп жас келді. Поезд купесінің жоғарғы қабатында жатып, іштей бір аллаға жалбарынып, Ермектің, ауылдағы балаларының, кәрі әке-шешесінің аман-саулығын тіледі. Ертеңінде діттеген жеріне жетіп, ары қарай жақын маңдағы түрмеге дейін жолаушы таситын автобусқа отырып, Ермек қамалған түрмеге жетті-ау! Түрмедегі күйеуіне кездесу үшін бірнеше бастықтың алдына кіріп, құжат қағаздарына қол қойдырып, көңілі тыншыды-ай, әйтеуір. Ақыры, бар құжат-

тарын тексере келе күйеуімен жолығуға екі күнге рұқсат берген, Айдананың қуанышында шек жоқ. Есікке қарай алаңдап отырғанда үстінде қап-қара түрменің киімдерін киген ап-арық Ермек әйелін көріп, бассалып құшақтады. Сағынысқан ыстық құшақтар жақын арада айырылысар емес, Ермек өз көзіне өзі сенбегендей Айдананың толқыған жүзіне қарай береді.

– Жаным-ау, сені сағынып қалыппын, сонау жер түбінен несіне әуре болып келдің, балалар қайда? Оларды кімге сеніп тапсырдың, балалар аман-есен бе, өз халың қалай? – деген Ермек сұрақты бастырмалатып, Айдана жауап бергенше тағат табар емес, әсіресе, балаларға қатты алаңдайтынын бірден сездірген.

– Балаларға алаң болма, бәрі аман-есен. Дана сен кетерде тәй-тәй басып жүр еді ғой, қазір жүгіріп жүр, тілі шыға бастады. Екі тентегің де, Дана да әке-шешемнің қолында. Олар балаларды көздің қарашығындай сақтайды, алаң болма. Қатира апаң ауырып жүр, сен түрмеге түскелі қан қысымы көтеріліп, жүрегі сыр беріп, денсаулығы нашарлап кеткен. Бірақ, сен уайымдама, қазіргі уақытта халі жақсы. Мен саған барар кезде апама жолығып, Өскеменге бара жатқанымды айтқанымда ол кісінің қуанғанын көрсең ғой. Айтпақшы, апам саған арнап өзің жақсы көретін сүзбе құрт беріп жіберген, мінеки, әкелдім, сенімен жолыққанда мен үшін ұлымның бетінен сүй деген, қане, бетіннен сүйіп қояйын-деп, күйеуінің мойнынан орай құшақтап, бетінен құшырлана сүйді.

– Әлі бес жыл отыруым керек оған қалай шыдаймын айтшы, Айдана? Менің сендерсіз өткен әрбір күнім бір жылға тең, – деп, ауыр күрсінді Ермек. Денесі сылынып жүдеп-жадап арықтап қалыпты, еті қашқан атжақты жүзіндегі мойылдай қара көзі ғана бұрынғы қалпында.

– Жаным, сонау жақтан сені аңсап, іздеп келгенімде қалған бес жыл туралы айтпашы, мүмкін, ісің оңға басып ақталып шығарсың, жаным!

– Әй, қайдам, мен апелляциялық, кассациялық шағым жаздым, бірақ бәрі бір ауыздан «үкім өзгеріссіз қалсын» деп, шешім шығарды. Бұрынғы көкірегімде маздаған үміт оты бірте-бірте сөне бастағандай.

– Қой, олай деме, «үмітсіз – шайтан» деп, апам айтып отырушы еді ғой. Сондықтан алдағы күннен үміт үзбе, жарқыным!

— Әрине, ол айтқаның дұрыс, Айдана. Әлі бұл түрмеде отырған күндерім де қорқынышты түс көргендей ұмыт болар жаным. Түу, сенің келгенің қандай жақсы болды, сенің жұпар иісіңді сағындым, уақыт дәл осы қалпыңда тоқтап қалсайшы, шіркін! Екі тәуліктен соң сен астанаға кетесің, мен тағы түрмеге тоғытылам, мұнда бір минут та қалғым келмейді, сенен, балалардан айырылып, мына түрмеде қалғанымша біржола өліп қалғаным дұрыс болар еді, — деп, Ермек жабырқап қалды.

— Жаңа ғана қалай келісіп едік? Тек, өмірдің жақсы жақтарын ғана айтамыз, солай емес пе?! Қане, мен дастархан жайып жіберейін, саған қазы-қарта пісіріп әкелгем ауылдан апам құрт, ірімшік, жент беріп жіберген. Ауылдың тамағын сағынған шығарсың, жесеңші, жаным!

— Расында сағынып қалыппын, — деп, Ермек қазы-қартаны қарбыта асап, біраз тоғын басқан соң, құрт, ірімшікке көшті.

— Әлі-ақ бес жыл өте шығады, мүмкін амнистия болса ерте шығарсың.

— Оның рас, мені осы жердегі сотталғандардың арасында бригадир қылып тағайындады. Аяқкиім шеберханасында он шақты адамды басқарамын, егер жақсы жағынан көріне білсең, ертерек шығуың мүмкін деген.

— Әне, көрдің бе, ертерек шығуың мүмкін, бәрі өз қолыңда, — деп, Айдана қуанып қалды. Сағынысқан құшақтар ажыраспай ерлі-зайыпты Ермек мен Айданаға екі тәулік екі сағаттай теп-тез өте шықты.

— Әйеліңмен екі тәулік кездесуге рұқсат бердік, бүгін уақытың бітті, бізбен бірге казармаға барасың, — деп, қару асынған күзетші әскерлер Ермекті алдына салып, айдап әкетті. Айдана күйеуінен айырылғысы келмей арттарынан қоса жүгіріп, қоштасарда қимай қыстыға жылап жіберді.

— Айдана, жылама! Балаларға ие бол! — деген Ермек артына жәутендеп, келіншегіне қарай-қарай темір тордың артына тоғытылды. Бар өшін көз жасынан алып, Айдана қайтадан астанаға жол тартты. Қайтарда поезға билет таба алмай, ұзақ жолға жолаушы автобусымен қайтуына тура келді, Жолшыбай автобуста отырып, Ермек екеуінің сөйлескен сөздері қайтадан жадында жаңғырығып, күйеуін ойлап, қамығып отырып, екі күн ұйқтамаған келіншек қалғып ұйқтап кетіпті. Ояңғанда астанаға жетіп қалғанын біліп, қатты таңырқады. Сөйтсе,

екі тәулік ұйқтамай әбден қалжыраған келіншек он бес сағат бойы тырп етпестен ұйқтапты. Абырой болғанда жүк салған сөмкелері киім-кешектерінің бәрі орнында екен. Ұзақ жолда ұйқтап жатып, сөмкелерінен айырылып қалған жолаушылар да кездеседі. Астанаға шаршап-шалдығып жеткен Айдана ертеңіне жұмысқа шықты.

— Айдана, жағдайың қалай? Күйеуіңмен кездесіп, қуанып келген келіншекке ұқсамайсың, әлде жол соғып, шаршап қалдың ба? Онда бүгін үйге барып тынығып ал, ертең тың күшпен жұмысқа шығасың, — деген бастығы Күлшат кеңпейілділік көрсетіп, сол күні Айданаға тағы бір күн қосымша демалуына рұқсат берді.

— Жоқ, Күлшат Айқынқызы, қамқорлығыңызға рахмет, бірақ қазір үйге барсам, тағы түрмеде жазықсыздан жазықты болып жатқан күйеуімді ойлап, есім шығады. Одан да күнделікті жұмыспен айналысып, жеке басымның мәселесін естен шығарғым келеді, — деген Айдана есеп-қисапқа кірісіп кетті. Айдананың жауабы бастығына да ұнады-ау деймін, жас келіншекке ризалықпен қарап, жымырып қойды.

— Әрине, оның да дұрыс, жұмыс бастан асып жатыр-деп, бірден мақұлдады.

Айдана бухгалтер болып тапқан жалақысының тең жартысын үй-ішіне балаларына жіберіп тұрды. Қалғанына киім-кешегін, тамағын алып, пәтерақысын төлеп жүрді. Күн артынан күн өтіп, ай артынан ай өтіп, бір жыл жұмыс істеген Айдананың кезекті еңбек демалысы жақындап қалды. Айдана алдымен ауылға барып, балаларына киім-кешек сатып әперіп, шырттай киіндірді. Ауылда екі-үш күн болған соң қайтадан Өскеменде түрмеде жатқан күйеуі Ермекке баруға асықты. Әке-шешесі де Айдананың тез арада жол жүруіне қарсылық білдірмеді. Айдана Ермекпен ұялы телефонмен хабарласып, үлкен ұлы Мәлікті ертіп апарайын деп еді, Ермек үзілді-кесілді қарсы болды.

— Тұңғыш ұлым әкесінің түрмеде жатқанын көріп жасып кетер, менің түрмеде жатқанымды білмей-ақ қойсын балаларды ертіп әкелуші болма, иен шипажайда демалып жатқам жоқ, ақша ұрлады деген жалған айыппен жатырмын-деп, Айдананың өзі артынып-тартынып жолға шықты.

Бұл жолғы кездесу алғашқы жылғыдай емес, бірқалыпты өтті. «Үш күннен соң адам көрге де үйренеді» демекші, Ермек

түрменің өміріне бойұсынған сияқты, бұрынғыдай тарылып, таусылып сөйлемейді, жайбарақат, көңілді қарсы алды. Сөйтсе, түрменің бастықтары Ермектің жақсы еңбек еткенін ескеріп, жоғары заң орындарына мерзімінен бұрын босатуға қолдау-хат жазыпты. Енді жауабын күтіп жүр екен, мына жаңалықты естіп, Айдананың да көңілі көтерілді.

— Кім біледі, мүмкін ертерек босатпай қояр, сен ерте босатады деп алдын-ала бекерге қуанба, «кісідегінің кілті — аспанда» деп, әкем марқұм айтып отырушы еді — деп, алдын-ала қуанған әйелі Айдананың аптығын басты. Бұл жолы бір-ақ тәулікке рұқсат берген екеуі емін-еркін сөйлесіп те үлгермеді. Таң атқанша ұйқтамай болашаққа болжам жасап, ертеңіне көп ұзамай Ермекті ертерек босата ма деген үкілі үмітпен қимай қоштасты. Айдана темір тордың аржағында қалып бара жатқан күйеуіне қарап, өздерінің қазіргі дәрменсіз халдерін ойлап, көзіне мөлтілдеп жас келіп, қолын дұғай бұлғап, қоштасып кете барды. Жолда жолаушылар автобусына отырған соң жас келіншек ауылдағы шиеттей үш баласын, түрменің қапасында бостандыққа шығам ба деп үміттенген күйеуі Ермекті уайымдап, терезеден көз алмай отырып, солқылдап жылап алды. Бір кезде сүттей ұйып отырған отбасы бүгінде әр қиырда тарыдай шашылып, отбасының берекесі кеткеніне қынжылды.

Айдана асыға күн санап, Ермектен зарығып, жақсы жаңалық күткенімен жуық арада күйеуі еркін өмірге, азаттыққа шыға қоймады. Жоғары заң орындары тез арада жауап бермеді ме, әлде ерте босатуға қол қоймады ма, белгісіз, әйтеуір Ермек үш жыл толғанда әрең босап шықты. Айдана екеуі ауылдағы балаларын алып, Ермектің ауылына барып, Қатира анасының хал-жағдайын білді. Ұлы Ермек түрмеге түскеннен кейін уайым-қайғыдан жүрегіннің талма ауруы ұстап, жетпіс жастан асқан Қатира төсек тартып ауырып қалған. Ермек түрмеден келгенін көріп, көрі анасы еңіреп жылап, «ақсарбас» қой сойып, бүкіл ауылды құдайы тамаққа шақырып, ұлының темір тордың аржағынан аман-есен келгеніне шүкіршілік жасады. Кішкентай немерелері — Мәлігін, Әлменін, Данасын құшақтап, беттерінен шөпілдетіп сүйіп, мауқын қандырды.

— Тәте, қалаға апарып сізді білікті дәрігерлерге көрсетейік, мүмкін жүрегіңізге ота жасайтын шығар, құдайға шүкір, аман-есен түрмеден босап шықтым, ендігі бар арманым —

сіздің құлан-таза жазылғаныңызды көру, — деген Ермек қоярда қоймай анасын астанаға апарып емдетпекші болды. Бірақ, көпті көрген кемеңгер анасы бірден көне қоймады.

— Сенің аман-есен келгеніңді көріп, көзайым болып, қуанып отырмын. Қалада шиеттей үш балаларың бар, сендерге масыл болып қалаға барғым келмейді. Құдайға шүкір, ауылдағы дәрігерлерге қаралып жүрмін, маған бекерге алаң болмандар деп, ат-тонын ала қашып, қалаға барудан біржола бас тартты. Сөйтіп, Ермек мен Айдана ауру аналарына қарай-қарай балаларын алып, астанадағы үйлеріне қайтты. Көп ұзамай Ермек анасын ертіп келмегенінің дұрыс болғанын байқады. Өйткені, келе салып, бұрынғы тамыр-таныстарына жолығып, өзінің мамандығы бойынша жұмыс іздеген. Ермектің түрмеде отырып шыққанын білетін таныстарының біразы теріс айналса, енді қалғаны түрмеден шыққан Ермекті жұмысқа ала алмайтындарын ашық айтқан. Ермектің бармаған жері, баспаған тауы жоқ, бүкіл қаланы кезіп, өзіне лайық жұмыс іздеді. Алғашында жұмысқа алуға ниет білдірген басшылар Ермектің түрмеде отырғанын естігенде, алғашқы ниеттерінен айнып шыға келеді. Ермек Ғалияның бекерден-бекер жала жауып, соттатып отырғанын іштей біле тұра басқаларға ештеме түсіндіріп айта алмады, басқа тұрмақ, алғашқы кезде батылы жетпей қойнындағы қатыны Айданадан да жасырды, кейіннен түрмеге шынымен түсетінін білген соң ғана өткендегі болған жайтты бүге-шігесіне дейін әйеліне айтып берген. Бірнеше ай бойы сарылып жұмыс іздеп, ақыры салы суға кетіп, жұмыс табудан әбден күдерін үзгендей болды.

«Бәсе, қоғамның өзі түрмеден түскен адамдарды ел қатарлы жұмыспен, баспанамен қамтамасыз етпей, қылмыс жасауға итермелейді, өйткені, аштықтан көзі қарайған жандар қайтадан қылмыс жасап, адам, немесе пәтер тонап, қайтадан түрмеге түсуге мәжбүр болады. Ұмытпаса, Американың бұрынғы президенті Авраам Линкольннің қанатты сөзі бар, «қылмысты болдырмау үшін әр мемлекет әрбір азаматты баспанамен, жұмыспен қамтамасыз етуі керек, әйтпесе, аштықтан көзі қарайған адамды қылмысқа итермелегені». Қанша рет жұмыс таппай әбден сергелдеңге түскенімен келер күннен үміт үзбеді, өйткені, үйде балапандай шүпірлеп, әкесінің жолын күтіп үш баласы отыр, демек, Ермек қара жұмысқа кіріссе де сол бала-

шағасын асырауы керек. Күн сайын сөйтіп, күні бойы тентіреп талай босағаны аттап, ауыздарын қу шөппен сүрткендей, Ермектің түрмеде отырғанын білісімен бәрі бірауыздан бас тартты. Күдерін үзіп келе жатқанда ауылдан қалаға бірге келген Асқардың жолыға кеткені, Ермек туған бауырын көргендей кластасымен қуана қауышты. Құшақтары ажыраспай ежелгі екі дос төс қағыстыра амандасты.

— Әй, сені көрмегелі қанша жыл болды, үйленді деп естігем, бір ауылдың түлегі сыныптасыңды тойға шақырмайсың, оның қалай, ә?

— Өткен өмірді қазбалап қайтесің, одан да қазір қайда жұмыс істейсің, соны айтшы, әлі құрылыста жүрсің бе?

— Ия, қайда болушы едім, баяғы құрылыстамын, бірақ бұрынғыдай жай құрылысшы емеспін, карамағымдағы жиырма, отыз адамның бригадирімін.

— Үй алдың ба, айтсаңшы!

— Әрине, алдым! Таугүл шағын ауданынан екі бөлмелі пәтер алғам.

— Үй алғаның жақсы болған екен, құтты болсын!

— Рахмет, Ермек, сен туралы нешетүрлі қауесет естідім, қайсысы рас, қайсысы өтірік екенін өз аузыңнан естиін, жүр, мына кафеге кіріп, кешкі тамақ ішейік.

— Асқар, шынымды айтайын, менің қалтамда көк тиын жоқ, достым!

— Ермек, мен бүгін жалақы алып келе жатыр едім, «жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығар» демекші, сені жолықтырдым, сондықтан не тапсырыс берсең де ақшаға уайымдама, мен төлеймін.

— Асқар, жана мен туралы нешетүрлі қауесет естідім дедің, сонда ел мен туралы қандай пікірде, айта отыр, қысылма, бәрін айт.

— Ермек, мен оның біріне де сенгем жоқ, сені үлкен бастық болып, байып кетіпті деді, енді біреуі мекеменің қыруар ақшасын ұрлап, сотталып кетті деді, сен өзің айтсаңшы, қазір қайдасың, жағдайың қалай?

— Жағдайым мәз емес, сотталғаным рас, Асқар!

— Қойшы, қалжыңдап отырсың ба, сен мектепте ең үздік оқушы болдың, әрі қара қылды қақ жаратын әділдігінді тағы білем, бұл қалай болғаны, жасырмай айтсаңшы!

– Асықпа, бәрін естисің. Бірақ, бір тиын ақша ұрлағам жоқ, бір өштескен адамның кесірінен жазықсыздан жазықты болып шыға келдім.

– Ермек, ол қандай оңбаған адам! Аты-жөнін айтшы, жігіттермен бірге барып, сен үшін кек алайын. Кінәсіз адамға жала жауып, қалайша жер басып жүр, арам неме! Ал, сен сол сұмырайдың қырсығынан қанша жыл түрмеде отырдың, есіл өмірінді қор қылдың, бұл не деген әділетсіздік!

– Асқар, бұл – қайғыға, қуанышқа, тосын жайттарға толы шынайы өмір. Ал, өмірдің жолы біз ойлағандай түп-түзу даңғыл жол емес, бұралаң-бұлтарысы көп қиын-қыстау жол. «Кермеде жылқының жақсысы, түрмеде – жігіттің сұлтаны жатыр» деген сөз шындыққа саяды екен, ол жерде жала жабылып жатқандар біз ойлағаннан тым көп екен. Әттен, оларға қол ұшымды бере алмаймын, өкінетін жайт осы, Асқар досым!

– Ермек, сен бұрынғыдай емес, өмірдің қиындығын көріп ысылып келіпсің, енді маңдайыңа жазылғаны солай болар, уайымдама, досым.

– Ие, түрмеде отырам деген ой үш ұйқтасам түсіме кірмеген жайт. Құдайға шүкір, үш жарым жылда жақсы тәртібім үшін босап келдім, енді бостандыққа шыққанымға қуанып жұмыс іздесем, түрмеде отырғанымды естіп, алапес ауруды көргендей бәрі ат-тонын ала қашады. Міне, сөйтіп, қалтамда бір тиын жоқ, жоғары оқу орнын бітірген дипломымды қалтама салып алып, жұмыс іздеп сандалып жүргенімде ескі дос, сені кездестірдім, Асқар!

– Демек, бұл бекер жолығу емес, маған жұмысқа тұр, біраз қара жұмыс істеп көр, әйтпесе, менің орныма бригадир бол, Ермек!

– Мейлі, қандай жұмыс болсын, бала-шағамды асырауым керек, ұсынысыңды қабыл алдым, әкел қолыңды! – деп, екеуі аздап қызып алған Асқар мен Ермек орындарынан ұшып тұрып, құшақтасып қол алысты. Ертеңіне Ермек қарапайым жұмысшы киімін киіп, Асқардың құрылысшылар бригадасына косылды.

– Ермек, біздің жұмысымыз ауыр, еңбекақымыз – азғантай. Сен бұған шыдай алар ма екенсің? – деп, Асқар алғашқы күдігін жасыра алмаған.

– Не де болса нартәуекел! Сен істеген жұмыс менің қолымнан да келер, екі қолға бір жұмыс табылса болды, – деген

Ермек қара жұмысқа құлшына кірісті. Алғашқы күндері Ермекке қиын болғаны рас, ылғи кеңсе қызметін істеп, ақсаусак болып қалыпты, бірінші аптада екі алақаны күлбіреп, күрек ұстаған қолы ойылып қалды. Бірақ, соған қарамастан басқа құрылысшы жігіттерден қалыспай, намысқа тырысып, жұмысты жапыра істеді, оның мына құлшынысына Асқардың өзі таңғалды.

– Ермек, сен бастық болып үйреніп қалған шығарсың, бір-екі күннен соң-ақ қара жұмыстан қашып кете ме деп едім, сен біздің ауылдың түлегі екенінді дәлелдедің, жарайсың, досым! – деп, арқасынан қақты.

– Менің түрмеде отырып шыққанымды ұмытпа, менімен байқап қалжыңдас, – деген Ермек үш жыл бекерден бекер отырғанын есіне алып, мұңайып қалды.

– Ондай жаман жақтарды еске ала берме, шынымен қыруар қаржы жесең, мынадай қара жұмысты атқарар ма едің?! Әттең, саған пәле жапқан әлгі Ғалия деген сайқал қатын. Егер ер адам болса сен үшін кек алар едім, әйел адамға қол көтере алмаймын, – деген Асқар әңгімені басқа тақырыпқа ауыстыра қойды.

– Ермек, біздің бір бригадир жігіт ауырып қалыпты, сен орнына бола тұрсаң жақсы болар еді, әрі айлығы да артықтау.

– Әрине, болайын, мен саған айттым ғой, мен ешқандай жұмыстан қашпаймын, бала-шағамды асырасам болғаны, – деп, Ермек қуана келісті. Демалыс күндері ауыр жұмыстан қажыған құрылысшы жігіттер ашы судан сілтеп, демалады екен. Ермек құрылысшы жігіттерге тың ұсыныс айтты.

– Жігіттер, біздің астананың маңында Көктөбе, Медеу, Шымбұлақ сияқты көрікті жерлер көп. Алайда, жұмыстан қол тимегендіктен ешқайда бара алмаймыз. Менің ұсынысым – жұмыстағы шағын автобусты бастықтан сұрап алып, бала-шағамызбен табиғат аясында демалайық, оған қалай қарайсыңдар!

– Әрине, шын жүректен, ризашылықпен қуана келісеміз, сыраhanaға барып демалғанша, таза ауаға барып демалайық, – деген құрылысшы жігіттер бірден келісті, мұндай жаңалықты естіген сылақшы қыздар да қосыла кетті. Сөйтіп, құрылысшылар бала-шағаларын алып, Медеуге аттанды. Ермектің ұйымдастыруымен Жамбыл Жабаев мұражайына,

Әбілхан Қастеев суретшінің мұражайларына барып, әшейінде сыраханадан ұзап шықпайтын жігіттер, үй іші – әйелі, бала-шағасымен бірге мәдени демалыс орындарына қуана баратын болды. Ермек табандатқан екі жыл бойы құрылысшылардың бригадирі болып, адал еңбек етті. Осы екі жыл ішінде құрылыс бастықтары құрылысшы жігіттердің азғана жалақысын кешіктіріп беріп, бала-шағасын асырап жүрген құрылысшылардың наразылығы күннен күнге арта түсті. Әдеттегідей демалыс күндерінде тау бөктерінде демалып отырған әріптес жолдастары Асқар, Ерден, Сұлтан, Садуақас, Ерік, Қуанышқа Ермек ішкі сырын ақтарды.

– Жігіттер, мен көптен бері өздеріңмен ақылдасқым келіп жүр еді, екі жылдан асты, бір отбасының мүшесіндей қоян-қолтық еңбек етіп келеміз. Бірақ, сол еңбектің бейнетін біз көреміз, зейнетін құрылыс бастықтары – инвесторлар көреді. Құрылыс кәсіпкерлігін бастау үшін қомақты қаржы керек, ал біз тек жалақыға өмір сүріп келе жатырмыз. Егер тәуекелге бел буып, өзіміздің кәсіпкерлік бизнес жоспарымызды жасап, банктен үлкен несие алсақ, сөйтіп, мемлекеттік үлкен конкурстарға қатысып, тендер арқылы құрылыс нысанын ұтып алсақ, осы жиырма жігіт серіктес болып, кәсіпкерлік іс бастасақ деген ойым бар. Біз ісіміз оңға басса, екі-үш жылда инвестициялық несие қаржыны ақтап шығар едік, менің бұл ұсынысыма қалай қарайсыңдар, жігіттер?!

– Ермек, сен оқыған жігітсің! Біз, әрине, көп жайдан бей-хабармыз, сондықтан сенің бастамаң біздің бала-шағаның қамы болса, әлбетте, қуана-қуана келісеміз, – деді Асқар. Басқа құрылысшы жігіттер де істің мән-жайын егжей-тегжейлі түсіндіріп беруін өтінді.

– Жігіттер, бір жылда табысқа кенелеміз деп, өтірік алдарқатқым келмейді. Бәрі, кәсіпкерлігіміздің аяққа тұрып кетуіне байланысты. Мен бизнес-жоспар жасадым, егер келіссеңдер, ертең кешке, жұмыстан кейін тағы бірігіп талқылайық.

– Ермек, біз саған сенеміз. Сен бұрын да бастық болып жұмыс істеген адамсың.

– Ермек, «тәуекел түбі – жезқайық, өтесің де кетесің, уайым түбі – бір құдық, түсесің де кетесің» деуші ме еді, орыстың мақалы да осыған ұқсас емес пе, «кто не рискует, тот не пьет шампанское» ма еді, сондықтан тәуекел еткеніміз

жөн сияқты, мына бастықтарымыз не жөнді жалақы бермейді, өстіп қашанғы ит болып жүре бермекпіз, — деген Асқардың сөзін басқалары құлшына құптады.

— Әрине, қостаймыз, Ермек! Біз Асқармен бірге он жыл бірге жұмыс істейміз, ал сенімен екі жылдан астам жұмыс істептіз. Жұмысқа табандылығыңды, іскерлігіңді, достарыңа деген адалдығыңды, әділдігіңді байқадық. Сондықтан сенің қандай шешімің болсын қосыламын, — деді ақкөңіл Ерден.

— Ереке, біз бәріміз біргеміз. Сен өз атыңнан ғана айтпай бәріміз бірауыздан қоштаймыз дегенің жөн болар, солай емес пе, жігіттер!

— Әлбетте, солай, достарым! — деген Асқар бастаған құрылысшы жігіттер Ермектің кәсіпкерлік жобасын жабыла қоштады.

— Бәсе, сендердің келісетіндеріңді біліп едім, онда мен Сметалық құжаттарымыды, бизнес жоспарымыды банкке өткізіп, қомақты несие алуға әрекет жасаймын. Әзірге басқаларға бұл жоспарымызды жария етпейік, мүмкін несие ала алмасак, ұятқа қалып жүрерміз, егер қомақты несие алуға қол жеткізсек, алла бұйырса, бұл жоспарымыз іске асар, менің ойым дұрыс па, жігіттер!

— Әрине, дұрыс, Ермек! Онда босқа даурықпай, бұл жайлы ешкімге тіс жармайық. Біздің қазіргі бастығымыз Еркінбек естіп қалса, бәрімізді әй-шәйға қаратпай, бір-ақ күнде жұмыстан қуып шығар, сөйтіп, жеп отырған нанымыздан айырылып қалмайық, Ермек дұрыс айтады, абай болайық, жігіттер.

Сол күннен бастап, Ермектің де, жанындағы әріптес жолдастарының да кеудесін үміт оты жылытқандай болды, ертеңгі күнге-болашаққа деген жарқын жоспарлар пайда болды. Ермек бүкіл құжаттарын сайлап, банкке өткізіп, несие алу жұмысын қамдады, бірақ бұл шаруа оңайға соқпады. Билік басында отырған шенеуніктер түрлі кедергілер жасап, адал еңбегімен мал табам деген адамның аяғын жіпсіз байлап, бір қадам алға аттаған адымын екі адым кері шегеруге тырысатынын ұқты. Өмір — күрес, сондықтан барлық қиындықпен күресуім керек деп шешкен Ермек ұсақ-түйек қиындықтан тайсалып, мойыған жоқ, қайта пышақты қайраққа жанығандай одан сайын жігерленіп, қомақты несие алуға қол жеткізді. Демалыс күні барлық жиырма шақты құрылысшы жігіттер бала-шағасымен бірге табиғат аясына шығып, алғашқы жеңістерін тойлады.

– Жігіттер, сендердің қолдауларыңның арқасында банк-тен қомақты несие алуға қол жеткіздік, ендігі мақсатымыз тендерге түсіп, құрылыс нысанын алып, Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде өзіміздің құрылыс компаниясымен жұмысымызды жалғастыру. Тағы бір ескерте кетейін дегенім, құрылыс нысанын аяқтаған соң ғана жалақыны өсіре аламыз, әзірге бұрынғы жалақы көлемінде алатын боламыз. Өйткені, бізге құрылыс материалдарын өз каражатымызға сатып алуымызға тура келеді, қазіргі нарықтық экономикалық дағдарыс кезінде әр қадамымызды аңдап басқанымыз жөн, әйтпесе, көптеген кәсіпкерлер сияқты өз күштерін шамаламай банкрот болып, тақырға отыруымыз оп-оңай. Біздің халқымызда «көрпеңе қарай көсіл» деген қанатты сөз бар, сондықтан мүмкіндік болса, каражатты аса үнемдегеніміз – келешектегі жетістігіміздің кепілі болмақ, – деді Ермек. Осы кезде Жүкен Ермекке қарап, дүрсе қоя берді.

– Жалақымызды көбейтеміз деген өзің емес пе едің! Енді келіп, бұрынғыдай жалақы аласың дегенің не, сен де бізді алдап, табысын өзің ғана иеленбек шығарсың, онда несіне жылы орнымыздан кетіп, саған сендік, – деп, бастырмалатып бара жатыр еді. Асқар шыдамай орнынан атып тұрды.

– Ей, Жүке, сен құрылыс нысанын алмай жатып, жалақы жайын сөз қылғаның не, саған бір күнде коммунизм орната алмаймыз деп, о баста ескертіп едік қой, егер Ермекке, маған, күдікпен қарасаңдар, ерте бастан басқа жұмыс қарастырындар. Әлден өстіп бір істі бастамай жатып, бір-бірімізге сене алмасақ, қалайша бірге жұмыс істемекпіз, солай емес пе, жігіттер?

– Жә, жігіттер, жетер! Біз мұнда айтысып-тартысуға келген жоқпыз, ақылдасып, бір жеңнен қол шығарып, бірігіп кәсіпкерлік жасауға келісу үшін келдік. Арамыздан өздерің сенетін төрт жігітті сайлап, директорлар кеңесін құрайық, қандай мәселе болса да өзара талқылап, дұрыс шешім қабылдағанымыз жөн, – деген Ермек сөзін жалғады, – Менің ұсынысым – директорлар кеңесіне Асқар кірсе деймін, тағы төрт адам болғаны жөн, «келісіп пішкен тон келте болмас», солай емес пе, жігіттер!

– Әлбетте, директорлар кеңесіне ең сенімді жігіттерді сайлайық, менімше Ермек басқарсын, қанша айтқанмен басқарушы тәжірибесі бар, – деді Асқар.

— Мұрат, Тасқын, Айдынды сайлайық, — деп, жігіттер аз уақытта-ақ өздері қалаған бес адамды сайлап үлгерді.

— Егер осы бес адамды өздеріңіз сайлаған болсаңыздар, алдағы уақытта осы бес адамның пікіріне қосылып, айтқандарымызды бұлжытпай орындайтын боласыздар, мүмкін алты адам сайлағанымыз жөн шығар, менімше, Жүкеннің өзіндік пікірі бар жігіт. Жүкенмен қосқанда алты адам болса қайтеді, ешкім қарсы емес пе? — деді Ермек, жаңа ғана жалақыны өсірмейсін деп дауласқан Жүкенді әдейі сайлады.

— А, Ермек мені ұсынып отыр, рахмет, бауырым, — деп, Жүкен қызара күлімдеді, Басқа достары өзін атамаған соң үндемей тұрған Жүкеннің Ермекке риза болғаны бет-әлпетінен, қуана күлімдеген көзінен бірден байқалатын еді.

— Жүке, бастық болғаныңды жуасың, — деп, Асқар құрдасына қалжыңдап жатты.

— Сен де сайландың, бірге жуамыз, — деп, Жүкен осы жолы жылы жымыңдады.

— Біз алтаумыз — жұмыстың нәтижелі болуына, жалақының тұрақты өсуіне мүмкіндік жасап, алдын-ала жоспар жасайтын, басқа достарымыздың сенімін ақтайтын үлкен жауапкершілікті мойнымызға алған кеңес мүшелеріміз. Біреуіміз — бәріміз үшін, бәріміз — біреуіміз үшін жауап береміз, жігіттер! Бәрі біздің ауызбірлігімізге байланысты, іске асырылатын үлкен жұмыстар алда, ендеше іске сәт, жолдастар. Ертеңнен бастап, алтаумыз жауапты іске кірісеміз, келелі істі бітірдік, енді көңілді демалысымызды жалғастырайық, — деген Ермек мамыражай әңгімеге көшті. Бұл арада ұшаяқ мосыға пісірілген шай қайнап, кәуап дайын болып еді, табиғат аясында қарны аша бастаған, жаңадан құрылған құрылысшы кәсіпкерлер ыстық асқа кірісті.

— Түү, Сағила, қол-аяғыңа дерт бермесін, кәуапты қандай дәмді дайындағансың, Асқар құрдасымның дөңгеленіп семіргенінің себебін енді ұқтым. Біздің Зейнепке тәтті тағам жасауды үйретіп қойшы!

— Бәсе, арық болғаның осы ма, Жүкен құрдасым, бетің табақтай, қарның қабақтай, егер Зейнеп құрдасым тағамды бұдан да тәтті жасаса, үрген шардай домалап жүрерсің, — деген Асқар қарқылдай күлді. Басқалары қалжыңды іліп ала жөнелді. Келешекке деген маздаған үміт оты көңіл-күйлерін

аспандата көтеріп, жайылған дастархан басынан көңілді күлкі тарқамады. Алғашқы жетістіктері келешекке жол сілтегендей, енді теңдер бойынша құрылыс нысаналарын ұтып алуға бар күш-жігерін салды. Бірақ, өкінішке орай теңдерден ештеме ұта алмай, алтын уақыттары зая кетіп жатты. Билік басындағы шенеуніктер тамыр-таныстарымен жең ұшымен жалғасып, орайын тауып, ылғи аға, көкелері барлар теңдерден ұтып, несие алып, кәсіпкерлікке көшеміз деген кедей жігіттердің сағы сына бастағандай уақытта Ермек бұрынғы әріптесі Дидардың қазіргі уақытта жоғары лауазымды шенеунік болғанын естіп, өшкені жанып, өлгені тірілгендей қатты қуанды. Мән-жайды білген Дидар көмектесуге уәде берді, шынымен жақын арада теңдерден үш қабатты ғимаратты салу құрылыс нысаны Ермектерге бұйырып, іскер жігіттер дереу құрылыс алаңын бастап кетті. Күн-түн демей құрылысшы жігіттер жан-тәндерімен жұмысқа кіріскен. Құрылыс материалдарын сатып алған соң, түнгі мерзімде де ауысып, кезекпен демалып, құрылыс басындағы жұмысты үздіксіз жалғастыратын болды. Бұл шешімдері өте дұрыс болыпты, құрылыс қарқынды жүріп жатты. Тағы біраз адамды жұмысқа қабылдауға тура келді. Директорлар кеңесіндегі алты адам сенімді адамдарды жұмысқа алуға белсене атсалысып, Асқардың құда баласы, Ермектің бұрынғы темір торда бірге отырған Жәлел деген жолдасы жұмыс таппай сандалып жүріп, Ермекке жолығып қалып, осы сияқты көзтаным жігіттер ұжымға қуана-қуана қосылды. Бір кезде ауылдан келіп, жұмыс іздеп жүрген Ермек, Асқарлар жұмыс берушіге айнала бастады. Дегенмен, өзара кикілжің де аракідік болып қалды. Әзірге жалақы мөлшерін көбейтпей, бірте-бірте ортақ қор жинамақ болған ойлары эзер дегенде іске асты. Өйткені, директорлар кеңесінің мүшесі Жүкен «біз, кеңес мүшелері басқаларға қарағанда екі есе жалақы алайық» – деп, бүйректен сирақ жасап, араға алауыздық туғыза жасады. Әйтеуір, жігіттердің көпшілігі Ермек пен Асқарды қоштап, абырой болды. «Қырық адам бір жақ, қыңыр адам бір жақ» демекші, Жүкен көпке дейін өзеуреп, көпшілік жігіттер жаратпаған соң әрең басылды. Ермек қыңыр мінезді Жүкенді директорлар кеңесі мүшесіне сайлағаны жақсы болыпты, дер кезінде жаман әдеттерінен тиып, көпшілік жігіттердің тезіне салып, қыңыр қисық мінездерін жөнге салып отыратын болды.

Әйткенмен, қисық ағаштың қыңырайып, қисық өсетіні секілді, Жүкен де сойқан мінезінен біржола арыла алмайтын. Аракідік жігіттердің арасынан шу шығарып, жанжал туындаып отыратын. «Көш жүре келе түзеледі» демекші, алғашында жалақыны әрең төлеп жүрген құрылыс компаниясы екі жылда аяғынан нық тұрып, құрылысшы жігіттердің айлық еңбек-ақысы өсіп, хал-ауқат, тұрмыстары жақсара бастады.

— Біздің бүгінгі қол жеткізген биігіміз — Ермектің арқасында. Енді келесі жылы несиеден біржола құтылып, таза табысқа қол жеткіземіз, — деп, Асқар жеткен жетістіктерін Ермектің ұйымдастыру қабілетінің нәтижесі екенін сүйсіне айтатын.

— Асқар, бұл біздің ортақ жетістігіміз. Егер сендер қолдамасаңдар, мен жалғыз өзім не істер едім, — деп, табиғи ұялшақ мінезіне басып, екі беті дуылдай қызаратын. Тура құрылыс компаниясының үш жылдығы қарсаңында Ермектің атындағы несиеден біржола құтылды. Құрылыс компаниясының үш жылдығын шағын кафеде атап өтті. Бәрі Ермектің туған күніне келгендей мақтау-мадақты Ермектің атына байланыстырып айтты. Ермектің өзіне сөз бергенде ол былай деді.

— Құрметті достарым, егер бүгінгі күні несиеден құтылып, аяғымызға нық тұра бастасақ, ол — мына отырған сендердің арқаларың. Өйткені, сендер қиындықтан қорықпай, тәуекелге бел буып, менің идеямды қолдадыңдар. «Жалғыз ағаш — орман емес» деген дана нақыл бар, мен расында жалғыз өзім мұндай батылдыққа бара алмас едім, мұндай табысқа қол жеткізе алмас едім. Біздің өзара ақылдасып құрған директорлар кеңесі алдағы уақытта да бірігіп, қаржыны барынша үнемдеп, ортақ қорды өсіруге күш саламыз. Менің тағы бір ұсынысым бар, арамыздағы жігіттердің тең жартысының баспаналары жоқ. «Үйі жоқтың күйі жоқ» деп, апам жиі айтушы еді, ол рас. Ендігі ортақ мақсатымыз — осы баспанасы жоқ жігіттерге көмектесіп, жоғары экономиканың арқасында жиналған ортақ қордан қолқабыс жасау, демек, бұл жігіттерге баспана жасау арқылы олардың хал-ауқатын жақсарту. Әрине, бұл үшін ұжымдағы бәріміздің жалақымыз бұрынғы деңгейде қалу керек, егер айлығымызды өсірсек, баспанасыз жолдастарымызға көмектесе алмаймыз, сендермен бірге шешетін келесі мәселеміз осы, жігіттер, — деген Ермектің сөзіне үш баласымен көрінгеннің босағасында тентіреп жүрген Қалыбектің көңілі босады.

– Бауырыным, айналайын бауырыным, сенің әрбір сөзің мен сияқты талай жыл бойы тентіреп жүрген жолдастарыңның жүрегіне майдай жақты. Келші, құшақтайыншы, бауырыным, – деп, көз жасын жеңімен шапшаң сүртіп, Ермекті алпамсадай денелі Қалыбек құшағына қысты. Басқалары ду қол шапалақтап қошеметтеді. Тек өздерінің үй-жайлары бар Жүкен мен Нағашыбай жаратпағанын ашық білдірді.

– Ермек өз қалтасынан көмектеспейді, естерінде болсын, бәріміз тиесілі жалақымызды бірнеше жыл бойы толық ала алмайтын боламыз, осы жағын ойлауымыз керек, – деп, Жүкен саңқ ете қалды. Жаңа ғана жүздері бал-бұл жанған, жүздерінен қуаныштың ыстық лебі ескен Қалыбек бастаған үйсіз жігіттер Жүкен мен Нағашыбайға жауларын көргендей үрке қарады. Енді Ермек қайта сөйледі.

– Жүкен, егер жолдастарымыз баспанасыз жүре берсін, одан да мол жалақы алып, жеке өз басымызды ғана ойлайық деуге хақың бар. Бірақ, оның да тетігін ойластырып қойдық, егер баспананы ортақ қаражатпен алсақ, бұл жігіттер бірте-бірте жаңағы қаражатты қайтаруға мүмкіндіктері бар. Ең бастысы, жолдастарымыз көрінгеннің босағасын сағаламай өз жекеменшік үйлерінде жүріп, біз ортақ қаржыландырған ақшамызды жалақыларының бір бөлігімен ептеп қайтарып отырады. Сөйтіп, біз ортақ қорды қайта жиып алуға мүмкіндігіміз бар. Жаңа сен дұрыс айттың, мен жеке өз қалтамнан көмектеспеймін, бәріміз бір отбасының мүшесіндей, ортақ мәмілеге келіп келіссек алынбайтын қамал жоқ, бұл жағын директорлар кеңесінде өзіңнің тікелей қатысуыңмен қайта кеңірек ақылдасамыз, – деген Ермек бұл сөзін бұл ұсынысқа ашық қарсы болған Жүкен мен Нағашыбайға қарап айтты. Көпшілік тілегіне қарсы шыға алмаған Жүкен лезде пікірін өзгертті.

– Онда келісуге болады, ойластырып көрейік, – деген Жүкен жанындағы Нағашыбайға қарап, көпшіліктің айтқанын мақұлдағанын білдірді.

– Біз баспаналы болсақ, бәріне көнеміз, қазіргі уақытта көрінгенге пәтерақы төлеп, көшіп-қонып жүрміз. Сол пәтерақыны ортақ қорға қайтаруға қуана-қуана келісеміз, Жүкен, сен ол жағына қам жеме, талай жыл бірге тізе қосып, жұмыс істеп жүрміз. Біздің қуанышымызға ортақтасудың орнына

кейігенің не, сенен мұндай жолдастықты күтпеп едік, біздің баспанаға ортақ қордан шығарылған ақшаның бір тиынына дейін қайтаруға уәде береміз. Енді Ермектің ұсынысына қарсы емессің бе! — деп, Қалыбек жаңа ғана баспаналы болам деген тәтті үмітінен айырылып қалам ба деген қауіппен Жүкен мен Нағашыбайға жәутендеп, жауап күте қараған.

— Қалеке, мен өз ойымды айтқаныма айыпты болып қалдым ба! Әрине, жолдастарымызға қиындықта қол үшін беру — біздің ұжымдық парызымыз. Мені дұрыс түсінбедің, мен бұл бастамаға қарсы емеспін, алайда ортақ қорды сақтауды қолдаймын, — деп, Жүкен екіжүзділікке салынып, өз сөзінен әп-сәтте тайқып шықты.

— Бәсе, сенен басқа жауапты күтпеп едім, — деген Қалыбектің жүзіне қайта күлкі үйіріліп, қайта жадырады. Дегенмен баспанасыз жүрген жігіттердің жүректерінде талай жыл бірге жұмыс істеген жолдастары Жүкен мен Нағашыбайға деген сенімсіздік, күдік ұялағаны жасырын сыр емес еді. Ермек пен Асқар өзара ақылдасып, Жүкен мен Нағашыбай сияқты кереғар мінезді қыңыр жігіттердің қарсы шығатынын алдынала сезіп, баспана алған жігіттердің шартқа отырып, ортақ қорға жұмсалған қаржыны қайтару тетігін ойластырып қойған болатын. Екеуара ойластырған ұсыныстарын жігіттердің қуана құптайтынын сезген. Енді жақсы бастамалары бастау алып, өздерінде баспана бар екеніне қарамастан Қалыбек сияқты еңбекқор жолдастары үшін жүрекжарды қуанды. Кейбір үйсіз жолдастарының отбастары қаланың қиыр шетінде, немесе, Қалыбек сияқты сонау алыс Талғардан баспана жалдап, жұмысқа кейде кешігіп келетін. Осы сияқты Ұлдай, Қалтай, Баяхмет шетінен, алыстан арзандау пәтер жалға алып, тапқан жалақысын қалай жеткізерін білмей қиналып жүргенін Асқар мен Ермек жақсы білетін. Енді жолдастарына көмектесудің орайы түскеніне өздері пәтер алатындай қуанды. Өйткені, осы жұмыс орнынан жайлы пәтер алған жігіттер күн-түн демей жұмысқа жандарын аямай, құлшына кірісетінін бұлар жақсы білетін. Көп ұзамай теңдер бойынша ұтып алған көп қабатты үй құрылысының бір қабатын түгел ортақ қаражаттарымен арзанға сатып алды. Бұрын директорлар кеңесі, бухгалтер отыратын офистері жоқ болатын. Енді осы үйдің бірінші қабаттағы үш бөлмелі үйін офис жасауға ұйғарды. Істері оңға басып, тұр-

мыс жағдайлары да жақсара бастады. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» демекші, жұмыс қызған сайын табыстары молайып, бұрынғы жалақыларынан әлдеқайда көп алатын болды. Жүкеннің әкесі қайтыс болып еді, Ермек ортақ қордан материалдық көмек беруге ұсыныс жасап, ортақ қордан қомакты ақша алып, Жүкеннің қыңыр мінезі де түзеле бастады.

— Бұдан былай қаржыға аса мұқтаж отбасыларына материалдық көмек беріп тұрамыз. Егер ұжым мүшелері қарсы болмасаңыздар, Нағашыбайдың мүгедек баласының емделуіне бір айлық жалақы көлемінде қаржылай көмек берейік, — деп, Ермек көпшілікке қараған.

— Әрине, Ермек, сенің мұндай жақсы бастамаңа кім қарсы болмақ, егер басшылары біздің отбасымыздың жай-күйіне алаңдап, көмек қолын созса, қуанудан басқа не қалады, — деп, Қалыбек те, тіпті Жүкен бастаған басқалары да бірауыздан мақұлдап, қуана қоштады. Қалыбек, Ұлдай, Қалтай, Баяхмет, Ахмет бастаған он шақты жігіт шарт жасасып, осы жаңа салынып жатқан көп қабатты тұрғын үйден пәтер алатын болып келіскен. Тұрғын үй кешені тезірек бітсін деді ме, әйтеуір Қалыбек бастаған бір топ құрылысшы жігіттер тың ұсыныс айтқан.

— Ермек, қазір отыз адам бір сменада жұмыс істейміз, құрылыс жұмысын қарқынды дамыту үшін екі, немесе үш сменаға бөлінсек, он, немесе он бес құрылысшы күндізгі ауысымда, ал қалғандары түнгі ауысымға көшсе, сөйтіп, күні-түні құрылыс дамылсыз жүрсе, тапсырысты мерзімінен бұрын бітіріп, қаржы үнемдер едік, басқа құрылыс нысанын алар едік. Біздің ұсынымызды дұрыс деп тапсаң, тағы он шақты құрылысшы мамандарды жұмысқа алып, ұжымымыз нығая түсер еді.

— Қалыбектің ұсынысы менің көңіліме қонып тұр, онда, жігіттер дауысқа салайық. Әрі біздің ұжымда жұмыс істегісі келетін жастар көптеп келіп, өтініш айтып жатыр, тіпті, біздің ауылдың жігіттеріне не жауап айтарымды білмей састым. Бірте-бірте үлкейіп, ірі корпорацияға айналатын түріміз бар, — деген Ермек әзіл-шыны аралас ішкі ойын іркіп қала алмады.

— Қазір біз бір үлкен отбасының балаларына айнала бастадық. Бөтен адамдар шырқымызды бұзып, ауызбірлігімізге іріткі салар, — деп, Жүкен байырғы әдетіне басып, бүйректен

сирақ шығарғандай, әрнәрседен ілік іздеп тұратын қанға сіңген мінезімен әр жаңалықтан жамандық іздеп, күдігін жасыра алмады.

— Жүке, уайымдама, олардың ішінен сенен өткен кері тартар қыңыр адам табыла қоймас, — деген құрдасы Нағашыбайдың сөзін барлық әріптес жолдастары қарқылдап, қоштап ала жөнелді. Нағашыбай құрдасының қыңыр мінезін — ащы шындықты айтқанымен Жүкен ашулана ма дегендей, — әшейін қалжындағаным ғой, құрдас, сен оған өкпелеп қалма, — деп, тұнжырап төмен қараған Жүкеннің арқасынан қағып, соңын жаймашуақтап жуып-шайды. Жүкен теріс айналып, естімеген сыңай танытты, онымен қоймай рахаттана күлген жолдастарына қарап, зілдене айтты.

— Өз бастарындағы боқты көрмей, біреудің басындағы шоқты көре қаласыңдар. Шеттерінен ақылсына қалуын, тәйірі, — деп, айналасындағы жігіттерге оқты көзін қадап, зілдене сөйледі.

— Жә, жігіттер! Өзіл-қалжың айтатын уақыт емес, тездетіп іске кірісейік, «уақыт — алтын» деп тегін айтылмаса керек, — деген Ермек істің насырға шауып бара жатқанын байқап, Жүкеннің қызарақтап ызаланғанын көріп, құрылыс нысанына беттеді. Басқалары да күлкілерін дереу тиып, Ермектің соңынан ілесті. Ермек ұжымдағы кейбір келеңсіз жайларды болдырмауға тырысып, кейде басқа тақырыпқа ауысып кетсе, енді бір сәттері жанжалдың алдын орап, ортақ мәмілеге шақыратын. Бұл жолы да Жүкеннің басқа әріптестерімен ренжісіп қалуына жол бермей, жұмыстың тезірек басталуына мұрындық болды. Кейде оңашада Асқар Ермек досына риза болып, көзінше мақтайтын. Онысы рас, Ермек түрме қабырғасында жазықсыздан сотталған талай жандардың барын жақсы білетін. Қазіргі кезде Ермек түрмеден шығып, жұмыс іздеп, сандалып жүрген көптеген жігіттерге жұмыс берді. Оларды бір сменаға жұмысқа қойды, солардың қай-қайсысы болсын жанын салып, жұмыс істеп, тура жолға түсіп, бала-шағаларын асырағысы келетін. Бірақ, қоғамдағы жандардың түрмеден шыққан адамдардарға күдіктене қарайтын сенбеушілік көзқарасы жазасын өтеп шыққан адамдардың жұмыс таппай, еріксіз қылмысты жағдайға ұрынуына әкеліп соқтыратын. Көп адамдардың түрмеде отырып келгеніне қарамастан жұмыс

табуына Ермектің септігі тиді. Егер Ермек оларға жұмыс тауып бермегенде олардың көпшілігі қайтадан ұрлық жасап, кісі тонап, түрмеге қайта түсер еді. Бірде Ермек жан досы Асқарға өзінің ішкі сырын айтты.

– Асқар, мен де түрмеден шыққан соң таныстарыма дейін теріс айналып, әйтеуір кластасым өзінді жолықтырып, жұмыс таптым. Түрмеге жазықты адамдар да, жазықсыз жала жабылып түсіп жатқандар да бар, оны мен өз көзіммен көрдім. Бірақ, солардың көпшілігі бостандыққа шығып, адал жұмыс істеп, мандай терімен тапқан табысымен отбасын асырағысы келеді. Алайда, біздің айнала қоршаған ортамыз, қоғам мүшелері мүлде гуманизмге кереғар, кертартпа көзқарастарымен түрмеден шыққан адамдарды жұмысқа алмай, қайтадан қылмыстық жолға түсуіне себепкер болады. Сондықтан, алдағы уақытта ісіміз оңға басса, түрмеден жазасын өтеп, бостандыққа шыққан жандарға «Бейімдеу орталығын» құрмақ ойым бар. Сонда біздің елімізде қылмыскерлер саны азайып, қоғамымыз алға дами түсер еді. Өйткені, мен жазықсыздан жазықсыз түрмеге отырып шықтым, басқаларға қарағанда олардың жай-күйін жақсырақ түсінетін сияқтымын. Әркім өз басынан өтпей әр мәселені жете түсіне бермейді, солай емес пе, Асқар?!

– Әрине, ол ойың дұрыс. Ол енді келешектің жұмысы. Расында түрмеден шыққан адамды еш жерде жұмысқа алмаса, аштықтан көзі қарайып, біреуді тонап, біреуді өлтіріп, қылмысқа қайта бармай ма?! Жұмыс берушілер осы жайды неге ойламайды екен?! «Бейімдеу орталығын» құрсаң, біздің құрылыс компаниясы кеңейе түсері даусыз. Өйткені, қазір «жігіттің сұлтаны – түрмеде, аттың тұлпары – кермеде» деп айтып жүргені тегін емес. Ол жақта да талай марқасқа, жаны жайсаң жігіттер бар екені күмәнсіз, – деді Асқар.

– Бәсе, сенің менің ойымды құптайтыныңды сезіп едім, өйткені, олар да біреудің әлпештеген баласы, біреудің сүйген жары емес пе! – деген Ермек ойлана тіл қатты. Әңгімені Асқар жалғастырды.

– Ереке, досым, сен ұжымдық отбасымыздың камқор әкесі іспеттісің. Үйсіздерге үй сыйлайсың, күйсіздерге күй сыйлайсың, әйтеуір жалғыз жеке басыңды ойламайсың. Үш жыл болды, ең құрмаса бір ай демалыс алып, Айдана мен балаларды алып, кіндік қанымыз тамған туған ауылымызға барып, Қатира апамызды қуанып келмейсің бе, – деген.

— Асқар, оның рас, жұмыс реттеліп қалды, құдайға шүкір, несиеден құтылды. Айданамен ақылдасып, ауыл-аймаққа барып, апам мен қарындастарымның, бауырларымның хал-жағдайын біліп қайтқаным жөн-ау деп ойлап жүрмін. Менің орныма ұжымды өзін басқарасың, Асқар, солай ма!

— Әрине, айтсаң болды ғой, алаңдамай ауылға барып, аунап-қунап демалып қайт, досым! — деген Асқар сөзге келмей бірден келісті.

Бірнеше миллион адам өмір сүретін алып қала Алматы шаһарында күн сайын мың бала дүние есігін ашып, іңгалап дүниеге келсе, жетпіс, сексен жастан асқан кәрі шал, кемпірлер жарық дүниедегі дәмі таусылып, бақилық болып, мәңгі сапарға аттанып кетті. Қартайып, дәм-тұзы таусылған кемпір, шалдар дәл осы іңгалап, өмір есігін ашқан жас сәбилер сияқты, бұдан жетпіс, сексен жыл бойы ата-анасын қуантып, дүниеге келіп еді, енді жарық дүниедегі жасампаз өмірі таусылып, қара жердің қойнына барып, мәңгілік байыз таппақ. Бұл қария қарттар да біреуді сүйген, күйіп-жанған, енді бірі әлдекім адамның сүйікті жары болған. Дәл осы сәтте бір отбасында дүниеге нәресте келіп, шілдехана той жасап жатса, екінші көшедегі қазына қарт көз жұмып, бүкіл отбасының қайғыдан жүрегі қан жылап, қайғы құшып, азалы үй аңырап отырар еді. Біреулер дүниеге келсе, екінші біреулер мезгілді, мезгілсіз өмірден көшеді. Мезгілдісі — қартайып, жасы жетіп кетсе, мезгілсізі — жастай өрімдей қыз, жігіттер жол апатынан, оқыс жазымнан, қатерлі аурудан көз жұмып жатады. Бұл әркімнің маңдайына жазылған тағдыры, өмір заңы. «Тумақ бар да өлмек бар» деген қанатты сөздің мәні зор. «Көреріңді көрмей көрге кірмейсің» демекші, әрбір дүние есігін ашқан пенде маңдайына жазған қуаныш, қайғыны көріп барып, көз жұмбақ. Бұл мәңгілік өзгермейтін құбылыс. Өмірдің мәні — артыңа өміріңді жалғастыратын лайықты ұрпақ қалдыру, егер ұрпағың атыңа кір келтірмей, өмір керуенін адамгершілікпен, алланың ақ жолымен жүріп өтсе — онда сенің арманың орындалғаны, өлгенің — тірілгені, өшкенің — жанғаны.

Ертеңіне Ермек пен Айдана ауылдағы үлкен, кішілерге қаладан базарлық алып, асығыс жолға жиналды. Қатира анасы төсек тартып ауырып жатыр екен, Ермек ұлы келген соң көңілденіп, бозарған жүзіне қызылшырайланып қан жүріп, төсектен басын көтерді.

– Анашымның ауырып қалғанын неге айтпадыңдар? Егер мен кезекті еңбек демалысымды алып келмесе, анамның ауырып жатқанын білмей қалатын едім ғой, – деп, Ермек кенже інісі Еділге кейді.

– Мен апам ауырып жатыр деп хабарлайын деп едім, алыста жүрген баламды бекерге әурелеме, мен жазылып кетем деп, апам айтқызбады ғой, – деген кенже ұлы Еділдің сөзін анасы Қатира қоштады.

– Мен сияқты жетпіс бестегі кемпірлер күн сайын ауыра береді, сонда сені мазалап, қайта-қайта шақыра береміз бе? Бауырына мен айтпа дегем, – деп, Қатира көзі ауыр сырқаттан шүңірейіп, беті құп-қу болып, әлсіз жымыды. Анасының ауру мендеген мүшкіл халін көріп, Ермектің жүрегі әлдебір жамандықты сезгендей, өн-бойынан ток жүргендей еріксіз дір ете қалды.

– Апа, мен дәрігер шақыртайын, сені тексеріп, нақтамаңды білейік, қазір бұрынғыдай емес, құдайға шүкір, тұрмыс жағдайымыз жақсы, мүмкін қалаға бірге алып кетіп, білікті дәрігерлерге емдетерміз, – деді Ермек.

– Балалар, қаладан келе салып, кәрі кемпірдің ескі сырқатын естіп, естерің шыққаны несі? Мен ежелден мықты кемпірмін. Маған бекерге аландамандар, одан да, Еділжан, қорадағы семіз тоқтыны сойып, қазанға ет асайық, мен қазір келінмен бірге бауырсақ пісірейін, – деп, дастархан мәзірін әзірлеуге кірісті. Ермек бірнеше рет дәрігерге қаратайық, – дегенмен Қатира ештеме тыңдамай, немерелері – кішкентай құлыншақтары – Мәлігін, Әлменін, Данасын кезек-кезек құшақтап, аналық мейірімін төгіп, беттерінен өбіп, қарт ана немерелеріне деген сағынышын басып, аналық ыстық құшағына мейірлене қысты.

– Сендер ауылдағы әжелеріңді, мені, осындағы ағаларыңды ұмытып қалған жокпысыңдар, әй, балалар? – деп, Еділ қулана жымындады.

– Неге ұмытсын! Бар, Еділ көкелеріне сәлем беріңдер! – деп, Қатира ас қамына кірісті. Ертеңінде Ермек ағасының келгенін естіп, көрші ауылдан күйеулерімен бірге қарындастары Төкен мен Шөкен келіп, ағасы Ермек пен жеңгесі Айдананы қуана құшақтап, мәре-сәре болды.

– Ермек аға, сен келген соң анамыз ауруынан құлан-таза жазылып кетті, – десіп, аналарының сау адамдай дастархан

мәзірін жасап, бәйек болып жүргенін көріп, таңғалғандарын жасыра алмады.

— Демек, сендердің бәрлерің анамыздың сырқаттанып жүргенін менен жасырғансыңдар, егер біз, Айдана екеуміз немерелерін ертіп, кезекті демалысқа келмесек, анамыздың ауырып жүргенін білмейтін едік. Төкен, Шөкен, Еділ сендерге ештемені жасырмай хабарлап тұрындар деп, айтпап па едім, бұларын не? — деп, біраз ренжіді. Сәлден кейін ашуы тарқаған соң, кейігенін қойып, анасын емдетудің жолын іздеді. Ауылда да, ауданда да білікті дәрігерлер жоқтың қасы. Едіге әйелі Айданамен оңашада ақылдасып, анасын қалаға бірге алып кетіп, емдетпек болып келісті.

— Апа, жолға жинал, үйде немерелеріңе бас-көз болып, әрі қаладағы білікті дәрігерлерге қаратып, ауруыңнан құлан-таза айығып, үйге ораласың. Біз келінің екеуміз осындай шешімге келдік, — деген.

— Ермекжан, келінжан Айдана, мен үшін әуре болудың қажеті қанша? Сендерге масыл болғым келмейді, өздерің күні бойы жұмыстасындар, қалаға барып, төрт қабырғаға камалып отырам ба? Ауылдағы дәрігерге қаралып, тәуір болып кетем, мен бармай-ақ қояйын, — деп еді. Ермек пен Айдана қалаға жүруін өтініп, айтқанынан қайтпады. Ақыры, Қатира еріксіз жолға жиналды. Ертеңінде Ермек бала-шағасын, анасын шағын машинасына отырғызып, қаладағы үйлеріне жол тартты. Қарындастары Төкен мен Шөкен, бауыры Еділ анасы Қатира мен ағасы Ермекпен, жеңгелері Айданамен, кішкентай Мәлік, Әлмен, Данамен қимай қоштасты.

Қалаға келісімен Ермек анасын беделді профессорларға, білікті дәрігерлерге көрсетті. Бәрінің бірауыздан айтқан нақтамасын естігенде Ермек есінен танып қала жаздады. Анасы Қатира қатерлі ісікке шалдығыпты, бұл аурудың емі жоқ, егер химиядан өтіп қаралса, әлі жарты жылға, немесе бір жылға жуық өмір сүруі мүмкін. Нақты қанша өмір сүретінін айтуға да жасқанды, өйткені, қатерлі ісік әбден асқынып кетіпті, егер ертерек дәрігерге қаралғанда оң нәтиже шығуы мүмкін еді, — деп болжамдады. Ермек аяулы анасынан айырылатынына сенгісі келмеді, тағдырдың басқа салғанына көнгісі келмеді. Сырқат анасына, әйелі Айданаға көрсетпей, оңашада ағыл-тегіл еңкілдеп жылап алды.

«Енді ғана аяғымыздан нық тұрып, хал-жағдайымыз жақсарғанда дүниедегі ең қымбат адамымнан мәңгілік айырылуым керек. Өтірік жала жабылып, түрмеде отырғанда да дәл мұндай күйінбеген шығармын. Тағдыр ең қимасы — анасының өміріне қауіп төндіріп, Ермекті қайта сынағына алғандай. Мұншама не жазып едім, неге менің отбасымның шаңырағы шайқала береді!?» деп, қатты күйзелді. Бірақ, анасына бұл нақтаманы айтпауға бекінді, шетелдегі дәрігерлерге қаратып көрейін деп бел буды. Кешке Айданамен алдын-ала келісіп алып, анасына өтінішін айтты.

— Апа, екеуміз шетелге барып демалып қайтайық, әрі сол жақтың дәрігерлеріне қараламыз. Айдана немерелеріңізбен бірге үйде қалады, мен шетелдегі демалыс орындарына жолдама сатып алсам деп едім, оған қалай қарайсыз? — деп, анасынан жауап күткен. Қатира шетелге демалысқа баруға, немесе шетелдік дәрігерлерге қаралуға үзілді-кесілді қарсы болды.

— Балам, мені әурелеме! Мен ешқайда бармаймын, бір аптадан соң ауылға қайтам, бұл аурудан жазылам ба, жазылмаймын ба, бір алла ғана біледі. Сендер аман болыңдар, мен асарымды асадым, жасарымды жасадым, енді бір алланың басқа салғанына көнеміз, ауру батпандап кіріп, біртіндеп шығады деген, немерелерім, құлыншақтарым — Мәлігімді, Әлменімді, Данамды емін-еркін құшақтап бір жасап қалдым. Енді өлсем де арман жоқ, мені шетелге апарам деген райыңнан қайт, балам! Ешқайда бармаймын, кіндік қаным тамған ауылымнан жарылқасын, туған жерімнің топырағы бұйырсын, алла сендердің алдарыңда алса арманым жоқ! — деп, кесіп айтты. Анасының райынан қайтпайтынын білген соң Ермек ең құрмаса қаладағы дәрігерге қаралуды өтініп еді, Қатира бой берместен ауылына қайтты.

Ермек бұрынғыдай бар пейілімен жұмыс істей алмайтын, күні-түні шешесінің ауруы асқынып бара жатқанын, көп ұзамай анасынан мәңгілік айырылатынын біле тұра қол қусырып отыра алмады. Қаладағы ең білікті дәрігерге ақысын төлеп, анасын емдеуді өтінді. Өзі машинасымен дәрігерді ауылға апарып, Қатира анасына апарып таныстырды. Қандай дәріге зәру болса, соның бәрін сатып әперуге қажетті қаражатты бауыры Еділдің қолына берді. Енді ғана көңілі жайланғандай, үйіне көңілді оралды. Өйткені, анасы ауру жанына батқанын

білдірмей, сыр білдірмей, ұлын көңілді шығарып салған. Пенделік аңқаулықпен анасы көңілді қарсы алған соң қатерлі ісіктен жазылып келе жатқандай әсер алған Ермек бұрынғыдай тым мазаланбайтын болды. Ермек «анамның хал-жағдайын айтып, маған күн сайын хабарлап тұр» — деп, бауыры Еділге ұялы телефон сатып әперген. Еділ жуық арада хабарласа қоймаған соң өзі қоңырау шалған.

— Еділ, саған айтқан тапсырмамды ұмытып кеттің бе? Апамның халі қалай, айтсаңшы, емделіп жатыр ма, мен барғанда жақсы сезінгендей көрініп еді, қазір қалай? — деп, сұрақты жаудырған.

— Аға, алаң болма, апамның халы жақсы, — деп, Еділ шолақ қайырған. Ермек дегенмен қайта алаңдай бастады, анасының хал-жағдайын білмекке үш күнге сұранып, қайта жол тартқан. Анасын көріп, бауырының шындықты жасырғанын білді. Қатира анасы хал үстінде жатыр екен. Ұлын көріп, езу тартып қуанған болды, бірақ жанына батқан аурудан жаны күйзеліп жатқаны өн-бойынан сезіліп тұрды. Дәрігер жасырмастан шындықты айтты.

— Анаңды қиналмасын деп, ауыруды сездірмейтін «обезболивающий» дәрілерді егіп жатырмын, халі нашар, бұл кісі көп ұзамайды, көп болса бір апта ғана өмірі қалды, — деп, ащы шындықты жайып салды. Ермек жұмысына хабарласып, ақысы төленбейтін демалыс алатынын хабарлады. Енді күндіз-түні анасының қас-қабағына қарап, анасының аузына су тамызып отырды. Қоштасудың мұндай қиын боларын білмепті. Жалп-жалп етіп, төңірегіне соңғы жарығын шашып, сөніп бара жатқан майшамдай, анасының көзінің нұры тайып, келмес сапарға аттанып бара жатты. Ермек бұрын өзін берік жігітпін деп ойлайтын, бекер екен, оңашада көз жасын тия алмай, тек анасының қасында ғана мықты болып көрінгісі келетін. Ермектің қиналып жүргенін сезген анасы балаларының бәрін жиып алып, аналық ақ батасын берді.

— Ермек, мына кенже ұлымды үйлендіріп үлгере алмадым. Өзің үйлендір, бұл менің соңғы тілегім! Бауырың, қарындастарың — өзіңе аманат. Сен менің орнымды жоқтатпа, бәріне өзің бас-көз бол, әке орнына әке бол, шеше орнына шеше бол, аға орнына аға бол! Туыстарына әрқашан қамқор бол, қиналса демеп жібер, қуанса қуаныштарына, қайғырса қайғысына ортақтасып демеу бол!

– Әрине, анашым! Айтқаныңды екі етпейтінімді білесің ғой, олардың табанына қадалған шөгір, менің маңдайыма қадалсын деп тілеймін. Ол жағына қам жеменіз, Еділдің сүйген қызына үйлендіруге уәде берем! Уайымдамаңыз, апатайым! – Ермек көз жасын тия алмады, сыртқа атып шығып, бақшаның ішіндегі ағаштың қалқасына барып, іштегі қыстыққан өксігін сыртқа шығарып, еркінше еңіреп жылап алды.

– Әттегене-ай, анамның қатерлі ісікке ұшырағанын ертерек білсем-ші! «Ерте келсеңдер, емдеуге болар еді, ауру асқынған соң, тым кеш әкелдіңдер» деді-ау! Әлде мен түрмеге түскен соң уайым-қайғыдан жаман ауру жабысты ма?! Әттегене-ай, көз алдымда көзден тайып кетіп барады, қолымнан ештеңе келмейді, қандай шарасыздық! – деп өкіне ойлады. Арада бір апта өтпей жатып, Қатира таң ата бере көз жұмды. Анасының жанында Ермек отырған, анасы кенеттен босаға жақтан біреуді көргендей селк ете түсіп, соңғы рет сөйледі.

– Ермек, балалар, қош болыңдар! Әне, мені алып кетуге келіп тұр! – деді де, басы жастыққа сылқ ете түсіп, өн-бойы соңғы рет жан шыққанын білдіріп, дір-дір ете қалып, соңғы рет сұлқ түсті.

– Апа, апатай! – деп, Ермек қолын ұстап еді, анасының денесі суып бара жатқанын сезді. Осы уақытта Ермектің дауысын естіп, жүгіріп келген қарындастары Шөкен мен Төкенге, күйеу балаларына, Еділге қарап, аналарының қайғылы қазасын естіртті.

– Анашыыыыым! Апатайым-ау, бүгін мәңгілікке ардақты анамыздан айырылдык! – деп, кенже бауыры Еділді құшақтап, дауыстай жылап көрісті. Дереу Айданаға, басқа тума-туыс, ағайындарына хабар жіберді. Қатира бүкіл ауылға сыйлы болатын, жерлеу рәсіміне бүкіл ауыл жиналды. Ақ кебінге орап, мүрдені жуындырып, молда мақамдап, құран оқып, жаназасын шақырды. Кілемге оралған табытты төрт-бес адам көтеріп, ашық жүк машинасына салды, жерлеуші ер-азаматтар мәңгі мекені – тау басындағы бейіт басына жылжыды. Кеше кешкілік қазылған көрдің топырағы үйіліп жатыр. Ермек анасының жер қойнына кіріп, енді қайтып шешесінің жанына жақын, мейірімді дауысын естімейтінін, жас баладай шашынан аялай сипап еркелетпейтінін санасымен ұқты. Бірақ, анасын шексіз сүйетін, есейіп ес жиса да өзін анасының алдында

бала санайтын бала жүрегі бұл ащы шындықты қабылдағысы келмеді. Көмейіне ащы өксік кептеліп, іші-бауыры өртеніп бара жатқандай, әлдебір өзекті тамыры үзіліп кеткендей, көзінен ыстық жас еркінен тыс сорғалап, бақилыққа аттанып бара жатқан анасының табытын соңғы рет құшақтамақ болып ұмтылып еді, жанында тұрған қарулы жігіттер иығынан қапсыра құшақтап, Ермекті тырп еткізбеді. Көз алдында мәйітті көтерген жігіттер көрге салып, күректерін алып, көме бастады. Ермек те өз кезегінде анасының көріне соңғы рет топырақ салды.

– Анашым, жатқан жерің торқа болсын, жаның жаннатта болсын! – деп, соңғы тілегін айтып күбірледі. Қаптаған қалың жұрт әп-сәтте-ақ топырақты кезек-кезек лақтырып, жаңа ғана үйілген төмпешіктің астында анасы мүлде мәңгілік жер бетінен ғайып болды. Ермек әкесінен ертерек айрылып еді, енді міне, аяулы анасынан да айырылып, ұнжырғасы түсіп, жерлеу рәсімін, жетісін, қырқын өткізіп, бала-шағасымен қалаға қайтты. Үйдегі анасының орны ойсырап қалғандай, жолға шығарда анасы мен әкесінің суреттеріне қарап, ойша қоштасып отырды. «О дүниеге кеткендер, ол жақта бір-бірімен кездесе ме екен, егер кездесе қалса, ендігі әкем мен анам қауышып жатқан болар» деген тосын ой келді. Ештеме ойлағысы келмесе де, қайта айналып, өлім туралы айналшықтап ойлай берді. «Адам інгалап дүниеге келеді. Ата-анасының бауырында асыр салып, бақытты балалық шағын өткізеді. Орта мектепті бітіргенше балалықтан арыла қоймайды. Ес біліп, етек жиып, үлкен өмір жолын бастаған соң асқар арманға құлаш ұрады. Отызында орда бұзып, қырқында қырға шығатындай алыс армандарға қол созған, қиял-ғажайып күй кешеді. Отбасын құрып, бала-шағасын асыраймын деп, жанталасып жүргенде бар өмірі өтіп, өлім қақпасына жақындап қалғанын бір-ақ біледі. «Тумақ бар да өлмек бар» деген ащы ақиқат ақиып алдынан шығады. Енді қартайып, асарын асап, жасарын жасаған ата-ана өзінің емес, өзгенің, артында көздері жәутендеп қалып бара жатқан балаларының қамын ойлайды. Бақилыққа кеткен ата-ананың орнын басқан балалары да балалық, жастық шақтың бал дәурен бақытты шағының дәмін татып, өзіне тиесілі жолын шауып өткен тұлпар аттай, тізгінді кейінгілерге береді. Сөйтіп, өмір керуені үздіксіз жалғасып жатады. Міне, бүгін анасы Қатира

мәңгі-бақи көз жұмды. Бір кезде құдай қосқан сүйген жары күйеуін, балаларын жан-тәнімен сүйген, тынымсыз лүпілдеген ғазиз жүрек жер қойнына еніп, мәңгілік байыз тапты. Бір кезде бір тамшыдан адам болып, жан бітіп, жаратылған пендесі қайтадан қара жерге айналып, жұмыр жердің бір тамшысындай қайта солды, қайта топыраққа айналды. Бұл мәңгілік құбылыс. Күн мен түн кезек-кезек ауысқандай ұрпақтар жалғасы да тынымсыз жалғасады. Кейбір аспандағы жұлдыздар кенеттен ағып жатқандай, жасына жетпей мезгілсіз жұлдыздай ағып түскендері де бар. Өйткені, бұл жарық дүние – күн мен түннің кезек алмасуы сияқты, кездесу мен қоштасудан, қайғы мен қуаныштан, тәтті күлкі мен ащы көз жасынан, ірілі-ұсақ әртүрлі сәттерден, өмір мен өлімнен құралады». Анасының бейнесі көз алдында көлбеңдеп, артында қалып бара жатқан шағын ауылдың үлкен, кішісі жерленген төбе басындағы мазарда анасының бір төмпешік болып, қалып бара жатқаны жанын жегідей жеп, машинаның рөлін қос қолымен сығымдай ұстап, жолға қарағанымен көңілі алаңдап, көзіне жас үйіріліп, ауыр күрсінді. Жанында отырған Айдана Ермектің көңіл-күйінің пәс екенін сезіп, күнделікті жайбарақат жаймашуақ әңгіме айтып, көңілін ауламақ болды.

– Қыркүйек айы жақындап қалды, балаларды мектепке даярлауымыз керек. Әлі Мәлік, Әлмен, Даналарға мектеп формасын алуымыз керек, – деп, қаладағы күнделікті тіршіліктерін сөзге тиек етті.

– Ол жағын өзің ретте, қалаға барған соң қаражат тауып берем, менің жұмыстан қолым тие қоймас, онсыз да бір айдан астам демалыс алдым, – деген Ермек ауыр ойдан арылғандай жұмыс жайын еске алды. Тірі адам тіршілігін жасайды емес пе, ертеңінде-ақ Ермек жұмысына барып, өзі жоқта Асқардың барлық жұмысшыларға жалақыны орынсыз көтеріп, жақсы атты болғысы келгенін, бірақ компанияның қоры күрт азайғанын біліп, істі өз қолына алып, директорлар кеңесін шақырып, ортақ мәмілеге келуге шақырды.

– Асқар, жұрттың қамын ойлап, жалақыны күрт көтергенін жақсы, бірақ ортақ қордың азайып, компанияның келешегіне балта шаба жасағансың. Алдымен экономикалық болжам жасап, сонан кейін жалақыны көтеруге бола ма, жоқ па, директорлар кеңесінде талқылап, қадам жасауың керек еді. Оның үстіне

біз ортақ қордан көлемді қаржы бөліп, баспанасыз жігіттерге өзара несие ұйымдастырып отырмыз. Осындай қысылтаяң кезде менімен ақылдаспай уақытша басшы екенмін деп, жалақыны орынсыз көтергенсің. Келесі айдан бастап, жалақыны бұрынғы қалпына түсіріп, құрылысшы жігіттерге жағдайды ашып айтуымыз керек, — деген Ермек өзінің басқаруынсыз басқа жігіттердің ойланбай іс-әрекетке баратынына біраз қынжылса да, ауылдас досы Асқардың шамына тимей жайлап түсіндірді. Бірақ, Жүкен, Нағашыбай сияқты шолақ ойлайтын жігіттердің жалақыныңәзірге өспеуіне кінәлі Ермек деп айыптағуына күмән жоқ еді. Өйткені, олар бір күнді ғана ойлайтын, компанияның кең құлаш жаятын болашағын бұлдыр ойлайтын. Директорлар кеңесінің мүшесі Жүкен Ермектің сөзінің дұрыстығына иланған кейіп танытқанымен жиналыстан шыға бере құрылысшы жігіттердің арасына іріткі салып, керісінше асығыс шешім қабылдап, ешкіммен ақылдаспай жалақыны көтерген Асқарды мақтады. Кейіннен ұжымға ортақ жиналыс ашып, жалақының қор жиналғанша бұрынғы көлемде қалатынын айтқанда біраз жұмысшылар наразылық танытты. Ермек бұл жігіттерді өзіне қарсы айдап салған Жүкеннің жымысқы әрекеті екенін білген жоқ, кейін басқа жігіттер арқылы білді. «Жығылғанға жұдырық» демекші, арада бір апта өтпей жатып, Нағашыбай техникалық қауіпсіздікті сақтамай, жоғарғы қабаттан құлап, бірнеше қабырғасы, аяғы, қолы сынып, ауыр халде ауруханаға түсті. Ұжымдағы құрылысшы жігіттердің арасында жік шығып, тең жартысы бәріне кінәлі Ермек десе, қалғандары Ермекті жақтап, Асқарды сынады. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса — төбедегі келеді» демекші, ауызбірлікті жоғалтқан соң, еңбек тәртібі нашарлап, жұмыс сапасы күрт төмендеді. Ермек қатты күйзелді, туған анасын жерлеп, өзі іргетасын қалаған құрылыс компаниясы ұжымының қазіргі ішкі ақуалына қатты толғанды. Айдана Ермектің жұмысындағы келеңсіздікті естіп, ашуға булықты.

— Сен болмасаң, көпшілігі үйсіз-күйсіз көрінгеннің босағасында әлі күнге дейін қаңғырып жүрер еді, бәріне бәйек болып, үйсіздерге үй бердің, жұмыссыздарға жұмыс бердің, енді келіп, балақтағы бит басқа шығып, сенің орныңа Асқарды сайламақшы екен. Мейлі, Асқар-ақ болсын, өзің сенген жігіттерді алып, бөлек құрылыс компаниясын аш. Көрейік, Асқар сенсіз не істер екен?! — деп, әбден күйіп-пісті.

– Мен ауру анамның жанында болғым келіп, бір айдан астам жоқ болдым – бәрі менің кесірім. Жұмыстағы алауыздықты жою үшін ертең ұжымда жалпы жиналыс ашып, істің басын ашып алуым керек, – деген Ермек бір шешімге келгендей кейіп танытты. Осымен ерлі-зайыптылар арасындағы әңгіме аяқталып, жатын бөлмеге беттеген. Ертеңінде таң алакеуімнен ұйқысынан сергек оянған Ермек жұмысқа келген соң, жалпы жиналысқа бәрінің қатысуын өтінді. Ұжымның тайлы-тұяғы қалмай жиналған соң, өзі баяндама жасап, осы үш жылдағы жеткен жетістіктері мен орын алған кемшіліктерге тоқтала кетті.

– Осы үш жылда несиеден толық құтылып, таза табыстарға қол жеткізіп, үйсіз жүрген әріптестерімізге жаңа салған үйдің екі қабатымен түгел сатып алуға қол жеткіздік, бұл – біздің жетістігіміз. Алайда компанияның ортақ қорын нығайту үшін маңдай терімізбен күн-түн демей жұмыс істеуіміз керек. Менің орнымда басшы болған Асқар жалақыны екі есе көбейтіпті, егер осы қарқынмен жақсы жалақы алуды ғана көздесек, бір жылға жетпей тақырға отырамыз. Сондықтан, көп болып кенесіп, ортақ шешімге келейік. Мені компанияның басшысы ретінде сайлаған өздеріңіз болатынсыздар, егер компанияның болашағын ойлап, жалақы көбейтпей отыр, сондықтан орнын Асқарға берсін десеніздер, оған қарсылығым жоқ. Бірақ, бір күнді, бір айды ғана ойламай болашақты ойлағандарыңыз жөн. Мен сіздер, жолдастарым, не айтсаңыздар да қосылам. Тағы бір ұсынысым – қауіпсіздік шарасын сақтамаған әріптесіміз – Нағашыбайдың емдеу шығындарын ортақ қордан төлесек. Техникалық қауіпсіздік инженері –Төленге ескерту жариялауды ұсынам,сөйтіп, Төленнің тоқсандық сыйақысын Нағашыбайды емдеуге қосамыз. Сіздердің пікірлеріңізді тыңдағым келеді, – деп, сөзін аяқтады. Ұжым мүшелері Ермектің сөзіне ду қол шапалақтады. Ермектен кейін сөз алған, жақында пәтер алған жігіттер – Қалыбек, Тасқын, Марат, Мұраттар Ермектің сөзіне қосылды.Мұнан кейін сөз алған Асқар бұл әңгімеге нүкте қойғандай болды.

– Жігіттер, мен бала күнімнен досым Ермектің дұрыс айтқанына көзім жетті, ия,менен бір қателік өтті. Тезірек жалақыны көтеріп, құрылысшылардың отбасын қуантқым келді. Мен, бірақ, Ермек сияқты қаржы жөнінен хабарым жоқ,

біздің компанияның ертенін ойламаппын. Мен өз ісін жақсы білетін іскер басшымыз Ермекті колдаймын, басқаларың да менің айтқанымға қосылады деп сенемін, – деп, Ермекпен құшақтасты. Ұжым мүшелерінің арасындағы дұрдараз араздық жойылып, қайта жарасым тапты. Ермек те қиын күндер артта қалғандай кешкілік үйіне көңілді оралды. Жұмыс қарқыны күн санап өсіп, жаңа нысандар іске қосылды. Жыл қорытындысын табыспен аяқтаған Ермек басқарған құрылыс компаниясы үздік еңбегімен ерекшеленіп, бірнеше марапатқа ие болды. Кейде Ермек оңашада ойға бататын. «Шіркін, менің осы жеткен жетістіктерімді туған анам Қатира мен әкем Сауытбек көрмей кетті. Егер олар тірі болса, қалай қуанар еді» деп өкінетін. Ермектің үлкен ұлы Мәлік Орта мектепті алтын медальмен бітіріп, «Болашақ» бағдарламасымен алыс Америка еліндегі Кембридж университетіне оқуға түсті. Сондағы Ермектің толқығаны соншалық, ұлына тебірене тіл қатты.

– Ұлым, мен жетпеген биіктерге сен жет. Біз ауылдан қалаға оқу, жұмыс іздеп келіп, құдайға шүкір, басымызға түскен қиын сындардан сүрінбей өткен сияқтымыз. Ал, сен әкең Ермек, шешең Айдана жетпеген биіктерге жет, Мәлкенім, ұлым! – деп шын жүректен тебіреніп толғанған.

– Әке, сенің сеніміңді ақтаймын. Сен сияқты достарыма, ата-анама көмектесем, – деді Мәлік. Ермектің балалары күні бойы ғаламтор интернеттен бас алмайтын. Құрдастары Асқар, Қалыбек, Дидардың балалары да дәл солай ғаламтор интернеттен, компьютерден бас көтермейтін. Олардың ойлау қабілеті де компьютермен шектеліп қалғандай. Әсіресе, жас кезінен бастап, қазақтың ақын, жазушылары – Абай Құнанбаевты, Мұхтар Әуезовты, Ілияс Есенберлинді, Ілияс Жансүгіровты, орыс классиктері – Лев Николаевич Толстойды, Михаил Шолоховты, шетел жазушылары – Эрнест Хемингуэйді, Шекспирді, Эмиль Золяны, Стефан Цвейг сияқты талантты ақын-жазушылардың кітаптарымен сусындап өскен Ермектің балалары кітап оқығанды ұнатпайтын. Күні-түні көз майларын тауысып, ғаламтордан бас алмайтын. Сондайда Ермек күйіп кетіп, күйіне сөйлейтін.

– Балаларым, Мәлік, Әлмен, Дана, сендер неге кітап оқымайсыңдар, тек қана ғаламтормен шектеліп қалмай, өз заманының дарынды ақын, жазушылары – Абай Құнанбаевтың,

Мұхтар Әуезовтың, Шыңғыс Айтматовтың, Мұхтар Шаханов сияқты талантты жандардың кітабын оқып, интеллектуалдық ой өрістерінді кеңейтулерің керек, – деп, сан рет әкелік ақыл айтқан.

– Ой, папа, бұл – жиырма бірінші ғасыр. Қазір кітап оқып, алтын уақытымызды жоғалтқымыз келмейді, «уақыт-ақша» деген жаңа мақалды білесің бе, папа. Дүниежүзілік классиктердің туындысынан жасаған кинофильмдер ғаламторда толып тұр, бұл фильмдерді қай тақырыпта көрем десең еркін біледі. Сондықтан қайдағы жоқ кітаптарды ақтарып, алтын уақытымызды жоғалтып қайтеміз!

– Ғаламтормен ғана шектеліп қалмай, дүниежүзілік танымал ақын, жазушылардың шығармасын оқып, бал жинаған арадай білім нәрін алып, көкөрім көңілдің көкжиегін кеңейткен жөн. Ғаламтор, теледидар арқылы қазіргі жастар жаппай, бірыңғай жаһандық глобализмге ұрынып жатыр. Әр адам жеке басының дүние танымын, ой өрісін тереңдете түскені дұрыс. Егер өткен уақыттағы тарих тереңіне ой жіберіп, үнілер болсақ, әлемді дүр сілкіндірген жаңалықтарды жеке тұлғалар жасағанына куә боламыз. Біздің ата-бабаларымыз Әбу Райхан әл Бируни, Эль-Фараби сияқты ғалымдар әлемдік жаңалық ашқан.

– Ия, әке, біз сол ата-бабамыздың лайықты ұрпақтары болуға серт береміз, – деді қызы Дана.

Ие, өмір керуені тоқтаусыз алға жылжуда. Біреулер пешенесіне жазылған тағдырдың қиындығына шыдамай мойып, орта жолда қалып жатса, енді бір қайсар жандар алған бағытынан таймай, қаншама кедергі болса да жеңіп шығып, біздің замандас құрдастарымыз алға ұмтылуда. Өмірдегі тағдырдың саналуан қиындықтары әлсіз адамдарға алынбас асу болып көрінсе, мықты адамдарды онан бетер шындай түседі, олар таудың шынар басына ұмтылған қайтпас қайсар альпинистер сияқты биік мақсаттарына ұмтылады. Ермек алда тек қана бақытты болашақ күтіп тұрғанына сенімді еді, өйткені, адамның жан-дүниесіндегі, жүрек түкпіріндегі асыл сезімі ешқашан алдамайды.

ПЕНДЕШІЛІК

(әңгіме)

(Болған оқиғаның ізімен)

Мәриям көп балалы отбасынан шыққан, бауырмал, кішіпейіл жан. Ауылдағы туған әпкесі Сәкудің ұлы Хасен жоғары оқу орнына түсуге келгенде құшақ жая қарсы алды, өйткені табиғатында әпкесіне тартқан пысық Хасенді кішкентайынан жақсы көретін. Хасен де апасы Мәриямды анасы Сәкуден кем көрмейтін. Қайда жұмсаса да елпілдеп, айтқанын екі еткізбейтін. Мәриямның үш баласы Жәния, Аида, Әсемдер тым еркетотай қыздар. Қаланың балаларына тән тікбақайлау өскен, үй шаруасына аса қыры жоқ, еріншек, жалқау қыздар. Сондықтан Мәриям ауылдан жиені келгенде туған ұлы келгендей қуанып, әр нәрсені Хасенмен ақылдасып істейтін болды, соңғы уақыттары Хасен – туған ұлындай ең жақын адамы. Мәриямның өйтетін себебі бар, арқа сүйейтін күйеуі, үш қыздың әкелері Бәйдібек қайтыс болғалы еркектің де, әйелдің де шаруасын атқаратын – жалғыз Мәриям. Енді тілазар, еркетотай қыздарына қарағанда ауылда қара жұмысқа төселіп үйреніп қалған Хасен ең сенімді серігіндей. Хасен қыста ауладағы қарды күреп тазалап тастайтын, жазда ауланы тобылғы сыпырғымен тап-таза қылып, сыпырып шығатын. Кейде үйдегі жиһаздардың есігінің топсасы босап қалса, шегесін қағып жөндеп, ұсақ-түйек үй шаруасына қолқабысын тигізетін. Негізінде үйде тамақ жасап, үй тазалайтын Мәриямның өзі. Қалада көптен бері жайлы пәтерде тұрған соң, Мәриямның үйінде жан қиналып жасайтын жұмыс жоқтың қасы. Хасен университеттен келген соң-ақ есіктің алдының қарын әп-сәтте тазалап, жарты сағат-

та жарқыратып қояды. Хасеннің қолқабыс тигізгеніне Мәриям дән риза. Кейде өзінің шамасы келмейтін үлкен қалы кілемдерді аулаға қағып әкелуге Хасенді жұмсайтыны бар. Әпкесі Сәку де ұлы Хасеннің елдің балалары сияқты қыруар ақша шығарып, пәтер жалдамай, сіндісінің үйіне су тегін тұрғанына мез-майрам. Үш уақыт тегін тамағы дайын, жұмсақ төсегі салулы, туған сіндісінің үйі. Жүрдек уақыт өтіп жатты, күйеуі қайтыс болғаннан бері қас пен көздің арасында төрт-бес жыл зулап өте шығыпты. Ендігі Мәриямды алаңдататын жайлар — бұл күндері бойжетіп қалған қыздарының болашақ өмірі. Марқұм күйеуі Бәйдібек екеуі бұдан ертерек кезде жалақыларын үнемдеп жүретін, сөйтіп біраз қаржы жиналып қалыпты. Қаланың шетінен қыздарына арнап, жер телімін сатып алып қойып, үш қызының әрқайсысын жеке-жеке баспанамен қамтамасыз ету — Мәриямның ендігі көздеген басты мақсаты.

— Хасен, қалай ойлайсың, мына қаланың шетіндегі саяжайларды сатып жатыр дейді, соған жиған-терген ақшам жетеді екен, қыздарыма саяжай сатып алмақпын, қыздардың болашақ баспанасын ойлағаным дұрыс па? Екеуміз саяжайды аралап, барып келейік, оған қалай қарайсың? — деп еді. Әдеттегі елгезек мінезімен Хасен бірден елп ете қалды.

— Мәриям апа, сіз ақшаңызды ала жүріңіз, мүмкін ұнап қалса сатып аларсыз, ол жаққа, бұл жаққа әуре болып, жүгіріп жүресіз бе? — деген.

— Жарайды, ары-бері жүгірмей, ақшаны ала сал деп айтқаның жөн екен, балам, — деп, Мәриям азын-аулақ ақшасын қолындағы қара сөмкеге салып, Хасен екеуі сатылатын саяжайларды, атшаптырым жерді асықпай қарап, саяжайлардың бағасын біліп, көп бөгеліп қалды. Солардың арасында асығыс Ресейге көшетін кәрі шал жиырма сотых жерін сутегін арзанға сататын болып шықты. Мәриям ойда-жоқта жолы болғанына өмірінде мұндай қуанбас.

— Хасен, мына саяжайдың жері тегіс екен, кейінірек үй салсақ та болады екен, қандай тамаша жер! Не де болса тәуекел деп, осы жиырма сотых саяжайдың жерін алайын деп тұрмын, сен қалай ойлайсың, ұлым? — деп ақылдасқан.

— Бұл жер маған да ұнап тұр, апа. Шіркін-ай, үй салғанға таптырмайтын жер. Әрі жазық, ынғайлы екен, оның үстіне жері — қара топырақ. Апа, мына жерге жеміс-жидек салсаңыз

да болады. Мына шалдың құжаттарын тексеріп көрейік, неге арзан сатып тұр екен? — деп, саяжайдың құжаттарын қараған. Бәрі бұлар күткендей дұрыс рәсімделіпті, Мәриям саяжайдың иесіне тоқетер шешімін айтқан.

— Ата, біз алатын болдық, қазір ақшасын төлеп, менің атыма рәсімдейік, — деп, жақын маңдағы нотариусқа барған. Дәл осы мезетте қара сөмкесіне салған төлқұжатын таба алмай әбігер болды, күн кешкіріп қалған, оның үстіне нотариус та дігірлеп асықтырып тұр.

— Жұмыс уақыты бітуге таяу. Төлқұжатыңызды беріңіз, тезірек рәсімдейік, әйтпесе, ертеңге қалсын, — деп, үйіне қайтуға асығып, қол сағатына қараған. Мәриямның бір әдеті — бүгінгі шаруаны ертеңге қалдыруды жөн көрмейтін, әрі Ресейге көшуге асығып отырған шалдың сәл қымбаттау ақша берсе, басқа адамға сата салуы әбден мүмкін. Сондықтан саяжайды сатып алуды ертеңге қалдыруды жөн көрмей, жанындағы жиені Хасеннен сұраған.

— Хасен, сенің қалтаңда төлқұжатың бар ма? Сенің атына рәсімдей салайын, кейін асықпай өз атыма аударам, — деген. Хасеннің көзі жайнап, түпқалтасынан төлқұжатын шығара қойды. Жұмыс уақыты бітті деп кейіген нотариус әйелдің де қабағы ашылып, жүзі жадырады. Сонымен сол тамыз айының сенбі күні саяжайдың жиырма сотых жері жиені Хасеннің атына тіркелді. Мәриям үлкен іс тындырғандай, кешке үйіне қуанып келді.

— Сүйінші, Жәния, Аида, Әсем! Бүгін қаланың шегінен сендерге арнап, жиырма сотых жер алып қойдым. Кейін жағдайымыз түзеліп, біраз қаржы жинаған соң сендерге сол жерге шағын үй салып беремін, — деп, қыздарын қуантты. — Айтпақшы, менің төлқұжатым үйде қалған ба десем, үйде де жоқ. Әзірге Хасеннің атына рәсімдеп қойдым. Жоғалған төлқұжатымды қайта алған соң өз атыма ауыстырам, — деген.

— Ие, төлқұжатты тапқан соң өз атыңызға ауыстырып алыңыз, апа, — деп, Хасен де бұлармен қосыла қуанған. Арада бірнеше ай өткенімен, Мәриям жоғалған төлқұжатын жасатып алғанмен саяжайды ауыстырып алуға асықпаған. Өйткені, туған ұлындай болып кеткен Хасеннің атында тұрған саяжайды аса уайымдамаған.

— Жарайды, Хасен, саяжайдың құжатын кейін ауыстырармын, — деп, ылғи кейін шегере берген. Сөйтіп жүргенде уа-

қыт зырылдап өтіп жатты, Хасен жоғары оқу орнын бітіріп, жұмысқа орналасты. Дәл осы күндері көршісінен соңғы жаңалықты естіп, Мәриям үйге қуанып келген. Сол жерде алты сотых жері бар көршісі Бағила былай деген.

— Мәриям, сен дұрыс істепсің. Енді қаланың аумағы ұлғайып, саяжай территориясы қаланың еншісіне кіретін болыпты, және саяжайдың территориясы сносқа кететін көрінеді. Қап, сен сияқты ертерек арзанға сатып алу керек еді, менің алты сотых қана бір-ақ жерім бар, — деп, көршісі Бағила жақсы хабарды жеткізген, және өзінің тағы сатып алатындай ақшасы бола тұрып, тағы біреуін сатып алмағанына қынжылған. Мәриям келгенде үш қызы Жәния, Аида, Әсем мен Хасен де үйде екен.

— Сүйінші, қыздар, Жәния, Аида, Әсем, сүйінші! Өткенде сатып алған саяжайдың бағасы күрт өсіпті, өйткені саяжайдың аумағына көпқабатты тұрғын үйлер салынатын болыпты. Мен дер кезінде сатып алыппын, енді сендердің әрқайсына, үш қызым — үш ботама үш үй сатып алатын болдым, — деп қуанды.

— Ура, алақай! Қандай тамаша! Енді біздің бәрімізде жеке-жеке үй болады!

— Мама, ол жерді өз атыңа аудардың ба? Сен төлқұжатыңды жоғалтып, Хасеннің атына алып едің ғой?

— Еее, осы демалыста аударса саламыз, Хасен сенбі күні қолын тие ме, айналайын? — деп, жиеніне қараған. Бұл жаңалықты естіген Хасеннің түрі бозарып, сәл тұтығып, қинала жауап берді.

— Мен, менің сенбі күні қолым тимейді, апа, өйткені ауыл жаққа барып келейін деп едім, — деп, төмен қарады. Ойында ештеме жоқ ақкөңіл Мәриям Хасеннің қинала жауап бергеніне онша мән беріп, көңіл аудармады.

— Е, жарайды, айналайын. Сен келген соң өз атыма ауыстырып алайын, егер «сносқа» алып жатса, уақыт созуға болмайды. Ауылдағы Сәку әпкеме сарқыт беріп жіберейін, сіндісінен сарқыт дәметеді ғой, әй, Хасен-ай, ауылға баратыныңды маған неге ерте ескертіп қоймадың? Аяқ астынан кешке ауылға кетем дегенің не? Әпшем Сәкуге жақсы бір сый-сияпат жіберейін деп едім, жарайды, ештеме етпес, үйдегі мына үш метр торғынды көйлек тігіп кисін, ал мынау жібек орамалды өзіме алып едім, әпкеме апарып бер, өзіме кейін сатып алармын, —

деп, бір сөмкеге сый-сияпатын, тәтті-дәмді кәмпиттерін, өрік-мейізін салып, Хасенді жолға жинады. Кешкі тамақ ішкен соң, Хасен ауылына кеткен. Сол кеткеннен мол кетті. Хасеннің ұялы телефонына хабарласса өшіріп тастапты, ақкөңіл Мәриям оған аса қынжылған жоқ.

– Үйге әке-шешесіне барып, мәре-сәре боп жатқан ғой. Тым болмаса келетін уақытын айтып, хабарласа салса несі кетеді екен. Әй, осы балалар-ай! – деп, зілсіз ренжіп қойған. Хасен сол күйі бір айдан астам ат ізін салмай кеткенде шынымен дегбірсіздене бастады.

– Ойпырай, мына Хасен жолшыбай бірдемеге ұрынып қалмады ма? Хасен телефонын өшіріп тастапты, әлде телефонын жоғалтып алды ма екен, әйтеуір, Хасеннің өзі аман болса игі еді. Қой, мен ауылға барып, әпшешенің хал-жағдайын біліп келейін, – деп, Шымкентке баратын поезға билет алып, суыт аттанған. Ертеңіне әпкесінің де, Хасеннің дін-аман екенін біліп, көңілі орнына түсті. Жайбарақат жүрген жиені Хасенді көріп, өкпе-назын айтқан.

– Өләәә, Хасен-ау, аман-есенбіз, пәленбай уақытта келем деп неге хабарлап қоймайсың? Ұялы телефоныңды жоғалтып алғансың ба? Әпшешетай, сені сағынып кеттім, – деп, Сәуке әпкесін айқара құшақтап, мәре-сәре болды.

– Апа, мен бүгін кешке Алматыға билет алып қойғам. Сіз бір-екі апта жатып, асықпай келесіз ғой, – деп, Хасен қалаға сол күні асығыс аттанды. Хасен кетіп бара жатқанда Мәриям әдетінше тапсырма берді.

– Хасен, сен қалаға бара салып, саяжайды «сносқа» қанша қаржыға алады екен, соны біліп, маған хабарлай сал. Әлгі мен сатып алған саяжайдың құжаттары әзірге сенде ғой, барған соң өз атыма ауыстырып алармын. Саяжайды сатып алатын бағаларын біліп, маған хабарлауды ұмытып кетпе, – деп, ыждаһаттана тапсырды.

– Жарайды, апа, – деп, сүлесок, көңілсіз жауап берген Хасен Астанаға аттанды. Мәриям ауылда аунап-қунап бір аптадан соң бір-ақ оралды. Әпкесі бір семіз тоқты сойып, сөмкесіне салып берді. Көңілі жайланып, қойдың еті толған жүгін арқалап, «өз үйі-өлең төсегіне» де жетті-ау. Үйде қыздары Жәния, Аида, Әсем ғана бар екен, ал Хасен жұмыста шығар деп шамалады.

– Бүгін дүйсенбі, жұмыс күні екен ғой. Хасен жұмыста ма? – деп сұраған.

– Мама, ол ауылдан келе салып, киім-кешектерін алып біздің үйден көшіп кетіп қалған, – деді Жәния.

– Мама, Хасен бізбен дұрыстап сөйлеспеді, өзі біртүрлі өзгеріп кетіпті. «Қайда барасың?» деп сұрап едім, дос жігітпен бірге пәтер жалдап тұрамыз деді. Төрт жыл бойы біздің үйде тегін тұрып еді, енді неге ақша төлеп, басқа пәтерге көшті? Түсінсем бұйырмасын, мама, – деді Аида.

– Мүмкін, мама, Хасен ағам үйленейін деп жүрген шығар, сондықтан басқа пәтерге кеткен болар, – деп, кіші қызы Әсем болжам жасады.

– Ол тентек, мені күтпей басқа пәтерге неге кеткен?! Бұл үйде астынан су шықты ма? Айтпақшы, саяжайдың құжаттарын тастап кетті ме? – деп алаңдады Мәриям.

– Жо-ғәәә, тастаған жоқ, мама, – деп, Аида таңдана басын шайқаған.

– Мұнысы несі? Қазір шай ішіп болған соң оған хабарласайын, күн ыстық, кенезем кеуіп, шөлдеп кеттім, шай ішейікші, – деген Мәриям дастарханға отырып, қаймақ қатқан үндінің қызыл күрең шайын сораптап шөлін қандырған. Сонан соң телефоннан Хасеннің нөмірін теріп, сөйлеспек еді. Қысқа гудоктар «тук,тук, тук» деп, қысқа қайырып, шақыра алмады.

– Бұл тағы телефонын өшіріп тастаған ба? Бұл не деген жауапкершіліксіз бала? Саяжай туралы есінен шығып кеткен бе? – деп, Мәриям еріксіз таңғалды.

– Осы Хасен тәтем сол саяжайдың құжаттарын иемденіп кетпесін, – деп, басқа қыздарынан зерек үлкен қызы Жәния өз күдігін айтты.

– Түу, Жәния, қайдағыны айтпа! Хасен менің туған ұлымдай! Ол туралы жаман ойлаушы болма, беталбаты сөйлем, қызым! – деп, Мәриям анасы қабағын түйді.

– Жарайды, мама, кешір. Бірақ, мына қылығынан соң қалай ойлауға болады? – деп, Жәния түпкі бөлмесіне кіріп кетті. Мәриям Хасеннің бұл қылығын жамандыққа жорығысы келмеген.

– Мүмкін, Хасен, үйленейін деп жүрген шығар. Олай болса, болашақ келінді неге таныстырмайды, әй, баламысың деген? Таныстыруға ұялып жүрген болар. Мейлі, ертең жұмысына

барып жолығармын, – деп, жолдан шаршап келген Мәриям тәтті ұйқыға енген. Сол күні түсінде Хасенді көрді. Хасен қап-қара киініп алып, Мәриямның қолындағы үш қызы – Жәния, Аида, Әсемге ұсына берген бес-алты алмасын қолынан жұлып алыпты. – Хасен, мұның не? Алманы қайтар! – деп, айғайлап жатыр. Ал, Хасен болса алды-артына қарамай зытып, қашып барады. Мәриям Хасеннің артынан жүгіргенмен жете алмай, қолын созып жүгіріп келе жатып, бір тасқа сүрініп жығылды. Жығылған күйі «Хасен!» деп айқайлап, шошып оянды. Таң бозарып атып келе жатыр екен, жанағы қорқынышты түс екенін біліп, өңінде қуанып қалды.

– Осы адамның түсіне қай-қайдағы қорқынышты түстер кіре береді екен ғой, Хасеннің қолымдағы алмаларды жұлып алып қашып бара жатқаны түсім екен ғой, бәсе. Қайдағы-жайдағы қайдан түсіме кіреді?! – деп, күбірлеп түрегелді. Таңғы асын ішіп бола салысымен, анасымен бірге ерте тұрған Жәнияға түсіндіріп айтты.

– Мен Хасеннің жұмыс орнына кеттім, Хасенді ертіп, нотариусқа барып, саяжайдың құжаттарын өз атыма ауыстырамын. Кеше көрші Бағиладан естідім, саяжайдың жеріне көпқабатты тұрғын үй салынатын болып, шетінен қымбат бағаға сатып алып жатыр екен. Көрші Бағила қомақты ақша алыпты. Хасеннен құжатты қайтарып алған соң, саяжай жаққа барып, анық-қанығын білем.

– Жарайды, мама. Жолың болсын! – деп, Жәния жайбаракат қалпы қала берді. Хасенді жұмыс орнынан тауып, Мәриям қуанып кетті.

– Хасен-ау, аяқ астынан басқа пәтерге ауысканың не, балам-ау!? Мен келгенше күтпедің бе? Немене үйленетін ойың бар ма, Хасентай? – деп күлімсіреді.

– Жо-ғә, апа, әлі үйленетін ойым жоқ, – деп, Хасен бұл әңгімені жаратпағандай теріс айналды.

– Хасен, сен менен бірнәрсе жасырып жүрген жоқсың ба? Әлде біздің қыздар сені ренжітті ме? Шынынды айтшы, неге көңіл-күйің жоқ, Хасен? – деп сұраған.

– Апа, жұмысым бастан асады. Қандай шаруамен келдіңіз, тезірек айтсаңызшы, менің уақытым жоқ, – деп, Хасен көңілсіз күңк ете қалды.

– Саған не болған, Хасен? Бөтен адамдай салқын сөйлесің, не үшін үйден кетіп қалғаныңды айтқың келмейді,

мейлі, өзің біл. Мен саяжайдың құжаттарын алуға келдім, егер уақытың болса нотариуска барып, өз атыма рәсімдейін деп едім. Көрші Бағиланың саяжайына қомақты ақша беріпті. Саған қалаға бара салып, саяжай туралы біліп хабарлас деп едім, есіңнен шығып кетті ме, әлде жұмыстан қолың тимеді ме? — деген. Хасен үнсіз түйіліп тұр, жауап бергісі келмейтін сынайы бар, соны байқаған Мәриям құжатты алып кетуге бекінген.

— Жарайды, жұмысың көп болса, саяжайдың құжатын бере сал, кешке жұмыстан кейін қолың босағанда нотариуска бірге барып рәсімдейік, — деген.

— Мен ешқайда бармаймын, апа, босқа әуре болмаңыз, — деп, Хасен тағы төмен қарады.

— Өлээ, ешқайда бармаймын дегенің қалай? Мен саған қазір барайық деп тұрғам жоқ, кешке жұмыс аяқталған соң рәсімдейік деп тұрмын, балам.

— Апа, ол саяжай менің атыма рәсімделген, демек, саяжай менікі. Мен құжатты ешкімге бермеймін, апа, түсіндіңіз бе? — деп, Мәриямға бөтен адамдай суық қараған.

— Өй, қалжыңбас неме, әзілдейтін уақытты тапқан екенсің? — деп, Мәриям езу тартып, Хасенге қарап еді, тесірейген көзінен, суық көзқарасынан оның шын айтып тұрғанын түсінді. Әлі де ішкі түйсігі сенгісі келмей, Мәриям сұрағын қайта қайталады.

— Хасен, мен саған қыздарыма арнап, сатып алған саяжайдың құжаттарын сұрап тұрмын. Сен түсінбей қалдың ғой деймін, солай ма, ұлым? — деген.

— Апа, саяжай менікі. Маған бұдан былай келмей-ақ қойыңыз. Мен саяжайдың нарықтық бағасын алатын болып, құжаттарды өткізіп қойғанмын. Сіз сол кездегі саяжайды сатып алуға жұмсаған бес жүз долларыңызды қайтарып берем, оған алаңдамаңыз. Енді түсіндіңіз бе, апа?! — деді нықтап, жүзін суытып, қабағын түйіңкіреді. Қалжыңдап тұр ма деп қараса, түсі суық, сөзі мірдің оғындай.

— Сонда қалай, ойбууу, Хасенжан-ау? Саяжай қалай сенікі болмақ? Мен сол кезде төлқұжатымды жоғалтып алып, саған уақытша рәсімдей салған едім ғой? Енді сен не деп тұрсың, түсінсем бұйырмасын, Хасенжан?! — деп, Мәриям шарасыз күйде сұрағын қайталады.

— Апа, токетерін айтайын, мен саяжайды сізге қайтармаймын. Енді маған келмей-ақ қойыңыз, саяжайдың құ-

жаттары менің атымда, қайда барсаңыз да менікі екеніне ешкім шек келтіре алмайды, түсіндіңіз бе?! Ал, енді менің уақытым жоқ, сау болыңыз, — деп, кілт теріс айналды. Мұндай тосын жағдайды күтпеген Мәриямның басы айналып, көзі карауытып кетті.

— Хасен, Хасентай, тоқтай тұршы, сен түсінбей қалдың, — деп, қолын созып еді, жиені қайырылмастан кабинетіне еніп, есігін тарс еткізіп жауып алды. Мына тосын жайт Мәриямды есенгіретіп кеткендей, біраз уақыт бұл болып жатқан жайт өңіме, түсіме түсінбей қалғандай халде болды. Кейін есін жиып, туған жиені, әпкесі Сәкудің ұлы Хасеннің саяжайды иемденіп кеткені, енді Мәриямға қайтарғысы келмейтіні арғы түйсігіне барып, ғайыптан келіп, сен соққандай хал кешті.

— Ойпырмай, бұл туған ұлымдай болған Хасенім бе? Әлде басқа лас біреуді Хасенмен ауыстырып қойғаннан сау ма? Мұнысы қалай? Менің ақшасын төлегенімді біледі, төлқұжатымды жоғалтып алып, Хасенге уақытша рәсімдей салғанымды тағы біледі, сонда бұл қай қылығы?! — деп күбірлеген Мәриям мең-зең болып, алға басқан қадамы артқа кеткендей болып, үйіне ілбіп әрең келе жатты. Мына түрін ешкімнің көргенін қаламады, өйткені, көзінен моншақтаған көз жасы еріксіз ағып, тоқтамай келеді. Мына түрімді ешкім көріп қоймасын деп келе жатқанда қас қылғандай көршісі Бағила алдынан шығып, «Сүйінші!» сұрағанын көрмеймісің.

— Әй, көрші, сүйінші! — деп, ашық мінезімен, жуан даусымен көшені басына көтеріп даңғырлады.

— Айтсаншы, сүйіншінді берем, Бағила.

— Менің алты сотых жері бар саяжайымды жүз мың долларға сатып алуға келісім-шарт жасадым. Ал, сенің сатып алған саяжайыңа екі жүз мың ба, үш жүз мың доллар ма, әйтеуір көп ақша беретін болыпты. Хасен сенен сүйінші сұраған жоқ па? Кеше менің көзімше ол да құжаттарын өткізіп, келісім-шартқа қол қойды. Сен саяжайдың құжаттарын жиеніңнің атына тіркепсің ғой, ие, Мәриям!? Жиенің өте пысық жігіт!

— Ия, жиенім тым пысық жігіт! — деген Мәриям кетуге ыңғайланды. Мәриямның жабырқау жүзін көріп, көршісі таңырқаумен болды.

— Мәриям, сен қуанышын қойныңа сыймай қуанып жүр ме десем, көңіл-күйің жоқ қой? Немене, жылағансың ба? Түрін бозарып кетіпті, ауырып қалғаннан сауымысың?

– Жоқ, Бағила. Әшейін көзім ауырып жүр, көзіме бірдеме түсіп кеткен бе, білмеймін, мен асығып тұр едім, кейін сөйлесерміз, – деп, аяғын жылдамдата басты. Үйіне тезірек жету үшін құдай қосқан ірге көршісі Бағилаға карамастан шапшаң адымдады. Құлды бір Бағила ашық жараның аузын тырнағандай күйініп келе жатыр. Дәл осы сәтте ешкімді көргісі келмегені анық. Табалдырықтан асыға аттаған анасының қуарған боп-боз жүзін көріп, Жәния шошып кетті.

– Мама, саған не болған? Жылағансың ба? Кім ренжітті сені, мама, айтшы, мама? – деп, бота көзі жәутендеп, шошына шырылдады, анасының қолтығынан сүйемелдеді.

– Жай, ештеңе емес, қызым. Қазір аптығымды басайын, шай қойшы, қызым. Мәриям әбден шаршаған адамдай төр алдындағы қызыл-қоңыр диванға сылқ етіп отыра кетті, қолындағы қара сөмкесі еденге тарс етіп құлап түсті. Бұл кездері ұйқысынан оянған Аида мен Әсем де анасының жанына үйіріліп келе қалыпты. Үш қызы үрейленіп, аналарының неге жабыққанын білгісі келіп, сары ауыз балапандай шешесін айнала қоршай қалыпты. Қыздарының өзінен мән-жайды білгісі келіп тұрғанын аңғарып, Мәриям төтесінен бір-ақ қайырды.

– Хасен жиенім мені алдап соқты, соның атына жазылған саяжайды екі жүз, әлде үш жүз мың долларға сатуға келісім-шарт жасап, ақшасын бергісі келмей, үйден қашып кетіпті. Пендешілік деген, міне, осы, балалар.

– Бәсе, мама, кеше мен саған айтқанда маған ұрсып тастап едің. Енді көрдің бе, Хасен төтемнің арам ойын, – деп, ортаншы қызы Аида күйінді.

– Жә, болды. Мамамды жазғыра берме, Хасен Сәку апайымыздың ұлы ғой. Сәку апайға хабарласқанымыз дұрыс болар, – деп, жөн білетін Жәния үлкендік танытты.

– Жәния, дұрыс айтасың. Қазір шай ішіп ашуымды басып, өз-өзіме келген соң, әпшеммен сөйлесіп ақылдасайын. Сәку әпшем тентек ұлын жөнге салар, – деп, Мәриямның қабағы жадырап, дастарханға жайғасып, жайбарақат шай ішуге кірісті. Дәл осы сәтте бір әке, бір шешеден туған Сәку әпкесі мына жайды оп-оңай шеше салатындай, Сәку әпкесі хабарласқан соң Хасен жиені саяжайдың құжаттарын қайтара салатындай, сөйтіп бұл мәселенің оп-оңай шешімі табылатындай көрінген.

Қаймақ қатқан үнді шайын асықпай шөлі қанғанша ішіп болған соң, ұялы телефонын алып, әпкесі Сәкуге жайбарақат көңілде хабарласты.

– Әпше, халдарыңыз қалай? Мен Астанадан хабарласып тұрмын, әпше.

– Мәриям, сен бе, үйіне аман-есен жеттің бе? Ие, жақсы болған екен? Жәния, Аида мен Әсемнің халдары қалай?

– Әпше, мына Хасен тентекті жөнге салмасаң болар емес.

– Еее, Хасен не бүлдіріп қойыпты?

– Мен өткен жылы астанаға жақын жерден жиырма сотых жері бар саяжай алғам. Сол күні төлқұжатымды жоғалтып алып, уақытша Хасеннің атына рәсімдегем. Енді саяжайдың құжатын алайын десем, Хасен «саяжай менікі» деп бетбақтырмайды, құжатты қайтармай отыр, әпше. Сіңлімнің саяжайының құжатын өзіне қайтарып бер деп, Хасен жиеніме айтпасаңыз, мені тыңдайтын түрі жоқ, әпше.

– Маған ол саяжай жайлы Хасен түсіндіріп айтқан. Сен ол саяжайға бар-жоғы бес жүз доллар төлеп, су тегін алыпсың ғой?

– Ие, Ресейге көшіп бара жатқан шалдан арзанға сатып алғам, демек, менің саяжайды сатып алғанымды саған айтқан екен ғой? Ие, сол саяжай «сносқа» кетіп жатыр.

– Ие, Хасен ұлым саяжай туралы айтты. Сенің саяжайға шығарған бесжүз долларыңды қайтарып берем деген, соған бола несіне мазасыздасып тұрсың? Бесжүз доллар ақшанды қайтарамыз, не болды соншама! Соған бола мені мазалағаның не?! – деп, әпкесі трубкуны лақтырып тастаған. Әпкесі дұрыс түсінбей қалды-ау деп ойлаған Мәриям ұялы телефонмен әпкесінің нөмірін қайта теріп, қайта хабарласты.

– Әпше, сен дұрыс түсінбедің? Мен ол жиырма сотых жері бар саяжайды қыздарыма арнап, күйеуім Бәйдібек марқұм екеуіміз кезінде жиған-терген ақшамызға сатып алғам. Сол күні төлқұжатымды жоғалтып алып, уақытша Хасеннің атына рәсімдей салғам, саяжайға төлеген ақша толығымен менікі. Қазіргі уақытта қала маңындағы ол саяжайлар «сносқа» түсіп, қымбат бағамен сатып алынып жатыр. Хасенге құжаттарымды қайтарып бер деп айтпасаң, маған қайтаратын түрі жоқ. Бүгін көршімнен естідім, менің сатып алған саяжайыма үш жүз мың доллар ақша төлейтін болыпты. Хасен келісім-шартқа кеше қол қойыпты. Енді сол шартта көрсетілген құжатты қайтар деп, ана тентек ұлға айтсаң дұрыс болар еді, әпше.

– Саяжайдың құжатын неге қайтарады екен, қайтармайды, әрине! Қызық екенсің, Мәриям!

– Қайтармағаны несі? Жиған-терген ақшама саяжайды сатып алған менмін. Мен төлқұжатымды жоғалтып, Хасенге уақытша рәсімдей салғам. Енді өз атыма аударып алмақ болып барсам, Хасен жиенім саяжайды қайтармаймын деп теріс айналды.

– Мәриям, сенікі дұрыс емес. Менің ұлым Хасен төрт жыл бойы сенің бар шаруанды істеп, сол үйдің отымен кіріп, күлімен шықты. Қыста ауладағы қарыңды күреп, жазда тобылғы сыпырғымен есік алдындағы ауланды сыпырып, еңбегі сінді. Енді бесжүз долларға сатып алған саяжайды менің ұлыма қимай, қайтарып алғың келеді, мұның ұят емес пе? Қыз бала жат жұрттық, сонда немене қыздарына берейін деп пе едің? Ол қай сасқаның?! Хасенге сол саяжай сатып алуға жұмсаған бес жүз долларыңды қайтарып берсін деп хабарлап айтам. Енді басқа айтарың жоқ болса, сау бол, сенімен дауласып тұруға менің уақытым жоқ, – деп, Сәку әпкесі долданып, телефонды өшіріп тастады. Әпкесі түсінбей қалды ма деп, қайта телефон шалмақ болып еді, әпкесі Сәку телефонын мүлде өшіріп тастапты. Демек, саяжай туралы бұл әңгімені тыңдағысы келмеген. Осы әңгіменің куәсі болған үш қызы – Жәния, Аида мен Әсемнің де қатты таңғалғаннан тіл-ауыздары байланып қалғандай, біразға дейін үн-түнсіз қалды. Тек, біраздан соң барып, Аида шындықты айтты.

– Мама, «алтын көрсе –періште жолдан таяды» деген, әпкең де, жиенің Хасен де сені алдап кетті, мама, түсінесің бе?

– Ия, енді түсіндім, қызым, – Мәриямның бота көзіне жас толып, дауысы дірілдеп тіл қатты, – Ия, өкінішке орай солай болды, қызым. Саяжайдан айырылғаным қапаланып отырғаным жоқ, дүние табылар. Мен бүгін саяжайды емес, туған жиенім Хасен мен туған әпшем Сәкуді жоғалтқаным қайғырып отырмын, қайран жалған дүние-ай, қайран пендешілік-ай!...

ЖАР АСТЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ҮЙ

(әңгіме)

Әлі есімде, бастауыш сыныпта оқып жүрген бала кезім. Жағалауын өзеннің суы шайып, биік жарқабаққа айналған төбенің түбіндегі көкемнің үйі ауылдағы басқа үйлерден оқшаулау, «Дорбақ» өзенінің аржақ бетінде оңаша орналасқан, бес бөлмелі еңселі үйі бар болатын. Біз әке-шешемізден бес ұл, бес қыз туыппыз. Анам Нұржамал он алты құрсақ көтерген екен, соның алтауы түрлі себептермен көз жұмыпты, он баласы аман-есен ержетті. Ең үлкен тұңғышы — менің көкем Төкен. Біз отбасындағы бөріміз үлкен ағамды «көке» деп атайтынбыз. Көкем сол кездегі шағын ауылдағы жоғары білім алған, әдемі, ұзын бойлы, атжақты, қыр мұрынды, сымбатты жігіттердің бірі болатын. Мен көкемнің басқалардан ерекше білімді азамат екеніне балалық сезіммен іштей мақтанатынмын, өйткені ол кісі физика, математика сияқты күрделі пәндерді ұршықша үйіретін, қандай күрделі есептерді шемішкеше шағып, оп-оңай шығаратын. Менің балалық көңілмен байқауымша, көкеме қыздар көп көңіл бөлетін, өйткені, ең кенже бауыры қарадомалақ бала— жеті жасар мені қолымнан жетектеп ертіп келе жатқанда бойжеткендер маған тәтті-дәмді кәмпиттер берген болып, бетімнен шөпілдетіп сүйіп тұрып, көкемнен көз айырмайтын. Жастық желікпен ол кісі бозбала кезінде қыздарға қырындап, көрші ауылға барып, ауылға жете алмай түн ішінде күздің қара суығында далада түнеп шығыпты. Содан бері суық тигеннен өкпесі ауырып, құрт ауруына шалдықты. — Маған қатты суық тиіпті, дәрігерге қаралып едім, мен туберкулез— яғни өкпенің

құрт ауруына шалдыққан екенмін, ауруханаға жатып, емделуім керек, – деп мұнайып келгені жадымда жатталып қалыпты. Әке-шешем қатты уайымдап, «өкпесіне құрт түскен жаман ауру, тар құрсақты кеңітіп, тас емшекті жібіткен, тұла бойы тұңғышым жазылып кетсе игі еді», – деп, әсіресе, анам көзіне жас алып, жайшылықта сабырлы әкем де мазасызданып, екеуара күбірлесе сыбырлап, уайымдап отырғандарын сан рет естігем. Көкем алғаш рет Назипа деген көрші ауылдағы бойжеткен қызға ғашық болды. Бірнеше жыл өткен соң көкем Назипаға үйленіп, құйрық-бауыр асатып құда-құдандалы болып, той-думанмен өз алдына шаңырақ көтерді. Ең үлкен тұңғыш қызы Сәуле дүниеге келгенде ұлан-асыр шілдехана жасап, қатты қуанғаны есімде. Көкемнің үлкен қызы Сәулені кәрі әке-шешеміз бауырына басып, содан кейін бірінен соң бірі үйелмелі-сүйелмелі екі ұл – Алтай, Амантай дүниеге келді. Көкемнің үйі биіктеу төбенің етегінде, жар түбінде орналасқан болатын, төбенің сайындағы етекте, үйдің артында қысы, жазы сылдырап «Дорбақ» өзенінің суы сылдырап ағып жататын. Мен көбінесе көкемнің үйінде болуды ұнататынмын, өйткені, көкем мен Назипаның үйі орта мектепке жақын орналасқан еді. Көкем мектепте мұғалім болып жұмыс істейтін. Демалыс күндері мектептегі жас мұғалімдер, ауылдағы басқа жолдастары қонаққа келіп, үй жанындағы өзен маңындағы көгарай шалғынға қой жүнінен қолдан басып жасалған, ұзындығы бес-алты шаршы метрлік ақ, қоңыр өрнекті, оюлы қомшаны жайып салып, сыртта көк аспан астында жұмсақ, жүн қомшаның үстінде айнала отырып, малдас құрып, ортаға ақ дастархан жайып, дастархан үстіне бауырсақ, ірімшік, тіл үйірет тәтті-дәмдіні молынан толтырып, таза ауада еркінше демалып отыратынбыз. Жар түбінде дәл жанымызда сылдырап тоған суы ағып жатса, екінші жақтағы сай түбінде «Дорбақ» өзені сарқырап ағып жатады. Айнала белуардан келетін қалың көк шалғын, жусан, жалбыз, ермен, бақбақ, меңдуана, сора қурай, шәйқурай, мыңтамыр, жаужапырақ, мия, жуа, рауғаш сияқты көк майса шөп пен қымыздық, жуа, таңқурай, қаракат, жиде, мойыл секілді жұпар атқан жеміс-жидектерге толы, оның үстіне айнала толған – қызылды, жасылды, сары, көкала, хош иісі бұрқыраған даланың нәзік гүлдері-бәйшешек, шешек атқан райхан, қызғалдақ. Жан-жағына қарасаң көз тоймайды,

бейне бір қызылды, жасылды көл-көсір мақпал кілем жайылып жатқандай көңілінді марқайтатын, әсем суреттер іспетті керемет көрініс. Көрсең көз тоймайтын, айтсаң тіл жетпейтін, табиғаттың тамаша тартуы. Жер жаннаты секілді біздің шағын ауылдың бір шетіндегі жар астында оқшау тұрған жалғыз үйде біздің шағын ауылда бұрын-соңды болмаған, жан жадыратар әдемі кеш басталатын. Көкем бала кезінен домбырада, баянда ойнайтын сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз адам. Ал, жаңа қосылған жас жары Назипа жайлы, қоңыр мақпал дауысымен ән айтатын, көкем өзгеше шабыттанып, құйқылжыта тартып отырған баянға қосылып, тып-тыныш мүлгіген тыныштыққа жан бітіріп, кейде жанға жақын сызылтып, жүрек түкпіріндегі нәзік сезімнің пернесін дөп басқандай дауысын дірілдете шырқап, кейде көкке шырқата тамылжытып сан түрлі халық әнін тамылжыта айтатын. «Сәулем, сәулем, сәулемсің, басымдағы бағымсың, жақсы болсаң, сәулемсің, Жаман болсаң әуремсің, Жақсы болсаң келерсің, судан өтіп сәулем-ай, Жаман болсаң кетерсің суға батып, сәулем-ай!...». Алғашында әсерлі әнге балқып, тым-тырыс тындап отырған дастархан басындағылар, ашыған қымыран қымызды ішіп алып, біраздан соң қызды-қыздыға басып, қонақтардың бәрінің жүйрік аттай бауыры жазылып, жарыса шапқан тұлпардай бірінен соң бірі кең далада қалықтаған әнге қосылатын.

Мен ол кезде бірінші класқа жаңа барғам, жеті жастағы кезім. Көкем мен жеңгемнің қосылып ән айтқанын тындап, сылдырап аққан өзеннің жанында ән тындап рахаттанып отырушы едім. Кейде көкем Төкен мен жеңгем Назипаның кешкі тамақтан соң, көкпеңбек қалың өскен көгалға қызылды-жасылды құрақ көрпе жайып, көк аспанға қарап, балаларды қойнына алып, әңгіме-дүкен құрып жататын кездері болатын. Ондайда мен олардың әңгімесін құмарта тындап, бала қиялыммен аспандағы жымындаған сансыз жұлдыздарға қарап, көкем айтқан «жетіқарақшы, темірқазық, шолпан» сияқты жұлдыздардың тынымсыз жымындағанына танданып, кейде бір жұлдыз зу етіп ағып түссе, — әне, жұлдыз ағып түсті! — деп, сансыз жұлдыздары жыпырлаған, құс жолы ғана ағараңдаған таңғажайып аспан әлемін бақылауға кірісетінмін. Кейде күз келгенінің хабаршысындай үш бұрыштана қиқулап, тырналар жылы жакқа сапар шегетін. Ондайда мен елден

бұрын бірінші байқап, «алақай, көке, женеше, тырна, тырналар ұшып барады, қарандаршы, тырналар!» деп, дегбірім қалмай айғайлайтынмын. Ондайда үлкен, кішіміз бірдей көк аспанға телміріп, олар көзден ғайып болғанша көз алмайтынбыз. Олардың ең үлкендеу ересегі көш бастап, соңынан екі айырлана ерген тырналар тізбегі саптарын бұзбай, қиқулап өтетін. «Бұлар қай жаққа кетіп бара жатыр екен?» деп, қылқиған қап-қара арық мойнымды созып, қызыға қарайтынмын. Осы мамыражай тіршілік екі-үш жылға созылды-ау деймін. Бұл кезде көкемнің өкпесіндегі құрт ауруы асқынып, күннен күнге халі нашарлап бара жатты. Бұрынғыдай жылы үй, жайлы отырыс, жайдарман жай-күйі болмай, ерлі-зайыптылар арасында көзге көрінбес шатақ шекара орнағандай, томаға тұйық салқындық орнады. Алайда, мен балалық аңғалдықпен бұрынғы сүттей ұйыған отбасының жылы шуағын аңсап, күн сайын мектеп оқулықтары салынған сөмкемді иығыма салып, көкемнің үйіне асыға жететінмін. Күні кешегі берекелі отбасының жылы шуағы көкемнің жазылмас дертімен қоса қайтпас құрдымға кеткендей, бұл үйде мен аңсаған бұрынғы қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай көңіл көктемі қайта оралмады. Қайта күн өткен сайын көкемнің денсаулығы күрт нашарлай түсіп, өкпесіне суық тиген айықпас ауруы күннен-күнге асқынып, айлап, жылдап аудан орталығында орналасқан көксаулар ауруханасынан шықпайтын болды. Күрк-күрк жөтеліп, жұрттың айтуымен халықтың ем-домын жасап, борсықтың, қойдың құйрық майын ішкенмен батпандап кірген ауру мысқылдап шығады демекші, оңайлықпен жазыла қоймай, әуре-сарсаңға салды. Ол кезде әке-шешеміз бала-шағасымен қыр басында тұратын. Мектеп көкемнің үйінің жанында орналасқан, сондықтан сабақ біте сала, апам қолдан тігіп берген, барқыт дорба – сөмкемді иығыма асынып алып, көкемнің үйіне асығып-аптығып-ақ келетінмін. Көкем бірнеше айлар бойы ауруханадан шықпайтын болды. Жеңгем Назипаның қабағы түйіліп, жадырап күлмейтін халге жетті. Қашан көрсен де қарадан қарап өмірден түніліп, кейіп отыратын болды.

– Көксау неме, айлап, жылдап ауруханадан шықпайтыны бар, үйленіп несі бар еді. Осы қу моланы күзетіп отыра берем бе?! Көксау неме несіне біржола өліп қалмайды екен, жесір

қатын болсам теңімді табар едім, айлап, жылдап ауруханада жатып, сүмірейіп, қу сүйегін сүйретіп үйге келетінін қайтерсің, одан да қатып қалмай ма, қараң қалғыр! — деп, көсеумен қазаношақтың астын тарс-тұрс еткізіп, бұрқылдатып күл алып, қарғап-сілеп отыратын. Мен жеңгемнің бұл ұрыс-керісіне аса мән бермей, балпанақтай толық тұңғыш қыздары Сәулемен ойнауға кірісетінмін. Есік алдында өзен суы жиылып, қыста мұз қатып, жып-жылтыр мұз айдынына айналатын. Қолыма жылы бөкебайымды киіп алып, тығыршықтай топ-толық қыз Сәулені шанаға отырғызып алып, аттай шабатынмын. Алда-жалда байқаусызда шананы төңкеріп алып, бала шыр етіп құласа, — Әй, жүгермек, байқап жүрмейсің бе, жоныңнан таспа алайын, патшағар! — деп, жеңгем Назипа таяқ алып, қуалап жүріп, аямай шықпыртып сабайтын. Оған да арқам үйреніп кеткен бе, әлде бала болған соң таяқ жегенімді тез арада ұмытып кетем бе, ертеңіне барқыт сөмкемді сүйретіп, мектептен шыға сала мені біреу сағынып тұрғандай қайта келіп тұрам. Айтпақшы, Назипаның шешесінің аты Дүрия екен. Бір күні мектептен келе сала, класта ән сабағында үйренген жаңа әнге бастым.

— Базардан алып келген дүрия бешпет... — деп, әнді бастағаным сол, жеңгем жын ұрғандай атып тұрып, — Есуас жүгермек, менің шешемді әнге қосып, құрдасың ба еді, ей! — деп, мені қуа жөнелгені, сол күннен бастап, жеңгемнің анасының есімі Дүрия екенін тентектеу қу бала біле қойдым. Әрең дегенде жеңгемнің қаһарынан қорқып, құйын-перен қашып, қыр үстіндегі әке-шешемнің үйіне келіп, бірақ тыншыдым. Ертеңіне жеңгемнің қуа жөнелгенін ұмытып, қайта келдім. Шай ішіп, көңілім жайланған соң, есіме, кешегі ән түсе кетіп, балалық еріккеннен ойнақылығыма басып, — Базардан алып келген дүрия бешпет... — деп, әлгі әнді қайта бастағаным сол, жеңгем тырқыратып, шыбығын кезеп, қайта қуып ала жөнелді. Абырой болғанда бұл жолы ащы етіме тұщы таяқ тимей, мен қырды асып, қашып үлгердім. Енді ішім пысса, көкемнің үйіне барып, осы әнді айтып, жеңгем Назипа мені ұруға шыбық тапқанша алды-артыма қарамай тым-тырақай қашатын болдым. Көкем ауырғаннан бері жеңгем Назипаның қабағы қарс түйіліп, көңіл-күйі болмай, болымсыз нәрсеге шырт етіп, тез ашуланатын. Сөйтіп жүргенде, күзге таман

көкем ауруханадан оралды. Бұл кезде ауру мендеп, мүгедек болған көкемнің халі нашар болатын. Күні бойы күрк-күрк жөтеліп, ескі тонға оранып-шымқанып отырса да суықтан тонғандай жөтелін қоймайтын. Қашан көрсең де күл салған бақырға қақырып-түкіріп, екі иінінен әрең демалып отырғаны. Бұрынғы кездегі екі иығына екі кісі мінгендей алпамса денелі көкемнің екі иығы қушыып, құр сүйегі қалыпты. Назипа жеңгем науқас күйеуін жақтырмайтынын жасыра алмай, андасанда көкем сыртқа шығып кеткенде, зарлап қоя беретін.

— Көксау неме, не өлмеді, не жазылмады, маған масыл болды ғой, құрғыр-ай! — деп, мұрнын тыржитатын. Оны естіп қойса, көкем қазіргі дімкәс аурулы нашар халіне қарамай шайпау әйеліне жұдырғын ала жүгіретін.

— Мен саған көрсетейін, көксауды! Аузыңа келгенді айтып, не шатып отырсың, онсыз да жетісіп отырмағанда жыныма тидің ғой, — деп, әйелін қуа жөнелетін. Сөйтіп, көкем ауырғаннан бері бұрынғы сүттей ұйыған үйден береке қашты. Ұрыскеріс көбейіп, ақыры Назипаның ағалары жүк машинасымен келіп, көрпе-жастық — жүктерін, сандық, кереует сияқты жиһаздарын тиеп, екі ұлы — Алтай мен Амантайды кабинаға отырғызып, әке-шешесі Жәку мен Дүрияның үйіне көшіп кетті. Көшкен жұрттың орнындай, үй қаңырап бос қалды. Әйелі Назипа кетіп қалған соң, көкем жиі күрсініп, үсті-үстіне темекі шегіп отырды. Мен бұл кезде екінші класта оқып жүргем, сөмкемді иығыма іліп алып, жапанда жалғыз қалғандай, үй-мүліксіз қаңырап қалған қуыс үйде бір өзі қалған көкемді аяп, тәмпіш танаулы кішкентай қара бала үндемей селтиіп, көкеме қарап тұрдым. Бір кезде маған көзі түсіп, екі жанарынан мөлт-мөлт тамған көз жасын маған көрсеткісі келмей теріс айналып, жеңімен шапшаң сүртті. — Жүр, Бағлан, жоғарғы үйге, апан мен атаңның үйіне барайық, — деді. Мен көкемнің соңынан қалмай томпаңдап еріп келем, көкем көкірегін кере күрсініп, жүрісін жылдамдата түседі. Мен кейде жылдам жүрісіне ілесе алмай, томпаңдап жүгіріп жетем, өз ойымен өзі болып, мені мүлде қаперінен шығарды ма, кім білсін, аяғын адымдай басып, жүрген сайын ауыр күрсінеді, әлде жылап келе ме, мұрнын тартқыштап қояды, мен де көкемнің артынан қалмай ентіге жүгірем, бейне бір өз төлінен жеріген саулықтың артынан маңырап ерген қара қозыдай, кенже бауыры — мені мүлде

есінен шығарған көкемнің соңынан қалмай салпақтаймын, ақыры, жоғарғы қырда тұратын атам мен апамның үйіне келіп жеттік-ау, әйтеуір. Болған жайды көкем қысқаша айтып бергенде олардың да көңіл-күйлері бұзылды.

— Мен құрт ауруымын. Әйеліме өкпем жоқ, қашанғы науқас адамды бақсын, — деп, дауысы жылдарман болып, өзін-өзі ұстай алмай жылап жіберем бе деді ме, сөзінің аяғын айтпай, үйден атып шықты. Дәм-тұздары жараспады ма, екеуі үш-төрт жылдың арасында айрылысып тынды, бесіктен белі шықпаған кішкентай ұлдары Алтай, Амантай анасымен қоса кетті, тұңғыштары Сәуле әке-шешемнің қолында қалған.

Сол күннен бастап, жар астындағы көкемнің үйі жалғызсырап тұрғандай, мен мектептен шыға сала көкемнің үйіне келіп, иесіз қаңырап қалған үйді жалғыз өзім қимай айналшықтап жүретінмін. Бір кездегі балалармен бірге асыр салып ойнап жүрген көңілді үй, тым-тырыс, жапан далада қалғандай, есігінде қара құлып тұратын. Мен жабырқау көңіл-күймен үйді тастап кетуге қимай, біраз айналшықтап, амалсыз артыма жалтақтай қарап, жоғарғы қыр басындағы әке-шешемнің үйіне беттейтінмін. Көкемнің созылмалы құрт ауруы жазылмай, күн өткен сайын күрк-күрк жөтеліп, ауруханадан айлап, жылдап шықпайтын болды. Әке-шешем бірнеше рет Назипаның төркініне барып сөйлескенмен жеңгем үйге қайтудан мүлдем үзілді-кесілді бас тартты.

— Көксау әкесінен жас балаларға ауру жұғуы мүмкін, Төкен жазылғанша маған үйге қайт деп өтініш айтпандар, — деп, әке-шешемнің де, басқа жанашыр жақын-жуықтың да меселін қайтарыпты. Сонымен жар астындағы жалғыз үй ұзақ жылдар жалғызсырап тұрды. Бұрынғы аппақ жұмыртқадай әдемі сипатынан айырылып, керегесінің әктері, сылақтары түсіп, есігінің топсасы опырыла сынып, үйдің іші шашылып, берекесі кетті. Екеуі айрылысқаннан бері бірнеше жыл өтті, жыл өткен сайын жар астындағы жалғыз үйдің сиқы қашып, керегесі құлай бастады. Мен үйреншікті әдетіммен мектептен шыға сала көкем жазылып келіп қалатындай жар астындағы жалғыз үйге жүгіріп келетінмін. Бір келгенімде тентек балалар иен үйдің терезесін сындырып кетіпті, әйнегі сынған терезе үнірейіп, кеудеңе қорқыныш ұялатады екен. Алайда, бір кездегі көкем мен жеңгемнің сал-серілердей қосыла

шырқаған жан жадыратар әсем әнін сағынып, баяғы сүттей ұйыған отбасы қайта оралатындай, үкілі үмітімді үзбей, күн сайын жар астындағы жалғыз үйді бір көріп, баяғы думаншаттықа толы үйдің жетімсіреген сынайын көріп, алабұртып асыға келген бала көңілім құлазып, сөмкемді сүйретіп, қыр басындағы әке-шешемнің үйіне қайтатынмын. Көкем жуық арада жазыла қоймады, жеңгем де төркінінен көкемнің үйіне қайта оралмады. Бұрынғы жаным жақын, асыл елесті қуалап келгендей, күн сайын мектептен шығысымен үйді бір шолып қайту – ежелгі әдетіме айналды. Бірақ, менің жүрегім алабұртып, күн сайын көкемнің бақытты отбасын құрып отырғанын көргім келгенмен, мен асыға күткендей ешқандай өзгеріс жақын арада бола қойған жоқ. Жар астындағы жалғыз үй баяғы бақытты отбасының құр елесіндей жетімсіреп тұрды. Әлдеқандай үміт жетегінде жүретін балалық аңғалдықпен көкемнің сауығып келуін алладан тілеп, Назипа жеңгем екеуінің қосыла шырқаған әсем әнін сағынып, мен балалық үмітпен елес қуып келгендей, күн сайын жар астындағы жалғыз үйге келуімді әсте тоқтатпадым. Кейде жеткенше асығатынмын, балалық аңқаулықпен бұрынғы жадыраған отбасы қайта жиналып отырғандай, әлдене жақсылықтан құр қалғандай жүгіре жетіп, есіктегі баяғы қара құлыптың мелшиіп тұрғанын, есік, терезесі сынып, үнірейіп тұрған жетім үйді көріп, жасып қалатынмын. Бірақ, ертеңіне бәрі бір күнде өзгеріп қала ма деген дәмемен қайта асығып келетінмін. Бірақ, күн өткен сайын сенімім азайғанмен, жүрек түкпіріндегі бұрынғы сүттей ұйыған отбасын аңсап маздаған үміт оты сөнбеді. Тек, жоғары класқа өткен соң ғана бұрынғы көкемнің тату-тәтті отбасының қайта оралмайтынын, бұрынғыдай айлы аспан астында жұлдыз санап, көкем мен жеңгемнің қосыла ән шырқамайтынын, бұл бақытты шақтардың ешқашан қайталанбайтынын, мен аспандағы жымындаған сансыз жұлдыздарды санап, тәтті қиялға батпайтыным, күзде құс жолымен «тыру-тыру» деп, жылы жаққа беттеген тырнарлар тізбегін көріп, қуана айқайлай алмайтыным, міне, осының бәрін – ащы шындықты енді ғана түсіндім. Мен бақытты балалық шақтан айырылғым келмей, өткен шақтың ессіз елесін қуып жүргенімді есейіп ес жиған соң бір-ақ түсіндім. Бәлкім, сол кезде мен бақытты, бейқам балалықпен біржола қоштасып, есейе бастаған шағым болар.

Тек қана бұрынғы жүрек түкпіріндегі сонау өткен күндерді аңсаған, аяулы сағыныш қана естелік болып қалып, өткен шақты мұңая еске алатын болғам.

Мен Орта мектепті бітіргенде жар астындағы жалғыз үйдің құр сұлбасы ғана қалды. Көп ұзамай астанаға жоғары оқу орнына кетіп бара жатқанда алыстан ағараңдап көрініп тұрды, мен жар астындағы жалғыз үйді, өкпесі қабынған көкемді, жеңгем Назипаны, тірі жетім балаларын аядым. Қимастықпен жар астындағы жалғыз үймен іштей іші-бауырым езіле қоштастым. Өзен аңғарымен астанаға қарай жүйткіген жолаушы автобусымен қоса менің жүйрік қиялым да өткен шақтарды кезіп, көпке дейін балалық шақтың бір белгісіндей ағараңдап көрініп тұрған көкемнің үйін қимай кетіп бара жаттым. Көз алдыма көкемнің баянды шабыттана құлаштап, құйқылжыта баян тартып отырған кезі, Нәзипа жеңгемнің көк аспанға қалықтата салған асқақ әні, сүттей ұйыған тату-тәтті көкемнің бақытты отбасы жайлы тәтті елестер, айлы түндері көкемнің қиял-ғажайып ертегісін тыңдап, құс жолына қарап, қиялға шомған сәттерім, өзен аңғарында құлын-тайдай асыр салған балалық шағым, бәрі-бәрі көкірегімде сайрап, кино тізбегіндей көз алдымнан өтіп жатты. Мен өткенді жүрегім сыздап, қимай еске алдым, бұл балалық шақпен соңғы рет қоштасу екенін де жан-жүрегіммен сезіндім. Жар астындағы жалғыз үй – менің балалық шағымның бір бөлшегіндей алыс астанаға арман қуып беттеген, менің мінген автобусым ұзағанша алыстан мұнартып, бір кезде асыр салып ойнаған, әрнәрсеге жас баладай қуанған, алаңсыз пәк көңілді қарадомалақ балаға – маған қол бұлғап тұрғандай, жолаушылар автобусы қыр асып кеткенше көпке дейін ағараңдап көрініп тұрды. Автобус қыр асып кеткен соң ғана жар астындағы жалғыз үй көзден таса болды. Сол күні алыс астанаға арман қуып кетіп бара жатқан, қарадомалақ қазақтың кара баласы балалық шақпен – жар астындағы жалғыз үймен мәңгі қоштасып, үкілі үмітпен үлкен өмірге аяқ басқан еді...

ШАТА БАЛА

(әңгіме)

Соғыстан соңғы жылдар. Бес жыл бойы еліміздің қару ұстар ер-азаматтары Ұлы Отан соғысына кетіп, арыстай азаматтардың көбінің сүйегі жат жерде қалған ауыр жылдар. Ұлы Жеңіс күні келіп жеткесін ғана ел еңсесін тіктеп, майдан кезінде ат-арбашы болып, қара жұмысқа жегілген балалар қайта мектепке барып, жергілікті ауыл тұрғындарының тұрмысы жаңа ғана түзеле бастаған. Әйткенмен, соғыс жандарын жаралаған, жесір болып қара жамылып қалған жесір аналар мен әкесінен сұм соғыстың кесірінен айырылған жетім балалар тым көп болатын. Соғыстың кесірінен зардап шеккен балалардың бірі – Мейірбек болатын.

Алғаш рет жанын жаралаған «шата бала» деген қорқынышты сөзді Мейірбек бір класта оқитын құрдас досы Несіпбектен естіді. Екеуі мектептен келе жатып, бір асыққа таласып, ерегесіп қалған. Мейірбек тастай қатып, уысындағы қызылмен боялған асықты жіліктің асығын оңайлықпен бере қоймаған. Өзінен бойы ұзындау, мығымдау денелі Мейірбектен қызыққан асығын алуға күші жетпейтінін сезген Несіпбек бір уақытта ашуға булығып, сыныптас досы Мейірбекке қарап, айқайлап жіберген.

– Сен шата баласың! Менің анам мен көрші кемпір Қатыш апамен екеуі сөйлесіп отырып, сені сыртыңнан дәл солай атағанын өз құлағыммен естідім. Шата бала! – деп, түйеден түскендей қойып қалғаны. Алғашында мынадай тосын сөзден сасқалақтап қалған Мейірбек түсінбей қалды.

– Ия, сонымен не айтқың келеді? Шата баласы несі?! – деп, келте танауы едірейіп, тана көздері шарасынан шығып,

онсыз да кірпікшешендей қатқыл шаштары одан сайын ежірейген. Бірақ, жарғақ құлағы жалтыраған құрдасы жауап бергісі келмеді ме, әйтеуір айтарын айтып болған соң, досы Мейірбектен өшін алғандай, кілт теріс бұрылып, кара сөмкесін бұлғандатып, үйіне қарай құстай ұшқан. Мейірбек бұл сөздің мағынасын бірден түсіне қойған жоқ, бірақ ар жағындағы ішкі түйсігі бұл сөздің тегін айтылмағанын сезген. Үш-төрт кітабы салынған, апасы тігіп берген кара ала дорбасын бұрышқа лақтыра сала, бұл сөздің мән-жайын апасынан тезірек білмек болған. Жақында сойылған ақ қойдың жүнін кірсабынмен бұрқыратып жуып, дуалға жайып, жарқыраған күн сәулесіне кептіріп, жуылған қойдың жүнін алдымен тоқыма шидің үстіне салып, қос жұмыр ағаш таяқтан жонып дайындалған қос сабаумен кезек-кезек көсіле сабап, ерінбей-жалықпай жібектей қылып түтіп, түтылген жүнді қолына будақтата жиып алып, сыбызғылай тартып, қаннен-қаперсіз санына тақай үйреншікті қолымен ағаш ұршықты шебер зырылдатып, жіп иіріп отырған анасы, бірденеден құр қалғандай жанына ентелеп келген Мейірбекке немқұрайды көз салып, жайбарақат тіл қатқан.

— Қарның ашты ма, құлыным? Қазір мына жүнді иіріп, бітіріп тастайын, тамақ дайын, қазір, айналайын, — анасы шудаланған жібектей жүнді ұршыққа айналдыра иіріп, қайта бастағаны сол еді, осы арада Мейірбек анасының сөзін аяқтатпай килігіп, «шатаның» мәнін білгісі келіп, асыға-аптыға сұрақ қойған.

— Апа, мені бүгін Несіпбек «сен шата баласың» деді, ол не деген сөз?! — деп, тіке сұрақ қойған. Анасының көзі атыздай болды, тіл-ауызы байланып қалғандай бір-екі минут мешел баладай мелшиіп қалды, зырылдатып иірген ұршығын кілт тиды. Әлден уақыттан кейін ғана өз-өзіне келгендей, Мейірбекке қарап, зілдене сөйледі.

— Ол зәнталақ жүгермек Несіпбек не тантып жүр?! Көзіне көк шыбын үймелетейін, жүгермектің! Бесіктен белі шықпай жатып, ондай сөзді қайдан біледі екен, қу шешек!

— Несіпбек ондай сөзді шешесі көрші кемпір Қатыш апамен сөйлесіп отырған кезде естіпті, өзі солай деп айтты, апа. Ол жаман сөз бе, айтшы, апа!

— Е-е, қатындардың өсегін тындап жетіскен екен жетпегір, желкең үзілгір, жөргегінен шықпай жатып, қағынған неме!

Мен қазір Гүлжахан шешесіне барып, шашын жұлып қолына берейін. Қарашы ей, бұлардың басынғанын! Балақтағы бит басқа шықты деген осы, арыстай азамат, осы колхоздың білдей бастығы болған марқұм Байділда Жұманов әкең соғыста қайтыс болмаса, осындай сөз естір ме едік!? – деп, жыламсыраған анасы жаулығының ұшымен көзін сүртіп, ұршығы мен жүнін қалай болса солай ашуланып, төрге қарай бар пәрменімен лақтыра салып, жүн түткен етегін қағып түрегеліп, қызыл ала гүлді көйлегінің кең етегі желмен жарыса далбандап, Несіпбектің үйіне қарай тұра жөнелді. Енді ғана Мейірбек анасының ашуға булыққанын көріп, намысына тиетін сөз екеніне шынымен көзі жетті.

– Ертең мен саған көрсетермін, «шата баланы!», сен өзің шата бала! – деп, жұдырығын түйіп, сырттай сыныптас досы Несіпбекке кіжінді. Жайшылықта Мейірбектің анасы Қалиманың мінезі жұмсақ, биязы болатын. Ал, осы жолы ақыл-естен, салиқалы сабырдан айырылып, шатақ шығарып, Несіпбектің анасы – өзінің ең жақын сырлас досы Гүлжаханға суыт жөнелуі – бұл сөздің түп-төркіні жанға жара салар, жамандық екенін Мейірбек бала болса да кішкентай жүрегі шиыршық атып, аттай тулап, іштей сезді. Сүт пісірім уақыттан соң анасы салы суға кетіп, жабырқап оралды. Мейірбек анасының жылағанын, көз жасын ұлына көрсетпей теріс айналғанын, қамыққан жүзін байқап қалды. Мейірбек бала болса да анасының жабырқау, жүдеу жүзін көріп, жаңағы сөзді қайта жаңғыртып, жанын ауыртып, қайта сұрауды жөн көрмеді. Үйге берген тапсырмаларын мұқият орындап, төсекке жатқанда да көзі ілініп ұйқтағанша «шата бала» деген жұмбақ сөздің шешуін таппай қинала ойланып жатып, ұйқтап қалыпты. Таңсәрімен анасы оятып, таңғы асын апыл-ғұпыл ішіп, шешесі кенептен тігіп берген ала дорбасын иығына асып алып, мектепке жүгірді. Класта бір партада отыратын Несіпбек те жұмған аузын ашпай, түк білмегендей, ешқандай «шата бала» деген сөзді айтып, шатақ шығармағандай мүләйімси қалыпты. Сабақтан шыққан соң Несіпбектен кешегі айтқан сөзінің мағынасын сұраған, ол әдетінше иығын қиқаң еткізді.

– Білмеймін, кеше сенің анаң мен менің шешем екеуі қосыла жылады, сенің анаң келе салып былай деді, «Сұм соғыстың кесірінен байым өлім, бағым таймаса, сен менің ұлымды

«шата бала» деп айтар ма едің?! Қалайша мені жамандыққа қиып тілдедің, жиырма жасымда жесір қалдым. Менің орныма өзінді қойып көрші. Мен жар қызығын көрмедім, әйел болып, бала сүйгім келіп еді, енді сырлас досым сенің өзін, мені сыртымнан ғайбаттапсың. Соғыстың кесірінен жесір әйел атанып, жетім бала тудым, енді сен келіп, жалғыз ұлымды «шата бала» деп қорлапсың, — деп еңіреп жылады. Менің анам сенің шешеммен бірге қосылып жылап, кешірім сұрады. Сенің мамам кеткен соң, шешемнен сұрап едім.

— Апа, «Шата бала» деген не сөз, айтшы, — дегенім сол, анам қатты ашуланып, егер ештеме түсінбесең, неге айтасың!? Екінші рет сондай сөз айтсаң жоныңнан таспа тілем, желкен үзілгір, жетпегір! — деп айқайлады. Сондықтан ол не сөз екенін ұқпадым, — деді Несіпбек. Сабақтан келе жатып, бір класта, бір партада отыратын он жасар екі бала бұл сөздің мән-мағынасын сол күйі біле алмады.

Алайда уақыт өте келе Мейірбек бұл сөздің мағынасын жете ұқты. Әкесі Байділда Жұмановтан Ұлы Отан соғысының бастапқы жылында-ақ 1941 жылы қара қағаз келіпті. Ал, Мейірбектің туған жылы 1944 жыл. Аты-жөні Жұманов Мейірбек Байділда ұлы, демек аты-жөні бойынша туған әкесінің-ақ туған баласы. Кейінірек есейе келе болған мән-жайды толық білді. Әкесі Байділда Жұмановтан 1941 жылы қара қағаз келіп, жас келіншегі Қалима аңырап ауылда қалады. Ол кезде ауылда өңкей қыз-келіншектер мен кемпірлер. Еркек кіндіктіден бір аяғы ақсақ Омар ғана қалған болатын. «Арпа ішінде бір бидай» демекші, енді бұрынғы ақсақ Омар, «Омеке» болып, қыз-келіншектің арасында беделі өсіп сала берген. «Ит жоқта шошқа үредінін» керімен көздері қарайған қыз-келіншектер ақсақ Омардың бір ауыз жылы сөзіне мәз болады. Сондай қиын-қыстау кезде 1943 жылдың күзінде Омар Қалимаға сөз салып, екеуі жақындасып қалады. Табиғат өз дегенін істеп, бес-алты айда Қалиманың іші томпайып шыға келеді. Жасы қырықтан асқан Омар үш баласын, әйелін тастап, жиырмадан жаңа асқан жас келіншек Қалимаға үйленбек болады. Бірақ, біреудің отбасын бұзғысы келмеген Қалима Омарға күйеуге тиюден үзілді-кесілді бас тартқан. Марқұм күйеуінен қара қағаз алып, көңілдері қамкөңіл ата, енесі келіндерінің аяғы ауыр болып қалғанын жақсылыққа балайды. Өйткені, «Байділданың

артында бір тұяқ қалмады-ау» деп екеуі де қатты өкініп жүрген болатын. Біреулер сыпсындап өсек айтып, енді біреулері жесір әйелді аяған болады.

— Қайтсін-ай, жар қызығын көрмеді. Үйлі-баранды Омардан екіқабат болып қалыпты. Баласын жолдан тапқанын адамнан жасырғанмен құдайдан жасыра алмас. Марқұм Байділда күйеуінің көзіне шөп салды.

— Күйеуі соғыста қаза таппаса, өстіп ақсақ Омармен әуейі болушы ма еді, қайтсін байғұс! Обал-ай! Менің Қалимаға жаным ашиды, жас емес пе?! — дескен гу-гу әңгіме. Біреуі Қалиманы жақтаса, енді біреуі даттап әлек. Біреулері «мұндай ойнастан бала таппақ болған, бұзылған келінді ата-енесі төркініне қуып жіберуі керек, марқұм күйеуінің ақ төсегін адал сақтамай, «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» демекші, жеңілтектік жасады» десе, енді біреулері жұмсақтық танытып, «Қайтсін-ай, жесірліктің зардабын тым ерте татты, үріп ауызға салғандай үлбіреген жап-жас келіншек қашанғы етегіне намаз оқысын», «ерлі-зайыпты болып, жар қызығын көретін шақта сұм соғыстың кесірінен атпалдай азаматынан айырылды-ау! Қалима да ет пен сүйектен жаратылған адам баласы, оның да бала сүюге қақысы бар, күйеуінен айырылған соң амалсыз жолдан тайды, әйтпесе, Байділда тірі тұрса, Қалимадан бақытты әйел болар ма еді, қайтсін, байғұс-ай!?» деп, аяушылық танытатын. Ұлдары соғыста қайтыс болған Байділданың көрі әкесі Жұман мен шешесі Айымхан көрегендік жасады.

— Келіннің аяғы ауыр болғанын білдік, енді келінді сыртқа теппей, бұл олжа баланы марқұм ұлымыз Байділданың атына жазайық, артынан ерген бір тұяғы болсын, — деген Байділданың көрі-әке-шешесі келінін босандырып, соғыста шейіт болған марқұм ұлдары Байділданың аты-жөніне жазғызып, күнәсіз сәбидің дүниеге келгенін ел қатарлы қуаныш қылып, бүкіл ауыл тұрғындарын шақырып, шілдехана жасаған болатын. Бірақ, бұл болған жайды сол кездегі ауылдың негізгі тұрғындары — өсекке жаны құмар ауылдың қатын-қалаштары түгел білетін. Енді сан жылдан соң сол өсектің сыпсыны сап тиылған. Өйткені, соғыста сүйген жарларынан айырылған жесір әйелдердің ауыр өміріне сұм соғысты бастаған фашистер кінәлі еді. Кейін Мейірбек жоғары оқу орнын бітіріп келгенде бұрынғы ауыл тұрғындары — ескі көз көргендер қуана қарсы алған.

– Сенің әкең Байділда Жұманов осы совхоздың директоры болған еді, құдайға шүкір, артынан ерген ұлы бар, әкеннің атын өшірмей, сен де үлкен азамат болдың, бүкіл ауылдың орта мектебінің директоры болдың, үйленіп адам болдың, соғыста шейіт болған, марқұм әкеннің жасамаған жасын саған берсін, көп жаса, балам, – деп, көпті көрген ауыл ақсақалдары жас отау құрған Мейірбекке баталарын берген. Марқұм Байділданың әкесі Жұман атасы мен кәрі әжесі Айымханның қуанышында шек болмады. Олар Мейірбектің үйлену тойын жасап, осы ауылдың қызы Мағрипаны келін қылып түсірді.

– Немерем әкесі сияқты жоғары білімді азамат болып, елге оралды. Мейірбек немерем үйленіп, төбеміз көкке жеткендей болды. «Ат тұяғын тай басар» деген, қыршынынан кеткен марқұм ұлым Байділдамның қара шаңырағының түтіні өшпейтін болды. Өлгенім тіріліп, өшкеніміз жанды, – деп, атасы мен әжесі Мейірбек немересін мақтан тұтатын. «Орнында бар оңалар» деп, дана халқымыз бекер айтпаған.

СҮРБОЙДАҚТЫ ҮЙЛЕНДІРГЕН ЖАНАШЫР ДОСТАР

(әңгіме)

Еділбайдың мінезі ауыр, көп сөйлей бермейтін тұйық жігіт. Көбінесе әлденені ойлап жүре ме, екі қарыстай ғана тар маңдайы қатпар-қатпар тыржиып, қалын қабағы түксиіп, кездескен кісіге қарасы аз, ағы көп көзімен алара қарайтын. Жасы отызға жаңа толғанмен қыртыс-қыртыс әжім басқан түріне қарап, білмейтін жұрт Еділбайды қырықтың қырқасына шыққан егде жігіт ағасы ма деп қалатын. Өйткені, Еділбайдың адамға жұғымы жоқ, кісікііктей мінезі үркіте ме, көбінесе көпшіліктен оқшау қалып, саяқ жүретін. Әрине, мұндай екі елі маңдайы тыржиған өңсіз жігітке кім қарасын, бойжеткен қыздар да мінезі жайдары, сымбатты күйеу іздейді. Пенде баласына сүйкімсіз, түр-тұрпаты келіспеген, ұсқынсыз жігітке кім қарасын. Қарар еді-ау, Еділбай түріне қарамай жан баласын менсінбейтін.

— Ой, ана қызды айтамысың, ешкінің құйрығындай шошандап тұр ғой, мінезі жеңілтек-ау деймін, — Е-е, ана қызды айтамысың, белі томардай тым жуан екен, — Ой, соны қойшы, қасы-көзін бояп алып, жансыз қуыршақ сияқты, ондай қыздың керегі жоқ, — деп, көрмей-білмей жатып, сөгіп ала жөнелетін. Кейде курстас жолдастары әзіл-шыны аралас өзара таңғалатын.

— Осы біздің Еділбайға ұнайтын қыз жоқ, бәрін сынап-мінеп, қыз біткеннің бәрін түкке алғысыз көреді. Әлде, мысықтың биікке ілінген етке бойы жетпей, «ой, ол сасық ет шығар», — дегеніндей, өзінің қолы жетпегесін айтқаны ма?! — деп, сырттай себебін білгісі келіп, әрқилы жорамалдайтын. Осы «сұрбойдақ» атанған Еділбайдың қуақы курстас жолдастары

бар. Жоғары оқуды бітіргендеріне он шақты жыл толып, жігіттердің бәрі үйлі-баранды, балалы-шағалы болып, отбасын құрды. Тек, араларында көзге шыққан сүйелдей болып, отыз беске толғанша сұрбойдақ болып, ешқандай қызға сөз айтпаған, ешкімге күйеу болып жарытпаған, бір де бір балаға әке болмаған – баяғы сұрбойдақ Еділбай. Студенттік кездерінде бір бөлмеде тұрып, қара нанды бөліп жеген курстастары Еділбайды тез арада үйлендіргісі келеді-ақ. Солардың біреуі – жұқалау өнді, қыр мұрынды,қысық көзді, тәмпіш танау, сөйлегенде аузы аузына жұқпайтын, жұқа ерінді, кушікеш Қоңырбай. Екінші курстасы – жылпос мінезді, ұзын бойлы, әдемі, аққұба өнді Базарбай. Қоңырбай мен Базарбайдың ертелі кеш айналдыратыны, тілдерінің «үшкір бізін» қадап, әзіл-шыны аралас қалжындайтындары – баяғы «сұрбойдақ» Еділбай. –Едеке, қу тізеңді құшақтап жүре бересің бе? Айналаң толған гүлдей құлпырған әдемі қыз-келіншектер. Солардың біреуіне үйленіп, бала сүйіп, жар қызығын көрмейсің бе? Мұның не, қабағың түйіліп, аш өзегің үзіліп, қыздарға сүзіліп, түнеріп жүргенің мынау! – деп тиісетін. Бұрын қыздардың бәрін жамандап, қырсыға сөйлейтін Еділбайдың соңғы кезде жүні жығылып, мұнайып жауап беретін болып жүр. Ондай кезде қанша айтқанмен курстас жолдастары емес пе, олардың да жүрегі езіліп, Еділбайды аяп кететін.

– Не істе дейсіңдер маған, қыздармен сөйлескім-ақ келеді. Бірақ, мен аузымды ашсам болды, қу қыздар келеке қылып сықылықтап күліп, жандарына жолатпайды. Сендер сияқты, қыздарға келгенде аузымның салымы жоқ. Сен екеуің ғой, ерте үйленіп алдыңдар, сөйте тұра неке сақинасын шешіп тастап, басқа қыздарға «бойдақпын» деп, тағы көз қырын салып, екі жеп, биге шығып жүргендерің, мынау. Мен байғұсқа қыз қарамайды, – деп, Еділбайдың онсыз да қабағы ашылмайтын, қысық көзі жиі жыпылықтап, жолы болмайтынын ашық айтып, мұнайып қалады. Мұндайда достарының жаны ашып, демеу береді.

– Қой, ей, Едеке, саған не болған! Бұрын асау аттай тулап, қыз біткенді менсінбеуші едің, соңғы кезде ұнжырғаң түсіп, не болған саған! Қой, ескі достарың біз тұрғанда жасыма. Әлі-ақ маңдайынан шертіп жүріп, ең әдемі, ең ақылдысын алып береміз, – деп, Қоңырбай мен Базарбай Еділбайға дем беретін.

– Сендерге ұнаса болды, үйлене салар едім. Қыз іздейтін уақытым да жоқ, жұмыстан қолым тимейді, оның үстіне әжем мен шешем де миымды жеп бітті. Күн сайын таң атысынан кеш батқанға дейін, – Еділбай-ау, қашан келін әкелесің, біз қартайдық, біз қатарлы елдің бәрі немерелі, шөберелі болып жатыр. Тіпті, сенің боғынмен жасты Кәрімнің ұлы он сегіз жастағы Сұңғатқа дейін үйленіп, балалы-шағалы болды, қырыққа қарай аяқ бастың, қарғам-ау, кәрі қойдай жасымыз қалғанда бізді жерге қаратпа, бір шүйкебасқа үйленсеңші, еміреніп немере сүйіп, жарық дүниеде немерелі болып жарылқанып, мауқымызды басып кетейік, – деп зарлап, басымды қатырды. Тіпті, солардың «үйлен, үйлен» деген сөзінен әбден ығыр болдым. Кейде көз көрмес, құлақ естімес алыс жаққа қашып кеткім келеді, – деп, ағынан жарылған. Базарбай мен Қоңырбай бір-біріне қарап, Еділбайдың қыз таба алмай тығырыққа тірелгенін өз құлағымен естіп, шынымен жандары ашып аяп кетті. –Едеке, қой, өйтіп жасыма, ер-азамат емеспісің. Жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітірген сен сияқты ақылды жігітті қыздар қайдан тапсын?! Өзін ғой, осы күнге дейін менсінбей жүрген. Бізге «қыз тап» деп тапсырма берсең болды, Бәкең екеуміз айтқаныңды екі етпейміз, – деп, Қоңырбай Еділбайға сөз берді. –Мейлі, маған апам айтқандай «срошно» үйлену керек. Бір жақсы қыз табындар, – деп, Еділбай бұрынғы курстас жолдастарына тәптіштеп табыстады. Базарбай мен Қоңырбай оңашада ойланып, Еділбайға да жақсылық жасап, әрі өздеріне де тиімді жағын ойлай келіп, Базарбайдың «өтпей отырған тауардай» кәрі қыз қайын апасы – отыз бес жастан асқан Қаракөзді Еділбайға ебін тауып, өткізуді жоспарлады. Сөйтіп, оңашада сырттай тон пішіп, Еділбайға қыз тауып берген болып, әрі, көз алдарында көзге шыққан сүйелдей болып, жігіт таппай оң босағада отырып қалған қайынапасына бай таппақ болып, әңгімені екіұшты қылып сөзбұйдаға салмай, төтесінен бастаған.

– Біз Базекен екеуміз саған керемет қыз тауып қойдық. Мына Базарбайдың қайынапасы Қаракөз отыздан асса да, «кәрі қыз» сияқты емес, жас қыздай сыландап отыр. Ақылы көркіне сай, мінезі салмақты, егер Қаракөзге үйленсең бағың ашылып, балалы боласың, апам мен әжеңнің ығыр қылған сөзінен құтыласың. Өмір бойы Базарбай мен маған, яғни

Қоңырбай досыңа алғыс айтатын боласың. Біз екеуміз саған жамандық ойламаймыз, солай, достым, — деп, Қоңырбай күркетей қолымен Еділбайдың қушиған иығынан өзіміне қағып, Базарбайға қарап, «қатырдым бәлемді» дегендей, қулана көзін қысып қойды.

— Әрине, Қоңырбай дұрыс айтады, қайынапам Қаракөздің қолынан келмейтіні жоқ, тамақ пісіре алады, кір жуа алады, біздің балаларға бас-көз боп жүр, демек, келешекте өз балаларын да бағып-қағады. Қаракөздей қызды жолықтырған тағдырыңа риза боласың, досым! — деп, Базарбай да ұрысқақ, қытымыр, әрі тамақ істеуге ерінетін, жатып ішер жалқау, Қаракөздей салақ қайынапасынан тезірек құтылғысы келіп, Қаракөздің мақтауын асырды-ау, — Жүр, әңгімені сағыздай созбай, сені тезірек ертіп апарып, Қаракөзбен таныстырып, сауабыңды алайық. Жүр, кеттік, — деп, Еділбайдың ұялып тартыншақтағанына қарамастан Қоңырбай мен Базарбай Еділбайдың екі қолтығынан демеп, күштеп әкелгендей Базарбайдың үйіне алып, жетіп келді. Толық денелі қара қыз, Базарбайдың әйелі Күлімкөздің туған әпкесі Қаракөз екен. Түрі ажарсыздау болғанмен бүгін саған үйленетін жігіт ертіп келем деп ескерткен соң, қолды аяққа тұрмайтын пысық болып көрініп, сінлісі Күлімкөзбен қосылып, дастархан мәзірін жасап, жүгіріп жүргенсіді. Ара-арасында Еділбайға қарап, елпілдеп сөйлеп қояды.

— Шай ішіңіз, тамақ алыңыз, — деп, қонақжайлық танытып қояды. Күні бойы асханадан тамақ ішіп, ашқұрсақ жүрген Еділбайдың ішіне ел қонып, өн-бойы жылынып, Қаракөзге іштарта қарады. Ол да кетары емес екен, қысық көзі сығырайып жиі жыпылықтап, маңдайы тершіп, Еділбайға жәутендеп қарай береді. Тәрізі, Базарбай мен Күлімкөз сінлісі Еділбайдың «сұрбойдақ» екенін ескертіп қойған болар, бұрынғы ұрысқақ, тырысқақ мінезін көрсетпей, Еділбайға ұнағысы келіп, әдемі қызыл көйлегін киіп, құрақ ұшады. Еділбай мен Қаракөз екеуі бір-бірін көргені болмаса онаша сөйлесіп көрмеді. Бәрін жедел шешкен — Базарбай мен Қоңырбай. Дастархан жиылған соң сыртқа шығып, Қоңырбай екеуі «темірді қызған кезінде сок» деген мақалды ескеріп, әрі үйлерінде көзге шыққан сүйелдей болып омалып отырған қайынапасынан тезірек құтылғысы келіп, әңгімені тағы төтесінен бастады.

— Едеке, үйге барып, той камына кіріс. Бүйтіп соза берсен, қырықтың қырқасына шығуың да ғажап емес. Уақыт жоғалтпай сені үйлендіріп, екі жастың сауабын алайық, біз сенің жанашыр достарыңбыз, — деп, сөз аяғын әзілге шаптырып, өктем сөйледі.

— Тойға дайындалғаны қалай?! Қаракөз екеуіміз бірі-бірімізбен жақынырақ танысып-білісіп, асықпай ойланбаймыз ба?! — дегені сол, мына жайбарақат қалпын көріп, Еділбайдың дәл қазір үйлене қоймасын сезіп, Базарбай мен Қоңырбай шок басқандай ыршып түсті, екі айлакер досы ашу-ызадан күйіп кетті. — Түу, сен, Едеке, қызық жігіт екенсің! «Қыз тап» дедің таптық, сен отыз тоғыздан астың, Қаракөз отыз бестен асты. Он сегіздегі қыз бен жігіт болсаңдар бірсәрі. «Атан түйе ойнаса, жұт болады» демекші, сендерге не жорық!? Қызды көрдің, көңілің толды, ол да саған кетары емес, оны тағы байқадың, енді саған не керек?! Немене, қызды киноға, театрға шақырып, ерігіп жүрсің бе? Сен де жұмысбасты адамсың, о баста «менің қыз іздеуге қолым тимейді» деген сен емес пе?! Енді неғып сиырқұйымшаққа салып созып отырсың?! Қой, оның жарамайды. Өзі келіп, қолыңа қонып отырған бақ құсынан айырылма! Ертеңнен бастап, той камына кіріс, — деген Базарбай мен Қоңырбай Еділбай байғұстың алды-артына қаратпай, бұйыра сөйледі. Ақыры, Еділбай жеңілгенін мойындап, сөздің ығына жығылды. — Жарайды, жігіттер, сендер маған жамандық ойламайсыңдар, білем. Әрі, киноға, театрға шақыратын жастан әлдеқайда өтіп кеткенім рас. Мейлі, ертең әжем мен апамды қуантып, той камына кірісеміз, — дегені. Еділбайдың көптен күткен мына сөзін естіп, Базарбай мен Қоңырбайдың көздері шырадай жанып, кәрі қызды, Базарбайдың көзге шыққан сүйелдей болған қайынапасынан оп-оңай құтылатындарын естіп, естері кете қуанды.

— Бәсе, Едеке, жігіт бір сөзді болу керек. Сен әдемі, ақылды қыз тап дедің, біз досымыздан аянамыз ба, екі сөзге келмей ет жақын қайынапамызды таба қойдық. Енді екеуіміз курстас дос емес, бажа болатын болдық. Мен Қаракөздің сіндісі Күлімкөзге үйленіп отырмын, сен қайынапама үйленсен, екеуіміз құдай қосқан бажамыз, — деп, құшағын айқара ашып, Еділбайды қапсыра құшақтады. Сөйтіп, айналасы екі-үш күнде екі дос Еділбайды апыр-топыр үйлендіріп тынды. Алғашында

сыр бермеген Қаракөз бір ай өтер-өтпесте Еділбайдың екі аяғын бір етікке тығып, Еділбай отыр десе отырып, тұр десе тұратын болды. Бұрынғы бойдақ кезіндегі ерке-шора мінезі адыра қалып, үй шаруасын да Еділбай атқаратын болды. Кәрі әке-шешесі әліптің артын бағып, «жас жұбайлардың» өміріне араласпауға бекініп, жаңа түскен келінге ештеме айта алмады. Ата, енесінің үндемегенін көріп, Қаракөз кәрі қыздың бейбастақ мінезіне басып, кейде енесін де үй шаруасына жұмсайтын болды. Еділбай үйленген соң ғана екі қудың өзін алдап соққанын, өткізе алмай жүрген кәрі қызды, үй шаруасына салақ, мінезі шайпау қайынапасын өтірік мақтап, Еділбайға өткізіп жібергенін білді. Бірақ, тым кеш еді. Бірде жаңа жыл қарсаңында баяғы курстас екі досы – Базарбай мен Қоңырбай аяқ астынан жетіп келіпті, қайынапасын беріп, Еділбайды жарылқап тастағандай міндетсініп, астамси мардамсиды. – Едеке, сені үйлендіріп, сауабынды алдық, өйткені, біз сенің ең жақын жанашыр достарыңбыз. Әйтпесе, осы уақытқа дейін екі тізенді құшақтап, жалғыздан жалғыз сопиып отырушы едің. Біздің арқамызда отбасын құрдың. Енді жаңа жылды бірігіп тойлайық, сен бізге өмір-бақи қарыздар екенінді ұмытпа, екі досыңды мейрамханаға апарып, көңілімізді көтер, – деп, әңгімені арыдан бастап, міндетсі бастап еді, шаруаға қыры жоқ салақ әйеліне ашуға булығып отырған Еділбай дүрсе қоя берді.

– Алды-артыма қаратпай, ойлануға мұрша бермей, кәрі қызға үйлендіріп тындыңдар. Мінезі жібектей деп едіңдер, нағыз ұрысқақ, ит мінезді екен, ел-жұрттан ұялғанымнан әрең шыдап жүрмін. Жұмыстан шаршап келсем, тамақ жасап қоюдың орнына өзімді жұмсап, сілемді қатырады. Сен екеуің маған бақ әпермедіңдер, сор әкелдіңдер! Мен сенің қайынапаң Қаракөзді сүймеймін. «Екеуі зорлап үйлендірді» деп екеуіңді сотқа берем! Соттатам, түрмеде шіритін боласыңдар, екі зәлім, қу сұмырайлар! – деп, айғайға басты. Ашуланғанда шүңірек көзінен от шашып, аузы көпіріп, түкірігі шашырап, долданып кетеді екен. Еділбайдың аңқаулығын пайдаланып, кафе, мейрамханаға тегін барамыз ба деп отырған екі күшікеш жігіттер Еділбайдан мұндай ашу-ызаны күтпеген. Екеуі «байтал түгіл бас қайғы» демекші, әрең дегенде үйден сытылып шығып, алды –артына қарамастан зытты.

– Ойбай, мынауың жуас па деп жүрсек, нағыз жыңды екен ғой! Бар жазығымыз – әйел тауып бергеніміз бе?

– Әй, Базарбай, сен Қаракөз қайынапанның жатып ішер жалқау екенін о баста білдің ғой? Шыныңды айтшы, Базеке?

– Білсе несі бар?! Қоңырбай, мен сені дос деп, сырымды айтып жүрсем, мұның не? Қарашы, екеуміз Еділбайға қатын тауып беріп, сауабын алдық па? Алдық. Әрі менің көзге сүйелдей болған шайпау қайынапамнан құтылдық па? Құтылдық. Міне, сөйтіп, екі жеп биге шықтық емеспіз бе, шықтық. Солай, досым.

– Ия, оның рас. Қоянның кашуына, мылтықтың басуы дөп келгенін көрмеймісің! Дегенмен Еділбайды қатырдық, Қаракөздей мінезі жаман қатын әперіп қарқ қылдық! – деп, екі дос көшені басына көтеріп, рахаттана қарқылдап күлді.

– Әй, сенің еңбегің бар, Қоңырбай досым. Екеуміз екі жақтан мақтауын асырып, жаманын жасырып, өтпей қалған кәрі қызды Еділбайға өткізіп тындық емес пе?! Үйге қонақ шақырсақ та жаратпай, сіңлісі Күлімкөз екеумізге күн көрсетпей, отырсақ опак, тұрсақ сопақ деп, қайынапам есімізді шығарушы еді. Шынын айтсам, Қаракөз күйеуге кеткелі үйіміз кеңіп, бір жасап қалдық. Жүрші, мен сені мейрамханаға апарып, әбден ығыр қылған қайынапамнан құтылғанымды жуып берейін.

– Еее, сөйтсеңші, досым. Екеуміз ежелгі сұрбойдақ Еділбайды үйлендіріп, сенін көзге шыққан сүйелдей болған, кәрі қайынапамнан құтылып, көңіліміз көншіді-ау, досым! Екеуміз қандай ақылдымыз, досым!

АЛТАЙДЫҢ БҰҒЫСЫНДАЙ АСҚАҚ ЖАН

(Естелік әңгіме)

Халқымыздың сүйікті жазушысы Бөкеев Оралхан ағаны мектеп қабырғасында жүріп, кітаптарын іздеп жүріп оқып, сырттай жақсы білдім. 1980 жылдары Қазақтың ұлттық мемлекеттік университетінің журналистік факультетін бітіріп, тау қопарып, тас қашайтындай, жастық жалынмен алғашқы әңгімелерім облыстық, республикалық газет беттеріне шыққанына мәз болып, аспандағы айға қол жеткізетіндей, алыс армандарға қол созып жүрген жастық шағым. Ол кезде республикалық көркем-әдеби «Жұлдыз» журналын Оралхан Бөкеев басқаратын. Бірнеше әңгімелерімді апарып ұсынайын десем, ауыл қызының ұялшақтығы басым, жасықтығым жеңіп, батылым бармай жүрген. Бір күні телефон арқылы сөйлесіп көрейінші деп, өз-өзімді жігерлендіре батылдандырып, Оралхан ағаға хабарластым.

— Аға, мен сіздің көп оқушыларыңыздың бірімін, сіз, әрине, мені танымайсыз, ал мен сізді шығармаларыңыз арқылы ғана білем. КазГУ-дің журналистік факультетін бітіріп, «Жалын» баспасында редактор болып, еңбек жолымды бастадым. Әңгімелерімді «Жұлдыз» журналына ұсынғым келіп еді, редакциядағы ешкімді танымаймын, ал, сіздің өзіңізді тек қана сырттай кітабыңыз арқылы білем, — деп, шынымды айтқам. Ол кісі менің қыз бала екенімді, дауысымның толқып тұрғанын сезді ме екен, әйтеуір сөзге келместен көңілді жауап берді.

— Қазір келе ғой, қалқам. Мен түскі тамаққа бармай күтіп отырам, — дегені. «Ойпырай, мынадай ұлы жазушының алдына

барғанда сасқалақтап, екі сөздің басын қоса алмай, ұятқа қалар ма екенмін. Қайдан ғана хабарласып едім», – деп, екі бетім дуылдай қызарып, екі-үш әңгімемді алып, Қазақстан Жазушылар Одағына келдім. Толқынды бұйра шашты сымбатты жігіт ағасы Оралхан аға кабинетінде каскайып отыр екен, қол беріп амандасып, жылы қарсы алды.

– Жүр, Бақыт, түскі тамақ ішіп алайық, – деп, Оралхан аға қалың бұйра шашын кейін серпе сілкіп, кең маңдайлы басын шалқақ ұстап, кербез адымдап, «Қаламгер» кафесіне беттеді. Үлкен жазушының мысы басып, ол кездегі өмір жолын жаңа бастаған жас журналист мен үнсіз артынан ілестім. Бұл менің Оралхан ағаға еріп, «Қаламгер» кафесіне бірінші рет бас сұғуым болатын. Жан-жағымдағы түрлері таныс, бейтаныс ақын, жазушылар Оралхан ағаға ыстық ықыластарын білдіріп, ұшып тұрып қол беріп амандасып жатыр. Осындай үлкен жазушының жанында дастархандас болғанымға іштей мақтаныш сезімі биледі. Осындай оймен толқып, бірінші келгендіктен жан-жағымға байыптап қарай бастағам. Осы кезде Оралхан аға ойымды бөліп, жайлап тіл қатты.

– Бақыт, қандай тамақ ішесің, айта бер, – дегені. Мен ыңғайсызданып, – Рахмет аға, өзіңіз тамақ іше беріңіз, менің қарным аш емес, тамақ ішпеймін, рахмет, – деп, екі бетім оттай қызарып, тағы ұялдым. Менің сырттай кітабы арқылы ғана білетін, бірақ өмірінде алғаш рет көрген, танымайтын жазушыны жатырқап, ыңғайсызданып тұрғанымды Оралхан аға бірден байқады.

– Бақыт, мұның жарамайды, тамақ ішкеннен ұялмау керек, сен де түскі үзілісте келдім деп, жаңа ғана өзің айттың, сөйте тұра қарным ашпады дегеніне сеніп тұрғам жоқ. Қане, мен өзім қалағанымша тапсырыс берейін, – деп, өзі қалаған тамақтан екеуімізге молынан әкелгізді. Менің расында қарным аш еді, екеуіміз әңгімелесіп отырып, жанағы тамақты түгел ішіп қойыппыз. Жалпы, әңгіме айтқан – Оралхан аға. Ал, мен – мұқият тыңдаушымын. Бір кезде түскі тамаққа тойып алған соң, Оралхан аға менің тамақты сүйсіне жеп алғанымды байқап, қуақылана қиық көзін сығырайта көз тастап, жеңіл әзілдеді.

– Бақыт қарындасым-ау, жана ғана, «аға, мен түскі тамақ ішпеймін, қарным тоқ» дегенің қайда? Соншама ұялшақ

болармысың, тәрізі ауылда туып-өскен боларсың. Қаланың қыздары ауылдың қыздарына қарағанда батылдау келеді, ал сендер түскі тамақ ішуге ұяласыңдар. Қалаға келіп ысылып, батылдау болғаның дұрыс, — деп, ағалық кеңес берді.

— Ие, мен шағын ауылда туып-өскенмін, оны қалай білдіңіз? — деп, мен тағы қысылып, әрі жазушы ағаның әр нәрсені аңғарымпаздығына таңғалдым. Сол күннен бастап, Оралхан ағамен жиі хабарласып, жазушылық, творчестволық достығымыз жалғаса түсті. Менің жазған әңгімелерім Оралхан ағаға ұнап қалыпты.

— Осы шілде айындағы нөмірге «Жұлдызға» шығарам. Сен өзі кәдімгі жазушы болып ысылып қалыпсың, тілің жатық, маған қатты ұнады. Бірақ, сен Оралхан ағам мақтаған деп, дандайсып кетпе. Айтпақшы, сенің әңгіменің тақырыбын «Ана рухы» деп өзгерткім келіп еді, бірақ қыздың аты — Ақмарал, қайтыс болған жігіттің аты— Алтай болған соң, Алтай тауының Ақмаралы сияқты деп, жұмбақтау қылып, астарлы ой білдіргің келді ме деп, өзгертпедім. Неге солай атадың? — деп, жылы жымыып, ескертіп қойды.

— Ия, аға, менің ойымнан дөп түстіңіз. Алтайдың ақ маралындай қызы деген астарлы ұғымды сидырғым келіп еді. Сіз қалай біліп қойдыңыз?! —деп, жастық аңғалдықпен таңғала сұрадым.

— Ия, жазушының қиялы ұшқыр. Сондықтан қалай білдің деп сұрауың бекершілік, солай емес пе, Бакыт? — деп, өзіме қарсы сұрақ қойды.

— Әрине, аға. Сіз әр әңгіменің астарын біле қоясыз, әйтпесе, Сіз адам жанын терең сезінетін керемет шығармалар жазбас едіңіз, — деп, мойындай сөйледім. Бұл 1981 жыл болатын. Келесі айда расында «Жұлдыздың» нөмірінде «Ақмарал» хикаятым жарық көрді. Ол кезде мүйізі қарағайдай үлкен жазушылар әрең шығатын журналға Оралхан ағаның қолдауымен бірақ айда көлемді шығарма жарық көрді. Неге екені белгісіз, басқаларға айтпайтын ішкі сырын Оралхан аға менімен бөлісетін. Сөйтсем, менің ішкі жан-дүниемнің тұнықтығын, ауылдан арман қуып келген ақкөңіл ауыл қызы екенімді сезіп, әріптес қарындасына бар сырын айтқан екен ғой, оны кейінірек түсіндім. Әсіресе, Оралхан ағаны қынжылтатыны

сол кездегі цензураның трагедиялық шығармаларды күзеп тастап, социалистік қоғамды тек қана жақсы жағынан көрсету керек деген тар аядан шығармай, кең далада бауырын жазып, тер шыққан сайын өршеленіп, еркін шабатын тұлпар сәйгүліктер секілді, биік тау шыңдарын асып, еркін самғайтын түз қыраны сияқты қанатын жайып, биіктерге құлаш ұра алмай, социалистік қоғамның тар аясында тарылып, қарымды қаламгер кеңінен қалам сілтесе, оны «білгір» редакторлар түзетемін деп, күзеп тастап, шұрайлы шығармалары мән-мағынасынан айырылып, жүнін жұлған тауықтай сүмпиіп шыға келетін. Міне, осы коммунистік қатаң талап, социалистік қоғамдағы адамдар өмірінде трагедиялық жағдайлар орын алмайды деген тар ұғым – Оралхан ағаның жанын жегідей жейтін.

– Бақыт, ойлашы, жаңа шыққан кітабымның ең бір сүбелі жерін қырқып тастапты. Солай істеуге бола ма екен?! Шығарманың шырайын ашып тұрған оқиғаны қысқа қайырған, айтайын деген ойымды жеткізіп айттырмай, «қатаң редакторлар» қырқып тастапты. Әрі, осы кітабымның баспадан шығуын екі жыл күттім. Жазушының шығармасы уақытпен үндесіп, дер кезінде жарық көрсе, қандай ғанибет. Ал, екі жыл кешіккен кезде мен айтар ойды басқалар айтып, менің тақырыбым ескіріп қалатын боп жүр. Осы дұрыс па? – деп, қызбаланып кететін шақтары болатын. 1981 жылы қазан айында сары жапырақтар саусылдап жерге түсіп, жер бетіне сарыала кілем төсеп қойғандай алтын күзде баяу аяндап, әңгімелесіп келе жатқанбыз, кенет ойына бірдене түскендей маған ойлана қарап, оқыстан мен күтпеген сұрақ қойды.

– Бақыт, сенің әңгімелер жинағың дайын екенін көрдім, неге кітап қылып шығармай жүрсің? Кітабың дайын тұр ғой, неге баспаға өткізбейсің?

– Аға, менің әңгімелерімнің көбі, жаңа сіз айтқандай, ылғи трагедиялық оқиғаларға құрылыпты. Кеңес заманында біз тек қана өмірдің жақсы жақтарын ғана көрсетуіміз керек екен. Сондықтан баспа бастықтары кітабымды кейінге қалдырды, немесе әңгімелерімді оптимистік тұрғыда, жақсы жағын ғана көрсетіп, қайта өңдеуімді ұсынды. Мен ол пікірге қарсымын, біздің өмірде трагедиялық жайлар аз ба, айтыңызшы, неге өзгертуім керек, – деп, ағымнан жарылғам.

— Жазушының шығармасы тоғыз айда толысқан жас сәби сияқты, ол туынды қай заманға лайық, трагедиялық оқиғаны жазбау керек деп, шек қою дұрыс емес, — деп, аға өз ойын сараптап айтып, ойын жалғастырды. — Бірақ, сен ондай шектеуге мойынұсынбай өз ойларыңды жаза бер, сенің әңгімелеріңнің тілі жатық, маған ұнады. Егер ерінбей еңбек етсең, түбі еңбегің жанады, Бақыт.

— Рахмет, аға. Сіздің пікіріңіз мен үшін өте бағалы. Кейіндеу кітап қылып шығарсам деген ізгі оймен жаза бермекпін, — деп жауап бердім.

Тегі, алыстан қарағанда аласа көрінетін тауға жақындай түссең, шыңына көз жетпейтіндей, аса биіктей түседі. Оралхан ағаны жақынырақ біле түскен сайын, ол кісінің сырттай такаббар көрінгенімен, іштей жан-дүниесі өте сезімтал, нәзік жанды адам екенін ұқтым. Ол кісінің қатты қайғырған сәттері, әлі есімде. Алдымен туған әпкесі, онан кейін әкесі қайтыс болды, міне, осы қиын-қыстау кездері жазушының жан-дүниесі езіліп, қайғыжұтып, көпкедейін тұнжырап жүрді. Жүрегі нәзік, сезімтал жазушы отбасындағы ең жақын жандарынан айырылып, қалың ойға шомып, көпке дейін қайғы-қасіретке беріліп, күйзеліске ұшырады. Жас қаламгерлерге қолдау көрсетіп, қамқорлық көрсету — Оралхан ағаның жақсы бір қасиеті. Өкінішке орай, ондай жақсы қасиет екінің бірінің қолынан келе бермейтін құбылыс. Сырттай қатаң көрінетін жазушының ішкі жан-дүниесі, жан жүрегі жұмсақ болатын. Мен кезінде осындай талантты жазушыдан ақыл-кеңес алғаным, бұралан соқпағы көп, творчестволық өмір жолында жүрек жарды сырласып, ашық-жарқын сөйлесіп сырласқаным қуанамын. Тау қыраны қартайғанда шырқау биіктен құлап өледі деп естуші едім, ол кісі қартайып үлгерместен кемел шағында-ақ, биікке ұшқан тау қыранындай, алыстағы үнді елінде жарық дүниемен мәңгілік қоштасты. Болашақ ұрпағының бақытына орай қайталанбас шығармаларын өшпес мұра қылып, қалдырып кетті.

Алтайдың бұғысындай асқақ арманды асыл жан қазақ әдебиетінің әлемін тума талантымен жалындай жарқыратып, көк аспанда аққан жұлдыздай көзден ғайып болғанымен өнер сүйер оқырмандарының көңілінен әсте өшпек емес. Асқақ тау баурайында өскен тау бұғысындай асыл жанды жазушы, тұмса

табиғаттың төл баласы Оралхан ағаның әрқашан шоқтығы биік, қай шығармасын оқысаң да таудан бастау алған тау суындай мөлдір, тап-таза тұнық, әрі терең. Сондықтан мөлдір бұлақтағы суды қанша ішсең, шөлің қанбайтындай көрінетіні сияқты, Оралханағаның өміршең шығармаларын қанша оқысаң да терең ойларымен тамсандырады, шығармаларындағы оқиға желілері жаңа қырларымен еліте түседі. Оралхан Бөкеев сынды кемеңгер жазушының өзі өлсе де мәңгі өшпейтін талантты кітаптары, азаматтық жарқын бейнесі жүрегіміздің түкпірінде мәңгілік сақталып қалмақ. Бұл тек менің ғана емес, мыңдаған, миллиондаған оқырмандарының ізгі ойы деп білемін.

ӘКЕ МЕН БАЛА

(повесть)

Рахила әке-шешесінен жастайынан жетім қалып, үш жастан бастап, аға мен жеңгесінің қолында өсті. Естуінше, ауылдағы ескі үйде тұратын әкесі мен шешесі пештің мұржасы тартпағандықтан иіс тиіп, бір күнде екеуі бірдей қайтыс болған көрінеді, ал әлі бұғанасы қатпаған, аузынан ана сүті кеппеген кішкентай қыздары Рахиланың ғана көретін жарығы таусылмапты, шалажансар күйі ауруханаға апарып, Рахила ғана тірі қалыпты, ал әке-шешесі сол күйі есін жимай, о дүниеге барсақелмес сапарына аттанып кете барыпты. Рахиланың әкесінің туған ағасы Ермұқан табиғатында жуас кісі болатын, ал жеңгесі Сандуғаш адуынды әйел еді. Аға, жеңгесінің екі қыз, бір ұлы бар болатын. Әке-шешесі қайтыс болған соң Ермұқан туған бауырының жалғыз қызын қолына алған. Бауырының қалған үй жайына, мал-мүлкіне де ие болған — осы Ермұқан. Рахила осы үйдің төртінші баласы болып саналғанмен, жеңгесі Сандуғаш Рахиланы осы үйдің малайы ретінде ұстады. Өз балаларын аялап, қызғыштай қоритын. Ал, Рахиланы құлақкесті құлындай көріп, ақырып-жекіріп, сәл дұрыс істемесе, қарғап-сілейтін.

— Көктей орылғыр көкшешек! Жетпей жер жастанғыр жетімек! Әкеңнің үйінде шәниіп жатырсың ба, тұр, қане! — деп, таң атпай жатып, қаршадай қызды теуіп оятып, сиыр сауғызып, ауыл шетіндегі бұлақтан иінағашпен көтертіп екі шелек шүпілдеген су тасытып, пештің күлін алып, от тұтатып, шай қайнатып, осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығатын. Шай қайнап, дастархан жайылған соң ғана алаңсыз ұйқтап жатқан екі қызы Жәния мен Жәмиланы, ұлы Берікті — Айналайын, ботақандарым, тұра ғой, айым, күнім, — деп, айналып-

толғанып шай ішуге оятатын. Кейде таң бозымен сиыр саууға тұрған Рахила байқаусыз салдыр еткізіп, шелекті түсіріп алса, Сандуғаш жер-жебіріне жететін. — Әке-шешесін жалмаған жалмауыз! Мына шырт ұйқыда жатқан балаларды шошып оятатын болдың ғой, ку жетімек! Шелекті салдырлатпай, неге байқап жүрмейсің, әдейі балаларға ұйқы бергің келмей тұрма? Сендей жетімдерден бәрін күтуге болады, зэнталак! — деп, бетпақ әйел даурыға жөнелетін.

— Жә, болды ғой. Байқамай қалған шығар, жас бала ғой, жер жебіріне жетпей қойсаңшы, — дегеннен басқа жуас күйеуі Ермұқан адуын әйеліне қарсы келмейтін.

— Бала емес ол, нағыз пәле! Әдейі салдыратып жүр, біздің балалар шошып оянсын деп қастық жасап жатыр, сен байғұс оның жаман ойын білмейсің, ал мен оның жерді құртқан зәлімдігін баяғыдан білем, — деп, Сандуғаш күйеуіне бетбактырмайтын. Рахила әке-шешесінің аялы алақанын аңсап, оңашада көз жасын көлдетіп жылап алатын. Бірақ, қанша жыласа да марқұм әке-шешелерінің енді қайтып бұл өмірге келмейтінін ұғып, тас-түйін бекініп, қандай қиындық болмасын қасқайып қарсы алуға белін бекем буатын. Сөйтіп, шайпыауыз жеңгесі қалай жұмсаса да бар шаруаны атқарып, жасына жетпей үй шаруасына пісіп жетілді. Жеңгесі бүкіл үй шаруасын Рахиланын мойнына артып қойғанымен, зейінді қыз мектепті жақсы оқыды. Көбінесе, үй тапсырмасын орындауға үлгермейтін. Бірақ, табиғатында алғыр, қабілетті қыз мұғалімнің айтқан сабақтарын зейін қоя тыңдап, «акпа құлаққа айтсаң ағып кетеді, құйма құлаққа айтсаң құйып алады» демекші, бірден ұғып алатын. Сондықтан мұғалімдер Рахиланың үй тапсырмасын орындап келмеуінің себебін ұзынқұлақтан естіп біліп, жетім қызға аянышпен қарайтын. Бірнеше рет Ермұқан мен Сандуғашты мектепте өткізілетін ата-аналар жиналысына шақырып еді, олар төбесін көрсетпеген. Кейде мұғалімдер Рахиланы сабақтан соң жеке алып қалып, хал-жағдайын сұрайтын. Үнсіз егіліп жылағаны болмаса, Рахила аға, жеңгесінің үстінен шағымдана қоймайтын. Рахилаға аға, жеңгесі жаңа киім сатып әперген емес. Рахила ылғи ағасының екі қызы Жәния мен Жәмиладан қалған ескі-құсқыны киетін. Өзінің өгей бала екенін кішкентайынан сезінген Рахила іштей тезірек орта мектепті бітіріп, біржола бұл

үйден кетуді армандайтын. Мектепті бітіретін жылы Ермұқан ағасы Рахиланың аяқкиімі тозып кеткенін көріп, жаңа бәтәңке сатып әпермекші болып еді, жеңгесі аяқ астынан ашуға мініп, ұрыс-керіс шығарды. Ақыры, Ермұқан Рахилаға жаңа киім әпере алмай, адуынды әйелінің ығына жығыла кететін.

– Рахиланың әке-шешесінің үйін сатып, ақшасын саған тапсырып едім ғой. Содан біраз қаржы шығарып, киім-кешек алуға болмай ма?

– Ей, сен Ермұқан, мына күнделікті тамақ бар, жатын төсегі, киім-кешегі— бәрі тегін келіп жатыр деп пе едің? Біле білсең ол үйдің де, малдың да ақшасы таусылуға таяу, шиедтей бала-шағаны асырау оңай ма? Мына Рахиланың өзі-ақ күніне бір бөлке нан жеп қояды, маған нанбасаң байқап қарашы. Біздің қыздар Жәния мен Жәмилаға қарағанда Рахиланың тәбеті күшті. Мұны сен өгейсініп айтып тұр ғой деп теріс түсінбе, шындығы солай, Рахиланың бір өзі екі адамның тамағын жейді. Сенің жалғыз жалақыңа қарап отырмыз, үнемдемесек болмайды, әке-шешесін жалмаған жалмауыз қызды қорғаштай берме, жаман айтпай жақсы жоқ деген бұл қыз екеумізді де жалмауы мүмкін, — деп, тепсіне сөйледі.

– Түу, сен-ақ, қаршадай баланың жеген тамағын аңдып тұрасың ба? Ал, таңертеңнен кеш батқанға дейін үй шаруасына жегіп қойғаныңды ойламайсың, жеген тамағын санайсың, әй, Сандуғаш-ай, қайтейін?! Біздің екі қызымыз шөптің басын сындырмайды, олардың қалай тәбеті болсын?! Ал, бүкіл үй жұмысын Рахилаға артып қойсаң, қарны ашпағанда қайтсін? Біздің екі қызымыз ұйқысын қандырып, түске таман тұрады, ал байғұс Рахила таң бозарып атпай тұрып, сиыр сауады, сол қарасан келгірлерді өріске айдайды. Қой, ешкіні табынға қосып, қозы, лақтарын жайып келіп, көгендейді. Осының бәрі оңай шаруа ма?! Рахиланың жеген тамағы адал, ал сен оның тамақ жегенін аңдығанын дұрыс емес, — деп, жөн сөзге көне қоймайтын ұрысқақ әйеліне қарай түңіле қолын сермеп, Сандуғаш тағы бастырмалатып келе жатыр еді, Ермұқан сөзінің аяғын тыңдамай, мал жайғау үшін сыртқа шығып кетті. Ермұқан сырттағы малды қораға кіргізіп, кеш оралып, амалсыз Рахилаға кеңес берген.

– Жарайды, Жәнияның ескі төплин, ескі көйлегін кие ғой, кейін бір реті келер, — деп, аяқтыға жол бермейтін, ауыздыға

сөз бермейтін әйелінен жеңілгенін мойындаған. Рахила отбасының шырқын бұзбайын деп, көбінесе үндемейтін, сол әдетімен мақұлдағанын білдіріп, үн-түнсіз басын изеді. Жоғары оқу орнына түсуге дайындалып, Рахила күндіз-түні сабағын оқуға тырысатын. Бірақ, Сандуғаш өмір бойы осы үйдің отымен кіріп, күлімен шықсын дей ме екен, реті келсе Рахиланы кекетіп күңкілдейтін.

– Жетімек-ау, жоғары оқу сенің не теңің? Ай сайын ақша салып тұратын әке-шешен жоқ. Ермұқанның алған айлығы, шайлығымызға жетпей жүргені мынау. Саған қалаға баруға ақша бере алмаймыз, – деп, орта мектепті бітірер кезде-ақ жарғақ құлағы жастыққа тимей қақсаған. Рахила мектептегі класс жетекшісімен ақылдасып, кешке таман мектептің еденін жуып, ақша табуға кірісті. Бұл жағдайды біліп қойған Сандуғаш Рахиланың енбекақысын өзі алғысы келіп, бухгалтерияға барып, тауы шағылып қайтты. Рахиланың хал-жағдайын білетін, Сандуғаштармен көрші тұратын мектеп директоры орта жасқа келген Сәдібек Бекмұратұлы Сандуғашты кабинетіне шақырып алып, біраз ақылын айтты.

– «Сақалын сатқан кәріден, енбегін сатқан бала артық» деген халқымызда мақал бар. Рахила адал енбегімен тапқан жалақысын оқуға түсуге жиып жүр. Ермұқан екеуін Рахиланың әке-шешесінен қалған үй-жайын, ірілі-ұсақты малын сатып, өз кәделеріне жараттындар. Рахиланың естігені ұрыс, үстіне кигені ескі-құсқы, мен көрші тұрғандықтан мән-жайды жақсы білем. Неге екені белгісіз, мен сенің туған қыздарың Жәния мен Жәмиланың үй шаруасын атқарып жүргенін көрмеппін. Бар шаруаны атқарып жүрген – Рахила. Енді баланың талабы – жоғары оқу орнына түсу. Сен неге Рахиланың тапқан ақшасын алып, жаратып қоймақсың? Мен өзім қадағалайтын болам, Рахиланың жалақысын қалаға кетерде ғана қолына береміз. Ендігі рет мұндай әрекетінді көрмейтін болайын, жетім баланың несібесіне тағы жармаспақ ойың бар ма?! Өйтіп ұяттан безбе! Жетер! Әйтпесе заң орындарына айтып, мал-мүлкінің ақшасының жартысын Рахилаға алып береміз, – деген.

– Менің теріс пиғылым жоқ, Рахилаға жаңа киім-кешек әпермек едім, Ермұқан екеуіміз туралы неге жаман ойлайсыз? Байғұс жетім қыз Рахиланы туған қызымдай жақсы көрем, Жәниямен Жәмиладан артық көрмесем кем көрмеймін,

– деп, ант-су ішіп, жорта жыламсырап, көзін беторамалмен басып, директордың кабинетінен жылап шыққан. Сол алты-жеті ай еден жуған еңбекақысын алып, Рахила Алматы қаласына келіп, марқұм анасы сияқты мұғалім болуды армандап, педагогикалық училищеге оқуға түскен. Оқып жүріп те кешкілік мейрамханаларда ыдыс-аяқ жуып, даяшы болып, қандай қиындық болсын шыдап, диплом алуға қол жетті. Ермұқан мен Сандуғаш бір-ақ рет қана азғана ақша жіберген. Рахила оларға аман-саулығын білдіріп, хат жазғаны болмаса ақша сұрап көрмепті. Кейінірек Жәния мен Жәмиладан, немесе Ермұқан ағасы мен Сандуғаш жеңгесінен хат-хабар келмегесін, Рахила да хат жазуын тоқтатқан. Жазғы демалыста Айжан досының үйіне барып, жалғызділікті анасы Гүлбарамға қолғабысын тигізетін. Үйлерін әктеп, сырлап, тазалап беретін. Гүлбарам апай Рахиланың тұл жетім екенін біліп, туған анасындай бауырына басып, Айжан екеуіне бірге хат жазатын. Айжан мен Рахила оңашада сырласатын. Жас қыздардың әдетімен болашақтарынан үлкен үміт күтіп, ақбоз атты ханзада кездесе қалатындай жүректері лүпілдеп, әрнәрсені жақсылыққа жоритын. Бірге оқитын жігіттердің арасында Айбек Рахилаға қырындаған. Бірде киноға шақырып еді, жаратылысында ұяң ауылдың қызы батылы жетіп, киноға жігітпен бірге баруды ыңғайсыз санап, келісімін бермеген. Үйден шықпай, жеңгесі Сандуғаштың теперішін көп көрген, сөйтіп жасық болып өскен Рахила тым ұялшақ, жасық болатын. Айбекті іштей жақсы көргенімен батылы барып айта алмайтын, ал жігіт кездесуге шақырса ат-тонын ала қашатын. Сол күйі басталмаған махаббат жүрек түкпірінде ғана сақталып қалған. Мектеп мұғалімдерінің қолдауымен ағасынан азғана қаражат алып, жоғары оқу орнына қиналмай түскен. Рахила соңғы курста оқып жүргенде басқа құрбылары сияқты талантты ақын Дархан Дайрабаевтың өлеңдерін сүйсіне оқитын. Кейбір өлеңдерін күні-түні оқып, жаттап алатын. Ол кезде ақын Дархан Дайрабаевтың атағы дүрілдеп тұрған кез еді, газет, журналдардан суреті түспейтін. Осынау орта бойлы, толқынды бұйра шашты, қыр мұрынды, шаралы қой көзді қараторы талантты жігітке талай қыздар есі кете ғашық болған.

Рахила Дархан ақынның көп өлеңін жатқа білетін. Он сегізде бір гүлі ашылмаған жас қыз сыртынан табынатын ақ-

ындарының бірі Дарханды бір көрсем-ау деп армандайтын. Талай рет «Махаббат жырын» жастығының астына жастап, сол кітапты оқып жатып ұйқтайтын, кітапты құшақтап оянатын. Сол арманы оқыстан орындалғандай Дарханды театрдың тұсаукесер спектаклінің үзілісі кезінде көріп, жанындағы Айжан құрбысымен бірге келе жатып, су жаңа костюм-шалбар киген сымбатты ақын Дарханды көріп таңғалып, анырайып тұрып қалыпты. Дархан да буфеттегі сусын ішпек болып, тура Айжан екеуінің жанына келіп, – Соңы сіздер ме? – деп, сыпайы жымыды. – Сіз Дархан Дайрабаев ағай емессіз бе, біз сізді танимыз. Өлеңдеріңізді мына Рахила жатқа біледі, – деп, мінезі ашық Айжан сөз бастады. – А, солай ма? Қай өлеңдерімізді жатқа білесіз? – деген Дархан риза болғанын жасыра алмай, маржандай тістерін жарқырата күлді. Табиғатынан ұялшақ Рахиланың екі беті алмадай қызарып, жауап бере алмай ыңғайсызданып қалды.

– Ол ылғи жатақханада сіздің өлеңдеріңізді айтып жүреді. Сізден ұялып, айта алмай тұр. Әйтпесе, ылғи құрбы достарымыздың жанында өлеңдеріңізді мәнеріне келтіріп, тебірене оқиды, – деп, Айжан бар шындықты жайып салды. Аққұба әдемі қыздың талдырмаш денесіне келісімді тігілген көгілдір көйлегі сымбатты денесін, құлын мүшесін айқындап тұр. Екі анары қысылғаннан көтеріліп-басылып, қыпша белі қиылып, қарлығаш қасына жарасқан бота көзін ұзын кірпіктері көлегейлеп, өзгеше рең беріп тұр.

– Мен келесі өлеңімді сізге қарап отырып жазуым керек екен, – деп, Дархан әдемі талдырмаш жас қыз Рахилаға сұқтана қарады. Міне, мынау менің телефондарым, маған хабарласындар, – деп, Айжанға тілдей визиткасын ұсынды. Айжанның қуанышында шек жоқ.

– Жарайды, аға, Рахила екеуміз жақында сессия біткен соң хабарласамыз, – деп, екі бойжеткен ақын ағаларымен жылы қоштасты. Көп ұзамай Рахиланың құрбысы Айжан ақынға хабарласқан, ол екі қызды мейрамханаға ертіп апарып, түскі тамақ әперді. Келесі жолы Дархан Рахиланы ғана қаланың шетіндегі елеусіз бір оңаша тұрған, тау баурайына орналасқан мейрамханаға шақырды. Рахила барғысы келмеп еді, жанындағы досы Айжан бармасына қоймады.

– Сені анау-мынау емес, атақты ақын Дархан Дайрабаев шақырып тұр. Неге бармайсың, міндетті түрде барасың. Шір-

кін, ол кісі мені неге шақырмады екен. Әй, аңқау басым, сен ол кісінің өлендерін жатқа оқитыныңды бекер айтыппын, Әйтпесе, мені шақырар ма еді, – деп, өкінішін де жасырмады. Кеудесінен шыға жаздап атқақтаған жүрек лүпілін әрең басып, уәделескен мейрамхананың табалдырығын әрең аттаған. Аяғының буыны босап, қатты толқығаннан құлап қалам ба деп қауіптенді. Абырой болғанда Дархан дәп алдынан шыға келіп, қалтарыстау жердегі дастарханға жайғасқан. Дарханның қолында бір шоқ қып-қызыл райхан гүлдері бар екен. Ол гүлдерді Рахилаға ұсынып жатып, – Сіз де гүлге ұқсайтын нәзік қызсыз. Сізге ұқсайтын әдемі гүлдер сыйлағым келді, – деп, жұмбақтау жымиды. Мейрамханада ер адаммен бірге оңаша мейрамханада отырғаны бірінші рет болған соң, әрі ауылдан келген аңқау қыз Рахила столдағы шанышқы, қасық, пышақ сияқты көп құралдарды да қалай пайдаланудың жөнін білмейді екен. Ал, қаланың белгілі ақыны Дарханның мейрамханаларда жиі болатыны көрініп-ақ тұр. Дастархан басына шампан, коньяк алғызды.

– Ағай, мен ешқандай шарап ішпеймін, ауылда шарап ішіп көрмеппін, – дегеніне қарамастан Рахиланың рюмкасына шарап құйып қойды.

– Мен саған «Северное сияние» жасайын, – деп, шампан шарабына коньяк араластырып, – Біздің алғашқы таныстығымыз үшін, егер мені сыйласаңыз, алғашқы тосты түбіне дейін қалдырмай алып қоясыз, – деп, Рахиланың азар-безер болғанына қарамастан алдырып қойды. Белгісіз араласқан «северное сияние» шарабын талантты ақын қиылып қоймаған соң, көзін жұмып тұрып, ашқылтым дәмін ұнатпаса да өзін зорлап, әрең ішкен соң, әлгі ақ арақ пен қызыл шарап қосылған ақын айтқан «северное сияние» шарабы Рахиланың басына шығып, қызып қалды. Осы мейрамханадағы отырыс та, айналадағы көңілді музыка да тамаша болып көрінді. Отыз бес жастағы ес тоқтатқан, әлдеқашан отбасын құрған Дархан жас қыздардың осал жерін білетін. Әсіресе, ауылдан келген қыздар тым аңқау болады, Дархан оларға жаңа өлендерін оқып, елітіп әкететін. Ол, міне, ептілігіне басып, шараптан масайып қалған талдырмаш қыздың қыпша белінен құшақтап, өзіне тарта биледі. Жігіттің ыстық лебі бетіне тиіп, масаң қыз түс көріп жүргендей, әсем әуенге тербелді. Бір уақытта дастарханның

аспазшысын шақырып, ақшасын төлеп, Дархан такси ұстап екеуі бұрыннан бірін-бірі танитын адамдай сықылықтай күліп, келе жатыр. Такси жүргізушісіне Дархан мекен-жайды айтты. Такси тау баурайын жағалай жүйткіп келеді. Дарханның әрбір сөзіне Рахила рахаттана күледі. Шарапқа масайған әккі ақын мен әлі ешқандай қулық-сұмдықты білмейтін жас қыздың көңілдері шалқып келеді. Бейне бір құстай қалықтап ұшып келе жатқандай өзгеше әсерде балқып отыр.

– Міне, біз келіп жеттік, – деп, бір шоқ райхан гүлін құшақтаған Рахилаға таксидің есігін ашып, сүйемелдеп түсіріп алды. Сонда ғана есі кіргендей Рахила таңғалды.

– Біз қайда келдік, деп, масандығы тарқағандай таңырқай тіл қатты.

– Біз романтикалық түн өткізетін үйімізге келдік, жаным, – деген Дархан ауызғы бөлменің шамын жарқ еткізіп жағып, тау баурайындағы үлкен үйге жас қызды құшақтай кірді. – Екеуіміз оңашада сырласып, асықпай әңгімелесейік деп, іссапарға кеткен жолдасымның кілтін алып қалғам. Бүгін біз тек екеуіміз, менің қызғалдақтай үлбіреген гүлім, – деп, қыздың албыраған ернінен ұзақ-ұзақ сүйді. Алғаш рет ер адаммен сүйіскен Рахиланың өн-бойы оттай жанғандай ерекше күйге бөленді, – Қане, екеуіміз оңашада шай ішейік, – деп, дастархан мәзірін жайнатып, тағы бір мойны қылқиған ерекше шарапты екі рюмкаға шүпілдете құйды.

– Аға, менің басым айналып тұр, тезірек жатақханаға қайтуым керек, – деп еді. Оған да Дарханның жауабы дайын екен.

– Ендеше, басың жазылу үшін аздап ішуің керек, деп, бір-екі рет еркіне қоймай шарап ішкізді. Шарапқа мас болған Рахилаға арғы жағы көрген түс сияқты болды. Екеуі кең төсекке жатып, Дархан алдымен Рахиланың ернінен, мойнынан, қос анарын сүйіп аймалап, бауырына тартып, екеуі бір-ақ денеге айналғандай, он екіде бір гүлі ашылмаған қыздың етегін түріп, діттеген мақсатына жеткен. Рахила масан қалпы әлсіз қарсыласқанымен оған Дархан мән бермей, талшыбықтай жас қыздың тұңғыш пәктігін алып, таң атқанша құмарын қандырды. Таңға жуық екеуі де шаршап, қалғып ұйқтап кетіпті. Таңертең Рахила оянғанда Дархан тәтті ұйқы құшағында қаннен-қаперсіз пысылдап ұйқтап жатыр екен,

ол оятып алмайын деп, сыбдырын білдірмей сыртқа шықты. Есік алдындағы қалың ағаш өскен аула ішінде әртүрлі құстар сайрап жатыр. Таңғы шық көк майса шөптің үстіне қонақтап қалыпты, Рахила жүрген сайын аяғын су шылап, кеше Дархан екеуі байқаған бұлақ басына барып, беті қолын мұздай суық, мөп-мөлдір бұлақ суымен жуды. Қайта үйге беттегенде айнала даладағы бүршік жарған алма ағаштардың аппақ гүлдері хош иісі аңқып, Рахила кеудесін кере демалып, жан-жағына танырқай, сүйсіне қарады. «Шіркін, мына жердің ауасы жанға дауа, қандай тамаша жер! Көптен бері көңілім құлазып жүр еді, бүгін , бір серпіліп қалдым. Шіркін, Дархан екеуміз қосылып, отбасын құрсақ, мен қандай бақытты болар едім» деп, тәтті қиялға берілді, өйткені, Дарханның отбасы барын жас қыз білмейтін еді. Рахила бөлмеге кіргенде Дархан да ояныпты. Беті-аузын мұздай сумен жуып, бұлақ басынан келген Рахиланы төсекте ыстық құшағына алып, албыраған ерніне жабысып, қайтадан қызға қырғидай тиді. Бұл жолы Рахила Дарханның айтқанына көніп, еш қарсылық танытпады, қайта Дарханды айналай құшақтады. Ертеңінде күні бойы екеуі бір-екі уақыт тамақ ішкені болмаса, төсек ләззатына батты. Дарханның жолдасы тек үшінші күні ғана кешқұрым келді. Дархан такси шақыртып, екеуі құшақтасып қалаға қайтты.

– Мен өзім хабарласам, жаным, – деген Дархан сол кеткеннен мол кетті. Рахиланың ер-азаматты өзі іздеуге әйелдік намысы жібермеді, әрі Дарханның бала-шағасы бар екенін кейіннен басқалардан естіп, өкініш өзегін өртеді. Сондықтан өзі сырттан ғашық ақын жігіт – Дарханның ыстық құшағын қанша аңсаса да ешкімге сыр шашпай іштен тынды. Есіне қала шетінде Дарханның жолдасының үйінде өткізген үш күн елестейтін. Сол ұмытылмас күндер жадында жатталып қалғандай, әр кез сүйіспеншілікпен сағына еске алатын. Арада үш-төрт ай өткенде Дарханнан жүкті болып қалғанын біліп, алдында есі кете қуанды, кейіннен жалғыз өзі бұл баланы қалай асыраймын деп, біраз қамығып жылап алды. Абырой болғанда, педагогикалық училищенің үшінші курсы бітіріп, қолына дипломын алғанда Рахиланың іші аздап білініп қалған еді. Рахила басқалардан жүктілігін жасырып, мол пішілген көйлектер киіп, тек қана ең жақын құрбысы Айжанға ғана айтты.

– Рахила, жалғыз өзің бұл баланы қалай бағып-қағасың? Әлде ауылдағы өгей анаңа шынынды айтасың ба? Педагогикалық училищені бітірген дипломымыз бар, енді жұмысқа орналассақ, басқа жігітті жолықтырарсың. Мына баладан құтылсаңшы, – деді Рахилаға жаны ашыған Айжан.

– Мен Дархан ақынға бұрыннан сырттай ғашық едім, енді, міне, сол ақыннан жүкті болып қалдым. Бұл менің пешенеме жазылған тағдырым болар. Бұл баланы сен айтқандай, алдырып тастай алмаймын, өйткені, мен сол ақынның өзіне тұрмысқа шыға алмасам да, баласын сүйетін болам. Бірақ, ақынның отбасым бар деп шынын айтпағаны өкінішті-ақ.

– Мүмкін Дархан Дайрабаевқа өзіңнің жүкті екеніңді айтайық, бәлкім баласына көмектесер, қалай ойлайсың, Рахила?

– Жоқ, Айжан. Егер ол мені есіне алса, баяғыда-ақ хабарласар еді. Демек, мен оған бір-екі күн ғана ойнап-күлетін ермегі болғам. Несіне сізден жүкті болып қалдым деп, балашағасы бар адамды мазалауым керек. Жоқ. Мен жалғыз өзім-ақ баламды тәрбиелеп, бағып-қағам.

– Рахила, сен ауылыңа барсаң, бәрі күйеусіз тапқаныңды біліп қояды. Енді не ойың бар, айтшы? Мүмкін, мен тұратын Қостанай қаласына менімен бірге барсаң қайтеді? Менің анам сені ертіп барсам, қуанып қалар еді, айтшы, Рахила?

– Мен ауылға қазіргі жүкті кезімде бара алмаймын. Мүмкін, сенімен бірге барғаным жөн болар. Бірақ, сенің үйіңе барып, тағы масыл болғым келмейді. Сол қаладан басқа пәтер тауып тұрсам болар еді.

– Міне, тамаша! Мен саған жиі-жиі барып, көмектесіп тұрам. Бұл табылған ақыл. Ертең Қостанай қаласына поезға екі билет аламыз, – деп, ақкөңіл Айжан құрбысының өзімен бірге баратынына қуанып кетті. Сонымен ертеңінде екі құрбы кешкі поезбен Қостанай қаласына жол тартқан болатын. Алғашында Айжанның үйіне келгенде, анасы Сәлима қызының досы бірге келгеніне қатты қуанды. Кең көйлектен Рахиланың жүкті екенін байқамай қалды. Рахиланың пәтер іздеп жатқанын көріп, өкпелеп қалды.

– Рахила Айжаным сияқты сен де менің бір қызымсың. Несіне басқа пәтер іздеп жатырсың, өз үйің тұрғанда не үшін пәтер жалдамақсың? Үшеумізге осы үш бөлмелі пәтер жетпей

жатыр ма? — деп, біраз ренжіді. Айжанның үйіне жақын маңнан пәтер жалдап, Рахила балабақшаға жұмысқа кірісті. Жүктілік мерзімі жақындаған сайын Айжанның анасы Сәлима ападан ұялып, қашқақтап жүрді. Ақыры, Рахиланың жүктілігін байқап қалған соң, Айжан анасына шындықты айтқан.

— Ол бойдақ жігіт деп ойлап, бала-шағасы бар бір кісіден алданып қалды. Түсік жасағысы келмеді, сол үшін өз ауылына бармай осында келді.

— Қап, жастық, балалық-ай! Алданып қалғанын қарашы! Бағы ашылмаған сормандай байғұс-ай! Өзі қандай әдемі, жап-жақсы қыз! Әйелі бола тұра жас қызды алдап кеткен неткен опасыз жігіт! — деп, Сәлима бірнеше күн бойы күйінді. Ертеңінде Сәлима қызы Айжан екеуі шай ішіп отырғанда мынадай ұсыныс айтқан.

— Рахила әлі жас, көретін қызығы алда. Мына бала аяғына тұсау болар. Мен бауырыма басып алайын, туған соң ол нәрестені маған берсін, досыңа айтып көрсен қайтеді? — деген.

— Апа, ол баланы ешкімге бермейді, мен оған түсік жасатып таста деп айтып көргем, ол мені мүлде тыңдағысы келмеді. Сондықтан ол баласын ешкімге бермей, өзі бағады, апа! — деп, Айжан шыр ете түскен.

— Рахила әлі жас қой, жақсы жігіт кездесіп, тұрмысқа шықса, баланы қайтеді?

— Апа, бұл сөзінді Рахила естіп қойса, ренжіп қалады, әрі біздің үйге жоламай кетеді, сондықтан мұндай ұсыныс жасаушы болма, апа, — деп, қызы Айжан бетбақтырмаған. Сонан кейін Сәлима Рахиланың баласын ешкімге бермейтініне көзі жетіп, бұл туралы әңгіме қозғамайтын болды. Айы, күні жетіп, сүйген жанның баласын туып, қиындыққа мойымай қасқайып тұруға бекінген келіншек тоғыз айдан соң шекесі торсықтай ұл баланы дүниеге әкелді. Ұлының есімін Қуаныш дет атауды жөн көрді, өйткені жар қызығын көрмеген Рахила баяғы бір күн, бір түнді сағына, аңсай еске алатын. «Менің ендігі бар қуанышым — осы ұлым Қуаныш. Дарханды сырттай аңсап, сырттай ғашық болып, жарық дүниеден өтетін болдым. Енді менің жанымда оның қанынан жаралған күнәсіз сәби дүниеге келді. Бұл нәресте — менің бейкүнә балалық махаббатымның есте қалған жалғыз куәсі. Менің ендігі барлық өмірім осы балама арналады. Мен ұлым Қуаныш үшін өмір сүремін. Менің жүкті болып, некесіз

бала тапқанымды Дархан білмегені дұрыс, әйтпесе, ұлымды өз отбасымда бағам» деп, белгілі ақын менен тартып ала ма деген қауіппен Дарханға айтпауға бекінді. Қуаныш өскен сайын бет-әлпеті, жүріс-тұрысы, мінезіне шейін Дархан әкесіне тартып, қазіргі елуден асқан ақынның бала күнгі суреттерінен айнымайтын. Бірде мектептен келе салып, Рахила анасына тосын сұрақ қойды. —Апатай, менің әкем кім? Мұғалім «менің әкем» деген шығарма жазуды тапсырды, ал мен туғаннан әкем жайлы ештеме білмеймін. Маған әкем жайлы әңгімелеп берші, — деп өтінді. Рахила алғашында тосын сұрақтан қысылып, екі беті шиедей қызарды. Біраздан соң сабасына түсіп, Дархан туралы шындықты айтпауға бекінді.

— Ұлым, сенің әкең жақсы адам болатын, бірақ саған екіқабат кезімде обыр ауруынан қайтыс болған, — деп, алдаусыратты.

— Апатай, әкемнің аты-жөні кім? Сенде суреті бар ма? Шығарма жазу үшін мен әкем жайлы бәрін білуім керек, — деген ұлына бұдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болған ауылдас жігіттің аты-жөнін айтуына тура келген. Шындықты айтуға қаймықты. Мүмкін, әкесін іздеп барып, әкесінің отбасында қалып қойса қайтем деген үрей қауіпін сейілте алмай, Дархан жайлы тіс жармады. Қуаныш Қостанай қаласындағы Орта мектепті үздік бітіріп, астанамыз Алматы қаласына жоғары оқу орнына оқуға түсті. Қостанай қаласында мұнан ары қалуды жөн көрмеген Рахила ұлы Қуанышпен бірге Алматы қаласына көшіп келді. Алғашында қаланың шетінен пәтер жалдап тұрды. Рахила мектепке бастауыш сыныптың мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Рахиланың мұғалімдік жалақысының тең жартысы пәтеракыны төлеуге кететін, қалған жартысына тамақтанып, әрі анда-санда, өте сирек жаңа киім аса қажет болғанда ғана арзанқол аяқкиім, киім сатып алатын. Рахила жаңа пәтер алуға кезекке тұрып қойды. Бірақ, астанада тұрғысы келетін адам саны тым көп болғандықтан пәтер алу кезегі жақын арада келе қоймайтынын ұқты. Қаланың сыртында арзандау болғасын жалға алған уақытша тұрғын үйдің іші сыз тартып тұратын. Әрі қолын күйе-күйе қылып, күл шығарып, от тұтатып, пеш жағуына тура келетін. Бес құдық қылып салған пештің мұржасы дұрыстап тартпай, үйдің ішін көк түгін қаптап кететін. «үйі жоқтың күйі жоқ» демекші, осындай ауыр өмірден кейде Рахила түңіліп кететін. Кейбір пәтер иелері қытымыр мінездерімен

шыдатпай, «Электр энергиясын көп пайдаланасындар, көмірді көп жағасындар, үйлеріңе қонақ әкелуге тиым салып едім, кеше ұлыңның жолдасы келгенін көріп қалдым, қосымша ақша төлейсіндер» деп, онсыз да жетіспей жүрген жесір әйелдің есін шығаратын. Жайлы пәтер іздеп, қаланың бір шетінен екінші шетіне көшіп-қонып жүріп, студент ұлы екеуінің берекесі кететін. Бірде ұлы Қуаныш үйге асығып-аптығып кіріп, анасын сұрақтың астына алды.

— Апа, бүгін студенттер кешіне белгілі ақын Дархан Дайрабаев келді. Мен алдыңғы қатарда отырғам. Ол кісі өзінің жаңа өлеңдерін оқып, біз, студенттер, автограф алдық. Мен де кітабымды ұсынып едім, ол кісі маған ұзақ қарап, жөн сұрады.

— Сенің аты-жөнің кім? Анаңның аты кім? — деп сұрады. Мен сіз туралы айттым.

— Анамның есімі Рахила Рахымовна, орта мектепте әдебиет пәнінен сабақ береді, — деп едім. Неге екені белгісіз, сенің аты-жөніңді естіп, ток соққандай селк ете қалды. Артынша бұрынғы байсалды қалпын сақтап, менің шашымнан сипап, қолымдағы кітапты алды.

— Бақытты бол, балам, өмір адамға бір-ақ рет беріледі, сондықтан өмірді өкінішсіз өткізуіңе тілектеспін. Кейде адамдар пендешілікпен қателікке бойұрады, сондай кездері кешірімді бол, айналайын, өйткені бәріміз — пендеміз, — деп, автограф жазып берді. — Міне, қарашы, апа, — деп, кітабын ұсынды.

— Дархан Дайрабаев ағаларың басқа ештеме демеді ме? — деп сұраған анасы абыржып қалды. Өйткені, газет, журналдардан Дарханның жалғыз ұлының жол апатынан қайтыс болғанын естіп, жүрегі су ете қалған. Енді мына әке мен баланың тосын кездесуі жай еместей көрініп, көңілін қайта қорқыныш биледі.

— Анаң қай мектепте мұғалім болып жұмыс істейді? — деп сұрады. Апа, сен ол ақынды танысың ба? — деген ұлы жауап күтіп анасына қадала қарады.

— Жоқ, балам. Мен ондай атақты ақынды қайдан танимын, әшейін сұрай салғаным ғой, — деп, жуып-шайды. Бірақ, көңілін билеген қорқыныштан жүрегі дүрсілдей соғып, тыныштандыратын «валидол» дәрісін ішті. Шынымен қорқынышы тегін емес екен, ертеңінде мектеп директоры кабине-

тіне шақырғанда білді. Кабинетте Дархан Дайрабаев ақынның отырғанын көріп, Рахила талып қала жаздады. Өн-бойы қалтырап, мазасы кетіп, жүзі қуарып кетті.

— Рахила Рахымовна, Дархан мырза сізді іздеп келіпті, бір шаруасы бар көрінеді, бүгін сіздің сабақтарыңыз бітті, ертерек үйге қайтуыңызға болады, — деген мектеп директоры екеуін шығарып салып, өз шаруасымен айналыса бастады. Рахила Дарханға ере шықты. Тіл ауызы байланып қалғандай үн-түнсіз. Сыртқа шыққан соң Дархан Рахилаға тіл қатты.

— Рахила, егер қарсы болмасаң, біраз серуендеп келейік, — деген. Рахила үнсіз соңынан ерді. — Менің хабарласпай кеткеніме ренжіп жүрген шығарсың, кешір, уақытым болмады. Бірақ, сені күні бүгінге дейін ұмыта алмадым, — деп, күрсінді. «Ұмытпағаның осы ма? Жиырма жыл өткен соң, несіне мүләйімси қалдың?! Мен, сені шын жүрегіммен сүйіппін, сенен басқа ешкімге тұрмысқа шықпадым» деген ащы ой көкірегін қарып өтті. Алайда, сыртқа сыр шашпай үнсіз тыңдап келеді. — Рахила, ойда-жоқта сенің ұлыңмен таныстым. Оның түр-әлпеті менің қайтыс болған ұлым Мәдиден аумайды екен. Үйге барып ойлап қарасам, екеуіміз бұдан жиырма жыл бұрын түні бойы менің жолдасымның үйінде бірге болыппыз. Бәлкім, Қуаныш менің ұлым шығар, бұл ұқсастық тегін емес шығар деген ой мазалап, бүгін өзіңді іздеп келдім. Шыныңды айтшы, жаным! Осы уақытқа дейін сені іздемегенім үшін жазғыра көрме, алтыным. Айттым ғой, мен сені бір сәт те есімнен шығарғам жоқ, жаным! — деп, Рахиланың иығынан құшақтағысы келіп, қолын созып еді, Рахила құшақтатпай ыршып түсті. Дарханның жауап күтіп тұрғанын көріп, үні қатқыл шықты.

— Сіз бекер күмәнданыпсыз. Бұл менің ұлым. Әкесі Жанат ауылдасым болатын, мен жүкті кезімде жол апатынан қайтыс болған, — деп, ұлы Қуанышқа айтқан қиялын Дарханға айтты.

— Әй, Рахила-ай, жүрегім бірдемені сезеді, Қуаныш менің марқұм ұлым Мәдиден аумайды екен. Ақиқатты жасырмай айтшы, жаным, — деп, марқұм болған ұлын еске алған соң ба, көзі жасаурап, жалынышты дауыспен жыламсырай тіл қатты. — Шіркін, Қуаныш менің ұлым болса, өшкенім жанып, өлгенім тірілер еді. Тек, шындықты жасырмашы, Рақыш! — деп, қиыла өтінді.

— Жоқ, сіз қателесіп тұрсыз. Қуаныш, марқұм Жанаттың артында қалған жалғыз ұлы. Мен сізді қуантайын деп, өтірік

айта алмаймын. Кешіріңіз, менің шұғыл шаруаларым бар еді, – деп, кетуге ыңғайланды.

– Үйіне асығып тұрсың ба? Мен машинамен жеткізіп салам, бірақ, тағы біраз серуендесек қайтеді, – деп өтінді.

– Кешіріңіз, менің серуендейтін уақытым жоқ. Сау болыңыз, – деген Рахила биік өкше төплиімен тез-тез тықылдатып, әп-сәтте кетіп үлгерді. Жападан-жалғыз ойланып қалған Дархан сенер-сенбесін білмей жабырқап қалды. Бір шоқ гүл алып, марқұм ұлының моласына барып, гүл шоғын қойып, онашادا еңкілдеп жылады. Ұлының гранит тастан қойылған ескерткіш суретіне қарап отырып, мұңын шақты.

– Ұлым-ай, сенен айырылып, қабырғам қайысып жүр. Кеше сенен аумайтын Қуаныш деген жігітті көріп, сені қайта тапқандай қуанып едім, бүгін қуанышым су сепкендей басылды. Анасы Қуаныштың әкесінің қайтыс болғанын айтты. Бірақ, жүрегім әлденені сезетін сияқты. Оның бет-әлпеті, күлген күлкісіне дейін сені еске салады. Сен күлген кезінде екі бетің шұңқырланып, сүйкімді болып кетуші едің ғой, ол да дәл солай күледі. Мен қайтсем ебін тауып, Қуаныш пен екеуміздің ДНК-сын тексертуім керек. Сонда ғана шындыққа көз жеткізетініме сенімдімін. Әйтпесе, жүрегім аласұрып, Қуанышты көрген күннен бастап, тыныш ұйқтай ала алмай жүрмін, ұлым! Әрине, сен мені түсінер едің, әттең, о дүниеге менен бұрын аттанып кеткенің өкінішті. Алла сенің орнына мені алса риза болар едім, ұлым! Жалғыз ұлынан айырылып, шешең Сәку де қайғыдан қан жұтып жүр, мен де жетісіп жүрген жоқпын, неге абайлап жүрмедің, ұлым-ай! Жеңіл көлікпен сонша асыққаның не? – деп еңкілдеді. Кешқұрым ұлының томпайған көрін аялай сипалап отырып, шерін тарқатып, жақын жерге қаңтарған жеңіл машинасымен үйіне қайтты. Дархан ұлына ұқсайтын Қуаныш жайлы әйелі Сәкуге тіс жармауға бекінді. Алайда, ертеңінде Қуаныш оқитын Ұлттық политехникалық университетке барып, бұрыннан сыйлас ескі досы, осы университеттің проректоры Ахметов Жолдасбекке жолығып, мән-жайды айтып, Қуаныш жайлы күдігін айтып, ДНК тексеруге орайын тауып, көмектесуін өтінді. Жолдасбек сөзге келместен бірден келісті. Қуаныш оқитын курстағы елу студентке «СПИД-ке қарсы қан тапсырасындар» деген сылтаумен амалын тапты. Дархан Дайрабаев алдын-ала ДНК тексеруге қанын тапсырып,

енді нәтижесін күту ғана қалды. Осы бір апта күту— Дархан үшін жүз жылдай ұзақ болып көрінді. Нәтижесі дәл Дархан күткендей болып шықты, ДНК бойынша Қуаныштың туған ұлы екеніне көз жеткізді. Ендігі мақсаты тіпті қиын екенін тағы ұқты. Ең қиыны —өзінен баяғыда күдер үзген, бір күн ғана бірге болып, мүлде ұмытып кеткен Рахиланы райынан қайтару. Түнімен дөнбекшіп ұйқтай алмайтын болды. Сансыз ойлар санасын сарғайтып, тығырықтан шығар жол таппай қиналатын. «Рахиланың аяғына жығылып кешірім сұраймын. Менің ұлымды жиырма жыл бойы бағып-қаққан ерлігіне бас иетінімді айтып, тізерлеп тұрып басымды иемін. Қайтсем де Қуаныш Рахымовтың менің ұлым екеніне көз жеткіздім, енді әкелік парызымды өтеуге рұқсат етуіңді өтінемін» деп, жалынып-жалбарынамын. Әйтпесе, Қуанышты оңаша шақырып алып, — мен сенің әкеңмін десем қайтеді деп, тағы ойлады. Жок, онда мені қалжындап тұр деп шошып қалар, әрі оным адамгершілікке жатпайтын ерсі қылық. Алғашқы қадам жасадым, бірақ, ол кезде шындықтан мүлдем бейхабар едім. Енді ақиқатты біле тұра Рахиламен қайта сөйлесейін. Мүмкін, райынан қайтар. Қуанышқа менің туған әкесі екенімді айтса тез-ақ тіл табысып кетер едік. Менің бүкіл өмір бойғы жинаған дүние-мүлік, байлығымның мұрагері —Қуаныш. Сондықтан, Рахила шындықты мойындауы керек, — деп ой түйді. Ертеңіне таңсәрімен тұрып, Рахиланы торуылдады. Қаннен-қаперсіз мектептегі жұмыс орнына асығып келе жатқан Рахила қарсы алдынан шыға келген Дарханды көріп, тірі аруақты көргендей, жүзі қуарып, қорқып кетті.

— Сізге не керек?! Мен сізге айттым ғой?! — деп, қатқыл дауыспен ашулана тіл қатты. — Рахила, кешір, жаным! Мен сенің алдында айыптымын, оны жақсы білем. Бірақ, кешке жұмыстан соң осы жақын жердегі мейрамханаға барып, асықпай әңгімелесейікші, жаным! Тек «жок» деп айта көрме, өтінемін, Рақыш, — деп қиылды.

— Мен сізге айтарымды айтқам, басқа айтар сөзім жок. Кешіріңіз, кешке мейрамханаға баратын ешқандай ниетім жок, мен күні бойы жұмыстан шаршап шығам, үйге барып демалуым керек. Сондықтан, мейрамханаға шақырғыңыз келсе, сіздің махаббат жайлы жазған өлеңдеріңізге өлердей табынатын, мейрамханаға сөзге келмей бірден баратын, баяғы жиырма

жыл бұрынғы мен сияқты аңқау жас қыздарды шақырыңыз, сөйтіп, тышқан андыған мысықтай мені торуылдамай, жайыма қалдырыңыз. Дархан Дайрабайұлы, Сіз жұрт сыйлайтын белгілі ақынсыз, мына қылығыңыз жараспайды. Менде не шаруаңыз бар?! – деп, көзінен ұшқын шашып, ызалана қарады.

– Жарайды, Рахила, онда демалыс күні мейрамханаға барам деп уәде бер, әйтпесе, мектеп директорына барып, сенімен маңызды әңгімем бар екенін айтып, сабақ өткіздірмей сұрап әкетем, – деп, тақақтады. Амалы таусылған Рахила, келісімін берді.

– Жарайды, демалыс күні, – деп, келісімін берді де сөзін жалғастырды, – Маған бола босқа әуреленбей басқа ермек тауып алсаңызшы, бәрібір сөзіміз жараса қоймас, менің сізбен мейрамханаға барғым келмейтінін түсінген боларсыз. Неге қыр соңымнан қалмайсыз, түсінбеймін, – деп, мектепке бұрылды. Дарханның көңілі орнына түсіп, үйіне көңілді қайтты. Рахиланың оңайлықпен шындықты мойындамайтынын тағы жақсы білді, әйткенмен алғашқы қадам жасағанына көңілі толды. Бұл күні дүйсенбі күні болатын, енді Дарханға күн өтпей қалғандай көрінді. Ертеңінде Қуанышты көргісі келіп, көңілі алып-ұшып, Ұлттық политехникалық институтқа барып, ескі досы, осы университеттің оқу бөлімінің проректоры Ахметов Жолдасбекке жолығып, некесіз туған ұлымен кездейсоқ кездескендей көргісі келетінін айтты. Жалғыз ұлынан айырылған Дархан досының некесіз туған ұлын тауып бергеніне өзі себепкер болған Жолдасбек тағы кол ұшын созды. Түрлі сылтаумен Қуаныш пен тағы бір курстас жігітті шақырып, мектепте қырық жыл тұрған ескі вазаны Дархан Дайрабаевтың үйіне алып баруға көмектесуін өтінді. Студент жігіттер проректор айтқан соң сөзге келместен шаң басқан вазаны көтеріп, Дарханның кара джип машинасының жүк салғышына мықшындап салып, бесінші қабаттағы Дарханның үйіне алып кірді. Қарсы алдынан шыққан әйелі Сәку мына ескі вазаны алып келген күйеуіне таңданып, тіл қатты.

– Дархан-ау, мұны қайтесің, үйде жап-жаңа әдемі вазалар жетіп жатыр?! Мұны қайдан әкелдің, не керегі бар мұның?! – деп, сұрақтың астына салды.

– Сәку, кейін түсіндірем, тұра тұршы, сабыр сақташы, жаным, – деген Дархан өтірік сылтауы ашылып қала ма деп,

балаларды дастарханға шақырды. Сәуі Қуанышқа қарап, марқұм ұлына ұқсастығын көріп, танданысын жасыра алмады.

— Марқұм әжем бір адам екінші адамға ұқсай береді деуші еді, біздің марқұм ұлымыз Мәдиге ұқсайды екен, — деп, бауыр еті баласы есіне түсіп, көзіне жас алды. Дархан сыр білдірмей, әңгіме тақырыбын басқаға бұрды. Әйткенмен, Қуаныш кеткенше Сәуі бірдемені сезгендей қаннен-қаперсіз шай ішіп отырған Қуаныштан көз айырмады. Тек екі студент рахмет айтып кеткен соң ғана күдігін жасырмады.

— Сен мына керексіз ескі вазаны көтеріп әкелген ана бір студент бала біздің марқұм ұлымыз Мәдиден айнымайды, сен шыныңды айт, ойнасыңа таптырған балаң ба? Мен сенің етегіңе намаз оқып жүрмегенінді білем, тек шыныңды айт, — деп, жан алқымнан алып, әдеті бойынша әңгімені төтесінен бастады. Алдында шындықты жасырғысы келген Дархан ерте ме, кеш пе Сәкудің ащы ақиқатты білетінін сезіп, ештеме жасырмауды жөн көрді.

— Ол кезде мен жас едім, сол жастықтың әсерімен бір түн студент қызбен бірге болғам, бірақ, осы уақытқа дейін менің некесіз туған баламның бар екенін білген емеспін, — деп, Рахиланың шындықты жасырғанын, жасырын түрде Жолдасбек досының көмегімен ДНК жасатқанын, бірақ, Рахиланың маңына жуытпай, сөйлескісі келмейтінін түгел айтты. Сәку тар мандайын тыржитып, ұзақ ойланды. Бір уақытта оқыс шешімге келгендей, тың ұсыныс жасады.

— Егер сен ДНК жасатып, ұлын екенін білсең, сот арқылы ол баланы тартып алайық, — деп салған.

— Сот арқылы тартып алатындай Қуаныш көмелетке жетпеген бала емес, оң, солын танитын жиырмадағы жас жігіт. Сондықтан мына ұсынысыңды менен басқа ешкім естімесін, ең тиімді жолы— Рахиладан кешірім сұрап, балаға шындықты айтқызу. Анасының аузынан менің туған әкесі екенімді білсе, екеуміз бауырымызға басып, барымызды беріп, өзімізге үйретіп алармыз, — деп, өз ойын айтты. Қуаныш жайлы естіп, әйелі Сәку тік мінезіне басып, бұрқан-талқан болып ашулана ма деп еді, жоқ, ұлын аңсаған қаралы ана жоғалғанын тапқандай елеңдеп, үміттеніп қалды.

— Қазір жұрттар «суррогатный» әйел жалдап, бала тудырып жатыр. Ал, сенің туған ұлын басқа мұғалім әйелдің қолында

өмір сүріп жатып, туған әкесі кім екенін білмейді. Бұл — барып тұрған әділетсіздік. Ертең Қуаныштың өзін үйге шақырып алып, шындықты жайып салайық, — деп, ой қосты.

— Жоқ, олай істеуге болмайды. Онда бәрін бүлдіреміз, ақырын абайлап іс-әрекет жасау керек. Алдымен Рахиланы көндіруім керек. Демалыс күні мейрамханаға кездесуге шақырдым, егер «сенің балаң емес» деп, тағы өтірік айтса, ДНК жасатқанымды айтып, көндіруге тырысам. Бәрі, Рахиланың қолында. Шіркін, «туған әкең Дархан Дайрабаев, мен саған басқа отбасы болған соң айтпап едім», — деп ұлына шындықты түсіндірсе, Қуаныш мені әкесі санап, құшағын жаяр ма еді, әттең, кім біледі! — деп, тауы шағыла сөйледі. Сол күні ерлі — зайыпты Дархан мен Сәку жиырма жасқа келген, некесіз туған Қуанышты аңсап, түн жарымына дейін түрлі жоспар құрып, таңға жуық әрең ұйқтады. Енді жалғыз Дархан ғана емес, Сәку де демалыс күнін асыға күтіп, күйеуі Дарханның марқұм ұлының туған бауыры болатын, бірақ басқа әйелден некесіз туған Қуанышты ойлап, күндіз-түні ойланып-толғанды. Ақыры, екеуі көптен күткен демалыс күні Дархан таң атар-атпастан бір шоқ райхан гүлін сатып алып, Рахиламен кездесуге келіскен мейрамханаға келді. Рахила көп күттірді, Дарханның шыдамы таусылып, кетуге бет алған кезінде ғана Рахила қабағын түйіп, көңілсіз келіп, Дарханның жанындағы бос орынға жайғасқан. Ұсынған гүлді дұрыс қабылдамай, стол үстіне немқұрайлы тастай салды.

— Рахила, кешіріші мені. Бірақ, екеуміз асықпай әңгімелесетін маңызды мәселе бар, — деп, бастағаны сол еді, Дарханның сөзінің аяғын тыңдамай, Рахила орнынан атып тұрды.

— Айтатын сөзіңізді тезірек айтыңыз, менің сізді тыңдап отыратын уақытым жоқ, жұмысым бастан асады, сіз сияқты қыз-келіншектерді кафе-ресторанға шақырып, ерігіп жүрген жоқпын, — деп, шаңқылдады.

— Рахила, менің сені ренжітетін ойым жоқ, тағы да кешірім өтінемін. Бірақ, айтатын сөзімді сабыр сақтап соңына дейін тыңдашы, жаным, — деп, Дархан әзер дегенде Рахиланы қайта отырғызды. Рахиланың оңайлықпен көнбейтінін сезген дархан әңгімені төтесінен бастады. — Рахила, сен мені кешір. Алайда, Қуаныштың менің ұлым екенін, шындықты мен жақсы білем. Рас, мен әкелік парызымды өтей алмадым, рас, мен кінәлімін. Оны мойындаймын, және сенің алдында басымды

иіп, кешірім сұраймын, – Дархан қолын жүрек тұсына қойып, еңкейе иілді, – Бәріміз де пендеміз, мен де жастықтың әсерімен бір кезде пендешілік жасаған екенмін, айыбымды біліп, алдыңа келіп, басымды иіп кешірім сұрап отырмын. Рахила, сөзімді бөлмей, аяғына дейін тындашы. Сен кезінде ұлымның жарық дүниеге келгенін айтпадың, оған сені кіналамаймын, бірақ мен сондықтан Қуанышты тәрбиелеуге көмектесе алмадым, енді арада жиырма жыл өткен соң, шындықты біліп, мен де адамның баласымын, туған баламды бауырыма басқым келеді. Әрі, осыдан екі ай бұрын жалғыз ұлымнан айырылғанымды білетін шығарсың, – деп, ақынның сезімтал жүрегі шыдамай, көзіне жас алып, дауысы дірілдеп, қолындағы беторамалмен көзін сүрткіледі. Рахиланың өңі қуарып, жүрегі кеудесіне сыймай атқақтап, қорыққанынан көзі шарасынан шығып, қолы дірілдеп, алдындағы минералды суды әрең ішіп, жыламсырай тіл қатты.

– Сіз қателесесіз, Қуаныш сіздің ұлыңыз емес, Қуаныштың әкесі баяғыда о дүниелік болған, менің ауылдасым Жанат деген жігіт, – дей бастап еді. Дархан Рахиланың шындықты мойындамайтынын біліп, қарсы уәж айтты.

– Рахила, кешір, мен Қуаныш пен екеуіміздің қан сәйкестігін тексертіп, ДНК жасаттым, сөйтіп, Қуаныштың менің ұлым екенін анық білдім, – деп, бар шындықты жайып салған. Рахила бетін басып, жылап жіберді.

– Сіз менің жалғыз жұбанышымды, қуанышымды – Қуаныш ұлымды тартып алмақ болып отырсыз ба?! Жок, мен өлсем де ол әрекетіңізге жол бермеймін! Менің бар өмірім, бар үмітім – Қуанышым! Ал, сіз, сіз қандай қатігез адамсыз! Сұмдық-ай, менің рұқсатымсыз ДНК жасауға қалай дәтіңіз барды? – деп, орнынан атып тұрып, сыртқа қарай бетін басып, алды-артына карамай тұра жүгірді. Дастархандағы самсаған тамақтың шеті бұзылмаса да Дархан қалтасындағы кесек он мыңдықты дастархан үстіне лақтырып тастап, Рахиланың соңынан жүгірді. Сыртта қуып жетіп, Рахилаға ниетінің ақ-адал екенін, тек қана Қуанышқа қамқор болғысы келетінін айтып жігі-жапар болды. Жалғыз ұлына қауіп төніп тұрғандай Рахила Дарханнан – тажал көргендей тезірек қашып құтылғысы келді. Әрең дегенде жалынып-жалпайып Рахиланы көлігіне мінгізіп, үйіне жеткізіп салды. Жол бойы бөтен жаман пиғылы жоқ екенін,

кәмелетке толған жігітті ешқашан тартып ала алмайтынын, тек қана әкелік парызын өтеп, алдағы уақытта қамқор болғысы келетінін айтып, Рахилаға түсіндірмек болды. Бірақ, төніп келіп қалған жыланнан балапанын қорғаған торғайдай Рахила Дарханның ешқандай сөзіне сенбеді.

— Сіз менің рұқсатымсыз жасырын ДНК жасатуға қалай дәтіңіз барды?! Сіз нағыз тасжүрек, оңбаған адам екенсіз?! Бұдан былай менің ұлыма жоламаңыз, естіп тұрсыз ба, әйтпесе, мен ештеңеден тайынбаймын! Мен өлмей тұрып, ұлымды ала алмайсыз! — деп, жылап тұрып бажылдады.

— Ешкім де Қуанышқа жамандық жасағысы келмейді, тек қана менің ұлымның әкесін білуге балалық құқы бар, соны неге түсінбейсің, Рахила. Неге сонша шошыдың, мен туған ұлыма жамандық тілейтін жауызбын ба?! — деп, айта бастап еді, Рахила одан сайын өкіріп жылап, үйінің жанында тоқтаған көліктен асығыс секіріп түсіп, тобығын шығарып ала жаздады. Абырой болғанда, құлап бара жатқан кезінде Дархан демеп үлгерді. Сонымен алғашқы кездесу ешқандай нәтиже бермеді. Салы суға кетіп, Дархан үйіне көңілсіз оралды. Сәку кездесудің нәтижесін асыға тағатсызданып күтіп отыр екен, Дарханның қабағы түйіліп, ұнжырғасы түсіп оралғанын көріп, мән-жайды бірден ұға қойды.

— Бәсе, жүрегім сезіп еді. Сенің Рахилан ұлынан айырылып қалатындай тулаған шығар, «әйелдің шашы ұзын, ақылы — қысқа» деген осы. Бәрібір, сенің туған әкесі екенінді Қуаныш білуі керек, егер Рахила шындықты айтпаса өзіміз айтамыз, — деп, білгішсіне қалыпты.

— Мен сенің туған әкеңмін. Жиырма жыл ойы ешқандай іздемедім, білмедім, — деймін бе, бұл тіпті, ақылға қонымсыз! — деп, ашуланған Дархан көрпесін жамылып, керегеге қарап, үн-түнсіз жатып қалды. Сәку сөзге тартпақ болып еді, ұйқтап қалғандай кейіп танытып, күйеуі тым-тырыс үндемеді. Күйеуінің көңіл-күйі жоқтығын біліп, Сәку де жастай о дүниелік болып кеткен ұлын ойлап, біраз уақыт дөңбекшіп ұйқтай алмай шықты. Қайтыс болған ұлынан айнымай қалған Қуанышты бауырына қысып, аналық мейірімін төгіп, құшақтағысы келді. «Ол менің күйеуімнің туған ұлы. Демек маған да бөтен емес, мүмкін алдағы уақытта марқұм ұлымның орнын басып, алданышым болар. Тезірек әкесімен тіл табысып

кетсе, мен де өгейлік танытпай бауырыма тартар едім» деп қиялдады. Бауыр еті баласынан айырылған қаралы ана ұлының туған ағасы Қуанышты алданыш еткісі келетіндей, іші-бауыры езіліп, марқұм ұлының исі сіңген киімдерін құшырлана иіскеп, кеудесіне баса құшақтап жылап жатты. Осы уақытқа дейін ешкімге күні түсіп көрмеген елімізге белгілі Дархан Дайрабаевтың жігері құм болып, туған ұлына қолы жетпей, көкірегі қарс айырылды. Ұлы мен екеуінің арасын жиырма жыл өткен соң қайта жалғастырып, әкесіз өскен тірі жетім ұлын туған әкесімен табыстырып, әке мен бала арасында алтын көпір бола ма деген Рахила Дарханды көргенде улы жылан көргендей жиырылып, ат-тонын ала қашуда. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған Дарханның бар ойы – өз қанынан жаралған, туған ұлымен қауышу. Ішқұса болып, мәңгіге қара жер қойнына беріп, мәңгілік қоштасқан ұлын сағынып, тірі жетім болып, көз алдында жүрсе де созған қолы жетпей жүрген Қуаныш ұлын сағынып, жыр шумақтарын жазды. «Көңілден шықпаса, көңілге жетпейді» демекші, ішкі жан азабы ақ қағазға жыр болып құйылып, өн-бойындағы запыран қайғыны қағазға төккендей, зіл-батпан жан азабы жеңілдеп қалғандай, қағаз жазудан бас көтермейтін болды. Дархан жазған өлеңдер қандай тасжүрек адамның да жүрегін елжіретіп, көзіне еріксіз жас алдыратындай аянышты сезімге толы болатын. Арада бір-екі ай өтті, Рахила сол күйі Дарханмен сөйлесуден бас тартып, қасына жолатпайтын болды. Амалы таусылған Дархан кішкентай кезінен бастап, бір ауылда бірге өскен, қазіргі уақытта Қуаныш оқитын университеттің проректоры Жолдасбекке жолығып, мән-жайды жасырмай айтуды жөн көрді.

– Жәке, мен сенімен ақылдасуға келдім. Бала күннен бірге өскен жан досымсың, сондықтан сенен жасыруды жөн көрмедім. Осы университетте оқитын Қуаныш Рахымов бір кезде мен бірнеше рет кездесіп жүрген Рахила деген жас қыздан туған менің некесіз ұлым. ДНК жасатқанымды білесің, ДНК арқылы ол менің туған ұлым екеніне көз жеткіздім. Әйтпесе, Қуаныштың анасы әкесі қайтыс болған деп, менің шындықты білгенімді қаламады. Енді Рахила менің ақиқатты біліп алғанымға ашуланып, мені маңына жолатпайды, енді не істеуім керек? – деп, Дархан досына сыр тарта қарады.

– Егер анасы ұлына шындықты айтқысы келмесе, екеу-ара Қуаныштың өзімен сөйлесіп көрейік, немесе өзін оңа-

ша шақырып алып, әкесі екенінді айтқаның дұрыс, — деді Жолдасбек.

— Мен жалғыз өзім айтуға аузым бармайды. Әке, мен жиырмаға толдым, осы уақытқа дейін сен неге мені іздемедің? — десе қай бетімді айтам?! Сенің туғаныңды білмеп едім деймін бе? Жок, болмайды, — деп тартыншақтады.

— Мен сабақ біткен соң Қуанышты шақырып алайын, үшеуміз тау баурайындағы тыныштау бір дәмханаға барып, оңаша сөйлесейік. Сол оңаша кездесуде шындықты жайып салайық, кәмелетке әлдеқашан толған үлкен жігіт қой, ұғар, биологиялық әкесі сен екенінді — шындықты білуге әр бала құқылы, — деп, өз ұйғарымын айтты. Сонымен кешкілік Дархан университетке көңілі толқып, алдағы кездесу кезінде Қуаныш не дер екен? «Осы уақытқа дейін әкесіз өстім, енді маған сендей көкек әкенің керегі жоқ» десе қайттым, — деп қатты қобалжыды. Қаннен-қаперсіз Қуаныш қол беріп сәлемдесіп, Жолдасбекпен бірге Дарханның жеңіл машинасына отырды.

— Жайшылық па? Кешкілік қайда барамыз? — деп, екеуіне жалтандай қарады.

— Қуаныш, сен ержеткен ер-азаматсың. Үшеуміз бүгін маңызды мәселе жайлы сөйлесуіміз керек. Бұл жол бойы айттыла салатын оңай шаруа емес, сәл шыда, қазір дастархан басында кеңінен әңгімелесеміз, — деген Жолдасбек бір сырдың шетін шығарып қойды.

— Жарайды, аға, өздеріңіз біліңіздер, — деген Қуаныш машинаның терезесінен айналаға қарап, жайбаракат отыр. Дәл жанында туған әкесі отырғанынан мүлде бейхабар. Тау баурайындағы мейрамханада адам аз екен. Үшеуі сырты гүлмен қоршалған оңашалау дастарханды таңдады. Кешкі тамаққа молынан тапсырыс берген Дархан «сен баста» дегендей Жолдасбек досына қарады.

— Қуаныш, саған айтатын жаңалық саған тосын көрінуі мүмкін. Бірақ, сен шындықты білуге тиіссің, — деп, Жолдасбек сөзді тым әріден бастады. — Жастық кезде қыз бен жігіттер кездесіп, кейде тағдыр қоспай, екеуі екі айырылады. Жастық махаббаттың әсерімен қыз бала екіқабат болып қалып, некесіз бала дүниеге келеді, — деп, Қуанышқа қараған.

— Ондай тұрақсыз махаббат жайлы маған несіне айтып отырсыз, аға! Егер менің кездесіп жүрген қызым екіқабат бол-

ып қалса, мен баланы жетім қылмай, міндетті түрде үйленген болар едім, — деді Қуаныш.

— Егер ол жігіттің отбасы, бала-шағасы болса ше?! — деп, Жолдасбек әңгімесін жұмбақтай жалғастырды.

— Әйелі, бала-шағасы болса, неге жас қыздармен кездеседі?! Аға, бұл әңгіменіздің төркінін түсінбей отырмын, — деп, Қуаныш таңданысын жасыра алмады. Жолдасбек не айтарын білмей сасқалақтап, маңдайынан шып-шып шыққан терін шақпақ-шақпақ көгала беторамалымен қайта-қайта сүртіп, жауап таба алмай Дарханнан көмек сұрағандай, сөзден тосылып, кідіріп қалды. Дархан әңгімені төтесінен айтты.

— Менің әйелімнің болғаны рас, бірақ мен Рахиланы шын көңілден ұнатып қалғам, — деп, қойып қалды.

— Аға, сіз кімді айтып отырсыз?! Менің анам жайлы ғайбат сөйлеп отырсыз, менің анам ондай отбасылы адаммен ешуақытта кездеспейді! — деп, Қуаныштың екі көзі от шашып, ашулана тіл қатты. Жігіттің намысына тигенін сезген Дарханның аузына құм құйылып, үндемей қалды. Осы арада Жолдасбек әңгімені жалғастырды. — Ие, сенің анаң өте жақсы адам. Оған күмәніміз жоқ. Бірақ, отбасы бола тұра кейбір жігіттер басқа қызды құлай сүйіп, әйелі, бала-шағасы бар екенін ұмытып кетіп, сезімге беріледі. Сондай ыстық махаббатың нәтижесінде күнәсіз сәби дүниеге келеді, түсінесің бе? — деді Жолдасбек.

— Жоқ, түсінбеймін, аға! Ондай жеңілтек еркектерді иттің етінен жеккөрем. Егер отбасы бар екенін біле тұра неге басқа қызбен бірге болады?! Оның жауапсыздығының кесірінен бейкүнә бала зардап шегеді, солай емес пе, аға?! Әлде мен қате түсіндім бе, аға? — деген Қуаныш қызба мінезімен екі беті дуылдай қызарып, Жолдасбекке көзінен от шаша тіке қарады.

— Балам, сен мені түсінбедің. Менің айтпағым, сен шындықты білуге құқың бар. Мына Дархан Дайрабаев ақын ағаң — сенің туған әкең! — деп, Жолдасбек сөздің токетерін айтты. Қуаныш бір сәт анырып, таңғалғанын жасыра алмай Дарханға бір, Жолдасбекке бір кезек-кезек қарап, аздан соң әрең тіл қатты.

— Сіздер қалжындап отырсыздар ма?! Менің анам марқұм әкем туралы айтып берген, әкем баяғыда қайтыс болған. Ал, мынадай әзіл-қалжың бола ма?! Түсінсем бұйырмасын. Кешіріңіздер, менің анам кешіккеніме алаңдап отырған болар,

менің кетуім керек, – деп, орнынан ұшып тұрды. Қуаныштын күтпеген жаңалықты естіп, ашулы түрін көріп, Жолдасбек бұдан ары қыстамады. Тек Қуаныш кетерінде салмақты түрде былай деді.

– Қуаныш, бұл жайт саған ауыр тигенін түсініп отырмын, сен бізді кешір. Бірақ, шындық осы. Сенсең де, сенбесең де өзін біл, – деп, Дарханға қарады.

– Ие, ұлым, шындық осы, – деген Дарханға Қуаныш қатқыл үнмен тіл қатты.

– Ондай шындықтың маған керегі жоқ, егер сіз менің әкем болсаңыз, анам маған жасырмай айтар еді, демек, сіз өтірік айтып отырсыз! Қатты айтсам, кешірсіз. Сау болыңыздар, – деп, сыртқа шығуға ыңғайланды. Денесін тік ұстап, басын шалқақ көтеріп, жүргеніне дейін Дарханға ұқсайтын. Ол ұлының қайырылмай кетіп бара жатқанын көріп, жердің үстімен келіп, астымен кететіндей қапаланып, Қуанышқа қиыла тіл қатты.

– Ұлым, тоқташы, мені бір минут тыңдашы, – деп, өтініп еді, Қуаныш қайта қайырылмады. Жолдасбек пен Дархан бұл әке мен баланың оңаша кездесуі сәтсіз аяқталғанын түсінді. Дарханның көзіне жас іркіліп, ауыр күрсінді.

– Осылай боларын біліп едім, – деп, қыстыға күбірледі.

– Жиырма жылдан соң не күтуге болады? Біз шындықты айттық. Енді Қуаныш қалай шешетінін өзі білсін, қой, біз де қайтайық, кеш болып кетіпті, – деп, алдындағы ащы суды сіміріп салып, орнынан тұрды. Дархан да ашу-ызасын, өкпеленішін ұмытқысы келіп, бір-екі стақанды тартып жіберді. Сөйтіп, екеуі көңілсіз көлікке қарай аяндады.

– Қазіргі жастар өте қатал. Мына өмірде болып жатқан әртүрлі жағдайға түсіністікпен қарамайды, – деп, Жолдасбек досының қамыққан түрін көріп, жұбатпақ болып еді, онысынан түк шықпады.

– Бәріне мен кінәлімін, Қуаныш дұрыс айтады, – деп, дауысы дірілдеп, толқып шықты.

– Жә, достым, жасыма! Еркек емессің бе, ол қыздың сенен жүкті болып қалғанын, ол баланы туып алғанын сен қайдан білесің?! Өзінді кінәлай берме, бұл жерде қыздың да кінәсі бар, ол неге отбасы бар еркекпен бірге болған? – деп, Дарханды жұбатпақ болды. Жаңа дастархан басында отырып, ұлы-

мен сөйлесуге батылырақ болу үшін әдейі аздап ішкен ақ арақ басына шыққан Дарханның көңілі босады.

— Бүгін мені туған ұлым өзекке тепкендей болды, өзіме де сол керек! — деп, еңкілдеп жылады, Бір ұлымнан өлдідей айырылдым, екінші ұлымнан тірідей айырылып тұрмын. Бұл жарық дүниеде менен бақытсыз жан бар ма екен, айтшы, Жолдеке?!

— Қой, оның не, Дархан. Әлде мас болып қалдың ба, немене жаңағы азғана ішкен арақ басына шықты ма? Оның не, жылама, ерте ме, кеш пе туған әкесі сен екенінді біліп қайтып оралар, күдерінді үзбе, «үмітсіз — шайтан» деген, — деп, елпілдеп, ескі досын жұбатпақ болды, — Мейлі, менен ұялмай оңашада жылап ал. Сонда жеңілдеп каласың, — деп, Дарханға мүсіркей қарады. Сол күннен бастап, Дархан Қуаныш ұлымен табысудан күдерін үзді. Ұлының әкесінің жеңілтек қылығын кешірмейтінін ұқты. Бұл жағымсыз жаңалық Дарханның әйелі Сәкуге де ауыр соққы болып тиді. Сәку жастықтың буымен алданып қалған Рахиланың Дарханға өкпелі екенін әйелдің нәзік жүрегімен түсінді. «Он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыз — Рахила. Белгілі ақын Дарханның өлендерін жаттап жүріп, адасқан бейкүнә қозыдай кәрі қасқырдың қақпанына түсті. Әрине, өкінішті жайт. Бірақ, өмір ойлағаның бола қоятын түп-тура жол емес қой, бұралаң-соқпағы көп, қиындығы бастан асатын асу жол. Рахила ес білгеннен бері бақытты отбасын, мейірбан күйеуін, топырлаған көп балалы отбасын аңсайтын. Өйткені, адам ең алдымен өзінде жоқты аңсайды, ал, қолда бардың қадірін білмейтіндер тағы бар. Рахила жетім өсті, сондықтан ата-ананың аялы алақанын аңсады, ондай мейірім-шапағат көрмей, жарық дүниеден көп өгейлік көрді, басқа әке-шешесінің жанында балмұздақ жеп жүрген еркетотай балаларға қарап, қаншама рет қызыға қарады, іші күйіп қызғанды, қаншама рет азап шекті дерсіз, өмір бойы әке-шешесінің жанға жылу беретін ыстық құшағын, шуақты мейірін аңсады, бірақ қатал тағдыр күнәсіз сәбидің кішкентай ғана тілегін орындамай, есейіп ес білгенше зар жылатты. Сөйтіп жүргенде талантты ақын Дарханның сыршыл өлендеріне ғашық болды, кейін сол сырттай ғашықтығынан оңбай опық жеп, ақынның бір түндік қуанышына айналып, жетім қыздың тәтті қиялынан туындаған кіршіксіз таза, мөлдір махаббаты

аналық махаббатқа ұласты. Енді Рахила ұлы үшін өмір сүруге бекінді, бар өмірінің мағынасы – ұлы Қуаныш болды. Егер алда-жалда күйеуге тисе, ұлы Қуанышқа басқа күйеудің туған баласындай қарамайтынын ана жүрегі сезіп, уақыт сынапша сырғып, жасы егде тартқанмен ұлының бақыты үшін өзін құрбан қылып, басқа еркекке тұрмысқа шықпады. Жас күнінде еліктің лағындай сүйкімді келіншекке қызығып сөз айтқан еркек кіндіктілер болды, алайда Рахила жарық дүниедегі ең жақын адамы – жалғыз ұлы Қуаныштың жайын ойлады, өз басын мүлде ұмыт қалдырды. Дархан ақынмен бір күнгі түні ғана мәңгі есінде қалды, кейде оңашада жар құшағын аңсап, күйіп-жанғанда сол бір түнді кино лентасындай көз алдына елестетіп, Дарханмен қиялында қайта қауышатын, қайта сүйген жүрегі Дархан ақынмен ойша табысатын, қиялмен қауышатын. Уақыт жүрдек аққан өзен суындай алды-артына қаратпай өте шығады, ұлы ержете бастаған кезінде жүрегі жарыла қуанған ана мезгілінен бұрын шашына ақ түсіп, ерте қартайғанын көріп қамықты. Енді қартайғанда жалғыз ұлынан айырылған, қыздарды бір түндік қызығына айналдырған «опасыз» ақын бір кезде өзінен алданған қыздың жалғыз ұлына жармасып, әкелік парызымды орындай алмадым деп, өтірік мүләйімсі қалды. Жиырма жыл есіне алмаған бір кездегі жас қыз Рахилаға жалынып, ержеткен ұлын қайтадан қармаққа түсіргісі келеді. Бұған жүрегі тас болып қатып қалған, ақынның алдауына, арбауына түскен бұрынғы жас қыз, қазіргі уақыттағы талай қиындықты бастан өткерген, өмір көрген, ысылған кәрі жүрек сене қоя ма, әлбетте, сенбейді. Сенбеуінің жөні бар. Егер Дарханның жалғыз ұлы жол апатында қайтыс болмаса Қуаныштың бар, жоғын еске алар ма еді, әрине, ешқашан іздемес еді. «Өзі болған қыз төркінін танымайды» деп бекер айтылсын ба, төрт құбыласы тең адам басқа жандарға зәру болмайды. Өз қуанышын қызықтап, жарқын өмірге тояттап, басқа жоқ-жітік жандарға мұрнын шүйіре қарап, кеудесін керіп менсінбейді. Өйткені, пенде шіркіннің көбі өзімшіл болады. Олар басқалардың бақытсыздығына айызы қанып, күле қарайды. Ал, сол өзімшіл жанның өз басына уайым-қайғы түскенде басқалардан мейірім-шапағат күтеді. Міне, талантты ақын Дархан жас кезінде талай қыздармен ойнап-күлді, қызмет бабын пайдаланып, обал-сауабына қарамады.

Соңғы кезде Сәку де қалың ойға батқан. Дархан екеуінің жастық шақтағы ерлі-зайыпты кезеңін күрсіне еске алды. «Кей күндері үйге қонбай басқа жерде түнеп қалғанын, көзіме шөп салып жүргенін білсем де марқұм ұлымды тірі жетім қылғым келмей жан азабына шыдадым. Енді, міне, қартайғанда сол күнәсіз жас қыздардың көз жасы жібермей, жалғыз ұлымыздан айырылды. Кім кінәлі? Нысапсыз махаббат ләззатын татқан күйеуім Дархан кінәлі ма, жоқ әлде, қыздарға қырғидай тиіп, отбасын ұмытып, бозбалалық жасап жүрген күйеуімді тия алмаған мен кінәлімін бе? Ия, пендешілікке бой алдырдық, оны мойындауымыз керек. Мен Қуаныштың анасын түсінем, оның да намысы бар» деп, күйеуімен бір кезде төсектес болған Рахиланы ойша ақтап алды, кейде кешірмейтін безбүйректігіне налитын кездері болатын. «Рахила неге Дарханды кешіре салмайды екен? Егер шын сүйген болса кешірер еді, сүйген жүрек әрқашан кешірімді. Рахила жеңілтек әйел ме екен, әйтпесе бір көрген ақын жігіттің астына жатқаны несі? Оңды-солын ойлап, қыздың намысын сақтаса, ел қатарлы күйеуге тиіп, бала-шағалы болып отырар еді ғой. Демек, Дарханмен бірге болған Рахиланың да кінәсі бар» деп ой түйетін. Тегі, қойнында күйеуі бар әйелдер ауылдан келген жас қыздардың қаланың қулығына құрық бойламайтын әккі еркектердің қақпанына түсіп қалуын түсінбейтін. Өйткені, уақытында күйеуге тиіп, бала сүйген әйелдер өмірдің бұралаң-соқпағын біле бермейтін, олар кейбір ер-азаматтардың жас қыздардың сеніміне кіріп, ақтығына, пәктігіне кір келтіріп, тайып тұратынын білсе де білмегендей кейіп танытатын. Өйткені, жеке өз басынан өтпеген жағдайды түсінгісі келмейтін. Сәку де ақ некелі күйеуі Дарханды ақтап, Рахиланы жеңіл жүрісті әйелдей жазғырып отырды. Бұл әйелдің күйеуін басқа әйелдерден қызғанған қызғаныштан туындаған сезім болатын. Жүрек түкпірінде Дарханның сүттен ақ, судан таза еместігін сезгенмен, күйеуіне кір жұқтырмай, Рахиланы кінәлауға тырысатын. Бірақ, Сәку, әрине, Рахиланың азапқа толған өмірін білмейтін.

Жастық желікпен алданып қалғанын білген Рахила бүкіл саналы өмірін жар дегенде жалғыз ұлы Қуанышқа арнауға ұйғарған. Сондықтан жалғыз ұлы Қуаныш жоғары оқу орнына түскенде ойланбастан ұлымен бірге тұрғысы келіп, Алматы қаласына көшіп келген. Уақыт сынапша сырғып өтіп жатты.

Ай артынан ай өтіп, жыл артынан жыл өтті, бір кездері тұлым шашында ақ бантигі желбіреген балғын қыз Рахила бүгінгі күндері есейіп, алдымен кәрі қыз болып, жас кезінде үлбіреген уыздай бет-аузын айғыздаған әжім түсті, келе-келе көмірдей кара шашына ақ түсіп бурылданып, салиқалы әйел болған. Бұл өмірден көп өгейлік көрген, жетім қыз Рахила Дархан Дайрабаевтан жүкті болып қалғанын білгесін-ақ, бар саналы ғұмырын ішіндегі уыз махаббатының куәсі болған балаға арнауды жөн көргені рас. Әйтпесе, баяғыда-ақ баласын «жетімдер үйіне» өткізіп, бір жігіттің етегінен ұстап, сүйген жары болып, ақар-шақар бала-шағалы болып отырмас па еді.

Тегі, әр адам өз ісін жөн деп санайды. Мысалы, ұры өз кәсібін «жоқшылықтан ұрладым» деп өз-өзін сендіреді, ұрдажық әпербақан адам, өзін шындықты бетке айтатын турашыл, әділетті адаммын деп ойлауы ғажап емес. Дәрігер аурудың нақты ауруын дөп басып емдей алмағанын білсе де, қолымнан келгенше науқасқа ем-дом жасадым, шипа болмауы —құдайдың ісі деп өз-өзін алдарқатады. Науқас адам дәрігердің қате диагноз қойғанын біліп, ауруымды асқындырып жіберген сауатсыз дәрігер деп жазғырады. Мұғалім бар білімін оқушыға бере білдім десе, жаман оқушы менің мұғалімім маған дұрыс білім бере алмады деп жазғырады. Міне, өмірдегі сан қилы салада сан түрлі адасу, қателесу бар. Бірақ, әркім өзінің іс-әрекетін дұрыс деп санайды, егер бұрыс деп санаса мұндай қателікке бойалдырмас еді. Сол сияқты Дархан Дайрабаев та әсіре сезімтал жас қыз Рахиланы алдап-сулап қолға түсіргенін іші сезгенімен, «буыршын көзін сүзбесе бұқа жібін үзбейді» деген, егер менің өлендерімді жаттап, маған ғашық болып жүрген жас қыздың пәктігін алсам, іздегенге сұраған қылып, сауабын алғаным емес пе, мұның несі айып? Өйткені, ол қыз маған сырттай ғашық болып, өлендерімді жаттап өскенін өзі айтты емес пе?! Ендеше, мен оңтайлы сәтті құр жібермей, ебін тауып, жас қызбен бірге болып, өзгеше ләззат алып, жаңа шабыт алдым. Мен аса бір қылмыс жасадым деп ойламаймын, өйткені «қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды» деп, өз ісін ақтап алатын. Сөйте тұра жас қызды алдап, арақ қосқан шарап ішкізіп мас қылып, оңтайлы сәтте алдап қолға түсіргенін ішкі түйсігі сезіп, Рахиланың алдында сәл де болса күнәсі бар екенін іштей мойындайтын. Бірнеше рет Рахилаға барып, ке-

шірім сұрады емес пе? Содан шыққан нәтиже кәні? Дархан Дайрабаев ойлайтын: «Рахиланың жүрегі тас болып қатып қалған ба? Бұрынғы маған деген сезімі қайда? Менің талантты акын екенімді мойындап, қанша жылдар өлеңдеріңізді жаттап өстім деген өзі емес пе? Енді менің заңды некедегі Сәкуден туған ұлым өліп, қара жамылып отырғанда менің қанымнан жаратылған ұлы — Қуанышымды өзіме қайтарып, — Ұлым, Дархан Дайрабаев сенің әкең. Әкеңнің тегін алам десең еркің білсін, мен қарсы емеспін, өйткені шындықты жасыруға болмайды. Қуаныш, сенің ата-тегің Дайрабаевтар тұқымынан деп неге ақиқатты мойындамайды. Әйелдің намысы дейін десең, мен бұл баланың бар-жоғын жиырма жыл өткен соң ғана білдім ғой. Кезінде маған «сіздің ұлыңыз бар, мен босандым, ұл таптым, маған сіздің көмегіңіз қажет» деп, айтқан жоқ қой. Ал, айтса көмектесер ме едім? Әй, білмеймін, жастық шақта кездескен көп қыздардың бірі деп, назар аудармас па едім, кім білсін? Дегенмен қазіргі уақытта менің жалғыз мұрагерім, өмірімнің жалғасы Қуанышымды өз тегіме жазғызып, бауырыма басар едім. Тек, Рахиланың қатал мінезі әке мен баланың қосылуына дәнекер болмай, пәлекор болып отыр» деп, Дархан оңашада Рахиланы жазғырып ойланатын.

Сәку талай ұйқысыз түнде марқұм ұлын ойлап, жастығын құшақтап жылап жататын. Әрине, ана жүрегі тас емшегін жібітіп, тар құрсағын кеңіткен жалғыз ұлын өмір бойы жоқтап өтетінін ұқты. Ұлы Мәдиден аумайтын Қуанышты ойлап, бір әкеден туған марқұм ұлының туған ағасы Қуанышты бауырына басып, мауқын басқысы келетін. «Рахилаға барып, сөйлесем бе екен? Жүрегі тас болып қатып қалмаған шығар, мүмкін әйел ретінде сырласып сөйлесіп көрсем қайтеді? — деп, сан рет оқталғанмен Рахиланы іздеп баруға жүрегі дауаламады. Бірнеше рет Рахила мен Қуаныштың үйінің жанына барып, ішке кіруге батылы жетпей кері қайтты. «Мен жас кезіңізде сіз екіқабат болып қалған Дархан Дайрабаевтың әйелімін. Сіз неге ұлын жиырма жыл ұмытып кеткен, бар-жоғын білмеген әкесі Дарханға қайта табыстырмайсыз? — деп, қай бетіммен айтам? Егер Рахиланың орнында мен болсам қайтер едім?» деп ойлап еді, өз ойынан өзі шошыды. Бірде Рахиламен бетпе-бет кездесіп қалды, қараторы әдемі келіншектің бет-пішіні сүйкімді екен, шаралы ойлы көздерімен адамға жәудірей қарайды. Сәкудің жүрегі «шым»

ете қалды, күйеуінің осы әдемі келіншекпен төсектес болғанын ойлап, қаны басына шапшыды. Күйеуі Дарханның көзіне шөп салып жүргенін, жалғыз Рахила емес, басқа қыздармен де ойнап-күлгенін сезіп жүретін. Бірақ, осыншама жүрегі ауырып, жан-дүниесі күйзелетінін ойламапты. Жанынан тез-тез басып өте шыққан қараторы келіншектің соңынан қарап, анырып тұрып қалыпты. Біраздан соң есін жиып, үйіне келіп, ашулы қалпы күйеуіне тиісті.

— Сенің тағы некесіз туған балаларың бар шығар, үйге қонбай кетіп, аяқ астынан іссапарға кетуіме тура келді деп, мені алдаушы едің. Кейде екі-үш күн жоқ болып кетіп, үйге әрең оралатынсың. Жолдастарыммен балық аулауға бардым деп, бетің бүлк етпей маған өтірік айтатынсың. Сол кезде балық ауламай, қыз аулап жүретінін ішім сезетін, сен етегіңе намаз оқып жүрмей, Қуаныштай балалардың әкесіз дүниеге келуіне себепкер болыпсың. Енді келіп, қартайған шағыңда емешегің үзіліп, «Қуаныштың әкесімін» деп көлгірсисің. Жиырма жыл бойы әкесіз өскен бала әбден өмірдің ыстық-суығын көріп, жүрегі тасбауыр болып қалған кезде ғайыптан пайда болған әкесін қайтсін? Егер мен Рахиланың орнында болсам, мен де сені ұлыма жолатпаушы едім, — деп, ойын ашумен ашық айтқан. Дархан әйелінің ызалы сөздерін үнсіз тыңдады, кінәсін мойындағандай әйелінің ығына жығыла сөйледі.

— Сәку, мен жастық шақта қателескен шығармын, ол қателігімді мойындаймын. Бірақ, менің балам екенін ашып айтпаса, бір кездегі студент қыздың менен ұл туғанын қайдан білейін? Қайтыс болған марқұм Мәдиімнен аумап тұрғанын көріп, көңіліме күдік кіріп, анасының аты-жөнін сұрадым. Егер мен кездейсоқ білмесем, Рахила маған шындықты айтпас еді. Рахила неге менің Қуаныштың әкесі екенімді түсіндіріп айтпайды, егер ұлымның жарық дүниеге келгенін біле тұра бас тартсам, өкпелеуі орынды болар еді. Мен Қуаныштай ұлымның бар екенін білмей келдім, менің кінәм не? Жастықпен ойнап-күлгенім бе? Ие, мойындаймын, мен белгілі ақын болған соң талай қыз маған сырттай ғашық болды. Олардың кейбіреуімен жақынырақ танысып, төсектес болған шығармын, қызға кім қарамайды, қымызды кім ішпейді. Ер-азамат қыз көніп тұрса неге қашқалақтауы керек? Менің бала-шағалы екенімді біле тұра мені ұнатып қалса, менен жүкті болып, бала тапса, тек

кана мені жазғырасын ба? Ол қыз неге осындай қадамға барды? Егер мен ол қызды зорламасам, өз еркімен жақын болсақ, таразының екі жағы тең емес пе? Тек қана мені кіналағанша Рахиланың да мені жақсы көргені өтірік пе? Әйтпесе, менің ұлымды дүниеге әкеліп, басқа күйеуге тимей, осы уақытқа дейін жалғыз жүруші ме еді? Мен тек ұлым Қуанышқа қамқор болып, араласып тұрғым келіп еді, оған мүмкіндік бермеді. Менің кінәм бар екенін мойындаймын, сенің сенімді ақтамадым, басқа қыздарға көз салдым, жазғыруың орынды. Сәку. Сүйген жүрек кешірімді болады деуші еді, кешір мені, Сәку. Мен сенің алдында айыптымын. Алайда, бір ұлымнан өлдей айырылдым, енді міне, екінші ұлымнан тірідей айырылып отырмын, маған да оңай емес, мені де түсінші, Сәкужан, – Дарханның дауысы дірілдеп, сөзін жыламсырап аяқтады. Сәкудің жүрегі елжіреп, күйеуінің мұңды жүзін көріп аяп кетті.

– Сені кіналаудан аулақпын, Дархан. Мүмкін, бұл құдайдың біздің басымызға салған сынағы болар. Қайтейік, басқа салғанға көнбеске шарамыз жоқ, бәлкім Рахила райынан қайтар, Қуаныш сені әке деп құшағын жаяр, кім білсін, алдағы өмір көрсетер, – деп, ауыр күрсінді. Мәдиі есіне түсіп, ертерек төсегіне жатып, көзі бақырайып көп ойланды. Тыныш ұйқысы қашып, түн ортасына дейін дөңбекшіп, күрсініп жатты.

Рахила алғашында студент кездегі бала махаббаты Дарханмен кездескенде шоқ басқандай ыршып түскен. Егер Дархан Қуаныштың өз ұлы екенін білсе, тірі жесір әйел Рахиладан баласын тартып алатындай бойын қорқыныш, үрей билеген. Уақыт өте келе ой таразысына салып бағамдап, бұл күнде оң, солын таныған, ержеткен ұлы Қуаныштың бұл мәселені өзі шешкенін қалады. Дархан Дайрабаев қайта айналып келмеген соң, әзірге ұлына ештеме айтпауды жөн көрді. «Менің ұлым шын әкесі кім екенін білуге құқығы бар. Алайда, Дархан Дайрабаевты әке деп жақынырақ танығысы келе ме, жоқ па ол жағын ұлым өзі шешсін. Мен ақиқатты жасырмай Қуанышыма айтуым керек. Мүмкін, шындықты естігенде мені, анасын жазғырар, тағдырына налыр, бірақ, шындықты айтуға міндеттімін» деп, ой түйген. Енді Дархан өтініш жасап, қайта оралса, Қуанышқа ащы шындықты айтуға әзір болатын. Бірақ, Дархан көпке дейін ат ізін салмай кетті. Дархан мен университеттің ректоры Жолдасбектің ДНК туралы айтқан-

ын, Қуаныштың ашуланып кетіп қалғанынан Рахила бейхабар болатын. Өйткені, Қуаныш бұл туралы анасына тіс жарып ештеме айтпаған еді. Ал, ұлының бірбеткейлігін көрген Дархан тағдырдың басқа салғанына көніп, Рахилаға қайта келіп жолығуға дәті бармаған. Сондықтан Дарханның келмей кеткенін, әрине, Рахила білмейтін. Ал, Қуаныш іштей қатты толғанған.

«Егер мен белгілі ақын Дархан Дайрабаевтың ұлы болсам, анам осы уақытқа дейін шындықты айтар еді ғой. Шешем сенің әкең мен жүкті кезімде қайтыс болған деп, әкесінің суретін көрсетті емес пе? Ендеше неге біздің университеттің ректоры Жолдасбек аға мен Дархан Дайрабаев оңаша мейрамханаға шақырып, маған білдіртпей ДНК тест жасағанын, сол кезде менің Дархан Дайрабаевтың ұлы екенімді растайтын құжаттың бар екенін айтты. Егер анама айтсам, ашуланып қалар. Бұл бір түсініксіз жайт. Бәрі уақыт өте келе белгілі болар. Не де болса, шындықтың беті ашылар, әліптің артын бағайын. Курстас жолдастарым белгілі ақын Дархан Дайрабаевтың жалғыз ұлы жол апатынан қайтыс болды деп айтып жүр. Мүмкін, менің түрім марқұм ұлына ұқсаған соң, қателесіп айтқан болар. Ақ, қарасын ажыратар уақыт туар, әзірге анама ештеме айтпай-ақ қояйын, егер қажет деп тапса, анам өзі ақиқатты айта жатар» деген қорытындыға келген. Анасын көрген сайын көкейіндегі сұраққа жауап іздегенмен, бірнеше рет Дархан жайлы сұрауға оқталғанмен, анасының жүрегін жаралап алам ба деп, айтуға батылы бармаған. Орынсыз сұрақпен мазалап, аяулы анасын өкпелетіп алам ба деп қаймыққан. «Дархан Дайрабаевтың ДНК-ны тексертуінің мәні неде? Мүмкін, ақын жас кезінде менің анаммен кездескен болар, онда неге менің анама үйленбеді, шынында менің әкем кім екен? Ондай болса анам неге менен шындықты жасырады? Ерте ме, кеш пе, әкемнің кім екенін білуге қақым бар емес пе?» Осындай сансыз сұрақтар сергелденге салған жас жігіт тым ойшыл болып кетті. Ұлының соңғы кездегі жабырқау түрін көріп, Рахиланың да мазасы кетті.

– Балам-ау, соңғы кезде жүдеп кеттің. Сені бір мәселе мазалап жүрген жоқ па? Оқуың қалай, ойдағыдай ма, маған жасырмай айтсаңшы балам.

– Апатай, ешқандай уайымдаудың қажеті жоқ. Оң, солымды танитын жасқа келдім. Қайта өзіңіз маған бірдеме айт-

қыңыз келетін сияқты, ылғи тұнжырап әлденені ойлап жүретін болдыңыз? — деп, әзіл-шыны аралас анасынан жауап күткен.

— Жок, ұлым. Бәрі ойдағыдай, — деп, қысқа қайырған Рахила шешіліп ештеме айта қоймаған. Ана мен бала арасындағы дұдамал ой, сансыз сауал шешімін таппаған күйі дүмбілез көңілмен, дүбара күдікпен қалып қойған. Уақыт жылжып өтіп жатты, Қуаныш университеттің соңғы курсына жүргенде,

— Мама, мен бүгін үйге қонақ ертіп әкелем, — деп, жұмбақ жымыған.

— Жарайды, ботам, ет асып қояйын, жолдастарыңның бірі ме? — деген сұрағына қулана көзін сығырайтқан.

— Мама, келген соң көресің, әзірге ештеме айтпаймын, «сюрприз», — деді. Сол күні кешке Қуаныш сүйген қызы Мөлдірді ертіп келді.

— Мама, міне, қонағыңыз. Мөлдір, сіздің болашақ келінісіз.

— Ұлым-ау, неге ертерек айтпадың? Көршілерді шақырып, келінге шашу шашайық, оң аяғыңмен атта, қызым, — деген анасы абдырап қалды. Көп ұзамай Қуаныш дипломын алып, жұмысқа тұрған соң Қуаныш пен Мөлдір үйленді. Рахиланың қуанышында шек жоқ, өшкені жанып, өлгені тірілгендей қуанды. Үй ішіне береке кіріп, ене мен келін шүйіркелесіп шай ішіп, Рахиланың көңілі жайланды. Міне, осы шақта Дархан тағы іздеп келіп, Рахилаға қомақты қаржы ұсынған.

— Менің ұлымның үйленгенін естідім. Тойға керек болар, мына ақшаны қабыл ал, сен менің әкесі екенімді ұлыма түсіндіріп айтуды жөн көрмедің, әйткенмен ұлыма осындай жаңа өмір бастауында көмектесуді жөн көрдім, — деп, қомақты қаржы ұсынған.

— Жок, сіздің көмегіңізге мұқтаж емеспіз. Ақшаныз керек жок, алмаймын, — деп, Рахила ат-тонын ала қашқандай азар-безер болған. Дархан Рахиланың қарсылығына қарамастан әкелген ақшасын тастап кеткен. Дархан кеткен соң санап көрсе, бір бөлмелі пәтер алуға жететін қомақты қаржы екен. Көптен бері Дархан жеңіл машина алуды армандап жүрген. Рахила кешкілік ұлы жұмыстан келген соң,

— Балам, сен жеңіл машина алам деп жүруші едің, біраз ақшам бар еді, соған машина алғың келе ме? — деп сұраған. Неге екені белгісіз, Қуанышқа әкесі Дархан екенін, тойға тарту етіп, көп қаржы әкеліп бергенін айтқысы келмеді. Дархан

анасының соншама ақшаны қайдан тапқанына таңғалғанын жасыра алмады.

— Апа, өткенде той жасағанда жиған-тергеніңізді түгел жұмсаған сияқты едіңіз? Мұншама ақшаны қайдан таптыңыз, әлде көп мұра алдыңыз ба? — деп, әзілдеген. Рахила езу тартып күлгенімен шындықты тағы айтпай жасырып қалды. Белгісіз бір күш еркінен тыс тежеп тұрғандай, Дарханның туған әкесі екенін, тойға берген сый-тартуын ашып айтпай, өзіне де белгісіз ішкі түйсікпен бүркемелеп қалды. Қуаныш та қазбалап ештеме сұрамады. Өзіне ұнайтын шетелдік жеңіл машина ақ түсті «Мерседес» сатып алған. Енді Мөлдір мен Қуаныш таңертең тұра салып, жеңіл көліктеріне мініп, жұмысқа барып, кешкілік Қуаныш қайтадан келіншегін жолда ала келетін болып жүр. Арада жарты жыл өткенде кешкі ас үстінде Мөлдір әлдене айтқысы келіп, енесіне қарап сөз бастады.

— Апа, мен жүктімін, — деп, ұялғаннан шиедей қызарды.

— Алда күнім-ай, енді жақында немерелі болам десеңші. Бұл қандай тамаша жаңалық! — деп, Рахила орнынан ұшып тұрып, келіні Мөлдірдің маңдайынан сүйді.

— Мөлдір, сен емханаға барып тіркелдің бе? Енді денсаулығыңды сақта, — деп, Қуаныш қамқорлық танытты.

— Е, жаратқан алла, балаларымды аман-есен қыла гөр! — деген Рахиланың қуанышында шек жоқ. Осыдан былай Рахила үй шаруасын өзі атқарып, келінін қызғыштай қоритынды шығарды.

— Апа, үй шаруасын істемей, төсекте күні бойы жата берсем, артық салмақ қосам, дәрігер маған қозғалып, шамаң келгенше жұмыс істегенің дұрыс деген, — деп, Мөлдір енесінің қарсылығына қарамастан үй шаруасын дөңгелетіп әкететін. Әйткенмен, Рахила қоса жағаласып, су тасу, ағаш жару, пеш жағу сияқты өзі айтқандай «қиын жұмыстарды» енесінің өзі атқаратын. Уақыт сынаптай сырғып өтіп жатты. Бір-екі рет Дархан келіп, хал-жағдайларын біліп кеткен. Рахила баяғы әдетімен Дарханмен салқын сөйлесті.

— Бізге алаңдамаңыз, халымыз жақсы, келінім жүкті. Жақында немере сүйетін шығармын, — деп, зор мақтанышпен айтты. Дарханның көңілі жабырқап, Қуанышпен сөйлескісі келетінін айтып еді, Рахила жолатпады.

— Дархан, сіз ренжімеңіз, ұлым екіқабат келінге алаңдап, онсыз да мазасы болмай жүр. Сондықтан Қуаныштың

мазасын алудың қажеті жоқ. Жиырма жыл бойы әкесіз өскен балаға енді үйлі-баранды болған соң әкесінің керегі шамалы, соны неге түсінбейсіз?

– Рахила, сен Қуанышқа менің әкесі екенімді айттың ба? Баламыз туған әкесін білуге қажылы. Сен неге менің папасы екенімді ашық айтпайсың, Рахила?

– Сіз, Дархан, ескі жараның аузын тырнап қайтесіз?! Ұлым әкесі әлдеқашан өліп қалған деп ойлайды, енді мен оған кезінде солай алдай салып едім деп қалай айтам? Мені қиын жағдайға қалдырғыңыз келмесе, бұл туралы сөз қозғамауыңызды өтінем.

– Рахила, адам өмірге бір-ақ рет келеді. Осы қысқа ғұмырымызда екеуміз жастық шақта қателескен екенбіз, мүмкін, тағдырдың жазмышы солай болған шығар, екеуміздің тым қысқа созылған махаббатымыздың куәсі – Қуаныш. Ендеше менің ұлым неге әкесі кім екенін білмей өтуі керек. Сенің осы қылығың әділеттік пе? Ойлашы, Рахила! – Дархан Қуанышқа шындықты айтуға Рахиланы көндіре алмасын біліп, ренжіп кетті. Сол күні Рахила көпке дейін ұйқтай алмай, аһылап-уһілеп, дөңбекшіп жатты. Жүрегі қысылып, тыныштандыратын «валидол» дәрісін ішті.

«Егер мен Қуанышқа Дарханның әкесі екенін айтсам, ұлым қалай қабылдар екен. Мен туралы не ойлауы мүмкін? Әйелі, бала-шағасы бар ер-азаматпен төсектес болып, екіқабат болып қалғанымды қалай дәтім барып, шындықты айтам? Талантты ақын өзіне сырттай табынған жас қызға шарап ішкізіп, мас қылып, мастығын пайдаланып, пәктігін алды. Кейінірек жүкті екенімді біліп, жанұясын бұзбайын деп, бар қиындықты бастан өткердім» деймін бе? Қалай айтам? Ұлым түсінсе жақсы, егер түсінбесе ше? Жар дегенде жалғыз ұлымның абыройына нұқсан келтіргім келмейді, жабулы қазан жабулы күйінде қалсын. Дархан неге жиырма жыл бойы білмеген ұлын бауырына басқысы келеді, әлде жалғыз ұлы жол апатынан қайтыс болған соң Қуанышты демеу тұта ма? Әзірге ешқандай шешімге келе алмадым. Бір жағынан ұлымның қалай қарайтынын білмей жасқансам, екінші жағынан Қуаныштың туған әкесін білгені жөн бе деп ойлаймын» деп, Рахила ұзақ ойланған, бірақ екіойлы болып, ұлына шындықты айтуға жасқана берді.

Көп ұзамай келіні Мөлдірдің айы-күні жақындап, бұл мәселе кейін шегеріле берді. Мөлдірдің толғағы таңсәріде бастал-

ды. Қуаныш жеңіл машинаға отырғызып, перзентханаға апарды. Кешке жақын қуаныштан жүзі бал-бұл жайнап қуанып келді.

– Апа, сүйінші! Немерелі болдыңыз, апа!

– Сүйіншіңе қалағаныңды ал, балам! Немерем ұл ма, қыз ба, Қуантай?

– Апа, келінінің ұл туды.

– О, тәубе! Өшкенім жанды, өлгенім тірілді! Ғұмыр бойы армандаған асыл ойым жүзеге асып, бақытты әже атанатын болдым. Мен, бақыттымын, балам!

– Келіңізші, құшақтайын, бетіңізден сүйейін, осындай қуанышты күніме жетуіме тек қана сіз қамқор болдыңыз. Мен әкесіз өсем де жетімдіктің зардабын тартпадым, өйткені, сіз менің асқар тауым, шалқар көлім болып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай аман-есен өсірдіңіз. Енді, міне, мен де әке атандым! – деп, бақыттан жүзі бал-бұл жанған Қуаныш анасын құшақтап, бетінен елжірей сүйді.

– Қуанышымыз баянды болғай! – деп, тілеген ана осы бақытты сәттің барынша ұзақ болуын тіледі. Мөлдір перзетханадан шыққанда Қуаныш пен анасы шексіз бақытты еді. Іңгалап жатқан бір жапырақ құндақтаулы баланы бесікке жатқызып, кезек-кезек тербетіп, әлсін-әлсін түбегін ауыстырып, мәре-сәре болды. Сәби «інгә, інгә» деп, көзін ашып жылаған сайын, әкесі Қуаныш, шешесі Мөлдір, әжесі Рахила құстай ұшып, бесіктің жанына жетіп баратын.

– Менің дауысымды танып, жылағанын қоя қойды. Қанша айтқанмен әкесінің дауысын танып алыпты, – деп, Қуаныш мәз.

– Қас қабағы, қара көзі маған тартыпты, тіпті, оң жақ бетіндегі меңіне дейін маған тартқан, – деп, Рахила әжесі мәз.

– Кімге тартса да аман болсыншы, «тіфә, тіфә!» деп, омырауын беріп емізіп, баласын өбектеген Мөлдір анасы. Әйтеуір, осы үйге ырыс, береке, таусылмас қуаныш енгізген – жас сәби. Дегенмен осы сәби туралы талас-тартыс та туындағаны рас. Қырқынан шығарғанда көрші-қоландарды шақырып, баланың шашын алып, алғаш рет суға түсірген. Рахила мен Мөлдір екеулеп жүріп, біреуі алақанымен баланың үстіне су құйып, екіншісі баланың былқ-сылқ еткен мойнын ұстап, әупірімдеп жүріп суға түсірген. Рахила шыдамай, аналық

жүрегі елжіреп, қызылшақа немересінің бетінен сүйіп алған. Осы сәтті байқап қалған Мөлдір енесіне қатты ашуланды.

– Апа, ересек адамның аузында көп микроб болады. Неге баланы сүйдіңіз?! Ендігі рет сүюші болмаңыз, микробтарыңыз жұғады! – деп салған. Оған Рахила шамданды.

– Немене, кішкентайынан мәпелеп өсірген ұлымды жақсы көресің де, анасының микробы бар деп, мені кемсіткенің не? Ештеме жоқ, сүйсем өз немерем! – деп тепсінді. Өзіне ең жақын екі әйелдің мына дауын естіген Қуаныш анасы мен келіншегіне басу айтты.

– Мөлдір, болды жетер! Апам бір рет немересін сүйді екен деп, соншама шу шығарғаның не? Елден ұят емес пе?! – деп, әйеліне жекіп тастаған.

– Менің аузым толған микроб екен ғой, енді білдім, – деп, шешесі мұрнын тартып, көңілі босап, түпкі бөлменің есігін тарс жауып, түскі тамаққа өкпелеп келмей қойды.

– Бар, апамнан кешірім сұрап, дастарханға ертіп әкел, – деп, күйеуі Мөлдірге ақыл айтқан.

– Апатай, кешіріңіз. Дәрігер перзентханада шарананы сүюге болмайды деп, дәріс оқып еді, менен бір қателік өтті, келініңіздің бір қателігін кешіріңіз, – деп, Рахиланың бетінен сүйіп, енесінің тас боп қатып қалған жүрегін әрең жібітті. Үй ішінде қайтадан мамыражай тыныштық орнап, кішкентай сәбидің сонынан үшеуі бірдей бәйек болып жүгіріп жүрді. Бірде бес айдан соң сәби ыңылдап күлгендей болып, езу тартқан. Бұл Қуаныш пен Мөлдірге, Рахилаға үлкен бір жаңалық болды.

– Әне, күлімдеп жатыр. Маған қарап күлді, жоқ апама қарап қолын шапалақтап күлді, – деп қуаныш етісетін. Дархан сырттай немерелі болғанын елден естіп, қамығып қалды. Тәуекелге бел буып, Қуаныш пен Мөлдірге, Рахилаға барып, құттықтамақ болды. Бірақ, белгісіз бір күш артқа тартып тұрғандай тартыншақтай берді, өйткені Рахиланың Дарханды ұлына жолатқысы келмейтінін ішкі түйсігімен сезген. Әйткенмен, материалдық жағынан көмектеспек болып, Рахилаға қомақты қаржы ұсынған. Рахила бұл жолы да Дарханның қолын қайтармады, ал ұлына бұл қаржыны туған әкесі бергенін тағы жасырып қалды. Іштей Рахила шындықты айтуға бірнеше рет окталған. алайда жеме-жемге келгенде ақиқатты айтуға жасқанатын. Бұл өстіп жалғаса берер ме еді, қайтер еді, кім білсін, бәрі аяқ астынан шешімін тапты.

Сол күні таңертең Қуаныш пен Мөлдір демалыс күнін пайдаланып, дүкен аралап кеткен. Сол күйі кеш қарайғанша дүкеннен оралмады. Рахила кішкентаймен алданып, ауық-ауық жаялығын ауыстырып, емізікпен сүт бергенімен көңілі әлдеқандай алаңдап, Қуаныш пен Мөлдірдің оралмай жатқанына алаңдаған. Ана жүрегі байыз таппай, бірнеше рет ұялы телефонмен хабарласпақ болды, бірақ ұлы да, келіні де трубканы көтермеді. Неге екені белгісіз, көңілі жай таппай, қайта-қайта сағатқа қарап, күн кешкіріп қалғанын байқап, одан сайын бәйек болған. Сезімтал ана жүрегі алдамапты. Шыр ете түскен телефонды көтергенде бейтаныс әйел дауысы абыржи тіл қатты.

– Сәлеметсіз бе, бұл Рахила Рахымовнаның үйі ме?

– Ия, мен тындап тұрмын, – деген Рахила тағатсызданып.

– Сіздің Дархан ұлыңыз бен келініңіз жол апатына ұшырап, жан сақтау бөліміне түсті. Келініңіздің хал-жағдайы жақсы, ал ұлыңыздың жағдайы нашар. Іш құрылысы зақымданып, қан көп кеткен. Қазір сирек кездесетін төртінші топтағы қан керек. Баланың анасы мен әкесінің қаны сәйкес болуы мүмкін. Сіздер мүмкіндігінше тезірек ауруханаға келіңіздер, қан тобын тексереміз. Баланың әкесі бар ма еді, апай?

– Әрине, бар. Қазір мен әкесіне хабарласайын, – деп, Дарханның нөмірін тере бастаған.

– Дархан, ұлымызға сирек кездесетін төртінші топтағы қан керек, сенің қан тобың қандай?

– Менікі төртінші топ. Рахила, жылама. Ұлыма ештеме болмайды, құдай сақтасын. Мен ұлым үшін жанымды беруге даярмын, Рахила. Мен уақыт жоғалтпай бірден ауруханаға бара берейін, – деп, телефон тұтқасын қоя салып, асығыс киініп, ауруханаға таксимен жөнелген. Мұндай оқыс оқиғаны естіген Дархан қатты қапаланды. Неше түрлі ойлар қаумалап, ұлының хал үстінде жатқанын ойлағанда жанын қоярға жер таппағандай тағатсызданды. Асығыс киініп, сыртқа беттеген. Түпкі бөлмеде теледидар көріп жатқан Сәку тәпішкесін іле сала жетіп келіп, таңдана сұрады.

– Дархан, қайда асықтың? Не боп қалды, айтсаңшы, – деп артынан айқайлаған әйелі Сәкуге де жүре жауап берді.

– Менің ұлым Қуаныш жол апатына ұшырапты, ол екеуіміздің қан тобымыз өте сирек кездесетін түрі. Мен тез жет-

песем болмайды, баламның өмірі қыл үстінде, – деп, алды-артына қарамастан ата жөнелген. Әке жүрегі ендігі қалған жалғыз тұяғы Қуаныштың аман-есен жүргенін сырттай қуаныш тұтатын. Мына оқыс хабарды естіп, төбесіне жай түскендей болды. Бар арманы – бүкіл қанын беріп, өзі жазым болса да ұлын құтқару.

– Сіз Қуаныш Рахымовтың әкесі шығарсыз? – деген медбикенің сұрағына Дархан асығыс жауап қайтарды.

– Ия, әкесімін. Менің қан тобым да төртінші сирек кездесетін қан тобы.

– Дегенмен тексеріп көргеніміз жөн, өйткені, егер қандарыңыз сәйкес келсе, уақыт жоғалтпай жол апатынан қансыраған жігіт– сіздің ұлыңызға бірден қан құюды бастаймыз, – деген дәрігер бірден Дарханнан қан алып, қан тобын тексеруге кірісті.

– Сіздің қан тобыңыз бен ұлыңыздың қан тобы сәйкес келді, енді жол апатынан хал үстінде жатқан ұлыңыздың жанына, жан сақтау бөліміне жүріңіз. Біз уақыт жоғалтпас үшін ұлыңызбен қатар жатқызып, тікелей қан құямыз, – деген дәрігерлер Дарханның бас-аяғына ақ матадан киім киігізіп, естүссіз жатқан ұлы Қуаныштың қатарындағы төсекке жатқызды.

– Балапаным-ай, жалғызым-ай! Мен асарымды асадым, жасарымды жасадым. Жасаған-ай, мен өліп, сен аман қалсаң игі еді, – деп, күбірлеген Дархан ұлының қатарындағы ақ жайма жапқан төсекке жатты.

– Аға, егер көбірек қан алып қойып, басыңыз айнала бастаса айтыңыз, онда дереу тоқтатамыз, – деген.

– Жоқ, ұлым үшін жан пида. Қорықпай қанша қан керек болса, сонша алыңыздар. Менің денсаулығым әлі мықты, – деген Дархан ұлы Қуаныштың аман қалуын іштей тіледі. Қанша уақыт өткені белгісіз, Дархан қыбыр етпестен жатты, біраздан соң басы айнала бастағанын сезгенімен қан құюды тоқтатпасын деген оймен үндемей жата берді. Осы кезде жан сақтау бөліміне кірген дәрігер Дарханның түрін көріп, медбикеге нұсқау берді.

– Дереу қан құюды тоқтатыңыз, әкесінің жай-күйін байқамайсыз ба? Мына кісінің жүзі қуқыл тартып, көзі жұмылып кетіпті. Шектен тыс қан алмауымыз керек. Бір адамды құтқарамыз деп, екінші адамнан айырылып қалуымыз әбден мүмкін, – деген.

— Дәрігер, қан алуды жалғастыра беріңіз, менің халым жақсы, — деп, көзін ашқан Дархан дәрігерді айтқанына көндірді.

— Жарайды, жалғастыра беріңіз, — деп, дәрігер басқа шаурамен дәлізге шығып кеткен. Осы шақта көп қан алынғандықтан Дархан есінен танып қалып еді. Қуаныштың есін жиғанын, өзінің есін білмей қалғанын кейін естіді. Көзін ашқанда төсектің жанында өзіне төніп тұрған дәрігерді көрді.

— Ұлымның халы жақсы ма? Қуаныш есін жиды ма? — деген бірінші сұрағы болатын.

— Қуаныш жол апатынан көп қан жоғалтқан жігіттің қазіргі жағдайы тұрақты жақсы, қам жеменіз. Төсектен басыңызды көтеріп, тұруға тырыспаңыз. Сіз енді әл жинап, ертеңге дейін аурухана төсегінде жата тұруыңызға тура келеді. Ол жігіт жалғыз ұлыңыз ба еді? — деп, дәрігер қарсы сұрақ қойған.

— Ие, бауырынан айырылып қалдық. Ендігі үмітім — тек жалғыз Қуанышым! — деген Дархан.

— Онда әкесінің қаны оған екінші өмір сыйлады. Сүйінші! Қуанышты хабарды сізге жеткізейін. Ол жігіт көзін ашып, жағдайы жақсарды. Сіз ол жігіттің әкесі екенсіз ғой, бәсе, — деп, дәрігер Дарханға бастан аяқ бажайлап қарады. Сонан соң сөзін жалғастырды. —Тек әкесі ғана баласы үшін бар қанын беруге даяр.

— Ия, Қуаныш, менің жалғыз ұлым! —Дархан бұл сөзді мақтанышпен айтты. Осы кезде палатаға Сәку мен Рахила енген. Рахиланың көзін жас жуып, Дарханның қолын қысты. —Кешір, Дархан. Сенің арқанда ұлым аман қалды, мен әкесі мен баласының қосылуына бекер кедергі болыппын. Міне, тағдырдың жазмышымен сен ұлынды ажалдан құтқарып қалдың. Мен сенің алдында кінәлімін, Дархан! Кешіре алсан, кешір, — деп, кемсендеп жылады.

— Рахила, мен сені түсінемін. Кешірім сұраудың қажеті жоқ, ұлымды құтқару —менің әкелік парызым! —деген Дархан Рахиланың қолынан сүйді.

— Осындай қысылтаяң шақта бір-біріңе деген өкпе-ренішті ұмытып, Қуаныштың жайын ойлаңдар. Біреуің Қуаныштың әкесі, біреуің шешесі болып, қамқор болыңдар, — деген Сәку Рахилаға қосыла жылады.

— Сәку,Рахила, осынау өмір мен өлім күрескен сын шақта баяғыда мектепте оқыған Крыловтың «Лебедь, щука, рак»

сияқты үш жаққа тартпай, ауызбірлікте болайық. Ұлыма камкор болындар, менің халым жақсы, – деген Дархан көңілді жауап берді.

– Ұлың тірі қалып, сен сол күйі өліп қалсаң, ұлын мені өмір бойы кешірмес еді, мен қателесіппін. Қуаныштан айырылып қалам ба деп, туған әкесімен таныстыруды жөн көрмедім. Мүмкін, алла мені жазалап, ұлым мен келінім жол апатына ұшыраған болар. Мен күнаһар пендемін.

– Рахила, жетер! Өзінді өзің кіналауды доғар! Болған жайтқа негізінде мен өзім кінәлімін. Бір күн ойнап-күліп, кейіннен түк болмағандай ұмытып кеткенім – менің күнәм! Сондықтан өзінді жазғырудың қажеті жоқ. Қуанышты сенен тартып алатындай ол кәметке толмаған жас бала емес, үлкен үйлі-баранды, балалы-шағалы жігіт.

– Рахила, Дархан екеуің бір-біріңмен сөз таластырғанша ұлымыздың аман-есен калуын құдайдан тілейік. Бәсе, Қуанышты бір көргенде-ақ жүрегім дір ете қалған. Ішкі түйсігім алдамапты, ол менің марқұм ұлымнан айнымай қалған тірі портреті! Құдайым-ай! Ең құрмаса ұлымның туған ағасын аман сактай гөр! – деп жалбарынды. Сәкудің Дархан мен Рахиланың бей-берекетсіз дау-дамайына нүкте қойып, Қуаныштың жайын ойлап, аналық ақ тілек тілеуі – Рахиланы еріксіз толғандырды.

– Ия, Сәку, ең бастысы – біздің бағымызға орай ұлымыз аман болсын. Енді Қуаныш үшеуіміздің де баламыз. Ауруханадан аман-есен шыққан соң екеуінді шақырып, ұлынмен табыстырамын.

– Мен соншалық ұзақ уақыт осы бакытты сәтті зарыға күткенмін. Бірақ, енді бірнеше күн күту – мен үшін бірнеше жылға пара-пар. Егер мүмкіндік болса, ертерек шындықты айтуға болмай ма, Рахила? Алайда, сенікі жөн. Ұлым өзіне өзі келсін. Мен Қуаныштың біржола айығуын күтуге даярмын, – деген Дархан әкеге тән байсалдылық танытты. Көп ұзамай Қуаныш аман-есен жазылып шықты. Рахила мен Мөлдірдің қуанышында шек жоқ. Қуаныштың аяғына гипс салып, балдақпен сүйеніп шықты. Рахила мен Мөлдір Қуаныштың асты-үстіне түсіп әлек. Мны шайқалғандықтан бір айдай тыныш жату қажеттігі туындаған.

– Апа, менің денсаулығым жақсы, мен үшін бекерге әуре болмаңдар. – дегеніне қарамастан, анасы тан атпай ыстық

шай алып келсе, келіні Мөлдір азанда-ақ ыстық тамақ жасап, күйеуінің аузына тосатын. Келе-келе балдақты тастап, Қуаныш бұрынғы қалпына келіп, денсаулығы жақсара бастаған. Осы кезде анасы Рахила әкесі жайлы шындықты айтуға бекінген.

— Ұлым, сен жол апатына түсіп, қансырап жатқанда, өте сирек кездесетін төртінші топтағы қан керек болды. Сол кезде сенің туған әкең көмекке келіп, сен ес-түсінді білмей жатқанда жан сақтау бөлімінде жатып, бірден қан сәйкестігін тексеріп болысымен тікелей қан құйды, — деп, сөзін бастағаны сол, Қуаныш таңданысын жасыра алмады.

— Апа, сен әкең баяғыда қайтыс болды деп едің ғой, менің әкем тірі ме еді, онда менен неге жасырдыңыз?! — деп, аң-таң болып, анасынан жауап күткен.

— Ие, балам, әкең тірі. Мен о баста әкең жайлы айтқым келмеген, оның өзіндік себептері болды. Мен студенттік кезімде тым жас едім, сол шақта жастықтың әсерімен аяғымды шалыс басып, жүкті болып қалдым. Ол кісінің бала-шағасы бар екенін кейін білдім, алданғанымды білген соң мен оны «өлдіге» санағаным рас. Осы қалаға көшіп келген соң, ол кісінің жар дегенде жалғыз ұлы қайтыс болып, қайғылы жайтқа душар болғанын естідім. Мен сені кәмет жасына дейін әкеңнің орнын жоқтатпай, өмірдің ыстық, суығына шыдап, жалғыз өзім бағып-қағып тәрбиелеп өсірген баламды, жол апатынан баласын жоғалтып отырған Дархан сияқты ер-азаматтың баласы екенінді айтқым келмеген. Сен ол кісіні танысың, — деп, ауыр күрсінген.

— Демек, Дархан Дайрабаев ақынның менің әкем екені рас екен ғой, ие, апа?! Мен ол кісіге сенбеп едім, ал ол кісі қиналғанда қолұшын беріп, мені ажалдан алып қалған әкем екен ғой, бәсе донор қалай оңай табылған деп ойлап едім. Әрі ол кісі көп қан беріп, есінен танып құлап қалғанын естіп, өз өмірін тәуекелге тіккен кім екен деп, өзіңнен сұрамақ едім. Енді ғана шындыққа көз жеткіздім, апатай.

— Балам, ертерек шындықты жайып салмады деп, маған ренжитін шығарсың. Мен сені аналық сезіммен қызғанғаным рас, ол үшін кешір, балам.

— Анашым, кешірім сұраудың қажеті жоқ. Ерте ме, кеш пе, әкемнің кім екенін білгеніме қуанамын. Егер Дархан менің туған әкем болса, жақынырақ танысып-біліскім келеді, анашым.

– Әрине, ол ойың құптарлық. Әкең мен әйелі Сәкуге сенің сырқатыңнан құлан-таза жазылғанын жайлы хабарлап айтайын. Кешке үйге келсін, асықпай әкеңмен сөйлесесің, – деген Рахила Дарханға қоңырау шалды.

– Дархан, балаңа шындықты айттым. Кешке Сәку екеуің үйге қонаққа келіндер.

– Рахила, рахмет. Бүгін өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей күйдемін. Кешке Сәку екеуіміз келеміз, – деп, көздерінен ұшқын атып күлімдеп, қуанышын жасыра алмаған. Сәку екеуінің жалғыз ұлы жол апатынан қайтыс болғалы жадырап күлгені, емен-жарқын сөйлескені бүгін ғана болатын. Қамкөңіл әке Қуаныштай зінгіттей жігіт болған ұлымен табысып, жүрек түкпірінде өлеусіреп сөне бастаған үміт шырағы қайта жанған. Барша саналы өмірінің жалғасы болған жалғыз ұлы өлген, келешектен күдер үзгендей болған әке Қуаныштай ұлын тапқалы, күн жарқырап шыққандай, айнала дүние бөз-баяғы сұлулығымен тамсандырғандай тамаша көңіл-күйге бөленген. Мәді қайтыс болғанда басына қайғының кара бұлты төніп, бүкіл дүние Дархан әкесі мен Сәку анасымен қоса күніреніп, азалап тұрғандай көрінетін. Енді ғана қайғы азабымен шөге бастаған еңсесі көтеріліп, көз жасымен тұманданған көздері шырақтай жанып, дүниеге қайта туғандай, өмірге өзгеше құштарлықпен қарады. Тегі, адам баласын қуанышымен жасартатын да, қайғысымен қамықтырып қартайтатын да – көңіл-күй. Дархан соңғы күндері бейжай болып, ұнжырғасы түсіп, ауру иектеп алған өн-бойына өзгеше қуат дарып, өзін бұрынғыдан әлдеқайда сергек сезінді. Сәку екеуі бұрынғы қалыптарына әзілдеп күлді, жаркылдап жүрді.

– Қуаныштың әкесі кешке мына көйлегімді киіп барсам қайтеді? – деп, күйеуіне судыраған қымбат жібектен көкала көйлегін киіп көрсетті.

– Сәку, сен не кисең де жарасады, сұлуым менің! Көк көйлекпен көктемнің гүліндей құлпырып кеттің, жаным!

– Дархан, сен бүгін баяғы жас күніндегідей маған «комплимент» айттың, көптен бері ашық-жарқын күлгеніңді көріп отырғаным осы, – деп, Сәку де күйеуіне еркелеп, наздана жымыды. Ерлі-зайыпты екеуі қолұстасып, жеңіл машинаға отырып, Қуаныш ұлының үйіне беттеген. Дарханның жүрегі дүрсілдеп, сезімтал ақын көңілі алып-ұшып, өз қанын беріп, ажалдан арашалап қалған ұлын көруге асығып келе жатыр еді.

Сол күні кешкілік Қуаныш әкесі Дарханмен төс қағыстырып, құшақтасып амандасты. Сәку қайтыс болған ұлын еске түсіріп, біраз жылап алды.

– Әттең, марқұм ұлым Мәди тірі болғанда екеуің бір-біріңнен аумай қалғансыңдар. Ағасын көріп қуанатын еді. Сенің оң жақ бетіндегі қалыңа дейін Дархан әкеңе тартқан, Мәдидің де оң жақ бетінде қалы бар болатын, – деп, Қуанышты құшақтап, бетінен сүйіп, ұзақ уақыт құшағын ажыратқысы келмеді.

– Жә, ұлымызды көп әурелеме, мен де құшақтайын, – деп, Дархан ұлын қайта бауырына басты.

– Бүгін әке мен баланың табысқан күні. Ақ түйенің қарны жарылған күн. Мұндай қуанышты жайтты орталықтағы мейрамханада атап өтсек кәйтеді, – деп, Сәку ұсыныс жасаған.

– Мейрамханаға кейінірек бара жатармыз. Әзірге ұлыма тыныштық керек, қайта оңаша үйде отырып әңгімелескеніміз жақсы, – деген Дархан ұлының денсаулығына алаңдаушылығын білдірген.

– Әзірге халым жақсы, дегенмен дәрігерлер қатты қобалжымай, тыныштық сақтағаныңыз жөн деген. Сондықтан кейінірек отбасымызбен бірге мейрамханаға бара жатармыз. Әкем, дұрыс айтады, – деген.

– Ұлым, сен мені «әке» дедің бе?! Бұл сөзді қаншама жыл зарыға күттім, мен бүгін шексіз бақыттымын, балам!

– Әрине, сіз маған әке болуға лайық жансыз. Мен өмір мен өлімнің арасында қиналып жатқанда денсаулығыңызға қарамай, шамадан тыс көп қан беріп, естен танып қалғаныңызды естіп, сіздің денсаулығыңызға қатты алаңдап едім.

– Менің жаным сенің жолыңда садаға, балам! Ең бастысы, менің өмірімнің жалғасы – өзің аман болшы, ұлым! – деп, көзіне жас алған Дархан ақындық сезімталдықпен көңілі босап, құшағын айқара жайып, өлімнен аман қалған ұлын аса бір әкелік мейіріммен бауырына қысып құшақтады.

– Әке, мына жаман немерелеріңізді бағатын сіз де аман болыңыз! – деп, Қуаныш та әкесін қапсыра құшақтады. Бір-бірінен құшақтары ажырамаған әке мен баланы көріп, екі әйел – Рахила мен Сәку де көздеріне жас алды. Дәл осы сәтте ұзақ жылдардан соң табысқан әке мен бала бір бірі үшін жандарын пидә етуге даяр еді...

«ЕШТЕН – КЕШ ЖАҚСЫ»

(әңгіме)

Сәлімхан күн сайын түсінде ылғи туған жері – Қазақ елінде жүретін. Сәйгүлік жорға жүйрік аты Ақтөбелге мініп, желмен жарысып, кең байтақ Сарыарқада шауып келе жатады. Кейде Фатима екеуі екі салт атпен көл жағалай жарысып келе жатқандары есіне түсіп, түсінде тағы дәп өңіндегідей салт атпен қатарласа үзеңгі қағыстырып шапқылайды, қолын созып, Фатиманың ақ білегінен қысып, өзіне тартып, жанаса беріп, аттан құлап бара жатып, шошып оянады. Сөйтсе, бастығырылып ұйықтап, қара терге түсіп жатыр. Бұл тек қана түсі екені есіне түсіп, көңілі жабырқап қалады. Баяғы Шәуешекте, Қытай жерінде екені есіне түсіп, жаңағы тәтті түсі жай ғана жан-тәнімен аңсаған қиялы екенін түсініп, іші күйеді, сол Фатима екеуі қатар жүрген бақытты шақтарын көріп, ұйқтап жата бергісі келетін, мына туған жерден жырақ жүрген шынайы өмірді көргісі келмейтін шақтары бар.

– Әттең, туған жерім, самал желім, салқын белім, жап-жасыл жайлаудағы сая бағым, қайдасын, көзден бұл-бұл ұштың-ау, туған жерім! – деп қамығып, іштей аһ ұрады. Күнде таңертең ұйқыдан тұра сала артта қалған туған жерін ойлап, сарыуайымға салынады. Қазіргі уақытта жер-дүние сарғайып, ағаштардың сап-сары алтын тиындай жапырақтары дөңгелене жарысып жерге түсіп, жер дүниеге сары кілем төсеп қойғандай алтын күз. Міне, көк аспанда бір топ тырналар қиқулай ұшып, жылы жаққа бет алып, үшбұрыштана ұшып барады. Олар бейне бір Сәлімханның жүрек түкпірінде туған еліне деп, сарғайып сартап болған сағынышын қоса алып бара жатқандай, тыраулап қанат қағады.

— Мына аспанда қалықтап ұшқан тырнарлар қандай бақытты! Менің туған жерім — қазақ еліне қарай ұшып барады. Туған жерімнің айдын көлдерінен су ішіп, асқар тауларынан аса самғап ұшып, қалаған жерлеріне барады. Өтген, шіркін, құс секілді қанатым болса, мен де жат жерде бір сәт бөгелмей, туған жеріме құстай ұшып барар едім, бал бұлағыңнан мейірім қанғанша тұп-тұнық суын ішіп, көкмайса жапқан көкарай шалғынды туған жерімде жас баладай аунап-қунап, жата қалып, қасиетті топырағыңнан сүйер едім. Сөйтіп, ақ басты тауларыңа, айдын шалқар көлдеріңе, жалпы туған жеріме қуаныштан жар салып, айғайлар едім.

— Міне, мен айдын шалқар мұхиттың бір тамшысындай болып, кең байтақ елімнің кіп-кішкентай перзенті келіп тұрмын, қабыл ал баланды, туған жер, өскен елім! — деп, жаһан дүниені жаңғыртып, айқай салып, басым жерге жеткенше иіліп, тағзым етер едім-ау, туған жердің топырағынан сүйер едім-ау, — деп қиялға беріледі.

Бай тұқымы деп, қыр соңынан қалмай, басқан ізін аңдып, Кеңес үкіметінің қуғын-сүргінінен мезі болып, ата-анасымен бірге Қытай асқан Сәлімхан жат жерге бауыр басып кете алмай жүр. Ұясынан байқамай ауып қалған балапандар қалай шикылдап, кішкентай қанаттарын сабалап, жанұшырушы еді, міне, Сәлімхан дәл сол адасқан балапандай жат жерде туған ұясы — туған жерін аңсап, әр күні сарыуайымға салынып, сағынышпен күн өткізуде. Кәрі әке, шешесіне туған жерге деген сарыуайым сағынышын білдіргісі келмей, ашық-жарқын болып көрінгісі келгенмен, жүрегіндегі сартап болған сағыныш шер-шемен болып, жүрегіннің терең түкпірінде қатып қалған қатқан мұздай. Туған жерінде қалған Сәлімханның құрдастарын бірінен кейін бірін қойша көгендеп, қолдарына кісен салып түрмеге жапты, солардың көбіне жалған жала жабылып, байдың балалары «халық жауы» болып, жазықсыздан жазықсыз атылып кеткендері қаншама.

Сәлімханның әке-шешесі Садырбай мен Күлімхан бүкіл жиған-терген мал-мүліктерін өз еріктерімен Кеңес үкіметіне өткізгенмен «шынжыр балақ бай тұқымы» деп, көздеріне шұқып, өгей баладай шеттетті. Онысымен қоймай 1937 жылдары бай тұқымдары деп, жала жауып, шетінен ұстап, «халық жауы» атап, түрмеге қойша тоғытты. Мынадай зұлымдықты

көрген әке-шешесі күн сайын жалғыз ұлдарын түрмеге тығып, «халық жауы» деп, атып тастай ма деп, әр таңды үреймен қарсы алатын. Ақыры, жалғыз ұлдары Сәлімханның амандығын ойлаған кәрі әке-шешесі «малым-жанымның садағасы, арым-жанымның садағасы» деп, каранғы түн жамылып, Қытай жеріне бір-ақ күнде үдере көшті. Содан бері жарты жыл уақыт болды, Сәлімхан да басқа байлардың балаларымен қатар жат жерде. Кейде Сәлімхан ойлайды, «Құс екең құс та туған жеріне оралады, мен сол құс құрлы бола алмадым. Онда несіне адам болып, жер басып жүрмін?» – деп жаситын кездері бар. Басқалары жат жерге көндігіп кеткендей ашық-жарқын күліп ойнап жүрсе, Сәлімхан Қытай жеріне бауыр басып кете алмады. Түнде түсінде көретіні – туған жер, күндіз өңінде ойынан кетпейтін – тағы туған жері, байтақ елі. Әке-шешесі Садырбай мен Күлімхан – аман-есен жат жерге жеткендеріне мәз, жар дегенде жалғыз баласын құтқарып қалғандарына шүкірлік қылатын тәубешіл жандар. Ал, жалғыз ұлдарының күндіз-түні көзі бозарып, туған жерді сағынатын сарыуайымынан бейхабар. Күн артынан күн өтіп, Сәлімханның жан жарасы бітеу жара болып, қотырлана жазылғандай күй кешті. Бір жыл өткен соң ғана балалық шағы өткен туған жерге қайта қайырылмасын біліп, енді ғана жүрегін тырналаған өкініш басылғандай, жан жағына қарап, алды-артын ойлай бастаған. Хор қызындай ару бейнесі көз алдынан кетпейтін Фатиманың бейнесі де санасында сарғайып, күн өткен сайын бұлыңғыр тартып, басқа қыздарға көз сала бастаған. Сонау алыста қалған Фатиманың тек қана өзін күтіп жүргенін іші сезетін, өйткені, ылғи түсінде Фатима ақбоз атқа мініп шауып келіп, Сәлімханға қолын созып қиылып қарап тұрғанда, ғайыптан қара құйын соғып, Фатима көзден ғайып болатын. Кейде Сәлімхан Фатиманы іздеп жүріп, түсінде «Фатимааа!» деп жанұшырып айқайлап жатып, қара терге түсіп, шошып ояматын. Мұның бәрі өңі емес түсі екенін біліп, Фатимадан мәңгілікке айырылғанын жан-тәнімен шошына сезіп, одан сайын налитын. Фатима ақылына көркі сай сымбатты сұлу қыз болатын, талдырмаш бойлы, қыпша белді, қыр мұрынына гүл еріні жарасқан, қиылған қасты, ұзын кірпікті, бота көзі жәудіреген, ат жақты қараторы жүзіне қара бұйра шашы өзгеше рең беріп, екі бұрым

кылып өрген қолан шашы тілерсегіне түсетін. Ауылдағы ай дидарлы ең сұлу қыз Сәлімханды құлай сүйетін.

Уақыт – емші, бірте-бірте жан жүрегінің жарасын емдеп, арада бір-екі жыл өткен соң өткен шақты сағына еске алғанымен ол уақыттың дәл бұрынғыдай қайтып келмесін мойындады. «Мүмкін, тағдыр Фатима екеумізді бір кездері қайта тоғыстырар» деген әлсіз үміт қана болымсыз жылтырап жанған шырағдандай Сәлімханның жүрегін жылытатын. Туған жері жақтан жел соқса, туған жерде өсетін жусан мен жалбыз исі мұрнына келгендей, кеудесін кере демалып, алыстағы туған жерін аңсап, көкірегі қарс айырылардай қамығатын. Аспандағы ақша бұлттарға қызыға қарайтын. «Шіркін мына аспандағы ақша бұлттар менің туған жерімнің үстінен де қалқып ұшқан болар, мына жарқыраған алланың жаратқан күні менің туған жеріме нұр сәулесін төгіп, жайбаракат көк аспанда қалықтап жүр. Ал, мына құйтақандай балаң жат жерде қамығып, туған жеріне жете алмай шерменде» деп ойлайтын. Біздің дана халқымыз, уақыт – емші деп, тегін айтпаса керек. Арада екі жыл өткен соң, өзі сияқты жер ауып келген, үріп ауызға салғандай әдемі бойжеткен қыз, жиырма жастағы Санияны ұнатып қалғанын сезді. Әке-шешесіне Санияға үйленгісі келетінін айтқанда олардың қуанышында шек болмады.

– Өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей болды, ұлым! Санияның үйіне шешен екеуміз құда түсіп барып, ұлан-асыр той жасаймыз, – деген әкесі Садырбай мен Күлімхан Санияның әке-шешесіне құда түсіп барып, қолдан келгенше қомақты қоржын апарып, бүкіл салт-сана, жөн-жоралғысымен ауыл арасында есте қаларлықтай той жасап, екеуіне неке суын ішкізіп, барша сән-салтанатымен екі жасты қосты.

Уақыт – жүрдек, содан бері ширек ғасырға жуық уақыт өтті. Санияның әке-шешесі де бай адамдар болғандықтан, Итжеккенге айдалудан қорқып, олар да шүршіттің еліне үдере көшкен екен. Сания тәрбиелі, текті жердің қызы болғандықтан Сәлімханға жақсы жар, әке-шешесіне ибалы келін болды. Бұл күндері Сәлімхан мен Сания – үш ұл, төрт қыздың ардақты ата-анасы. Төрт құбыласы түгел адам жоқ демекші, сырттай бақытты отбасы болып көрінгенмен, Сәлімханның жүрек түкпіріндегі сүйген қызы, Кеңес үкіметінде қалған Фатиманың жарқын бейнесі таза саф алтынның уақыт өткен

сайын жарқырай түскеніндей, сүйген қызының ай дидары да күн өткен сайын ұмытылудың орнына жүрегіне өшпес жара салғандай, сыздата түсетін. Алғаш рет Кеңес үкіметінің шекарасы ашылғанда қатты қуанған адамның бірі – Сәлімхан. Ол қажетті құжаттарын рәсімдеп, туған жерге құстай ұшып келіп, Фатиманы іздестірді. Ол бір кездегі сүйген қызын көрші ауылдан тапты.

– Фатима, мен сені іздеп келдім, мені таныдың ба, жаным?! – деп, бұл күнде бетін әжім басқан, «сырлыаяқтың сыры кетсе де сыны кетпеген», ақ жаулық тартып, ұзын етекті гүлді көйлегінің үстінен қызыл қыжымнан оюлы қамзол киген ажарлы кемпірді бас салып құшақтаған.

– Сәлімхан, сенбісің, жарығым! Сені қайта көретін күн туды ма?! – деп кемсеңдеген Фатима дауыс салып, жылап көрісті. Амандық-саулықты сұрастырғанда Фатиманың сол күйі тұрмысқа шықпай, Сәлімханды өмір бойы күтіп, қалып қойғанын біліп, өзегін өкініш өртегендей болды.

– Екеуміздің ешқандай жазығымыз жоқ, Фатима. Бәріне қатал заман кінәлі. Кеңес үкіметінің қаһарынан шошып, әкешешем жалғыз ұлдары, менің тілеуімді тілеп, Шәуешекте жан сақтады. Қазір менің отбасымда үш ұл, төрт қызым бар. Қазір Кеңес үкіметінің шекарасы ашылып, кеңшілік заман туды. Ендігі мақсатым – бала-шағаммен бірге туған жерге оралу. Менің жеті баламның ең кенжесі Күнікейді бауырына бас, Фатима. Сен менің о баста сүйген жарымсың. Екеумізді тағдыр қартайғанда бір-ақ табыстырды, алайда «ештен кеш жақсы». Осы ауылға көшіп келемін, – деген Сәлімхан арада жарты жыл өткенде уәдесінде тұрып, Қытай елінен туған жері Қазақ еліне қоныс аударып көшіп келді. Ауыл арасында тұратын ағайын-туыстар бір-бірімен табысып, мәре-сәре. Әсіресе, Фатиманың қуанышында шек жоқ. Бауырына бір кездегі сүйген жігіті Сәлімханның кенже қызын бауырына басып, тас емшегі жібіп, тар құрсағы кеңігендей күй кешкен. Сәлімханның заңды әйелі Сания тектілігіне басып, жасы үлкен Фатиманың алдынан кесе-көлденең өтпейді. Көп ұзамай алла жарылқап, бұл күндері елуге аяқ басқан Фатиманың жүкті екенін біліп, Сәлімхан жүрегі жарылардай қуанды. Арада тоғыз ай өткенде шекесі торсықтай ұл бала дүниеге келді. Сәлімхан мен Фатима бұл ұлдарының атын Күнтуған деп қойды, өйткені

талай жыл зарыққан жандардың арман-тілегі іске асып, балалы болғандарын қуаныш еткен. Енді Сәлімхан екі үйдің ортасында жүретін. Біреулер «Сәлімхан екі қатын алды» деп, домалақ арыз жазып, үкімет адамдары Фатиманың құжаттары бойынша жалғыз басты ана екенін тексеріп біліп, ешқандай кінарат таба алмай, көре алмағандардың ауыздарына құм құйылған. Сания жасының кішілігіне басып, жасы үлкен Фатимаға бәйбішені сыйлағандай құрақ ұшатын. Жаңа туған жас нәрестені де қарайтын – Сания. Сәлімхан ынтымағы жарасқан қос үйдің де бірлік-берекесін арттырып, Фатимаға Күнікейді теліп, кішкентай Күнтуғанды Санияға бақтырып қойған. Бірде Сәлімхан тәй-тәй басқан Күнтуғанын еміреніп сүйіп тұрып, Фатимаға асқан ризашылығын білдіріп, мейірлене тіл қатты.

– Сені қаншама жылдан соң іздеп тауып, екеуміз бала сүйеміз деген ой үш ұйқтасам түсіме кірмеген жайт, бәйбіше. Айтшы, бұл өңім бе, түсім бе, Фатима!?

– Ия, отағасы. Бәрі де сенің арқанда, жан жарым! Ештен кеш жақсы, жаным!

ҚАЙРАН, КҮЙ!

(әңгіме)

Жарылқасын шағын ғана ауылда туып-өскен талантты жігіт. Кішкентайынан атасынан домбыра тартуды үйреніп, өз бетімен Құрманғазының, Динаның, Тәттімбеттің күйлерін бабына келтіріп, сан құбылта тартатын. Ержете келе күй шығарумен, өлең жазумен әуестенді. Жарылқасынның жазған өлеңдері мен әндері, күйлері аудандық, облыстық, тіпті республикалық баспасөз беттерінде жарияланып, мектепте бірге оқитын жолдастары, әке-шешесі, ауылдастары Жарылқасынның болашағынан зор үміт күтетін. Өлеңдері өмірден көрген-білген жайлары туралы ой толғаса, күйлері көкірегіндегі жастық шактың жалынды отындай шалкитын, кейде жүрегінің терең түкпіріндегі көмулі терең сырдан суыртпақтап сыр шерткендей үнсіз булығатын, енді бірде кең байтақ, ұшы-қиырсыз ең жайлауда еркін шапқан сәйгүлік аттай, жапан даланы дүр сілкіндіріп, сан құбылған сиқырлы күй тылсым сырсандықтың сырын ашқандай, қай адамды болсын бейжай қалдырмайтын, терең ой-толғамымен баурап, шексіз құдіретті сыршыл әуенімен таңғалдырып тамсандыратын. Жаңа шығарма жазарда жалғыз өзі жеке қалып, оңашалықты қалайтын. Ішкі жан-дүниесінің тебірене толғануы, тоғыз ай толғатқан анадай, толғағы піскен кезде асқақ күй болып, өмірге іңгалап келген перзенттей күй болып оралатын. Әрі ақын, әрі сазгер Жарылқасын Амандықұлы туған ауылында, туған жерінде, елінде болып жатқан жақсылыққа сүйсінетін, жамандыққа күйінетін. Әсіресе, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы ақын жанды, сезімтал жүректі сазгердің жан-дүниесінің астаң-кестеңін шығарды. Жазықсыз құрбан болып, қойдай көгенделген қазақтың қаракөз ұлдары мен қыздарының түрмеге тоғытылып жатқанын радиодан, теледидар-

дан көргенде жанын қоярға жер таппады. Өйткені, ақынның нәзік жаны қатал өмірдің қатігездігіне төзбей жараланып, құрығы ұзын Кеңес үкіметінің жазықсыз жандарды азаптап, қазақтың Қайрат Рысқұлбеков сияқты, жайнап өсіп келе жатқан ұл-қыздарының жаны қыршындай қиылып жатқанын көргенде үйге сыймады. Таңғы асын ішкеннен кейін ауыл маңындағы тау-тасты кезіп, ойға шомды. «Әттең-ай, мына жас қыздар мен жігіттердің жас өмірін қор қылып, тар қапасақа қамалып, жазықсыз жапа шеккені-ай!» деп, аһ ұрды, жаны байыз таппай, өкініш пен мұңға толы жыр шумақтары көңіліне оралды. Таңғы самал желмен ағаштардың жапырағының сылдыры, ауыл маңындағы өзеннің сылдырап аққаны, таң бозынан торғайлардың шырыл қаққаны – осының бәрі талантты сазгер, әрі ақын Жарылқасынға алыстан жігіттер мен қыздардың өксіп жылаған үнін естігендей болып, көкірегіне күмбірлеп күй болып оралды. Мына күйді домбырада тезірек ойнағысы келіп, түпкі бөлмедегі оңаша үйде домбыраның шанағын салалы саусақтарымен күмбірлете шертіп, кеудесін кернеген мұнды күйді домбырада ойнады. Домбыра біресе жазықсыз жандарды ойлап, өксіп жылады, біресе түбі әділеттік орнайтынына сенгендей қуаныштан сақылдап күлді, әйтеуір бебеу қағып жанұшырды, Жарылқасынның саусағының шебер қағуы домбыраның шанағынан небір сиқырлы әуенді сан құбылта шығарып, біресе жан-дүниенді бебеулеп күйзелтсе, енді бірде үміт отын жағып, өрге шапқан арғымақтай адуындады, енді бірде құрдымға батып жанталасқандай күй кешсе, тағы бірде әуелеп көкке самғап, еркін көсілгендей керемет әсерге бөледі, әйтеуір тындаған жанды бейжай қалдырмайтын, ерекше әсем сазды күмбірлеген күй туындады. Күйеуінің шабыттана күй тартып жатқанын естіген Күмісай күй әуеніне елтіп, сілтідей тына қалды, ие, бұрын-соңды естімеген жаңа күй, тың әуен.

– Жарылқасын, мынау жаңа күй ме? Бұрын естімеппін, қандай сыршыл күй! Басынан бастап тыңдайыншы, қайта ойнашы, жаным, – деп өтінген жан жары Күмісайдың өтінішін естіп, Жарылқасын жаңа шығармасын шабыттана орындады. Күйді үнсіз тындап, көзіне жас алған жан жары Күмісай толқи тіл қатты.

– Қандай керемет күй! Бүгін ғана естіп тұрмын, тәрізі желтоқсан оқиғасына арнаған күйің болар, кеше болған жайды естіп, қатты тебіреніп едің, жарығым!

– Ия, Күмісай, кешелі-бүгін қатты тебірендім, алаңға қанға бөгіп жатқан қыз, жігіттерді көріп, жан-дүнием шиыршық атып, толғақ қысқан анадай тебіреніп, түнімен тыныш ұйқтай алмадым, ақыры осы мұнды күй туды.

– Күйді қалай атадың, желтоқсанға байланысты шығарған соң күйдің атауы сол мағынада болар?

– Әрине, Күмісайжан! Күйді «Қайран, заман!» деп атадым.

– О, қандай керемет! Сен менің данышпан күйеуімсің, – деп, еркелеген Күмісай Жарылқасынның мойнынан құшақтап, қара бұйра шашынан сипалап, сөзін жалғастырды, – Айтпақшы, бүгін ауылға Сейтен Тастанбеков күйші інің концерт қоюға келіпті. Мен кешке келіп қала ма деп, қазанға ет салып қойдым, кешке концертіне барамыз, мынау шақыру билеті, көрші баладан беріп жіберіпті, – деді.

– Онда мен кешке жаңа шығарған күйімді Сейтен ініме орындап берейін, ол консерваторияны бітірген, мен сияқты ауылдың әуесқой сазгері емес, нота біледі ғой, қандай пікір айтады екен, – деп, Жарылқасын мен Күмісай біркиер киімдерін киіп, жуынып-таранып концерт қойылатын ескі клубқа беттеді. Концерт біткен соң, Жарылқасын ежелгі қонақжай әдетімен үйіне қонаққа шақырды.

– Сейтенжан, бүгін біздің үйге қонақ бол, жақында желтоқсанда құрбан болған жастарға арнап, жаңа күй шығарып едім, тыңдап көр, пікіріңді айт, сен біз сияқты емессің, музыкадан сауаттысың, біз ауылда жүріп күй шығарғанмен нотасын жазуды білмейміз, – деген. Концерт біткен соң Сейтен Жарылқасынның үйіне келіп, қонақ болып жайланып, жаңа сойылған жас бағланның етін жеп, сорпасын ішіп, ашыған қымызды тостағанымен төңкеріп, ашқарақтана ішіп, дастархан жиыла бергенде үй иесі Жарылқасынның жаңа күйін естіп, Сейтен таң-тамаша болды.

– Ойпырмай, аға, сіз туа біткен талантсыз! Мына күйіңіз маған керемет ұнады, қане, қайта тартыңызшы, мен сізден үйреніп тартып көрейін, – деп, домбырасын қолға алып, Жарылқасынмен қосыла орындады. Сөйтіп, қаладан келген Сейтен таң азанға дейін жаңа күйді Жарылқасыннан әбден үйреніп алды.

– Сейтеш, саған менің күйім ұнап қалғанын көріп тұрмын, сен енді бұл күйдің нотасын жаса, мен домбырада тартқаным

болмаса, нота жағын білмеймін, әйтеуір, өзің білесің, бар болғаны әуесқой сазгермін.

– Әрине, қалаға барысымен нотасын жазып, өзіңізге бір данасын беріп жіберем, оған қам жеменіз, – деп, жігі-жапар болған Сейтен ертеңіне уәдесіне қарық қылып, қалаға аттанып кеткен. Арада жарты ай өткен соң асүйде радиоқабылдағышты тындап отырған Жарылқасын мен Күмісай елең ете қалды. Жарылқасынның «Қайран, заман!» күйі сол қалпында эфирден бірде шалқып, бірде құдилап, төгіліп тұр.

– Сүйінші, Жарылқасын, сенің жаңа күйің! Сейтен қайным радиоға беріп үлгеріпті, – деп, Күмісай мен Жарылқасын мәз-майрам болып отырған. Олардың бұл қуанышы аяқ астынан су сепкендей басылды, өйткені, диктор, – Сіздердің тындаған күйдің авторы – Сейтен Тастанбеков, күйдің аты «Қайран, көңілім!» деп хабарлады.

– Әй, мына Сейтен інішегің айдың күнінің аманында сенің күйіңді иемденіп кетіпті ғой, астанаға барып, күйді шығарған Сейтен емес, мына алдарыңызда тұрған мен едім деп айтуың керек, мұнысы несі, өздерің ағайынды адамсыңдар! Ұят емес пе! Туу, қандай оңбаған жігіт! Қайным деп, қадірлеп жүрсем, қағынған жүгермек Жарылқасынның күйін өзім шығардым деп, беті шімірікпей радиода орындап отырғанын қарашы! – деп, Күмісай бұрқылдап ашуланып кетті.

– Қойшы, Күмісай, осы жасқа келгенде ендігі қалғаным бізден жасы кіші Сейтенмен дауласу ма? Ол менің нота білмейтінімді пайдаланып, алдап кеткен ғой, ұятсызын қарашы, қалайша дәті барып, мен шығардым деп, өтірік айтуын көрдің бе? – деген Жарылқасынның беті күреңітіп, орнынан ұшып тұрып, түпкі бөлмесіне кіріп, өкініш-ойларын өлең ғып өрнектеді. Күйеуінің артынан ере кірген Күмісай жақын арада қояр емес.

– Жарылқасын-ау, мына Сейтен менің көзімше, «Жарылқасын аға, мен мына жаңа күйіңізді үйреніп алайыншы, аға, сіз қандай талантты жансыз!» деп, мақтап отырып, мақтамен бауыздағандай болды. Сен күйді шығарған өзің екендіңді, шындықты айтуың керек, – деп, әйелі Күмісай қызбаланып келіп еді.

– Жә, қойшы, Күмісай! Бейшара Сейтен менің күйімді ұрлап алып, түменін тірілтсін. Абай атамыздың «Арсыз болмай атақ жоқ» деген өлеңі есіме түсіп отыр. «Ұялмаған әнші болар»

деп, қазақ бекер айтты дейсін бе? Өйтіп-бүйтіп, біреудің күйін қымқырып, біреудің жырын жырымдап жүріп, жыртығын бүтіндеп жүрген арсыздар арамызда қаптап жүр. Онсыз өмір қызық болмай кетер еді, егер бәрі адамгершілігі мол, парасатты жандар болса, өмір сүру әлдеқайда қызықсыз болар еді, сен соны ойладың ба, Күмісай?! — деп, қаркылдап күлді. Бұл бірақ шат көңілден туған көңілді күлкі емес, зығырданы қайнаған ызалы адамның күлкісі еді.

— Ақ дастарханымыздан ақ-адал асымызды ішіп, ақ көңілден үйімізге ертіп келіп, жаңа күйінді үйреніп, «маңғыт, аузыңа саңғыт!» деп, қарғаның аузындағы ірімшікті алдап, қолға түсірген түлкідей, құйрығын ұстатпай кетті. Мұндай қиянат жасайды деп кім ойлаған, қандай қара ниетті, арам жігіт! Ертен саған бетпе-бет кездессе не істер екен, баршы, Жарылқасын, шындықты мойнына қойып, ақиқатты айт, адал ақы еңбегінді басқаға қор қылма! Ойланып-толғанып, жүрегіңді жарып шыққан шығарманды әлдекімнің иемденіп кеткені қандай қорлық! Ойпырмай, сенің мына жаңа күйінді мақтағанда көзі шоқтай жайнап, азанға дейін ерінбей, жалықпай домбырасын тыңқылдатып үйреніп еді, сол кезде-ақ арамзаның кеудесіне арам ой ұялаған екен ғой. Ал, біз, ауылдың анқау адамдары! Жаңа күйімізді сеніп тапсырып, Сейтен нотасын жазып, радиоға Жарылқасын ағайдың жаңа күйі деп жариялайды деп, ауымыз аңқиып, алданып қалдық, — деген Күмісай Жарылқасыннан бетер ашуланды. Тегінде, сабырлы мінезді Жарылқасын іштей ширыққанымен әйеліне басу айтып, әліптің артын баққандай сыңай танытты.

— Мүмкін, диктор қателесіп хабарлаған болар, олар да ет пен сүйектен жаратылған өзіміз сияқты адамдар. Сейтен нотасын жазып, апарып өткізген соң, қателесіп, авторы Сейтен Тастанбеков деп хабарлай салды ма екен, — деп күманданды. Бір аптадан соң теледидардан Сейтеннің өзі шығып, беті шімірікпестен, — Бұл менің жаңа күйім, — дегенде ғана Сейтеннің ұялмай-қызармай, Жарылқасынның шығарған жаңа күйін иемденіп кеткеніне ақыры көздері анық шынымен жетті. Бұрыннан жүрегі ауырып жүрген Жарылқасын, іштей қатты қиналғаннан болар, жүрегі қайта шаншып, тағы да инфаркт алып, ауруханаға түсіп қалды. «Байтал түгіл бас қайғы» демекші, күйді ойламақ түгілі енді, Күмісай күйеуінің денсаулығын уайымдады.

– Мейлі, күйі күрсын, Сейтен-ақ иемдене берсін, өзін аман болшы, – деген Күмісай Жарылқасынның қас-қабағына қарап, жас баладай әлпештеді. Бірақ, біртіндеп кірген ауру, өн-бойына батпандап сіңіп алғандай, жуық арада жазыла қоймады. Ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалды. Білікті дәрігерлердің бәріне қаралғанмен асқынған ауруға дәру болмады. Жетпіс жастан жаңа асқанда Жарылқасын Амандықұлы мезгілсіз қайтыс болды.

Күйеуі Жарылқасынмен ширек ғасырдан астам тату-тәтті өмір сүрген, көп балалы ана Күмісай күйеуінің қайғысынан күні-түні зар еңіреп жылап жоқтағанмен, өлгендер қайтып келмейтінін ұқты. Күйеуін арулап жерлеп, қырқын, жылдығын өткізген соң, бір күні теледидарды қарап отырса, Сейтен Тастанбеков эфирге шығып, марқұм күйеуі Жарылқасынның «Қайран, заман!» күйін домбырада тартып, – Бұл менің «Қайран, көңілім!» деген жаңа күйім, – деп, шімірікпей өтірік айтып, беті табақтай, қарны қабақтай болып, шүңірек, қиық көздері күлімдеп, айтып отырғанын көріп, түнімен дөңбекшіп ұйқтай алмады. Жарылқасын тірі болса, «Күмісай, ақымақпен ақымақ болып, арсыз пендемен арсыз адамша дауласпайық, итпен ит болма» деп, тоқтау салар еді. Бұл күндері бір кезде күмбірлетіп күй шығарған, өміршең өлең шығарған жан жары жер қойнына кіріп, мәңгілік ұйқыға кеткен. «Жарылқасын, сен айтпай кеттің, маған да тоқтау салдың. Жок, менің парызым – шындықты айту» деп, бел буды. Сөйтіп, газеттерге, теледидарға хабарласып, шындықты жайып салды.

– Менің марқұм күйеуімнің жаңа күйі «Қайран, заманды» Сейтен Тастанбеков ауылға келіп, таң атқанша үйімізде қонақ болып үйреніп, нотаға салып, Жарылқасын ағаның күйі деп шығарам деп, алдап кетті. Егер ар-ұяты болса, шындықты айтсын. Марқұм күйеуім Жарылқасынның аруағын сыйласын, – деген. Теледидар сахнасында Күмісайдың бетіне тура қарай алмаған Сейтен, теріс қарап отырып, мінгірлеп жауап берген болды.

– Жарылқасын аға көзі тірісінде неге айтпаған, жеңеше, сіздікі бос әурешілік! Авторлық құқығы тіркелген бұл менің өз күйім! – деп, бетбақтырмады. Бірақ, шындықты айтқан Күмісайдың бойы ауыр жүктен жеңілдеп қалғандай сезінді.

– Сейтен қайным, сен шындықты мойындамасаң да, бір алла ақиқатты көріп тұр, менің көзімше марқұм күйеуімді қалай

мақтап едің. Енді ұялмай «менің күйім» деп отырсың, таспаға жазылған Жарылқасынның күйін көзі тірісінде дәлелдер едім, қайран, марқұм күйеуім «кезінде Абай атамыз айтқан, «арсыз болмай атақ жоқ», мейлі, арсыз болса иемдене берсін», — деп, шындықты айтып күреспеді. Әттең, Жарылқасын нота білмей, саған сеніп қалды, ал сен, «сенген қойым сен болсан, күйсегеніңді ұрайын» демекші, сенген адамның сенімін жерге таптап, өзімдікі деп, ұялмай-қызармай сахнаға шығып, «Қайран, көңіл» деп, атын өзгертіп, біреудің күйін иемденіп, күйші болып жүрсің, — деген Күмісай Сейтеннің табақтай бетіне, шүңіректеу орналасқан қысық көзіне қадала қарады. Күмісайдың жүзіне тура қарай алмай, төмен қарап тайсақтаған Сейтен, «Женеше, күй менің атыма тіркелген, бұл күйді мен шығарғам, мүмкін ұқсастығы болар, оған мен кінәлі емеспін, ұқсас күйлер бола береді, бұл ой ұқсастығы» деп, орнынан тұрып кетті.

— Сейтен қайным, сен біздің ақ дастарханымыздан дәм татып, адал көңілмен сенген ақ сезімімізді лайладың. Мүмкін, Жарылқасын ағаңның күйін иемденіп, жаңа атаққа ие боларсың. Бірақ, шындықты ішің біліп тұр, таң атқанша Жарылқасын ағаңның жаңа күйін мақтап, кетерінде нотасын жазып жіберем деп, менің көзімше, балалардың көзінше уәде беріп едің. Пендешілікпен күйді өз атына тіркетіп алып, бүгін менің күйім «Қайран, көңілім!» деген күй деп, өтірік айтып отырсың. Жарылқасын ағаң сенімен дауласуға ұялды, әйтпесе, үйдегі таспада жазған «Қайран заман!» күйі отбасылық мұрағатымызда әлі бар. Ол сен тіркеткен уақыттан көп бұрын жазылған.

— Күмісай апа, мүмкін күйлеріміз ұқсас болар, Жарылқасын аға қайтыс болып кетті, мен ол кісіні қатты құрметтейтін едім. Ол кісінің басқа күйлері де талантты сазгердің туындысы. Бәрібір сіз ештемені дәлелдей алмайсыз, бұл менің күйім, өйткені менің атыма тіркелген, — деп, бұқа мойны күжірейіп, қысық көзі жыпылықтап, бүгежектеп төмен қарады.

— Жарылқасынның күйін таң атқанша үйренгенде-ақ арам ойынды іске асырмақ болған екенсің, Сейтен. Нота білмейтінін пайдаланып, өз атына тіркетіп алдың, осы қылығын адамгершілікке жата ма, айтшы төрелігін.

— Апай, сіздің өкпелеуіңіз орынсыз. Күй менің атыма тіркелген, яғни менің күйім, осымен дауласқанды тоқтатайық, — деген Сейтен Тастанбеков орнынан атып тұрды.

– Бір Алла кімнің ақ, кімнің арам екенін көріп тұр, Сейтен. «Судың да сұрауы бар» деген, басқа дүниеде күдіретті бір алланың алдында, Жарылқасын ағанның алдында жауап бересің. Жарылқасынның ескі сырқаты жүрегінің ауырғаны да сенің мына қылығыңа күйінгеннің кесірі. Ақыры, сұм ажал қырық жыл отбасын құрған отағасын алып тынды. Мен сені сотқа бермеймін, бірақ сенің арың болса, ағанның күйін өз атына қайтар, – деді көзіне жас толған Күмісай. Дәл сол сәтте Күмісай ар-ожданы, ер азаматтық намысы бар адамның күйді таң атқанша үйреніп алып, қалаға келген соң нотасын қағазға түсіріп, өз атына жазып ала қоймайтынын, пасық жігіт Сейтеннің шындықты ешқашан мойындай қоймайтынын, Күмісайдың ақиқат сөздерін шыбын шаққандай көрмейтінін, Сейтеннің есіл-дерті қандай арам жолмен болсын, атақ-данққа ұмтылу екенін мүлдем естен шығарды. Күмісай Сейтеннің табақтай беті шімірікпей, – Жеңеше, сіз ештеме дәлелдей алмайсыз, күй менің атыма тіркелген, – деп, мізбақпай қайталап айтқанда ғана мұндай пасық жанның шындықты ешқашан мойындамайтынын түсінді, бірақ, Күмісай өзін-өзі жұбатқандай үй ішіндегі балаларына болған жайды күрсіне баяндады.

– Мейлі, шындықты бетіне айттым, мүмкін Сейтен де адам баласы ғой, ойланар, ол Жарылқасынның күйін иемденіп, беті шімірікпей «менің күйім, өйткені менің атыма тіркелген» деп отыр, бірақ, сол күннің куәсі болған менің бетіме тура қарай алмады, – деп, Күмісай кенже баласына күрсіне әңгімеледі.

– Апатай, әкеміз қайтыс болды, ол кісі көзі тірісінде шындықты ашуға күреспеді, енді қайтесіз, мейлі, сол-ақ иемдене берсін, әйтпесе қан қысымыңыз көтеріліп, тағы ауырып қаларсыз, маған бәрінен де сіздің денсаулығыңыз қымбат, – деп, әкесі Жарылқасынға тартқан қараторы ұлы толық денелі ақсары анасын аялай құшақтады.

– Шындықты айтпасам ішіме сыймады, балам. Жарылқасынның жан жүрегінен жарып шыққан күйін әлдекімнің иемденіп кеткеніне төзе алмадым, мейлі, бас аман болсыншы, балаларым, сендер аман болыңдар, құлыным, – деп, кенже ұлының бұйра шашынан еркелете сыйпады.

Күмісай қайтыс болған күйеуі шығарған күйін даулап, шындықты айтқанына түк өкінген жоқ. Өйткені, көкірегі ояу, жан-дүниесі пәк Күмісай ақиқаттың түбінде ашыларына сенімді еді.

ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ ЖАН АЗАБЫ

(әңгіме)

Бір қарағанда бірқалыпты көрінетін мына шынайы өмірдегі күтпеген оқиғалар көп-ақ. Сәдір қайта-қайта телефон соғып, мезі қылатын. Енді ол аяқ астынан қайтыс болған соң оның орны ойсырап қалғандай. Енді ол өліп қалған соң ойлап отырсам, мен оның жанталасқан тіршілігінің байыбына бармаппын. Сөйтсем, ол баяғы студенттік күндегідей мені курстас дос санап, сырын айтады екен ғой. Ал, мен болсам, қайнаған тіршілікте мұрныма су жетпей жүгіріп жүріп, «осы кәрі қақбас көк мылжың, қайдағы-жайдағыны айтып, алтын уақытымды қор қылды ғой» деп, іштей наразы болып налитынмын. Енді ол мәңгілік оралмас сапарға кеткен соң оған деген аяушылық сезімі оянып, адамдардың күнделікті өмірдегі қатігездігі маған да тән екені қатты өкінтті. Көрші үйде тұрсақ та Сәдір қайтыс болғанын, оны Бұрындай қорымына жерлеп тастағанын, тіршіліктің қамымен жүгіріп жүріп, тіпті, білмей қалыппын, курстас досымның тал бесіктен жер бесікке мәңгі қоныстанғанын, арада бірнеше күн өткенде басқалардан естіп, таң-тамаша қалдым. Бір сәтте Сәдірдің бүкіл өмірі кино лентасындай көз алдыма елестеді — Сәдірдің жұмыссыз қалып, үйіне сыймай аласұрып жүргені, күні-түні маған звондап, сырын бөліскені, көп жылғы еңбегінің ескерусіз қалғанын айтып шағынғаны, маған маған сол кезде баланың бос далбаса былдыры болып көрінген. Сөйтсем, ол ер-азаматтың ішіне сыймаған, ет-бауырын өртеген күйігі екен. Сол күйігіне іштей өргеніп, маған сарқыла айтып, ішін жеңілдетпек болыпты, ол байғұс. Сөйтсем, «менің есуас досым» (мен оны сырттай солай атаушы едім) мен ойлағандай ессіз емес, ақылды адам екен.

Сәдір қайтыс болған соң үйіне барып, әйелі Райханға көңіл айттым. Ол есеп-қисаптың адамы – бухгалтер екен. Миында тек қана цифрлар-сандар ғана, ал адамгершілік аяулы сезім сияқты сезім атаулыдан жұрдай ма деп қалдым. Өйткені, Райхан Сәдірдің қайтыс болғанына мейрамханаға үш жүз мың кеткенін, жаназа шығарғанына молдаға жиырма мың бергенін айтып, шығарған шығынын санап, әлек болып отырды. Тіпті, Райханға қарасаң, Сәдір деген адам, оның қадірлі күйеуі қайтыс болғанын айтып, көзіне жас алғанын көргем жоқ, ол дастархан үстінде жұмсаған ақшасын санаумен болды. Мен байғұс курстас досымның осы есеп-қисаптан мезі болып, рухани дос тауып, маған сырын бөліскісі келіп, күн сайын телефон шалатынын ұқтым. Сөйтсем, Сәдір жалғыздықтан жалығып, рухани дос іздейді екен, мен ол кезде күнделікті тіршілікпен шапқылап жүріп қайдан білейін. Тек орны ойсырап, өзі мәңгілікке кеткенде ғана оның жан сырын түсінгендей болдым. Бірақ, тым кеш еді. «Өмір – уақытша, жарық дүние – жалған дүние, біз пенделер, жер бетіне келген уақытша қонақтармыз» деген әжемнің сөзі есіме түсті. Осындай ойға шомып отырғанымда Сәдірдің бухгалтер әйелі келесі есеп-қисапты бастап кетті.

– Сәдірдің қыркын шағын ғана отыз-қырық адам шақырып, өткізу керек, жөнсіз ысыраптың керегі жоқ. Өйткені, жерлеу рәсіміне шығын көп кетті, бұлай қаржыны оңды-солды шаша бермегенім жөн. «Өлім – бардың малын шашады, жоқтың көгін ашады» деген осы. Құдайға шүкір, дүкеніміз бар, жоқ адам емеспіз, бірақ шығынды азайтуға тиіспіз, қызым, – деп, жанында шешесінен аумайтын ені мен ұзындығы бірдей төртпақ қызына қарады. Беті табақтай, қарны қабақтай күйеу баласы да бірдемеден құр қалғандай ентеледі. Мен курстасымның қайтыс болғанына көңіл айтуға келіп, қаржы мәселесі туралы отбасылық жиналыстың үстіне түскендей ыңғайсызданып, тезірек кетуге асықтым.

– Ал, Реке, көп уайымдамаңыз, тірі адам тіршілігін жасайды. Сәдір жақсы адам еді, топырағы торқа болсын, егер қандай да көмек керек болып жатса хабарласыңыз, мынау бата жасағаным деп, он мың теңге ақшамды, тілдей визиткамды ұсындым. Райхан қып-қызыл он мың теңгені көріп, көзі шоқтай жайнап, қолымнан тартып алғандай, шапшаң суырып

алды. Райханның осыншама ашкөздігіне мен өзім кінәлідей ынғайсызданып, – Сау болыңыздар, – деп, тезірек сыртқа беттегем. Кешкі салқында сыртқа атып шығып, «ух» деп, кеудемді кере демалдым. Салқын самал есіп, Сәдір марқұмның артта қалған қаралы үйіне жабырқау көз тастап, аяғымды жылдамдата бастым. Осынау есеп-қисаптан басқа ештемені ойламайтын керенау әйелі Райханды, ені мен ұзындығы бірдей төртнақ қызын, беті табақтай, қарны кабақтай күйеу баласын енді қайтып көргім келмей, алды-артыма қарамай үйіме жеткенше жіті адымдадым. Өз үйімнің босағасын аттаған соң ғана көз жасыма ерік беріп, «қияли, есуас курстас досымды» аяп, жылап алып, жаңағы «есеп-қисаптан» құтылғым келіп, салқын душ қабылдадым, сонда ғана өн-бойым сергіп, үстімнен ауыр жүк түскендей бойым жеңілдеп сала берді. Жаңағы жалмандап, ағы көп көзі алақтап, жау қуып бара жатқандай сытырлатып, судырлаған ақша санаған Сәдірдің әйелінің жексұрын бейнесі көпке дейін көз алдымнан кетпей, өн-бойым тітіркеніп, ойламауға тырыссам да көпке дейін кір-былыққа батқандай жаман әсерден айыға алмадым. «Байғұс есуас досым» әжептеуір ақын болатын, өте сезімтал, жаны нәзік жан еді. «Екі жақсы қосылмас» демекші, есеп-қисаптан бас алмайтын, сезім атаулыдан жұрдай, жұнттай семіз бухгалтер әйелге үйленіп, дүкен ашып, біраз байлыққа қол жеткізгенмен, рухани байлыққа зәру болыпты. Сөйтіп, күні-түні мені мазалап, көкірегін керген сырымен бөліскісі келген екен. Ал, мен бала-шағаны асыраудың қамымен шапқылап жүріп, бұл «қияли ақын досым» неге маза бермейді деп, іштен кейіген кездерім көп болатын. Бірақ, сырттай сыпайылық танытып, арыз-арманын тындап, уақытым жеткенше сырласатынмын. Алайда, таңалакеуімде, түн ортасында ұйқымнан оятып алып, өзін толғандырған жайтты айта бастағанда, «Сәке, шырт ұйқыда жатқан кісіні оятпай, асықпай хабарласқаның жөн ғой» деп, аздап ренжитінмін. Сөйтсем, жанында томардай болып ұйқтап жатқан топ-толық әйелінен жан жылуын таппай, өз отбасы бар менен шапағат-мейірім күтіпті. Бұралаң-соқпағы көп өмірдің көп жұмбағының бірі, Сәкеңнің жан азабы-жалғыздықтан жапа шегуі. Мен ол жағын байғұс «есуас досым» қайтыс болған соң, мән-жайды ой елегінен өткізіп біліп, мына жарық

дүниелегі жанұшырған адамдардың қым-қиғаш, соқтықпалы, соқпақсыз сергелден өмірін, ішкі жан-дүниесіне рухани дос іздеп, шарқ ұратыны жайлы, сөйтіп, өзін түсінеді-ау деген адамға күндіз-түні телефон соғып, ығыр қылатыны, өз өмірінде өтіп жатқан ірілі-уакты, үлкен-кішілі ойларымен бөліскісі келіп жанталасатыны – осының бәрі пендешілік жалғыздықтан туындайтынын ұқтым. Негізінде, адам жалғыз өзі нәресте күйінде шыр етіп іңгалап жылап, жарық дүниенің есігін ашады. Балалық бал дәурені өткен соң жастық шақты бастан өткереді. Қартайып халы кеткенде – суға кетіп тал қармағандай, өмірде қолы жетпеген ой-арманына өкінеді, жанашыр дос іздейді, ішкі жан-дүниесін түсінетін жан таппайды, таппағанына өзегі өртеніп өкінеді, ақыры соңғы демі бітіп, өкінішпен көз жұмады, өледі... Ия, бұл көп адамның басынан өтетін қалыпты жағдай. Тіпті, атақты жазушы Лев Николаевич Толстойдың өзі өмірде бай мен кедейді теңестіретін әділеттік іздеп, қолындағы байлығын кедей-кепшікке бөліп бермек болып, әйелі, балашағасы барынан айырыламыз ба деп, Лев Николаевичке қарсы шығып, ақыры үйінен қашып шығып, қартайғанда өкінішпен көзжұмған. Ал, біз, ондай алып жазушыға қарағанда жерүстіндегі тым қарапайым адамдар, біз де әділеттік іздейміз, таппай шарқ ұрамыз, жолымыз болмаса өкінеміз, сәл жылт еткен үміт отына балаша қуанамыз, сөйтіп жүріп, қамшының қысқа сабындай шолақ өмірдің шолтаң етіп бітіп бара жатқанын көріп, есейіп ес жиямыз, алайда тым кеш, ақтық деміміздің таусылуға жақын екенін біліп, бітпеген істерімізді аяқтауға жанұшырамыз, бірақ үлгермейміз. Өйткені, адам баласының пешенесіне жазылған адам тағдыры – мәңгілік шексіз тіршіліктің бір-ақ сәті, көзді ашып-жұмғанша өте шығатын тым қысқа мерзім, көрген түстей жылт ете қалатын өтпелі уақыт, өткінші тағдыр. Сол арада ойға алған істің бәрін тындыру мүмкін емес. Егер біразын іске асырсаң – ерлегенін. Қалған істерінді болашақ ұрпағын – балаларың атқарар деп дәмеленесің. Солардың тілеуін тілейсің, мен жетпеген биіктерге балаларым жетсе екен деп армандайсың – бұл табиғи құбылыс, әр адамның басында болатын жайт. Мен ойлаймын, мына жалған дүниені жалпағынан басып жүрген бай-манаптарды да, айлығы шайлығына жетпей жүрген кедей-кепшікті де теңестіретін – екі кез көр, бір өлім.

Тек, о дүниеге аттанғанда ғана адам мәңгілік қонысына барып, тіршіліктегі уайым-қайғы, ауру-сырқаудан айырылып, мәңгі тыныш ұйқыға батады-ау деймін. Бір алланың құдіреті – осы жарық дүниедегі тіршілік атаулының барлығы өздерінің ең соңғы мекені – қара жердің қойнауы екенін біле тұра, мәңгілік өмір сүретіндей жанұшырады, байлыққа-барлыққа қызығады, опасыз жалған дүниені біле тұра, білмеген кейіпте өмір сүреді. Бәлкім, білместігі де жақсы шығар, әйтпесе, ертең өлетінін біліп, сарыуайымға салынса, өмірдің еш қызығы қалмас еді. Негізінде тіршіліктегі жарық дүние – пенделердің уақытша мекені, ал мәңгілік мекені – қара жер. Пенделердің мәңгі өмір сүретіндей жанталасқаны да дұрыс шығар, сонда ғана олар біраз ойларын іске асырар, бірер кітаптарын жазып үлгерер, сөйтіп, артына өшпес із қалдырар, кім білсін...

АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫ

(әңгіме)

Жапонияның екі қаласы Хиросимо мен Нагасаки қалаларында 1945 жылы тамыз айының 9 және 13 жұлдызында Америка Құрама штаты жаңа қаруды сынау үшін тастаған, ядролық қарудың жазықсыз құрбандарына арналған әңгіме.

Ядролық қарудың жойқын соққысы бүкіл жер шарын дірілдетіп, жердің өз осі — жер кіндігінен ауытқыта жаздап, қара жерге қақырай гүрсілдеп құлаған. «Егер осы сәтте жер кіндігінен ауытқып кетсе түпсіз кеңістіктің тұңғиығына батып, жердің күн жүйесіндегі басқа планеталармен тартылыс күші жойылып, жер бетіндегі тіршілік иелері де, жер планетасы да быт-шыт болып шашылып, жай ғана аспан кеңістігіндегі метеор бөлшектеріне айналар еді, немесе ақырзаман орнап, күлге айналатын еді» деп, Такеша жертөлеге жеткен сәтте жойқын жарылысты естіп, бір сәтте асқан шапшандықпен ойлап үлгерді. Дәл осы уақытта жақын жерде орналасқан жертөлеге тығылып үлгірген Такешаның құлағы тарс бекіп, көзі қарауытып, бір сәтте есінен танып қалған.

Енді шамалы уақыт өткен соң жан-жағына қараса, санаулы адам ғана аман қалыпты, аман қалған адамдар тіршілік нышанын білдіріп қозғалып, жан-жақтарына шошына қарауда, тәрізі, олар да мұндай алапат қауіпті қарудан аман қалғандарына сенер-сенбесін білмей таңырқаған болар. Такеша қорыққанынан көзін тарс жұмып, екі аяғымен тізесін құшақтап қатып қалыпты, жаңағы жарылыс тоқтап, біраздан соң көзін ашқанда өзінің әлі тірі екенін біліп, қатты қуанды. Аяқ, қолы орнында сияқты, ол өзінің аман қалғанына сенер-сенбесін білмеді. Біраз уақыт басы айналып, көзі қарауытып, орнында қозғалмай отырып, көзін тарс жұмып алды. Өйткені,

жертөледе тығылып отырған адамдарды да ядролық қарудың жойқын толқыны ұрып, есеңгіретіп тастаған еді. Тек, сәл тынығып алған соң, Такеша ақырын қимылдап, орнынан собаландап тұрып, жан-жағына қарады. Әр жерден аман қалған адамдар бір-бірін ес көріп, бірінің артынан бірі еріп, жертөледен сыртқа шығуға беттеген. Бұл сәтте ядролық бомба тасталған жапонның Хиросимо қаласы отқа оранған болатын. Қаланың орнында қалған қалдықтарының арасында адам сұлбалары көзге шалынды. Тірідей отқа қақталып күйіп қалған адамдардың денесінің сау-тамтығы жоқ. Әр жерде ыңырсып жатқан, ауыр халдегі жаралы адамдар. Жанынан өтіп бара жатқан адамдарды көріп, кейбірінің күйген еті салбырап, тірі аруақтай баяу жүріп, сау адамдардан көмек сұрап, дәрменсіздік білдіріп, әлсіз қолдарын созады.

— Су, су берші, күйіп барамын, — деп, жылады екікабат жас келіншек. Такеша жақын жерден су алып, аузына тамызып еді, іше алмай қиналды. Такеша мына әйелдің бұлшық еттерінің бөлек-бөлек піскен еттей сыпырылып түсіп жатқанын көріп, зәре-құты қалмады. Енді ғана алға жүре бергені сол, қарсы алдында жатқан күлге айналған мектеп ауласында әр жерде қимылсыз шашылып жатқан балалардың өлі денелерін көрді, олардың арасында кездейсоқ тірі қалған бір топ баланың қиналған дауыстарын естіді. Бәрінің айтатыны бір сөз.

— Күйіп барамыз, су берші, көмектесші! Аузыма су тамызындар, жарандар! — Такеша мұндай сұмдықты көріп, есінен адаса жаздады. Мынаның бәрі қорқынышты түс шығар, мүмкін қазір оянып кетсем, бәрі бұрынғыша орнына келер деп, айналасына қорқа қарады. Бірақ, жертөледен бірге шыққан азғантай ғана бір топ адамның әр жерде шашылып жатқан, ауыр жараланған, денесін күйік шалған адамдарға су әкеліп, аузына су тамызып, зыр жүгіріп, жәрдемдесіп жатқанын көріп, бұл қорқынышты түс емес, өңі екенін біліп, одан сайын өнбойын үрей биледі. Бұл қорқынышты күн — 1945 жылдың тамыз айының 9 жұлдызы болатын. Такеша кеше кешкілік көрші ауылдағы әпкесінің үйіне барып, түнде сол жақта қонып, таң ата үйіне жаяу келе жатқанда қала маңына жете бере мына жойқын жарылыстың, сұмдық алапаттың тірі куәсі болды. Ендігі Такешаның бар ойы — үйіне тезірек жетіп, анасы мен туған бауырының аман-есендігіне көз жеткізу болатын.

Ол өз үйіне беттеп келе жатып, көпқабатты үйлердің айналасындағы күйік шалған үйіндінің жанындағы отқа қақталған денелерді көріп, тұла-бойы мұздап сала берді. Енді ғана бір сұмдықтың болғанын айқын сезгендей, аяғын жылдамдата басып, шешесі мен бауырын іздеуге үйіне қарай бар екпінімен жүгіре жөнелді. Үйіне жете бере шаршағаннан екпеттеп құлап түсіп, анасы мен бауырын көзбен шолып, олар көрінбеген соң жылап жіберді, шаршағанын ұмытып, собаландап орнынан тұрды.

— Анашым, сен қайдасың?! Бауырым, Того, қайдасыңдар, тірімісіндер, жандарым?! — деп, бақырып жылап жіберді. Ары бері жүгіріп, туған бауыры Тога мен аяулы анасын іздеп зыр қақты. Егер аман-сау болса, анасы жадырап күліп алдынан шығар еді. «-Такеша, құлыным, аман-есен келдің бе? Қарның ашқан болар, жүре ғой, тамақ іш, балам» деп, бауырына басып, өз қолымен пісірген балық пен күріш сияқты дәмді тамағын ұсынар еді. Ал, бауыры Того болса ағасы Такешамен ойнауға асығып, атып шығар еді-ау, алайда, жан-жағына алақтап қарағанымен, мұның алдынан жүгіріп шыққан жан көрінбейді. «Шынымен жаңағы зұлмат жарылыстан бауырым мен анам опат болды ма?! Сөйтіп, мен ең жақын ет жақындарымнан айырылып жалғыз қалдым ба?» деген қорқынышты ойдан, өн-бойы дірілдеп, үйді айнала жүгіріп, есі шығып кетті. Қорқыныштан қатты дүрсілдеген жүрегі атқақтап, құлағы шыңылдап кетті. Такеша үйді айналып бола беріп, тың тыңдап, жүгірмей қалт тұра қалды, сонда ғана тетелес бірге туған Того бауырының көмек сұрап, әрең ыңырси айтқан, әлсіз жалынышты дауысын әрең естіген, ол бауырының дауысы шыққан жаққа жүрегі алып-ұшып қуанып, жалма-жан жалт қарады. — Такеша, күйіп барамын, Такеша, көмектесші, — деген туған бауыры Тогоның есік алдында өсіп тұрған үлкен еменнің түбінде жер бауырлап етпеттеп жатқанын байқап, жан-дәрмен жүгіріп жетті.

— Того, бауырым, сен тірімісің? Қазір, қазір көмектесем, бауырым, — деп, жүгіріп келіп, өз көзіне өзі сенбеді. Бауыры Того етпеттеп сұлық жатыр. Ал, жейдесіз арқасы тірідей күйіп кеткен, күйік арқасындағы етін күйдіріп, қабырға сүйегіне жетіп, жартылай жалаңаштап, киімдеріне дейін күл қылып, дым қалдырмай күйдіріп тастапты. Қып— қызыл жалаңаштан-

ған күйік денеде сау тамтық жоқ, Такеша мынадай сұмдықты күтпеген еді, ол бауырының тірідей күйген мына жала-жансар түрін көріп зәресі ұшты.

– Того, Того, саған не болған, бауырым!? Мұндай сұмдықты адам баласына қандай зұлым істеген?! – деп, көз жасына булығып, жылап жіберді. Осы уақытта ағасының жанына келгенін сезіп, бауыры Того тағы әлсіз ыңырсыды. – Такеша, мені құтқаршы, ағатай! Арқам өртеніп барады, аға! Су берші, менің арқамдағы жанып бара жатқан өртті сөндіріші, шыдай алар емеспін, аға! Көмектес маған, жалынамын, аға! – деп, есінен танып қалды.

– Того, есінді жи, бауырым! Мен қазір су әкелейін, шыдашы, айналайын бауырым! – деп, көзінен жас бұршақтаған Такеша көшеде бей-берекет шашылып жатқан құтыны ала салып, жақын маңнан су іліп әкелді. Такеша тезірек үлгермек болып, қанша асығып жеткенмен, Того бұл уақытта тіршілік нышанын танытпай, есінен танып қалды ма, әйтеуір үн-түнсіз қимылсыз сұлық серейіп жатыр екен. – Того, су әкелдім, су іше ғой, – деп, өзі ағыл-тегіл жылап жүріп, кішкентай он жасар бауырының аузына су тамызғанмен Того суды іше алмады, аузына құйған суы езуінен ағып, суды жұта алмағанын байқады. Сол кезде Такешаның есіне осыдан екі-үш ай бұрын болған жайт оралып, одан сайын жаны түршікті. Бірде Такеша мектептен қайтып келе жатып, ұядан құлап қалған торғайдың әлсіз шиқылдаған балапанын құтқармақ болып, дәл осылай аузына су тамызған, бірақ әлсіз шиқылдаған торғай суды жұта алмай, сұлық жатып, алақанына салып аялағанымен серейіп, кіп-кішкентай болып қатып қалған. Такешаның есіне сол жай оралып, тірідей күйіп, қиналып жатқан бауырына көмектесе алмай, дауыстап еңіреп жылады.

– Мен сенің орныңа өлуге даярмын, бауырым. Тәңірім, мені алса да, сен аман болшы, Того, бауырым! Көзіңді ашшы, бауырым! Мені жалғыз тастап кетпеші, өтінемін, Того, көзіңді ашшы, бауырым! – көзінен жас бұршақтап жүріп, бауырының былқ-сылқ еткен басын көтеріп демеді. Ағасының өтінішін орындағандай, Того соңғы рет көзін ашып, тағы әлсіз дауыспен жалына бастады.

– Такеша, құтқаршы мені, ағатай! – деді сыбырлап, сөйлеуге шамасы жетпей, басы сылқ етіп жерге құлап, қайта есінен

танып қалды. – Того, сен өлмейсің, мен саған көмектесем, бауырым! Шыдашы, шыдашы, бауырым!, – деп, шырылдаған Такеша Тогоның жансыз денесін құшақтап, тіршілік белгісін білдірмеген бауырының өлі денесін құшақтап, бар дауысымен бақырып жылап жіберді. – Того! Ашшы көзіңді, аш деймін, көзіңді, Того! Мені тастап кетпеші, Того, бауырымыым! – деген Такешаның көзі бұлаудай болып, өлі бауырының тірідей қақталған арқасын сипап көріп еді, ып-ыстық күйік қолын қарып түсті.

Сол арада Такешаның есіне мына жайт сап ете түсті, бірде Такеша жазғы демалыста құрдастарымен бірге жақын маңдағы мейрамханаға кешкі ас ішуге барған болатын, сол мейрамханада балықты тірідей қақтап, қонақтардың алдына қоя салғанда, әлгі қақталған балық байғұс аузын ашып-жауып, өлі тірі жатқанын көріп, Такеша балықты аяғаннан арқасындағы піскен етті басқалардай шанышқымен шаншып, жей алмаған. Ал, Такешаның жолдастары балықтың қатты қиналып, өлі тірі жатқанын көре тұра, отқа қақталған арқасын шанышқымен жайбарақат шұқып, жей бастағанда, нәзік жүректі сезімтал Такешаның денесі түршігіп, әлгі тірі күйінде аузын ашып-жұмып қиналып жатқан балықты көріп, қатты аяған. Ал, енді туған бауыры Того дәл сол балықтай тірідей қуырылып, соңғы демі шықпай көз алдында қиналып жатыр. Бауырының денесі бірте-бірте суи бастағанын сезді. Енді ғана бауырының мына күйіктен өліп қалғанын түсініп, бірақ ащы шындыққа сенгісі келмей, бауырының өлі денесін айналшықтап жүріп, дамылсыз тәңіріге жалынумен болды.

– Того, көзіңді ашшы, бауырым! Мені тастап кетпеші! – деп, зар қақты. Бірақ, мәңгі ұйқыға кеткен бауыры, енді қайтып көзін ашуға жарамады. Алақанында жатып, бірнеше рет әлсіз шиқылдап, мүлдем қатып қалған торғайдың балапанындай, соңғы рет ышқынып, аяғын серпіп, денесі бірте-бірте суып, мәңгілік тыныштық тапқан. Тогоның қайтыс болғанына көзі жеткен Такеша көзі бұлаудай болып, енді анасын іздеуге кірісті. Жарылыстан Того баласы екеуі бірге қашпақ болуы керек, анасының жартылай күл боп қалған денесі жақын арада жатыр екен, аяулы анасын жартылай күймей қалған гүлді көйлегінен әрең танып, оның да тірідей жанып кеткенін, тек күлі қалғанын көріп, зәресі зәр түбіне кетті. Анасының гүлді көйлегінің бір

жапырақ қалдығын алып, анасының жанға жақын иісін аңсап, қос қолдап мұрнына тақап, құмарлана иіскеледі. Анасының бала күнгі таныс иісі сезілгендей, қайта-қайта иіскеді, сәлпәл көйлегінің жанбай қалған жыртқығында туған анасының бала күннен таныс, жанына жақын сүйікті иісі қалған секілді, Такеша анасының көйлегінің қалдығын иіскелеп отырып, аяулы мейірбан анасына деген қимастық жас көзінен еріксіз бұршақтады.

— Анашым-ай, түгелдей күйіп кетіпсің ғой, қайран анашым! Міне, Того да біржола кетіп қалды! Мен жалғыз қалдым, анашым! — деп, үйдің орнындағы үйіндіде көз жасын көл қылып, басын қос қолдап ұстап, ұзақ солқылдап жылады. Бауыры тіріліп, көзін ашатындай есек дәмемен серейіп өліп жатқан бауырының жанына келіп, Тогоның өлі денесін бауырына қыса құшақтап, бауырынан мәңгілік айырылғысы келмей, зар еңіреп дауыстап жылап отырды.

— Такеша, бұл сенбісің, сен тірімісің, Такеша?! — деп, біреу иығынан түрткенде ғана, алақанын бетінен алып, жасты көзімен әлгі адамға қарады. Ол өзінің бірге оқитын құрдасы Тиеко екен. Такеша ең жақын туысын көргендей Тиеконы бас салып құшақтап, кімге шағынарын білмеген жас баладай солқылдап, бір сәтте бауыры мен анасынан айырылған Такеша мұң-зарын айтып, боздап, бар дауысымен бақырып, жақын адамына шағынғандай жылап жіберді.

— Тиеко, білесің бе, бұл не сұмдық? Менің анам мен бауырым Того күйіп өлді. Бұл қандай сұмдық, Тиеко, айтшы маған, бұл не сұмдық, түсіндірші, Тиеко?! — дейді қыстығып, — Сен қалай аман қалдың, Тиеко? — Такеша барлық жауапқа сұрау іздегендей Тиеконы сұрақтың астына алды. Ал, Тиеконың өзі де әке-шешесінің күйік шалған өлі денесін тауып алып, басы ауған жаққа қаңғырып келе жатқан беті еді. Такешаны кездестіріп, Тиеко да дәл Такешадай жанашыр жақынын тапқандай қуанған болатын.

— Мен жертөледе бомбадан жасырынып үлгердім, анам мен әкем үйде бөгеліп қалды. Сол уақытта мына от-жалынға ораған жойқын жарылыс болды, құлағым бекітіліп, басым ауып, есеңгіреп қалдым. Есімді жиған соң басқалармен бірге әке-шешемді іздеп келгем, олардың күл болып жанып кеткенін көрдім, — деді Тиеко. Осы уақытта бұл екеуі жақын маңнан тірі аруақтай сенделіп келе жатқан бір топ адамды көрді. Олар-

дың үсті басын күйік шалған, бәрі, — Су, су, — деп, ынырсып су сұрайды. Такеша мен Тиеко екеуі әлгі тірі аруақтай, тірідей отқа қақталған қала тұрғындарына су бермек болып, шүберекті сулап алып, ауыздарына тосты. Көбі жантәсілім етіп, арасындағы тірі қалған кейбіреулері ғана тіршілік нышанын танытқан. Такеша мен Тиеко өз қайғыларын бір сәтке ұмытып, тірі қалған қала тұрғындарын құтқармақ болып жанталасты. Хиросимо қаласының үш жүз мыңнан астам тұрғыны сол қарғыс атқан күні 1945 жылдың 6 тамызында, Америка Құрама штаты «Малыш», немесе «Бала» атты ядролық бомба тастаған күні мәңгі-бақи жарық дүниемен қоштасып, не болғанын түсінбестен көз жұмды. Ал, үш-төрт күннен соң, Нагасаки қаласына тасталған «Толстяк», яғни, «Жуан» атты ядролық бомбаның кесірінен жетпіс төрт мыңнан астам бейбіт тұрғындар асқан азаппен, жантүршігерлік халде тірідей күйіп, жантәсілім етті. Олардың барлығы осы Хиросимо мен Нагасаки қалаларының бейбіт тұрғындары — әйелдер мен балалар, шал мен кемпірлер, кәрісі де, жасы да бар бейкүнә қала тұрғындары болатын. Тірі қалғандары арада үш-төрт күн өткенде мұндай қанды қырғын Нагасаки қаласында қайталанғанын тағы естіп, төбелерінен жай түскендей болды. Жапон жеріндегі Хиросимо мен Нагасаки қаласының жазықсыз халқы зұлым басшылардың таяз саясатының жазықсыз құрбаны болып, жайдан-жай еш күнәсіз жер жастанды.

Ал, тірі қалғандары ядролық бомбадан радиация алып, мәңгілік жарымжан болып, сұмдық жарылыс — ядролық қарудың ащы зардабын өмір бойы тартты. Алайда, өн-бойы күйіп қалған көпшілігі өмір үшін күрескенімен шетінен қиналып, өліп жатты. Сол кезде қала тұрғындарын құтқармақ болған екі дос Такеша мен Тиеко көп жайды біле бермейтін, олар, өз елдері Жапония мен Америка Құрама штатының, екі ел басшыларының теке-тірес саясатын есейгенде бір-ақ білді. Бұл кезде жазықсыз балалар Япония императоры Хирохитонын Германия мен Италия фашистерін қолдап, үш мемлекет құрған Пактінің мүшесі екенін де білген жоқ. Басшылардың тоңмойын өзімшілдігі мындаған жазықсыз адамдардың өліміне себеп болғанын да кейін түсінді. Тегі, бейбіт елдің бейбіт-сүйгіш халқы өзімшіл, тоңмойын басшыларының арқасында, әсіресе, Америка Құрама штатының бұрынғы Президенті Франклин Рузвельттің 1945 жылғы 12 сәуірде қайтыс болған-

ын, ал, жаңа сайланған, Америка Құрама штатының басшылығын қолына алғанына небары төрт-ақ ай болған жаңа Президенті Гарри Трумэннің күзғындық саясатының құрбаны болғанын олар дәл сол кезде мүлде білмейтін...

Ұлы Отан соғысы басталғанда, алысты болжай алмайтын, саяси аясы тар, ой-өрісі таяз, фашистердің басқыншылық саясатын қолдаған, Жапонияның сол кездегі басшысы Хирохито неміс басқыншыларының агрессиялық саясатын қолдаған болатын. Сөйтіп, бүкіл елде темірдей тәртіп орнатып, Жапонияның мындаған әскерін, тіпті, бейбіт өмір сүріп жатқан әйелдер мен бала-шағасына дейін жаппай соғысқа даярлаған. Германияның солақай басшысы Гитлердің шашбауын көтеріп, жапон әскерлері Американың Перл Харборд әскери базасының күл-талқанын шығарған болатын. Әскери базадағы мындаған американдық сарбаздар мезгілінен бұрын көз жұмған еді. Ол кезде де аналар балаларынан айырылып, аңырап қалған болатын. Дәл осы уақытта жаңа қару – ядролық бомбаны ойлап тапқан американдық ғалымдар бұл қару жайлы жаңадан сайланған президенттері Гарри Трумэнді хабардар еткен. Бұл шақта, 1945 жылы мамыр айында Кеңес өкіметінің әскерлері фашистерді біржола жеңіп, Берлинді алған болатын. Ал, Кеңес өкіметінің жеңісіне ортақтас болғысы келген одақтас Америка әскерлері жапон әскерлерін тықсырып, Акинава аралын жаулап алған кез еді. Жауды жапыра жеңе бастағанына қарамастан Америка басшысы жойқын қаруды жапон қалалары Хиросимо мен Нагасакиге тастап, тірі адамдарға қолданып, сынақ жасауға бұйрық берді. Бұл ядролық қарудың ұшқан құс пен жүгірген аңды тірі қалдырмайтынын ол жақсы білді, өйткені, олар бұл қаруды елсіз, шөлейт жерге тастап, сынақ жасаған болатын. Сөйте тұра, адам өміріне аса қауіпті қару екенін біле тұра АҚШ Президенті Трумэн жапон қалаларына – Хиросимо мен Нагасакиге ядролық бомбаны тастауға жарлық берді. Бұл қару бүкіл адамзат баласы үшін аса қауіп төндіретінін ол жақсы білетін. Ядролық қарудың радиациясына ұшыраған сан мындаған келешек ұрпақ өкілдері де мүгедек болып қалды. Бұл нағыз тасжүрек басшының жалпы жер бетіндегі адамзат баласына жасаған аиуандық қастандығы, тасжүрек тоңмойындығы болатын...

Мемлекеттер арасындағы ес-түзсіз жаппай қарулану – жер бетіндегі тіршілік атаулыға – жалғыз адам баласына емес,

жүгірген аң, ұшқан құсқа дейін, жалпы өсімдік атаулыға да қауіп-қатер төндіреді. Жапон қалалары Хиросимо мен Нагасаки қалаларының бейбіт тұрғындарына жасалған зұлымдық әрекет — ядролық қарудың адам баласына әсер етуін сынау, нағыз оңбаған саясат. Бұл ядролық қару жалпы адамзаттың өркениетті дамуына жасалған кертартпа шабуыл болатын. Барлық зиялы мемлекеттер адамзаттың болашағын ойлап, ядролық қарудан біржола бас тартса ғана, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заман орнар еді. Ол үшін жер бетіндегі барша адамзат баласының сана-сезімі, ой-өрісі уақыт талабына сай жетіліп, ядролық қарудың, жалпы, соғыс атаулының пайдасынан гөрі зияны көп екенін түсініп, зиялы мемлекет — Қазақ елі сияқты ядролық қарудан біржола бас тартулары керек. Өкінішке орай, Қазақстаннан басқа мемлекеттер, өздерінен басқа өзге елдер ядролық қаруды қолданбасын деп, қоқан-лоққы көрсетуден аспайды, өйткені, олардың ой-өрісі, сана-сезімі әлі адамзаттың болашағына қамқорлық жасау үшін жеткілікті деңгейде жетілмеген. Қайта, сыртқы жаулардан қорғанамыз деген желеумен өзара қару-жаракты дамыту бәсекесіне түскені айдан анық.

Тек қана жаңадан құрылған, тәуелсіз мемлекет Қазақ Елі ғана жақсылықтың алғашқы жаршысы — қанатымен су сепкен қарлығаштай мұндай зұлым қарудан өз еркімен бас тартты. Жалпы, бүкіл адамзаттың болашақ тағдыры жер бетін жайлаған адамдардың өз қолында. Алдағы уақытта мұндай соғыс ошақтарын болдырмау — жер бетін жайлаған әрбір адам баласының қасиетті парызы.

Жапон қалалары — Хиросимо мен Нагасакидің тұрғындары жаңа ғасырдың індетіне айналған ядролық қарудың құрбандарын жыл сайын еске алып, қала маңындағы өзен-сулардың бетіне шырағдан жағып, туған-туыстарын еске алады. Көгілдір су бетінде жыпырлаған сан мыңдаған шырағдандардың жарқыраған оттары көк аспанда жыпырлаған жұлдыздар сияқты, Хиросимо мен Нагасакиде жазықсыз құрбан болған мыңдаған адамдарды еске салады. Мүмкін, сол алапат жарылыста опат болған Такешаның туған бауыры Того мен оның аяулы анасы сияқты жазықсыз құрбан болған аруақтардың жаны да көк аспанда періштелермен бірге ұшып жүріп, болашақ адамзат тағдырына алаңдап, жер бетінде мәңгілік бейбітшілік болуын тілейтін шығар...

ЗАМАНЫҢ ТҮЛКІ БОЛСА...

Үш бөлімді трагикомедия

Бірінші бөлім

Кейіпкерлер;

Сәлім – 41 жастағы азамат;

Алия – Сәлімнің әйелі, 39 жастағы әйел;

Ғайша – Сәлімнің анасы, 61 жастағы кемпір, ақ жаулық тартқан, оюлы камзол киген әже;

Алик – Сәлімнің ұлы, 23 жастағы жігіт;

Сая – Аликтің қалыңдығы, 21 жастағы бойжеткен;

Динара – 20 жастағы бойжеткен қыз;

Әдик – Динараның жігіті;

Бірінші көрініс

Әсем жиһаздары бар, еденде кілем жайылған бөлме ішінде дастархан басында Сәлім мен Алия оңаша сөйлесіп отырады.

Сәлім: Әкемнің қырқын өткіздік, үлкен үй қаңырап қалғандай көрінеді. Әкем тірі кезінде дастархан басында мәз-майрам болып отырушы едік, аһ, қайран әкем! Енді, міне, бөлменің іші тым-тырыс, мүлде көңілсіз үй! Мен жұмыстан үш-ақ күнге сұранғам, сондықтан ертең қалаға қайтамыз, Алия.

Алия: Сонда осы дағарадай үйде апамды жалғыз тастап кетеміз бе?

Сәлім: *(әйеліне)* Сен неғып аяқ астынан апамды уайымдап қалғансың, әшейінде ауылдағы апамды да, атамды да ұнатпаушы едің ғой?

Алия: Өмір бойы қалада өскен соң ауылға үйренбегенім рас, ауыл адамдарына да үйренбегем, бірақ, дәл қазір атам болса қайтыс болды, ал, осынау үлкен үйде жападан-жалғыз қалған апама жаным ашып отыр.

Сәлім: Ештеме жоқ, құдайдың басқа салғанына көнер, біздің үй ауылдың қақ ортасында тұр, апамның жалғыз өзін қасқыр жеп кетер деп пе едің? *(күледі)*

Алия: Мүмкін, мына үйді сатып, ананды қалаға көшіріп әкетерміз, а, Сәлім?

Сәлім: Сенің көкейіңді тескен аудан орталығындағы осы үлкен, бес бөлмелі үй екен ғой, енді түсініктіііііі.

Алия: Қойшы ей! Не болды саған! Сен ылғи мен туралы арам ойлайсың. Мен үйді ойлап отырғам жоқ, апамның жайын ойлап отырмын.

Сәлім: Аяқ астынан апама қамқор бола қалуын! Апам мен атам қалаға қонаққа келгенде «ауылға қашан қайтады, келгеніне бес күн болды, қашан кетеді?!» деп, күн санап, есің шығушы еді ғой. Бәсе,бәсе!

Алия: Қойшы, Сәлім, мені мазақтап қылжақтамашы! Әрине, бір бөлмелі тар үйде екі баламен, және қолынан түк келмейтін әкелері сенімен бірге — барлығы төрт адам онсыз да тарылып отырғанда, атам мен атам бір апта жатып алғанда, әрине, тар үйде тарылып, есіміз шыққан соң айтсам айтқан шығармын.

Сәлім: Енді сол тар үйге апамды көшіріп апарайық дегеніңе жол болсын?! Бұл қай қылығың!?

Алия: Сен мені түсінбедің, Сәлім. Әрине, біз тұрып жатқан бір бөлмелі тар үйге апара алмаймыз.

Сәлім: Ендеше неге көшіріп әкетейік дейсің? Сені мүлде түсінбедім-ау, түсінбедім!

Алия: Әрине, түсінбейсің. Мына аудан орталығындағы осы үйдің нарықтық бағасы қандай шамада, айтшы, Сәлім?

Сәлім: Өй, бұл үйлер қазір удай қымбат. Елу, алпыс мың доллардан кем емес.

Алия: Міне, көрдің бе? Егер біздің бір бөлмелі пәтеріміздің үстіне қосымша елу мың доллар қосып, төрт бөлмелі пәтерге ауыстырсақ, ұлымыз бен қызымызға да, апама да, біз екеуімізге де жеке-жеке бөлме болар еді. Әйтпесе, біраз ақша қоспасақ, қуықтай тар бір бөлмеде өмір бойы тұратын шығармыз. Менің ойым қалай, дұрыс па?

Сәлім: Әй, осы сенің басын кейде керемет жұмыс істеп кетеді! Мынауың табылған ақыл! Апама айтып көрейік, апам көнер ме екен?

Алия: (*ашуланын*) Немене, бұрын басым жұмыс істемеуші ме еді?!

Сәлім: (әйелін құшақтап) Саған ашуланған жараспайды, сүйіктім! Мен әшейін қалжындап айтқаным ғой, әйтпесе, сенен ақылды қатын жоқ бұл өлкеде.

Алия: (*жадырап күліп*) Бәсе, солай демейсің бе, ақымағым! Менің ойымды енді түсіндің бе, сүйіктім!?

Сәлім: (*әйелін сүйіп*) Түсінгенде қандай, періштем! Бізге де, апама да жақсы болар еді. Қой, мен көп созбай апамды үйді сатуға көндірейін.

Алия: Сен бірден «үйді сатайық» деп қойып қалма, онда бәрін бір-ақ сөзбен бүлдіресің, алдымен немеренді тастап кетейік те, мен Аликтің аллергиясы бар екенін айтайын. Сонан соң апамды жалғыз қалдыра алмаймыз деп, қиналғаныңды айт. Ал, мен сені қоштай жөнелем, сөйтіп, үйді сатып, көшіріп әкетеміз деп екеулеп көндіреміз, түсіндің бе? «Қалауын тапсаң – қар жанады», жаным-ау!

Сәлім: (*қуана күліп*) Ха-ха-ха, түсіндім, періштем! (*әйелінің басынан сипап*) Қандай ақылдысың, бекерге алпысыншы размер баскіім кимегеніңе көзім жетті, алтыным!

Алия: (*мақтанып*) Көрдің бе, мен бәрін алыстан ойлаймын, өйткені, ұлымыз бен қызымыз ержетіп қалды. Тар үйде тарығып жүре береміз бе? Бір амалын табайық деп ойладым. Міне, солай!

Осы кезде Сәлімнің шешесі үстіне оюлы қамзол, басына ақ жаулық тартқан Ғайша кіреді, көңілі жабырқау.

Сәлім: (*анасына*) Апа, әкемнің қыркын өткіздік, енді қалаға қайтатын уақытымыз болды. Егер рұқсат етсеңіз келінімізбен екеуміз қалаға қайтайық. Немереңіз Алик сіздің жаныңызда қалсын, үй шаруасына көмектессін. Сізді жалғыз тастап кете алмаймыз, апа.

Алия: Апа, әрине, мен қарсы емеспін, бірақ Аликтің аллергиясы бар. Ауылдағы шаң-тозаңнан аллергия болып, ауырып қалса қайтесіз, апа?

Ғайша: Ауылда дәрігер жоқ, оны өздерін білесіңдер, қайда жүрсе де немерем аман болсын. Кейінірек немеремді сағын-

ғанда өзім автобуспен барып қайтармын. (Немересі Аликтің шашын сипап, маңдайынан сүйіп, бауырына тартып құшақтайды).

Сәлім: *(әйеліне)* Апам жалғызсырап қалатын болды-ау, бұрын шалымен шүйіркелесіп шай ішуші еді, қызымыз Динара біраз уақыт ауылда қалса қайтеді?

Алия: *(апаға қарап)* Мен Динараның біраз уақыт ауылда қалғанына қуана келісер едім, апа. Бірақ, қазір тамыз айының ортасы, қыркүйекте университетке сабағына барады. Киім-кешек, оқулықтарын алып, университетке баруға дайындалуы керек емес пе? Жақында ғана Динара немереніздің суық тиіп, ауырып қалғанын өзіңіз білесіз.

Сәлім: Оның дұрыс екен, ие, Алик те, Динара да ауылда қала алмайды, апа. Қап, апам жалғыз қалатын болды-ау! Енді қайттік? *(басын қос қолдап ұстап, қамыққан түр көрсетеді)*

Алия: Менімше мына аудан орталығындағы апамның үйін сатып, апамды қалаға алып кеткеніміз жөн сияқты. Апа, оған қалай қарайсыз?

Сәлім: Сен дұрыс айтасың, Алия? Бұл— табылған ақыл!

Алия: Рас айтпағанда-шы? Ауылда апам жалғыз қалса, қалада жүріп бекерге алаңдайтын боламыз. Ал, апам қалада бізбен бірге тұрса біздің үйге де, немерелеріне де бас-көз болар еді. Солай емес пе, Сәлім?

Сәлім: Әрине, солай. Келініңіз дұрыс айтады, апа. Мына аудан орталығындағы дағарадай бес бөлмелі үйді сатып, сізді қалаға көшіріп әкетейік. Марқұм әкем тірі болса, ешқандай алаңдамас едім. Ал, қазіргі жағдайда біздің қолымызда тұрғаның жөн сияқты, апа. Оның үстіне жалғыз жанашыр — мен сіздің жалғыз ұлыңызбын.

Гайша: Айналайын, ботақандарым! Мені ойлап, қамқорлық танытқандарыңа рахмет. Мен осы ауылда туып-өскен адаммын. Енді қартайғанда кәрі сүйегімді салдырлата сүйретіп, беталды қайда барам? Мені әуре қылмай, өздерің қалаға кете беріңдер. Мен шалдың ошағының түтінін сөндірмей, ауыл арасында тұра берем, қарақтарым.

Алия: Апа, біз шын көңілден жанымыз ашып тұр. Осы үйде жалғыз қалатыныңызды ойласам, тіпті жылағым келеді. *(көзін орамалмен сүртіп, кемсеңдеп жылаған болады)* Біз сізді жалғыз тастап кете алмаймыз, солай емес пе, Сәлім? Апатай,

сізді жападан-жалғыз қалдырғанша мен ауылда қалайын, бірақ күйеуімнің, балалардың жайы қалай болады?!

Сәлім: Әрине, келінііздің қалада жұмысы бар, оны да ауылда қалдырып кете алмаймыз, апа. Мына дағарадай бес бөлмелі үлкен үйде жалғыз өзіңіз не істейсіз? Егер біздің үйге көшуге келіссеніз, мен үйді сату туралы хабарландыру беріп келейін, келінііздің айтқаны дұрыс, жалғыз анамызды қиып кете алмаспыз. (*жылаған болады*)

Ғайша: Айналайын, балаларым! Мені әуре қылып қайтесіндер? Осы үйренген жерімде тұра берейін, өлсем, ауылдың шетіндегі төбеге, шалымның жанына барамын.

Алия: Апа, марқұм атам жетпіс бесте қайтыс болды, ал сіз небәрі алпыстан жаңа астыңыз, зейнетақыға шыққаныңызға көп болған жоқ, өлгеніңіз не? Айтпақшы, зейнетақыңыз қанша, апа? Сіз бізге, балаларыңызға, немерелеріңізге керексіз, апа!

Ғайша: Зейнетақыны шал алушы еді, алпыс мың ба, жетпіс мың ба, білмеймін, келінжан. Әйтеуір, бұйырғанын аламыз, айналайын, келінжан. Картайып бара жатқанымыз шындық, кәрі қойдың жасындай жасымыз қалды. Еее, беу, дүние-ай! Мына жарық дүние қамшының қысқа сабындай шолақ екенін енді ұқтым, келінжан.

Сәлім: Апа, мені үйді сату туралы хабарлама беріп қоям. Қалада немереңізге бас-көз болып, бәріміз бірге тұрамыз. Әрі, балалар ержетіп қалды. Тар үйде тарығып отырмыз, мына үйді сатсақ кең үйге кенелер едік, оған, әрине, оған Сіздің келісіміңіз керек.

Ғайша: Әй, балам-ай! Мені жылы орнымнан қозғап қайтесің? Шалымның жылын өткізген соң ойланып көрейін, әзірге қыстамашы, балам.

Алия: Апа, атамның жылдығын осы ауылдағы шайханада өткіземіз, оған қам жеменіз, ол — біздің балалық парызымыз, апа.

Сәлім: (*анасын құшақтап*) Апа, біз сізге жамандық ойлаймыз ба? Әлде, жар дегенде жалғыз ұлынның сөзін жерге тастайсың ба, айтшы, апа?

Ғайша: (*жыламсырап*) Әй, балалар-ай! Қоймадыңдар ғой, кәрі апаларың астынан су шыққандай, шалымның денесі суымай жатып, қалаға көшкені қалай болар екен?! Көршілер не дейді, ел-жұрт не дейді?

Алия: Апа, сіз баланыздың қолына көшіп барасыз, онын не әбестігі бар?! Үй сатылған соң көрші-қоланды шақырып, қаладағы ұлымның үйіне көшіп барамын деп, атама арнап құран оқытып, молданы шақырып, құдайы тамақ береміз. Дұрыс па, апа?

Ғайша: Дұрысы дұрыс қой. (*күмілжіп*) Бірақ, мен қалада тұрып көргем жоқ, қалай болар екен, балалар?

Алия: Ой, апа! Ешқандай уайымдаудың қажеті жоқ. Он қабатты үйдің төртінші қабатында тұрамыз, сіз үшін басқа пәтерге бірінші, екінші қабатқа айырбастамақ ойымыз бар. Сізге бір бөлме бөлек береміз, сондықтан еш алаңдаманыз, апа. Мүмкін, үй-жайы бар, кемпірі өлген атам сияқты бір шал тауып берерміз, апа.

Ғайша: Ойбай, шалы құрсын, атама, келінжан. Қартайғанда шалды қайтем, мен енді сендер үшін өмір сүрем, өздерің аман болындар, балалар?!

Алия: «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген, қалжыңдап айтам, апа.

Ғайша: Еее, бәсе, келінжан.

Сәлім: (*анасын құшақтап*) Апа, келінінің барлық үй шаруасын өзі атқарады, ал сіз немерелеріңізге бас-көз болсаңыз болғаны, солай ғой, Алия?

Алия: (*енесін құшақтап, бетінен сүйіп*) Әрине, апа! Екі қолыңызды жылы суға малып отырасыз, апатай!

Ғайша: Мейлі, балалар. Айтқандарың болсын, төрт керегені күзетіп отырам ба? Шал болса, менен бұрын арғы ауылға кетіп қалғаны, мынау.

Алия: (*қуанып*) Бұл шешіміңіз дұрыс болды, бұған ешқашан өкінбейсіз. Жападан-жалғыз отырғанша балаларыңыз бен немерелеріңіздің ортасында болғаныңыз дұрыс, апа. Сәлім, сен алып-сатар агентствоға барып, хабарландыру бер. Уақыт оздырма, жақын арада үйді сатып, ақшасын алып кеткеніміз жөн. Солай емес пе, апа?

Ғайша: Өздерің біліңдер, балалар. Енді қартайғанда айтқандарына көніп, айдағандарына жүретін болдык қой, қарағым. Кәрі қойдай жасымыз қалды, балаларымның жанында тұрайын, шалым оған қуанбаса ренжи қоймас.

Алия: Өте ақылды шешім, апа! Сіз көпті көрген көреген жансыз!

Сәлім: *(анасын құшақтап)* Апа, әлі бізге рахмет айтасыз. Келініңіз шайыңызды қайнатып, кіріңізді автомат машинаға жуып, сізді мәпелеп күтеді, апа.

Ғайша: О, ботақандарым менің! Шал екеуміздің тірнектеп жиғанымыздың бәрі сендер үшін. Айтпақшы, үш-төрт ірі қара, отыз шақты қой, ешкіні қайтеміз!? Қалада қора-қопсыларын болса жоқ, балалар.

Сәлім: Бәрін сатамыз, апа. Ол жағына кам жеменіз, келініңіз екеуміз бәрін алдын-ала ойластырып қойғанбыз.

Алия: Бір-екі қойды сойып әкетейік, басқаларын сатып жібереміз.

Сәлім: Әрине, ол жағына кам жеме, малды бағу қиын, сату оңай!

Ғайша: *(мұңайып)* Сәлімнің әкесі малжанды адам еді байғұс.

Алия: Айтпақшы, бір жылқыны соғымға қалдырайық. Балалар қазы-қартаны жақсы көреді.

Сәлім: *(ойнап, честь беріп)* Мақұл, құп болады, бәйбіше! *(анасына қарап)* Ой, апа, кешіріңіз, келініңізбен қалжыңдасып жатқаным ғой.

Екінші бөлім

Сәлім мен Алия бір бөлмелі пәтерін жап-жаңа төрт бөлмелі пәтерге айырбастан алған. Үйдің іші жарқырап тұр. Айнала жап-жаңа жиһаздар, еденде парсы кілемі, керегеді үлкен картиналар. Сәлім мен Алия, ұлы Алик, қызы Динара тым көңілді, Ғайша апай ғана жабырқау.

Алия: Тамаша! Мына төрт бөлмелі үйді алғаннан бері көңілім көтеріліп, тіпті, калыктатып ән салғым келіп тұрғаны.

Сәлім: *(әйелін құшақтап)* Ән салсаң өзің біл, жаным, қаланың қақ ортасындағы төрт бөлмелі жайлы пәтер! «Өз үйің – өлең төсегің».

Алия: Айтсам айтам, несі бар екен! Мен Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Роза Рымбаевадан кем айтпаймын, жаным! *(ыңылдап ән айта бастайды).*

Алмағаштың гүліндей-ау. Текеметтің түріндей-ай,
Өтіп дәурен бара жатыр. Сіз бен бізге білінбей-ау!

Сәлім: *(қол шапалақтап)* Па, шіркін! Менің қатыным қалай-қалай ән шырқайды, ә, көрдіндер ме? Бұрын ылғи орысша

айтушы едің! Қалай еді, әлгі, сен ылғи айтатын әнің, еее, енді есіме түсті. (ән салады) – Ой, мороз, мороз, не морозь меня, не морозь меня моего коня! Түу, қайдағы жоқ мағынасыз, осы әнді айтып қоймаушы едің, апам келгелі қазақтың әнін үйреніп, жақсы болып қалдың, ие, Алия?

Алия: *(көңілді)* Апамнан көп нәрсе үйрендім, бұрын фокстрот, вальс қана білуші едім, енді қазақтың биіне шейін үйрендім. Қаланың қақ ортасындағы мына кең үйге кіргеннен бері, мен қуанғаннан ән салып, би билегім келеді. Бүгін сегізінші наурыз – халықаралық күні! Динара екеуіміздің, апам үшеуіміздің мерекеміз. Апа, қане, бәріміз қосылып би билейік. Мен қазір «Қара жорға» биін қояйын. Қане, келіңіз, ортамызға, апа.

Магнитофонды қосып, Ғайша апаның тартыншақтағанына қарамай ортаға алып, Алия, Динара, Сәлім, Алик қосылып, «Қара жорға» биін билей бастайды.

Сәлім: *(қуана билеп)* Аяқ астынан төрт бөлмелі үйге ие болдық. Апамның үйін алпыс мың долларға сатып алғанда керемет қуанғаным-ай!

Алия: *(көңілді)* Апа, қане, билеңіз! Бұл – сіздің жастық шағыңыздан келе жатқан халық биі.

Ғайша: Балалар, сендердің қуаныштарың – менің қуанышым. Үйлерің құтты болсын, алтындарым.

Алия: *(көңілді)* Апа, бұл сіздің үйіңіз. Ауылдағы марқұм атаң екеуіңіздің үйлеріңіздің ақшасына алмасак, тар үйде тарығып отыратын едік, апа.

Ғайша: Бұл үйді игіліктеріне ұстандар, балалар! Менің кәрі қойдай жасым қалды, болашақ сендердікі, айналайындар!

Алия: *(көңілді)* Жок, апа. Қартайдым деп айтпаңыз, не-мерелеріңіз Аликті үйлендіріп, Динараны құтты орнына қондырған соң ғана қартайдым деуіңізге болады. Солай ма, Аликтің әкесі?

Сәлім: *(қуанып)* Әрине, келіңіз дұрыс айтады, апа.

Алия: Біраз тер шығарып, би биледік, енді жүріңіз шай ішейік, апа!

Отбасы мүшелері түгел – Алия, Сәлім, Ғайша, Алик, Динара бәрі дастарханға отырып, шай іше бастайды.

Ғайша: Ұлым, кеше әкең түсіме кіріп жүр. Уақыт жүрдек, міне, әкеңнің жылдығын өткізетін уақыт жақындап қалды, балам.

Сәлім: Апа, оған бола алаңдамаңыз. Әкемнің жылдығын ауылда өткізуге керекті қаражат қалды.

Алия: Апа, бүкіл ауылды шақырып не керек? Көрші-қолаңды, туған-туыстарды теріп шақырып, шағын адамдарға құдайы тамақ жасасақ, немереңіз Аликтің Орта мектепті бітіргеніне жеңіл машина алар едік.

Сәлім: Алдымен әкемнің жылын өткізейік, ақша қалса көрерміз. Алия, қойсаңшы, қалған ақшаны тағы үнемдемек ойың бар ма?!

Алия: Апа, менікі бұрыс па, дұрыс па, төрелігін өзіңіз айтыңызшы?! Мен сіздің немереңіздің қамын ойлағандықтан айтып отырмын, солай емес пе, апа?! Елдің бәрі балаларына машина әперіп жатыр, біз солардан кембіз бе, апа?!

Ғайша: Балам, бөліп-жармай бүкіл ауылды шалымның жылдығына түгел шақыруым керек, өйткені сенің әкеңді бүкіл ауыл сыйлайтын қадірлі азамат болғанын білесің, қарағым.

Сәлім: Әрине, айтсаң болды ғой, апа.

Алия: Қазіргі нарық заманында ақшаны тектен-текке оңды-солды шашудың не керегі бар, апа, ойлаңызшы?

Ғайша: Келінжан, атаңның ең соңғы рәсімі – осы жылдығын өткізіп, құран оқыту. Ауыл тұрғындарын бөліп жарудың қажеті жоқ. Балалар— бұл аталарының алдындағы соңғы балалық парыздарың, сондықтан бір ауылды бөліп-жармай, бәрін шақырындар, құлындарым.

Сәлім: Мақұл, түсіндім, апа.

Ғайша: Өркенің өссін, ұлым.

Алия: *(ренжіп)* Сәлімнің жолдастарының бәрі балаларына жеңіл машина әперіп жатқан соң айтқаным ғой. Мейлі, апамның көңілін қалдырмайық.

Сәлім: Кейін бір реті болар, Алик жоғары оқу орнын бітірген соң машина әперерміз.

Алия: *(жаратпай ренжіп)* Сенің тапқан айлығың шайлығына жетпейді, қалай машина сатып алмақсың?! Үім! Машина сатып алғышын шіркіннің! *(кекете күледі)*

Ғайша: Балалар дауласпандар, балалар аман болса, дүние табылады. *(Бетін сипап, дастарханнан тұрып кетеді)*

Сәлім: Кейін бір реті болар, Алия. Бұл ақша әкемнің үйін сатқаннан қалған ақша ғой, құдайға шүкір, төрт бөлмелі үй алдық. Қалғанын әкемнің жылдығына жұмсайық, сен ығи бүйректен сирақ жасап отырасың.

Алия: (*жаратпай*) Мейлі, айтқаның болсын. Бірақ, мен ауылға бара алмаймын, дәрігерге қаралуым керек, кан қысымым көтеріліп жүр.

Сәлім: Сонда апам екеуміз ғана барамыз ба? Жұрттан ұят емес пе? Ел-жұрт апамның келіні қайда демей ме?

Алия: (*күліп*) Ештеңе жоқ, елдің еркектері жүр ғой, жалғыз-ақ. Маған бүйрегің жабысып қалып па еді?!

Ғайша: Келін, сенің барғаның дұрыс болар еді, әйтпесе ауыл тұрғындары мені өсекке танар. Дәрігерге келген соң қараласың, қалқам.

Алия: Апа, мейлі, сіздің айтқаныңыз-ақ болсын. Бірақ, жолда өліп қалсам, сіз кінәлі боласыз, өйткені кан қысымым көтеріліп, соңғы кезде жиі ауырып жүрмін.

Ғайша: (*шошып*) Астапыралла, келін! «Жақсы сөз-жарым ырыс». Өйтіп жамандықты шақырма, аман-есен барып келуге жазсын.

Сәлім: Апа, Алияны қинамайық, ауырып қалды деп айта салармыз, ертеңнен бастап жолға жиналайық, апа.

Ғайша: Мейлі, екеуміз-ақ барайық, балам.

Үшінші бөлім

Бөлме ішінде Алия мен Сәлім. Бөлменің ортасы шымылдықпен бөлінген. Шымылдықтың аржағында Ғайша кемпір намаз оқып жатқаны көрінеді.

Алия: (*ашулы, күйеуіне*) Бүкіл ақшаны құртып тындың?! Бүкіл ауыл тұрғындарын шақырғанда не ұттың? Ішті, жеді, кетті. Әкелгендері –ұсақ-түйек, болар-болмас кәкір-шүкір, тиын-тебен. Одан да үйден қалған ақшаға ұлымыз Аликке жеңіл машина сатып әперу керек еді. Динара да бойжетіп қалды, қалыңмалсыз қыз болмайды, соны ойладың ба, Сәлім?!

Сәлім: Құдайға шүкір, төрт бөлмелі үй алдық. Бірте-бірте басқасы да реттелер, несіне байбалам салып, ертеден кара кешке дейін уайымдай бересің?!

Алия: (*ашулы*) Мен ойламасам кім ойлайды, мисыз кеше!?

Сәлім: Не қыл дейсің енді, айтпаймысың? Сен-ақ қара аспанды төндіріп, «аспан ақыр, жер тақыр» деп, ақырзаманды орнатып отырасың?!

Алия: *(ашулы)* Апам үйдегі бөлмесіне жүн-жұрканы толтырып, шаңын бұрқылдатып жүн сабап, көрпе жасап жатыр. Прямо невозможно дышать!

Сәлім: Мейлі, жүн түтсе түтсін, ауылда өскен адам! Немерелеріне көрпе жасап жатқан болар, онда не тұр екен?

Алия: Елдің кемпірі жүн жуып, жүн түтіп, үйді бықсытып отырған жоқ, білдің бе? Ал, апам болса, біресе жүнді жуады, біресе түтеді, біресе түбіттен шұлық тоқимын деп ұршық иіреді, әйтеуір тыным таппайды.

Сәлім: Мейлі, ұнаған шаруасын істей берсін, осы сенің апамда не шаруаң бар? Апам отырса опак, жүрсе сопақ деп, есін шығарасың. Кончай, давай, хватит!

Алия: Әй, ақымақ! Биыл Алик университетті бітіріп, диплом алады. Оқу бітірген соң ұлымызды үйлендіріп, текті жермен құда болсақ деген арманым орындалатын сияқты. Білесің бе, Аликтің ұнатып жүрген қызы — облыстық Әкімнің қызы.

Сәлім: Ну и что! Әкімнің қызы ма, қойшының қызы ма, бізге бәрібір емес пе?

Алия: Әй, ақымақ, ақымақ! Ол қыздың қымбат машинасы, қаланың орталығында екі бөлмелі пәтері бар көрінеді, соны ойладың ба?! Біз сияқты өмір бойы бір бөлмелі тар үйде тарығып өмір сүрмейтін болады, ақымақ! Екеуміз қартайғанда барып, енді ғана төрт бөлмелі пәтерге қол жеткіздік, миғұла!

Сәлім: *(күліп)* «Біреу өлмей біреу байымайды» демекші, оның өзін әкем қайтыс болған соң, әкемнің үйін сатып, әзер алдық емес пе!?

Алия: Елдің еркектері пішен-пішен ақша табады! Ал, сенің тиын санап жүргенің мынау, сен осы ғалым болғанша залым болғаның жақсы еді! Ғалым болғанша залым болсайшы!

Сәлім: Қойшы, Алия! Тағы бастадың ба? Немене қартайғанда саудагер бол демексің бе? Мен адал ақша тауып, адал өмір сүріп жатырмын, білдің бе?

Алия: Бұйткен адалдығың құрысын! Сенің адалдығыңның арқасында өмір бойы жарымай өтетін болдық. Одан да менің подругам Әселдің күйеуіндегі біреуді алдап, біреуді арбап, алаяқ болсаң да мансапты қызметке ие болып, ақшаң болса қалтаңда, талтандасаң талтаңда, — деп жүргенің жақсы еді. Айтпақшы, бүгін Алик дружить етіп жүрген қызын алып келеді. Білесің бе, дұрыстап күтіп алуымыз керек!?

Сәлім: Ие, жарайды, Алик болашақ келінді әкелсе, одан да сөзді көбейтпей дәмді етіп, кешкі тамақ жасап қой, пельмен немесе манты.

Осы кезде Алик қысқа шортик, кіндігін ашқан қысқа кеудеше киген, шашын жайып жіберген, қара көзілдірік киген жас бойжеткенмен бірге үйге келеді.

Сәлім: Қош келдіңдер, балалар. Төрге шығындар.

Алик: Пап, познокомья, она— моя телка.

Қыз: (*шашын артқа сілкіп*) Меня зовут —Сая.

Алия: Очень приятно, қызым, мен Аликтің мамасымын, атым Алия.

Қыз: А я —Сая.

Алия: Сәлім, Алик, Сая, тамақ дайын, дастарханға отырындар.

Осы кезде Ғайша ана кіреді, түрі жүдеу. Ашық-шашық киінген қызға одырая, жаратпай қарайды.

Алия: Бабушка, Аликтің қызымен танысып қой.

Ғайша: (*таңданып, бетін шымшып*) Қызым мына шолақ түрсимен жүргенің не? Ел-жұрттан ұят емес пе? Етегі ұзындау, қос етек әдемі көйлек кимейсің бе? Кіндігінді ашқан қысқа кеудеше кигенің не? О заманда бұл заман қазақтың қыздары кіндігін ашып жүрмеген, бұл не сұмдық, қызым-ау! (*кіндігіне үңіліп*) Маскара, кіндігіне дөңгелек сырға тағып қойған ба, қарағым!?

Сая: (*Аликке ренжіп*) Я не знала, что у тебя отсталые родители, а то бы сюда ни за что не пришла, тем более такая отсталая, диковинная, средневековая бабушка!

Алик: Сая, не сердись, не обращай внимание, это как никак, не чужая, а мать моего отца, моя старая бабуля!

Алия: (*Ғайша анаға ежірейін*) Апа, прекрати немедленно! Аликтің қызы шортик киген симпатичная девушка! Бір бастықтың қызы! Ты понимаешь, апа?

Сәлім: Апа, ештеңе бүлінген жоқ қой, онда не тұр, шолтандаған шортик кесе кие берсін? Кіндігін ашқан кеудеше кесе кие берсін, апа. Қазір заман солай, апа. Демократия! Понимаете, кім не қаласа соны киіп жүре береді, апа. Заман солай! (*Саяға қарап*) Жасы үлкен кісі. Ауылда туып-өскен, қыздардың шортик киіп, кіндігін ашып жүргенін ұнатпайды, әрине.

Алия: Апама көңіл аударма, қызым. Апам оқымаған, сауатсыз адам. Мен апамның осыншама білімсіздігі үшін басымды иіп кешірім сұраймын, қызым.

Сәлім: (*әйеліне жалтақтан*) Ие, кешір, апам ескіліктің адамы. Апамның қылығын кешір, Сая қызым.

Сая: (*күліп*) Я понимаю Вас, наверное Вам стыдно за ее поведение, как никак отсталая бабка! Ладно, не переживайте, я прощаю отсталую бабушку.

Алия: Бабушка, жастардың киімінде не шаруан бар? Қазір бұрынғы заман емес, кім нені қаласа, солай киінеді, апа. Қазіргі заманның қалай өзгергенін білмесең, пожалыста, ради бога, «екі елі ауызға – бір елі қақпақ» деген, аузыңа ие болып, тыныш отыр, апа!

Гайша: Заман өзгергенмен адам өзгерген жоқ, келін. «Қыз балаға қырық үйден тию» деген. Мына түрімен бір үйге келін боп түсіп, балаларға ана болып жарыта ма, айтшы, келін?!

Алия: (*ашулы*) Бабушка, хватит осуждать, «не суди другого, не судимым будешь», понимаете! Аяқ астынан ақылсына қалуын, видишь ли! (*сыбырлап*) Хватит, бабуля, глаголить, сиди, и заткнись, никто твое мнение не спрашивает, поняла?! А то, дай волю тебе, ты расстроишь свадьбу моего сына на богатую невесту!

Гайша: (*аңтарылып*) Келін, не деп шүлдірлеп кеттің? Қазақ тілінде сөйлемей, орысша шұбырттың кеп! Менің ауылда туып-өскенімді, орысша бір ауыз сөз ұқпайтынымды білесің ғой, ендеше неге орысша сөйлейсің, келін?! (*кейін*) Жаман орыс қазақ болмас, жаман қазақ орыс болмас, келін.

Сәлім: Түу, әңгімеміз жараспай кетті ғой. Жастардың киімінде нең бар, апа! Кіндігін аша ма, басқа жерін ашып жүре ме, шаруаңыз қанша, апатай?! Апа, жастармен сөз таластырмай, бөлмеңе барып демалсаншы, саған түскі тамақты бөлмеңе апарып берейік, оған қалай қарайсың?

Гайша: (*ашуланып*) Сонда мені дастархан басынан қуғаның ба, ұлым! (кемсеңдеп) Бүйтіп қалаға алып келіп қорлағанша ауылда жалғыз отырғаным артық еді. Шалым тірі тұрса, кен сарайдай өз үйімде отырмас па едім, қайран шалым!

Сәлім: Апа, сен мені дұрыс түсінбедің, құдай сақтасын, дастарханнан қуып нем бар?! Әшейін, балалар ұялмасын дегенім ғой.

Алия: (ашулы) Апа, «когда я ем, я глух и нем» деген мақалды білесіз бе?! Тып— тыныш отырып, үндемей ғана тамағыңды ішіп жатпайсың ба?! Үйге келген қонақты ұялтпаныз, білдіңіз бе? Ол— әке-шешесі бай, біздің болашақ келініміз! Әлде ұзын етек көйлек киген кедей-кепшікпен құда болғанымызды қалайсыз ба?!

Ғайша: Сонда немене, жастар бетімен кетсе де үндемей отыруым керек пе?! Жоқ, келін, «үндемеген үйдей пәледен құтылады» деп, үндемей отыра алмаймын. (Сая қызға қарап) Келесі жолы дұрыстап киініп кел, ұзын көйлек киіп, қазақтың ежелгі ұлттық киімі — оюлы қамзол кисең тіпті жақсы, қызым!

Алия: (ашулы) Жетер, апа! Ол білдей бастықтың қызы! Ал, сен түк көрмеген, ауылдың жаман кемпірісің! Сөйте тұра бастықтың қызына ақыл айтпақсың ба? Ақылың тасып тұрса, айлығы шайлығына жетпейтін, жартымсыз жалақысымен бала-шағасын жарытпайтын, «не рыба, не мяса» ұлын Сәлімге ақыл айт!

Сәлім: (күйініп) Алия, мені қоспасаң көңілің көншімей ме? При чем тут, я?! Ну, скажи, при чем тут я?!

Алия: (ашулы) Немене, менің айтқаным өтірік пе? Елдің еркектері пішен-пішен ақша табады, ана менің подругаларым Сандуғаш пен Марзия күйеулерінің арқасында «Карибское море, Мальдивские море, Турция, Анталья, Арабский эмират» деп, жыл сайын шетелге барып, демалып қайтады. Ал, сен мені мына тұрған Ыстықкөл мен Алакөлге апаруға ақшаң жетпейді, өтірік пе?!

Сәлім: (әйеліне) Алия, болды, жетер! Саядан ұят емес пе?!

Алия: (өтірік күліп) Сая, қалжыңым ғой, оған назар аударма, жаным! Тамақ алсаңшы, қызым.

Сая: (ағылшынша) Сенкю, вери матч! То есть, рахмет!

Алия: (өтірік күліп) О кэй! О кэй! Түсіндім, қызым!

Ғайша: Тағы не деп шүлдірдеп кеттіндер, түсінсем бұйырмасын, балалар!

Алия: Сізге түсінудің қажеті жоқ, апа! Қазір үш тұғырлы тіл туралы заң шыққан, болашақ келініміз екеуміз ағылшынша сөйлесіп жатырмыз. Сіз, конечно, түсінбейсіз, орысша білмейтін кемпір ағылшынша білуші ме еді, тәйірі, әрине, білмейсіз, апа.

Ғайша: Жетіскен екенсіндер, келін. Қазақ тілін қарқ кылып, басқа тілге көшкен екенсіндер ғой, түсінікті.

Алия: (*күйеуіне*) Бабушка все испортит, пожалыста, уведи ее в свою комнату и запри дверь на ключ, пока Сая здесь, ты понял, Салим?!

Сәлім: Апа, кейін ақылдасып сөйлесерміз, қазірге өз пікіріңізді ішке сақтап, тыныш отырғаныңыз жөн, апа. Өйткені, болашақ келіміз білдей бастықтың қызы! Абайлап сөйлемесеңіз болмайды, апа.

Ғайша: Не дейді, әкесі бастық дей ме?! Әке-шешесі бастық болса, қызына әдемі көйлек сатып әперуге шамасы жетпей ме, антұрғанның?!

Алик: Әжешка, «когда я ем, я глух и нем» деп, мамам айтты ғой. Дастархан басында үндемей отырып, тамақ ішу керек, әже.

Сая: Вот именно, Алик прав! Нельзя много болтать, бабушка! Ваше время прошло, сейчас другое время, атомный век!

Ғайша: Өй, әдіре қалғыр! Шүлдірдеп орысша сөйлемендер, мен қазақпын, балам! Мына отырған сен де қазақсың! Ендеше қазақ тілінде сөйле. Дастархан басында өңшең казактар отырып, біресе орысша, біресе ағылшынша қойыртпақтамау керек.

Алик: Ой, бабушка! Уже надоела твою лекцию слушать! Пойдем, Сая! А то бабушка нам мозги будет компрессировать!

Сая: (*Алия мен Сәлімге*) С Вами была приятно общаться, но я больше сюда не приду, Алик, мне противна твоя архаическая, отсталая бабушка!

Алия: Ашуланғаның орынды, қызым. Бұл бетімен кеткен кемпір! (*Ғайша кемпірге қарап*) Апа, бұл не қылығың, апа!? Сая қызымды ренжіттің, болашақ келіннен кешірім сұра, апа! Қане, кешірім сұра!

Ғайша: Өй, әдіре қалғыр! Кімнен кешірім сұра дейді?! Мынадай ерсі киім кигенге кешірім сұрасын дейсің бе? Жарайды, бір жолға кешірдім бұл қызды. Келесі жолы дұрыстап киініп кел, қызым.

Сая: (кемпірге тікелейіп, саусағын кезеп) Это вы должны у меня просит прощения, за грубое обращение, за ваше неуместное поведение, ты поняла, старушка бабушка?!

Ғайша: Не дейді, мына қызым?! Саусағын неге кезейді маған, келін-ай, түсіндірсеңші, балам!?

Алия: (*Саяға*) Қызым, кешір, алжыған қақтасты. Кәрі кісі сөйлей береді, көңіліңе ауыр алып қалма, қызым. Кешір, қыз-

ым. Ауылда үйсіз-күйсіз, жападан-жалғыз қалған соң аяп, қолымызға алып едік, енді келген қонағымызға ақыл айтып ұятқа қалдырды, кешіре гөр, қызым! (*Қыздың қолынан сүйеді*)

Ғайша: Үйсіз-күйсіз қалған соң қолымызға алдық деп кімді айтып тұрсын, келін. Мына қыздың үйі жоқ па екен, айтсаңшы түсіндіріп?!

Сәлім: Апа, кейін түсіндіріп айтып берем, құдай үшін шыдай тұршы, әзірге үндемеші, бәрін бүлдіресіз, апа.

Сая: Ладно, первый раз я прощаю отсталую бабушку. Но, следующий раз ее присутствие нежелательно, я ее больше не потерплю, вы поняли?!

Алия: Поняла, қызым, поняла! Жаман кемпірдің көзін құртамын, я тебе обещаю, қызым.

Ғайша: Не дейді, кімнің көзін құртасын, келін?!

Сәлім: (*ыңғайсызданып*) Апа, келінің қалжындап айтып тұр, оның сөзін көңіліңе ауыр алып қалма, апа.

Алия: (*ажырайып*) Апа, молчи наконец, пока не поздно! Алик немерең Саяны сүйеді, түсінесің бе? Онын үстіне Сая білдей дөкей шенеуніктің, облыстық Әкімнің қызы! Ал, сен, апа, все хочешь испортить, так что, я не позволю испортить наше семейное благополучие! Поняла, алжыған кемпір!

Ғайша: Әй, алжығаны несі, адырам қалғыр, кемпірі несі, кемтігіп қалғыр! Не дейді, қараң қалғыр! Шенеунік дей ме, шенеунік болса қайтейін!? Шенеуніктің қызы кіндігін ашып, шолақ дамбал киіп жүрсін деген заң бар ма екен?! О несі-ей!

Сәлім: Апа, балалардың киімін қайтесін, ұнаған киімдерін кие берсін, кіндігін аша ма, басқа бір жерін ашып жүре ме, ол – өз шаруасы! Құдай үшін, бөлменізге кіріп, демалыңызшы. (*кемпірді жетелеп әкетпек болады*)

Ғайша: (*жұлқынып*) Қолымды жіберші, балам. Сенің қатынынның кемпірді құртам деп қалжындауға қандай қақы бар, ұлым?! Бұл келін емес, келсап болды ғой, әдіре қалғырдың «кемпірді құртқышын» қарай гөр!

Сәлім: Келініңнің ағат сөйлегенін кешір, апа. Байқамай, жуып-шайғысы келіп, мына дөкейдің қызы Саяның көзінше «көзін құртам» деп, жай әшейін айта салғаны ғой, түсінші, апа.

Ғайша: Сендер қазақтың ежелгі әдет— ғұрпынан жұрдай болып, үлкенді сыйлаудан қалыпсындар, мына жас қыз маған қарап саусағын кезейді, ал келін «айдың, күннің аманында,

алжыған кемпірдің көзін құртам» дейді. Қаладағы жастардың бәрі ұяттан безген безбүйректер! Алтын бесік — туған ауылымнан бекер кеткен екенмін. «Өз үйім— өлең төсегімнен» айырылып, бала-шағаның көзіне көзтүрткі болды деген осы! Қайран, жусан иісі аңқыған, кіндік қаным тамған, әр шаңырақтың түтіні түзу шыққан, айналайын, ардақты ауылым! Қайран ауылым!

Алия: Ужас! Мына кемпір пәле болды ғой. Бүгін-ертең қызым Динара жігітін ертіп келем деп еді, мына кемпірді қайтсем екен?! Қалай көзін құртамыз, айтшы, Салим?!

Сая: Если бабушка будет в твоём доме, я больше не приду, так что, учти, Алик! Мне уже противно твоя отсталая, в пещере родившая, динозавриха— бабушка!

Алик: *(жалынып)* Сая, извини! Бабушку срочно выгоним из дома. Сая, успокойся, мы из жалости взяли её из аула, а теперь она хочет командовать над моими родителями, мы этого не позволим, так что успокойся, милая! *(Алик пен Сая ашуланып шығып кетеді, осы кезде Динара жігітімен екеуі кіреді)*

Динара: Мама, менің дружить етіп жүрген жігітім. Танысып қойындар, папа, мама, әжешка.

Эдик: *(бұйра шашы иығына түскен ұзын, джинси шалбары бірнеше жерінен жыртық)* Мой пламенный, горячий привет, дорогим предкам! *(қолын көтеріп бұлғайды)*

Ғайша: *(көріп)* Астапыралла, мына маймылы кім! Сұмдық-ай, өзінің киімі де жоқ екен. *(Эдикке)* Әй, балам, жыртық шалбарыңды шеш, жамап берейін, обал-ай! *(бетін шымшып, қолын шошайтады)* Бұтында лыпасы жоқ, шашы жалбыраған, түп-тура маймыл!

Динара: Әже, выбирай выражение, в конце де концов не оскорбляй Эдика! Эдик мой парень, мой будущий муж, поняла, әжешка?

Ғайша: Динара, қызым. Айтсаңшы, шалбарын шешсін, жыртығын жамап берейін, обал ғой! Бұтында лыпасы жоқ, елден-жұрттан ұят!

Алия: *(Эдикке)* Төрге шық, Эдик. Не обращай внимание старой ведьме. *(Ғайшаға қарап)* Апа, бөлмеңе барсаңшы, апа. Балаларда не шаруаң бар?!

Ғайша: Келін, неге ашуланасың? Бар жазығым— мына баланың шалбарының жыртығын жамап берейін деп аяғаным ба? Мен де Сәлімдей ұл өсіргем. Бірақ, дәл мынадай тозығы

жеткен, жыртық-тесік, өрімдей ескі киім кигізбеп едім. О, Алла! Мына балаға обал-ақ! (*Эдикке*) Шалбарыңды шеш, балам. Жамап берейін. Ойбуу, шашың желкеңе түседі, есімің Эдик болса, жігіт боларсың. Мына шашыңа қыз болсаң бантик байла, ал жігіт болсаң, шашыңды қырқып берейін, нағыз жігіт бол. Мына шашыңмен не еркек емессің, не қыз-қырқын, қатын емессің. Мұның ел-жұрттан ұят болады, балам.

Эдик: (*Ғайшаға күліп*) Че, бабуля! Я одет по последней моде, это рваные джинсы — последний крик моды, так положено, бабуля! Это никакой не «жыртық», это модно, поняла, ажешка! Шашымды қығызбаймын, пусть растёт, ұзын шаш, это тоже модно, поняла, бабуля?!

Ғайша: Мына бала не дейді? Бұйткен модысы құрысын! Қыздары кіндігін ашып, шолақ дамбал кесе, ұлдары жыртық шалбар кесе, шаштарын сала құлаш қып иығына түсіріп, өсіріп жіберсе, қаланың балалары жетіскен екен! (*Бетін шымшып*) Бетім-ай, маскара! Мына балаларды біздің ауылдың қариялары көрсе, ұяттан жердің тесігі болса, кіріп кетер еді.

Алия: Апа, жетер! Есіктен кіре сала балаларға мораль айтып, есін шығардың, ұят емес пе?! Болды, доғарыңыз! Бөлменізге барып, жүн түтіп, ұршық иіргеніңіз дұрыс, апа.

Сәлім: Апа, келінінің дұрыс айтады. Құдай үшін, бөлменізге кіріп, демалыңыз, немесе, әлгі ауылдан алып келген қойдың жүнін түтіп, ұршықпен жіп иіріп, шұлық тоқығаныңыз әлдеқайда пайдалы, апа.

Ғайша: Сендер неге менің аузыма какпак қойып, үнімді өшіріп, жапқыларың келеді, көре тұра үндемей қалсам, үлкендігім қайсы? Жастарға жөн сілтеу — бағзы заманнан үлкендердің ісі. Атам заманнан бері қай қазақтың қызы кіндігін ашып, шолақ кеудеше киіп шолтандап жүріп еді, қазақтың қай ұлы жыртық-тесік шалбар киіп, байы өлген қатындай, шашын сала құлаш қылып жайып жүр еді? Жоқ, қарағым. Дұрысын дұрыс деп, бұрысын бұрыс деп неге айтпайсындар, түге?!

Алия: (*қолын жайып*) Апа, сіз мені шаршаттыңыз, это не бабушка, а просто, настоящая баба-яга! Ужас, просто! (*екі қолымен басын ұстап, теңселіп*) Божееее мой! Божееее мой!

Сәлім: Апа, келінінің дұрыс айтады. Сізге не болған? Біресе, Адиктің қызы Саяның киіміне придирались, а теперь мына Эдикке ақыл айтасыз. Сейчас так модно, понимаешь, апа!

Ғайша: Әй, сен қазақшаға орышаны қосып, қойыртпақтап сөйлегенді қой! Марқұм әкен екеуміз сені қалай тәрбиеледік? Ауылдың алтын асығындай, қазақшаға судай, нағыз ұлтжанды азамат едің! Мына қалаға келіп, осы қаланың тікбакай қызына үйленіп, бесіктен белі шықпай жатып, тілін орысша ашқан келіннен үлгі алып, жетіскен екенсің! Мен айтсам жақсы болсын деп айтам, ана жап-жас қыз кіндігін ашып, кіндігіне сырға тағып келді. О заман да бұ заман кіндігіне сырға таққан қыз баланы көрсем көзім шықсын! Оның үстіне қысқа дамбал киіп алып, тыртып келді, сонда немене әке-шешесі қос етек әдемі көйлек сатып әперуге шамасы жетпей ме?! Ал, мына Етігің жыртық шалбар киіп, шашын сала құлаш қылып, өсіріп алыпты. Атын неге Етік деген, Ерік, Серік деген қазақтың жап-жақсы аттары құрып қалып па?

Сәлім: Апа, Етік емес, Эдик, понимаєте, Эдик!

Ғайша: Мейлі, Етик па, Етік пе, кім болса, ол болсын. Мен оның жыртық шалбарын жамап берейін, ал, мына жалбыраған шашын міндетті түрде қырку керек, балалар. Бұларын жарамайды.

Алия: Хватит, апа! Во-первых, будущий күйеу баламыздың есімі сіз айтқандай Етік емес, а Эдииник! Бөлмеңізге барып, жүнді сабаумен сабап, түтіп, ұршық иіресіз бе, өзіңіз біліңіз, бірақ, балалардың киіміне тиіспеңіз, түсіндіңіз бе, апа!

Сәлім: (анасына жармасып) Апа, келініңіз дұрыс айтады, мен сізді бөлмеңізге ертіп апарайын, апа.

Ғайша: (Колын тартып алып) Мені бөлмеге қамап тастамақ болып тұрсындар ма? Жок, мен айтарымды айтам, қарағым! «Бас кеспек болсада, тіл кеспек жок» деген, қалқам! Әлмисақтан ата-бабамыз жөн сөзге көнген, шырағым. Мен сендерге дұрысын айтып тұрмын, балалар. «Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар» деген дана сөзді ұмытпаңдар, мен ащы болса да шындықты айтып тұрмын, балалар.

Сәлім: Апа, қырсығудың қажеті не, бүйтіп қасарысқанды қойсаңызшы!

Алия: (айғайлап) Өтінемін, бөлмеңізге барып демалыңызшы, апа! Вы уже надоели, старый хрыч!

Ғайша: Әй, Сәлім, құдайшылығыңды айтшы? Жөн сөз айтқан менікі дұрыс па, әлде бетімен кеткен жастардыкі дұрыс па? Кіндігіне сырға тағып, кеудесін ашып жүрген не деген сұмдық! Ойласаңшы, балам-ау!

Сәлім: Апа, дауласқанды қойыңызшы! Сая – болашақ келініміз. Ал, Эдик – болашақ күйеу баламыз! Сондықтан шалбарының жыртығын жамаймын деген бос әурешілікті қойыңыз.

Алия: Өтінемін, балалардың киіміне тиіспеңізші, апа! Эдик те үлкен лауазымды бастықтың баласы. Қазіргі жастар сіздің ондай қазақи қыртымбай сөздеріңізді көтере алмайды.

Ғайша: Мына ерлі-зайыпты екеуің өзара келісіп алғаннан саумысыңдар, қыртып тұрған мен емес, сен екеуің, келін шырақ?! Қосарланып алып, неге менің аузымды жаба бересіңдер? Әлде кәрі кемпір алжып кетті деп ойлайсыңдар ма? Құдайға шүкір, дені-қарнымыз сау, есіміз дұрыс.

Алия: *(жалынып)* Құдай үшін, өтінемін, ештеме айтпаңызшы.

Сәлім: Апа, келініңіз дұрыс айтады. Ешқандай қазақтың ежелгі әдет-ғұрпын, жөн-жоралғысын айтпай тыныш отырыңыз, оның қазір ешкімге керегі жоқ. Қазіргі заманға ең керегі – ақша, байлық, мансап. Солай, апа! Қазір басқа заман!

Ғайша: Өйтіп бар пәлені заманға жаба берме, заман өзгерген жоқ, баяғы ай мен күн, жұмыр жер –бәрі сол қалпында, адам өзгерді десен, бірсәрі.

Эдик: *(Ғайшаға күліп)* Да, бабуля! Ваше время прошло, Вам лучше молчать! Сейчас другое время, мы – новое поколение современных казахов.

Динара: Әже, прошу Вас, больше не оскорбляйте Эдика! Эдик – мой парень, то есть мой жених, мой будущий муж, поняла, әже?

Ғайша: Екеуің шүлдірлемей қазақша сөйлеңдер, қарақтарым! Мен сенің әкең Сәлім туғанда ана тілінде «бесік жырын» айтып ұйқтататын едім.

Динара: Әже, менің мамам маған ешқашан «бесік жырын» айтқан емес, «бесік жыры» қалай, әже, айтыңызшы?

Ғайша: *(қамыға, ыңылдап әндетіп)*

*Ұйқтай қойшы, ақ бөпем,
Төсегіңе жат, бөпем!
Бесік жырын айтайын,
Ұйқтамасаң қайтейін,
Ұйқтай қойшы, бөпешім,
Айналайын көкешім!*

Әдик: (күліп) О, чудесно! Мне понравился, прекрасное песня!

Сәлім: (анасын құшақтап сүйіп) Апатайым менің! Ол кезде «Бесік жырын» айтып ұйқататын едің, о, аяулы анашым! Кішкентайымнан аялап әлпештеген ана сүтін ақтадым ба, анашым?!

Алия: (жаратпай) Болды, өзеуре! Қарға баласын аппағым дейді. Осы кемпір келгелі үйіміздің шырқы бұзылды. Кіндігін ашып жүреді, оның үстіне кіндігіне дөңгелек сырға тағып жүреді деп, жалғыз ұлымыз таңдаған болашақ келінді сынап-мінеп жақтырмайды, немесе қызымыз таңдаған күйеу баланың ең соңғы үлгідегі жырым-жырым жыртық, джинси– шалбарын жамап берем деп есін шығарады. Ауылдан келген, түк көрмеген, одним словом, самый настоящий көргенсіз кемпір!

Сәлім: Алия, қойсаңшы. Кімнің арқасында төрт бөлмелі үй алғанымызды қалайша тым тез ұмытып кеттің?!

Алия: Ну и что!? Әкең болса өлді, ал шешең өлсе де все-равно бізге қалар еді, ведь біз– прямые наследники аташки и апашки!?

Сәлім: (ойлана) Ия, солай, оның рас, Алия! Әйткенмен біздер аяулы әкем мен анамның мұрагері болуға лайық жандармыз ба? Әкем Ұлы Отан соғысына қатысып, жанын шүберекке түйіп, неміс пәшистерімен азаттық үшін күресіп, бір аяғынан жараланып, туған жеріне жеңіспен оралған еді. Әкемнің қаншама құрдастары жат жерде елі, жері үшін көз жұмып, қасық қаны қалғанша жаумен алпарысып, бақилық болды. Ал, анам соғыс кезінде еңбек майданында күні-түні аянбай жұмыс істеп еді. Ал, біз осынау бейбіт өмірдің қадірін біліп, ата-бабамыздың атына кір келтірмей өмір сүріп жүрміз бе, айтшы, Алия!?

Алия: Ну и что!? Ондай пәлсапаң кімге керек, қазір капитализм, ой-өрісімізді, сана-сезімімізді ақша билеген заман! Ақшасы жоқ адам, адам емес, соны түсінші, Сәлім.

3-көрініс

Алия: (ашулы) Осы кемпір келгелі біздің үйдің шырқы бұзылды. Міне, ұлымыз үйленгелі жатыр. Бір бөлмені иемденіп жатыр, келін болса екіқабат, ертең балалы болғанда қалай

сиямыз, соны ойладың ба?! . Ауылдан бекер әкелген екенбіз. Мүмкін апамды қарттар үйіне тапсырармыз, а, Сәлім, қалай ойлайсың?

Сәлім: Алия, қойсаңшы. Жалғыз апамды сыйғызбайтын болдың ғой, немене апамның зейнетақысын алғанда жақсы болады да, зейнетақысы біткенде керексіз болып қала ма?! Бүкіл жиған-тергенін бізге берді, не қыл дейсің енді?!

Алия: Өйййй, ақымақ! Сені де байым бар деймін-ау! Келіннің босанатын уақыты жақындап қалды, олар бір бөлмеге сия ма, айтшы?!

Сәлім: Алик пен Сая балаларымен бір бөлмеге сыймайды деп, туған апамды үйден қуып жібересің бе?!

Алия: Ей, мына жынды неге түсінбейді!? Мен сенің шешенді көшеге қаңғытып жіберейін деп отырған жоқпын. Апамның өзі теңдес құрдастарымен бірге қарттар үйінде жайланып тұрсын деп, апамның қамын ойлап отырмын, білдің бе?!

Сәлім: (ашулы) Сонда апамның жайын ойлап, қарттар үйіне тапсырайық дейсің ғой, солай ма?!

Алия: Е, неменеге көзінді ежірейтесің?! Немене қарттар үйі жаман деп пе ең? Үш-төрт уақыт мезгілімен тамағын дайындап береді, алдына ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым демекші, салулы төсек, жаюлы жастық, тамағыңды іш те, шалқаңнан түсіп, алма піс, аузыма түс деп жатасың да қоясың. Оның несі жаман?!

Сәлім: Е, сонда қарттар үйі жердің жұмағы демексің бе?!

Алия: Ие, десем несі бар?! Ол жерде апам қатарлы ылғи қарттар. Мүмкін, апамның бағы жанып, өзіне ұнайтын бір шалды кездестіріп қалар, қайдан білесің?!

Сәлім: Қойшы ей, қайдағыны айтады екенсің! Апам сексеннің сенгіріне шығады, апама лайық қайдағы шал?!

Алия: Апам сексенге келсе де адам пендесі. Пендеге жалғыздық жараспаған, бір алаға ғана жалғыздық жарасады, сен соны білесің бе?

Сәлім: Қойшы, Алия! Сен апамнан құтылғың кеп отыр, мені түк түсінбейтін бала дейсің бе? Мен тірі тұрғанда апам ешқандай қарттар үйіне бармайды, соны біліп қой.

Алия: Ой, шіркін-ай! Өйдайт дерсің! Әйтеуір, маған шамаң жетеді, мықты болсаң ана Динара қызымыз бен күйеу баламыз Эдикке ең құрмаса бір бөлмелі пәтер әпермейсің бе?

Сәлім: Ештеңе жоқ, Алик пен Саяның бастары жас. Тұрғын үй жинақ банкіне ай сайын ақша салып тұрса, әйтеуір бір күні үй алар.

Алия: Аликтің айлығы шайлығына жетпей жүрсе несін салады ей!? Сая бір-екі жыл баламен үйде отырады, жинақ банкіне жұмыстан қысқартуға түскен сен саласың ба, елуден асып, жұмыс таппай жүрген мен саламын ба?

Сәлім: Қойшы, қара аспанды төндірмей, бір реті болар.

Алия: Апамды қарттар үйіне өткізейік десең қарсы шығасың? Қалай реті келеді?!

Сәлім: Немене, бар арманың апамды қарттар үйіне тапсырып, көзін құрту ма?! Сонда жерің кеңейе ме?!

Алия: Басқа амалымыз бар ма, байғұс-ау?! Апамды жетіскеннен қарттар үйіне тапсырайық деп отырған жоқпыз, тар үйде тарыққан соң тапсырайық деп отырмыз.

Сәлім: Мейлі, өзің білші, миымды жеп қойдың ғой, сен қатын!

Алия: Міне, мынау нағыз еркектің сөзі! Ертең қарттар үйіне барып, мән-жайды біліп, құжаттарды жинастыра бастаймын. Келін босанғанша апамды қарттар үйіне орналастырып үлгерермін.

Сәлім: Сен апаммен қоса мені де қарттар үйіне өткізе салсаңшы, сонда біздің ұл мен келіннің жері кеңейер!?

Алия: Ол жағын кейін ойланармыз. *(Осы кезде телефон шырылдайды)* Алло, алло, ие тындап тұрмын, Кәрібаева Ғайша—менің енем. Не дейсіз? Квартираның кезегі жетті дейсіз бе? Аааа, ертең бе? Квартираның кілтін тапсырамыз дедіңіз бе, жансақ естігем жоқ па? Ә, жарайды, ертең апамды ертіп апарам.

Сәлім: Телефоннан апамды сұрап тұрған ол кім, ауыл жақтан ба, айтсаңшы?!

Алия: Алақай, сүйінші! Сәлім, сүйіншіме не бересің?

Сәлім: Алдымен айтсаңшы, хабарласып тұрған ауылдағы нағашыларымыз ба? Айтсаңшы, Алия?!

Алия: Көктен іздегенім жерден табылды деген осы!

Сәлім: Не табылды?! Апамның соғыста қайтыс болған, із-түзсыз жоғалып кеткен бауыры ма? Құдай-ау, үздіктірмей айтсаңшы тезірек!?

Алия: Одан да күшті!

Сәлім: Адамнан артық не болушы еді! Жұмбақтамай, айтарыңды айт, Алия?!

Алия: Айтсам, марқұм атам тірі кезінде қалаға квартиранын кезегіне тұрдық деп жүруші еді ғой, апам ертең келсін, квартираның кілтін тапсырамыз деп жатыр. Ей, сүйіншімді бересің бе, миғұла!?

Сәлім: Сен жаңа ғана апамды қарттар үйіне өткізем деп өзеуреп тұр едің ғой. Апамды қарттар үйіне өткізетін болдық, ол кісіге квартира керек жоқ деп айтпадың ба?!

Алия: Есің дұрыс па?! Басымызға бақ құсы қонып тұрса, сен оны оп-оңай ұшырып жібермексің бе?

Сәлім: Мен емес, сен ғой. Апам қарттар үйінде құрдас кемпір-шалдармен әңгіме-дүкен құрады, мен апамның жайын ойлап отырмын деп көлгірсіген, сөйтіп, шарасыздықтан мені айтқаныңа көндірген.

Алия: Түу, еркек жау деген рас екен ғой. Қысылған соң айтсам айтқан шығармын, Мен апамды қарттар үйіне қиып тапсырар деп пе едің?! Әшейін, сені сынайын деп қалжыңдағаным емес пе?! Ей, сен маубас, қалжың түсінуші ме едің?!

Сәлім: Тағы мен кінәлімін, солай ма, Алия? Сен жай қалжыңдай салдың, ал мен әзіл түсінбейтін әзәзілмін, немесе қалжың түсінбейтін тоңмойынмын, солай ма?!

Алия: Солай! Солай! *(Осы кезде ескі көйлек, нашар киінген Ғайша кіреді)* Балалар неге шуылдап кеттіңдер, жайшылық па?

Сәлім: Апа, мына келінінің...

Алия: *(Ғайшаны құшақтап сүйе бастайды)* Апа, сүйінші! Атам екеуің пәтердің кезегіне тұрдық деп айтып едің ғой. Жаңа ғана қалалық әкімшіліктен хабарласты. Ертең салтанатты түрде екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстайды екен. Апа, қазір екеуміз дүкенге барып, сізге әдемі көйлек, жаңа жаулық сатып алайық. Сөйтіп, ертең шыртытай киініп, жетіп барайық.

Ғайша: *(жылап)* Байғұс шалым бұл күнге жете алмады! Әттен тірі болса, қалай қуанар еді!

Алия: Апа, жылағанын не, қуаныштың ерте-кеші жоқ. Бұл қуанышты атам көрмесе де сіз көрдіңіз, соған тәубе!

Сәлім: *(әйеліне)* Тәубешіл бола қалуын! Алия, ты настоящий артист! Апамнан құтыла алмай отыр едің, енді апамның кезегі жетіп, пәтер алғанда, түк болмағандай құшақтай қалыпсың!

Ғайша: *(жылағанын қойып)* Сәлім балам, бірдене дедің бе? Неге ашулысың, қарғам?!

Сәлім: Жай әшейін, апа. Сізді келінінің аса жақсы көретініне таңғалып отырмын.

Алия: (*жылап жіберіп*) Жақсы көрмегенде ші?! Атамнан айырылып қалдық, енді апам аман болсын деп құдайдан күндіз-түні тілеймін. Қарт адамдар – үйдің берекесі екенін мен білмейді дейсің бе? Апам – осы үйдің құт-берекесі. Апамның арқасында бір бөлмелі тар үйден құтылып, кең сарайдай төрт бөлмелі пәтерге қол жеткіздік. Енді балалар үйленіп жатқанда, атам мен апамның кезегінің арқасында екі бөлмелі пәтер алайық деп отырмыз. (*Файшаны қайта сүйіп*) Апа, аман болыңызшы, апатай!

Сәлім: Болды ей, жетер! Апамның амандығын ойлап, аяқ астынан қырық құбылып жылағанын көрмеймісің?!

Файша: Балам, келінге қатты сөйлеме! Келін – менің немерелерімнің анасы.

Сәлім: Ие, апа. Сіздің айтқаныңыз жөн, келінііз судан таза, сүттен ақ, періштедей пәк адам.

Файша: Ендеше, келінді ренжітпе, балам. Есінде болсын, әйел адам – үйдің құт-берекесі.

Сәлім: (*күліп*) Ие, түсіндім, апа. Жақсы келін – құт, жаман келін – жұт дегеніңіз дұрыс болар, апа?!

Алия: (*ашуланyp*) Сонда мені жаман келін деп айтпақсың ба, нені меңзеп тұрсың, албасты?!

Сәлім: Астапыралла, сенен жақсы адам жоқ, жалпы айтқаным ғой.

Алия: Е, бәсе, солай десенші. (*Файшаға*) Апа, сіз осы үйдің – құт берекесі боласыз. Сіз ауылдан көшіп келгенде бір бөлмені төрт бөлмеге айырбастап, кең сарайдай кең үйге қол жеткіздік. Енді, міне, екі бөлмелі үй алып, Алик пен келінді отау етіп, бөлек шығарайын деп жатырмыз. Бәрі – сіздің арқаңыз, апа.

Сәлім: Апам кілтін алмай жатып, кімге беретініңді алдын-ала жоспарлап қойдың ба? Алдымен апамның келісімін алсаңшы.

Файша: Келін дұрыс айтады, ол екі бөлмелі пәтерге жаңа қосылған жастар тұрсын. Шалым болса жоқ, жападан жалғыз қалай тұрам, балам-ау!?

Алия: Мен де апама бауыр басып кеттім, апамсыз мен де бір күн тұра алмаймын.

Сәлім: Осыдан сәл бұрынырақ басқаша сайрап едің, саған дауа жоқ екен.

Алия: Сен менің аузымнан шыққан сөзімді аңдыма, Сәлім. Бәріміз бір отбасы болған соң тату-тәтті тұрғанымыз жөн.

Ғайша: Келін дұрыс айтады, пәле қуған пәлеге жолығады, балалар. Келін, ертең кілт алуға барсақ, әлгі кір жуатын автомат машинаға менің ескі көйлектерімді жуып қойсаңшы.

Алия: Апа, жүріңіз, дүкенге барып, сізге жаңа көйлек, қамзол, мәсі, жаулық алайық. Сіз ауылдан келгелі үстіңіздегі киімдер тозып кетті.

Ғайша: Оның рас, келін. Зейнетақымды өзіне беріп едім ғой, келін.

Алия: Апа, ақша жағына қам жеменіз, біздің ақшамыз – сіздің ақшаңыз. Апа, жүріңіз, дүкенге барайық. *(Алия, Ғайша екеуі дүкенге кетеді).*

Сәлім: Ойпырмай, менің әйелім – нағыз қу түлкі. Алдында ғана «шешенді қарттар үйіне өткіземіз» деп, басыма әңгір-таяқ орнатып еді. Енді марқұм әкем екеуінің кезегі келіп, екі бөлмелі пәтер алып еді, «апа, апа, мен сіз жоқ болсаңыз бір күн тұра алмаймын» деп іші-бауырына кіріп барады. Сұмдық-ай, менің қатынымның жанында басқа артистер далада қалады.

Екі бөлмелі жаңа пәтер. Көңілді музыка. «Қара жорға» биіне Алия, Сәлім, ортада жаңа көйлек, қамзол киген Ғайша апалары, Ашқ, Сая, Динара, Эдик бәрі билеп жүр.

Алия: Апа, «адам көркі-шүберек» деген рас-ау, сіз бүгін әдемі көйлек, қамзол киіп, он жасқа жасарып кеттіңіз.

Ғайша: Сендер, балаларым, немерелерім аман-есен болсандар, менен бақытты адам жоқ, келін.

Алия: Көп ұзамай шөберелі боласыз, апа.

Ғайша: Ия, құдайға шүкір, келін.

Алия: Апа, біздің көрші шалдың кемпірі қайтыс болыпты, Асан атаның төрт бөлмелі үйі бар. Апа, ертең екеуіміз көршіміз Асан атаға барып, кемпірінің қайтыс болғанына көңіл айтып келейік.

Ғайша: Жарайды, келін. «Көрші хақысы– тәңір қақысы» деген, атаңа көңіл айтып шығайық, оның дұрыс, келін шырақ. *(бөлмесіне кетеді)*

Алия: *(Сәлімге қарап)* Апамды Асан атамен таныстырып көрмесем, екеуі түйдей құрдас. Асан атам да сексеннің сенгіріне шығып қалған қарт адам.

Сәлім: *(күліп)* Тағы не ойлап таптың? Апамды күйеуге беріп, Асан атаның төрт бөлмелі үйіне ие болмақшы болып, зымиян жоспар құрып қойдың ба, түлкі қатыным?

Алия: Жо-ғә! Құдай сақтасын! Сәлім, осы сен құдай қосқан жарың туралы неге жаман ойлайсың? Менің бар ойым –

апамды бақытты ету. Сен білесің бе, «отыз ұлын болғанша осырықшы шалың болсын» деген мақал-мәтел бар.

Сәлім: (күліп) Сонымен не айтпақсың? Апам бақытты болуы үшін Асан атаны таныстырмақ ойың бар, солай ма?

Алия: Дәл солай, қымбаттым!

Сәлім: Саған дауа жоқ екен, не деген тапқыр қатынсың! Сен тұрғанда Алдаркөсе жолда қалар. «Әйелдің айласы қырық есекке жүк болады» деп, ата-бабамыз бекер айтпаған ғой.

Алия: Сен ылғи мен туралы жаман ойлайсың, менің бар ойым-апамды бақытты ету. Асан ата екеуі бір-біріне лайықты жандар. Есіңде болсын, Ғайша апам мен Асан атам қартайса да көңілдері жас, өйткені адам биологиялық жағынан қартайғанмен жүректері жас қыз бен жігіттей, көңілдері жас.

Сәлім: Әрине, сен көрші ата мен менің анам қосылып, Асан атаның төрт бөлмелі үйін иемдене кетпексің, солай ма?!

Алия: Несі бар? Брак по расчету – өте пайдалы екені ғылыми жолмен дәлелденген тұжырым.

Сәлім: Мен өмір бойы кіші ғылыми қызметкер болып жүрсем де, мұндай жаңалықты естімеппін.

Алия: Сол себепті сен өмір бойы кіші ғылыми қызметкерсің. Не өшпейсің, немесе аға ғылыми қызметкер боп өспейсің!

Сәлім: Сонымен не айтпақ болып тұрсың? Менің адал еңбегім бағаланып, неше рет мақтау грамотасын алғанымды білесің бе?

Алия: Фи, тапқан екенсің мақтануды! Сол да сөз болып па? Мақтау грамотасын бергенше қызметінді, жалақыңды өсірмей ме?! Баяғыда, отыз жыл бұрын кіші ғылыми қызметкер едің, әлі сол қалпың! Не өшпейсің, не өспейсің?

Сәлім: Мәселе ақшада емес, адамның ар-ұятында, адамгершілікте. Ал, мен өз қызметімді адал атқарып жүрмін, білдің бе?

Алия: Ондай заман қалған, қазіргі капитализм заманы басқаша. Сен ар-ұят, адамгершілік дегенше апам мен Асан атаны таныстырып, екеуін жарастыру жағын ойла.

Сәлім: Сонда мен туған шешеме жеңгетай болмақпын ба? Өлсем де ондай арсыздыққа бармаймын.

Алия: Түу, сенен ештеме шықпас, бұл мәселені өзім қолға алмасам болмас.

Осы кезде әдемі киінген Ғайша кіреді.

Сәлім: Апа, қайда жиналдың?

Ғайша: Келін көрші атаның кемпірі қайтыс болды, қазақтың ежелгі салтымен көңіл айтып, кіріп шығайық деп еді.

Алия: Апа, жүріңіз, Асан ата — ірге көршіміз. (*Ғайшаны қолтықтап, алып кетеді*)

Сәлім: Ойпырмай, менің қатыныма дауа жоқ, бұл ойлағанын іске асырмай қоймас. Мейлі, әліптің артын бағайын, апам Алияның айтқанына көне қоймас.

4-көрініс

Әсем жиһазды төрт бөлмелі кең үй. Қазақша шапан киген Асан ата мен оюлы қамзол киген Ғайша кемпір, Әлия үшеуі дастархан басында шай ішіп отыр.

Алия: Ата, жақында кемпіріңнің жылдығын бердіңіз, жалғыздық бір аллаға ғана жарасқан. Апам екеуіңіз екі жарты бір бүтін болып, шүйіркелесіп шай ішіп отырмайсыздар ма? Байқаймын, әңгімелеріңіз жарасқан сияқты.

Асан шал: Келінжан, бұл сөзіңнің жаны бар, әйткенмен қалай болар екен? Ғайша апаң қарсы болмаса, мен қуана келісер едім. Кемпірім екеуіміз өмір бойы бір балаға зар болдық. Қартайғанда жалғыздық қиын екен. Келін-ау, бұл айтқаның көкейіме қонып тұр, бірақ Сәлім ұлымыздан ыңғайсыз емес пе?

Ғайша: «Көрі түйе аунаса — жұт болады» деген, келін. Асекен екеуіміз қосылсақ, Сәлім баламнан ұят емес пе? Көрші тұрамыз, бір-бірімізге қарайласып тұрармыз.

Асан шал: Ғайшеке, келінің дұрыс айтады, екі жарты бір бүтін болсақ қайтеді?

Ғайша: Ойбууу, ел-жұрттан ұят емес пе?

Алия: Ол жағына қам жеменіз. Апа, Сәлім сіз бақытты болсын деп тілейді. Асан ата екеулеріңіз ауырып-сырқасаңыздар бір-бірлеріңізге сүйеу боласыздар. Солай ма, ата?

Асан шал: Әрине, келінжан!

Алия: Ендеше Сәліммен сөйлесуді өз қолыма алам, ол жағын уайымдаудың қажеті жоқ. (*Осы кезде Сәлім келеді*)

Сәлім: (*Асан шалмен қол беріп амандасады*) Ассалау-мағалейкум, ата.

Асан шал: Уағалайкуммуссалам, балам! Кел, төрлет. Мақтап жүреді екенсің, шай ішіп отырғанда келдің.

Сәлім: *(дастарханға отырып жатып)* Сонғы кезде апам екеулеріңіздің әңгімелеріңіз жарасты-ау деймін, әкем қайтыс болғалы апам жалғызсырап жүр еді.

Алия: *(қуанып)* Сүйінші, Сәлім! Сәлім, ағайын-туысты шақырып, шағын отырыс жасаймыз. Сүйінші, Сәлім!

Ғайша: Ойбууу, келін! Баламнан ұят емес пе?

Асан шал: Балам, «ұлы сөздің ұяттығы жоқ», апаң екеуміз қартайғанда бір-бірімізге серік болсақ деп шештік. Енді сенің рұқсатың керек, балам.

Алия: Сәлім, сен апамның бақытты болғанын қалайсың ғой, солай емес пе? Ұлың қарсы емес, апа.

Сәлім: *(сасқанынан шайға қақалып)* Ааааа, мен қарсы емеспін, әрине. Егер апамның қалауы солай болса, мен қуана келісем.

Асан шал: *(тұрып, Сәлімді құшақтап)* Балам, келші, төс қағыстырып құшақтасайық, енді сен де менің балам болдың, айналайын!

Ғайша: Ойбууу, келін-ай! «Адамның басы— алланың добы» деген рас екен ғой. Қартайғанда күйеуге тию деген үш ұйқтасам түсіме кірмеп еді.

Алия: *(ұшып тұрып, Ғайшаны құшақтап, бетінен сүйіп)* Апатай, бақытты болыңыз. Сіз ауылдан келгелі басымызға бак қонды, апа.

Сәлім: *(анасын құшақтайды)* Бақытты болыңыздар, жақсылықтың ерте-кеші жоқ, апа.

Алия: Міне, бәрі тамаша болған жоқ па, Сәлім!

Сәлім: Әрине, бәйбіше!

Алия: *(Сәлімге)* Шағын отырысты өзім ұйымдастырам. Апам мен атам ЗАГС-ке тұрған соң завещание жағын да реттеп қоюымыз керек.

Сәлім: Әрине, бәйбіше! О, тоба! Заманына қарай адамы деген осы-ау! Сен бәрін алдын-ала ойластырып қойыпсың ғой, жаным!

Алия: *(Сәлімге)* Менің есіл-дертім — атам мен апамның бақытты болуы, Сәлім.

Сәлім: Әрине, түсіндім, патшайымым! Менің данышпан, кеменгер қатыным!

Төрт бөлмелі жаңа пәтер. Көңілді музыка. «Қара жорға» биіне Алия, Сәлім, ортада жаңа көйлек, қамзол киген Ғайша апалары, Асан ата, Алик, Сая, Динара, Эдик бәрі билеп жүр. Алия Ғайша апасын құшақтап, бетінен сүйе береді. Асан, Ғайша мәз-майрам.

МАЗМҰНЫ

Ә. Ыдырысов.

ТАҒДЫР СУРЕТКЕРІ	3
<i>(Жазушы Бақыт Мерекенова және оның кітабы «Адам тағдыры» туындысы жайлы толғау)</i>	3
ТАҒДЫР (роман)	15
ПЕНДЕШЛІК (әңгіме)	129
ЖАР АСТЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ҮЙ (әңгіме)	141
ШАТА БАЛА (әңгіме)	150
СҮРБОЙДАҚТЫ ҮЙЛЕНДІРГЕН ЖАНАШЫР ДОСТАР (әңгіме)	156
АЛТАЙДЫҢ БҰҒЫСЫНДАЙ АСҚАҚ ЖАН (Естелік әңгіме)	163
ӘКЕ МЕН БАЛА (повесть)	169
«ЕШТЕН – КЕШ ЖАҚСЫ» (әңгіме)	214
ҚАЙРАН, КҮЙ! (әңгіме)	220
ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫҢ ЖАН АЗАБЫ (әңгіме)	228
АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫ (әңгіме)	233
ЗАМАНЫҢ ТҮЛКІ БОЛСА... (Үш бөлімді трагикомедия)	242

Бақыт Мәрекенова

ТАҒДЫР



ISBN 978-601-7828-65-3



9 786017 828653

Бас редакторы *Кәдірбек Құныпияұлы*
Редакторы *Қызжібек Әбдіғаниқызы*
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айтжұманұлы*
Суретші *Нұрмұхамбет Наурызбаев*
Беттеген *Қуаныш Әділғазин*

Басуға 18.04.2017 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108¹/₃₂. Басылымы офсеттік.
Қаріп түрі «DS Times». Шартты баспа табағы – 14,28.
Таралымы 5000 + 100 дана. Тапсырыс №306

«Ан Арыс» ЖШС, 050000,
Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.
Тел.: +7 (727) 272 51 84, 261 60 67, факс: +7 (727) 261 62 13

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz



Бақыт
Мерекенова

Алматы облысы, Алакөл ауданына қарасты Қызыл-ащы ауылында педагогтар отбасында дүниеге келген.

1977 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін аяқтап, еңбек жолын «Жезқазған туы» облыстық газетінде тілші болып бастады.

1978-1984 жж. республикалық «Жалын», «Өнер» баспаларында редактор;

1983-2003 жж. «Қазақстан-1», «Хабар» телеарналарында редактор;

2003-ж. Алматы қалалық әкімшілігінің Ішкі саясат департаменті және жұмыспен қамту басқармасында ақпараттық-сараптау бөлімінің бастығы;

2011-2013 жж. ҚР Медициналық орталығы Президент ісі басқармасының Орталық клиникалық ауруханасында қазақ тілінің маманы қызметін атқарды.

Прозалық шығармалары республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып келеді.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

«Адам тағдыры» мен «Ана махаббаты» кітаптары, сондай-ақ «Өмір керуені» атты романы жарық көрді. «Тағдыр» автордың төртінші кітабы.

2013 жылдан бастап осы уақытқа дейін оқу орталықтарында қазақ тілінің оқытушысы қызметін атқаруда.